

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ,  
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ  
МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚ  
БАЛАЛАР  
ӘДБЕТІ



150

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ  
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚ  
БАЛАЛАР  
ӘДЕБИЕТІ

АЛМАТЫ-1998  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАСПА КАБИНЕТІ

Оқу құралында халқымыздың балаларға арнаған ауызша өлең-жырлар мен XV ғасырдан XX ғасырдың 20-жылдарына дейінгі қазақ ақы жазушыларының шығармалары іріктеліп алынып, ұсынылып отыр. Еңб гуманитарлық колледждердің бастауыш сынып оқытушыларын дайындай бөлімдерге арналған. Сондай-ақ бұл оқу құралын бастауыш білім берет және қазақ тілін тереңдетіп оқытатын мектептер мен гимназиялар лицейлерде пайдалануға болады.

Пікір жазғандар: Т.Сабыров, Р.Коянбаев - Абай атындағы Алматы ме кеттік университетінің про сорлары,

М.Жармухамедов - М.Әуезов атындағы әдебиет және интитутының аға ғылыми қызыме кері, доцент

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау Министрлігінің Республикалық оқу-әдістемелік бірлестігі ұсынған

ISBN 5-8380-1631-0 © Құрастырғандар М.Қараев, Б.Омарғазина

© Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің оқулық және әдістемелік әдебиеттер жөніндегі Республикалық баспа кабинеті, 1998 ж.

Бұл оқу құралында халқымыздың ғасырлар бойы балаларға арнап шығарған ауызша өлең-жырлары мен ХҮ ғасырдан ХХ ғасырдың 20 жылдарына дейінгі қазақ ақын-жазушыларының шығармалары іріктеліп алынды.

Балаларға арналған халық поэзиясы тақырып, мазмұн және түр жағынан алуан түрлі болып келеді. Олардың қатарына: бесік жырлары, тұсау кесу жырлары, ойын-сауық өлеңдері, төрт түлік, жан-жануарлар, құстар туралы өлеңдер, етірік өлеңдер, табиғат туралы өлеңдер, санамақтар, мазақтамалар, Наурыз өлеңдері, мақал-мәтелдер, жұмбақ-жаңылтпаштар, ертегі-аңыздар, тұрмыс-салттық және мысал әңгімелер, эпикалық жырлар мен айтыс өлеңдеріндегі балалар ұғымына шақталған өлең-жырлар т.б. жатады. Бұл жөнінде академик-ғалым Серік Қирабаев "Бұлардың әрқайсысының өзіндік пайда болу заңдылықтары бар. Олар балалар өмірінің қажетін өтеу үшін туады да, баланың әр кездегі жас мөлшеріне, мінез-құлқына, іс-әрекетіне лайықталып айтылады" деп жазады. Шынында да, қазақтың балаларға арнап шығарған өлеңдерінің ең алғашқысы - "бесік жыры" екені даусыз. Өйткені, жас ана, қарт әже, ақулы жөңге мен сүйікті сіңлі, ауыл әйелдері, бүлдіршін балалар, көрші-қолаң, дос-жарам бесікке шашу шашып, нәрестені кезек-кезек тербетеді, қыз-келіншектер ән салып, бесік жырын айтады.

Бала бесіктен шығып, еңбектеуден өткен соң, өз аяғымен тұған жерінің топырағын басып, із түсіріп, өз көзімен алдына қарап, бет алған кезінде, яғни ұядан өз қанатымен қалықтап ұшқан балапан секілді жас нәрестенің де ең алғашқы қаз-қаз басқан аяқ басысына ақжол тілеп, тұсау кесер тойын жасайды, мал сойып, жұрт жияды. Баланың әжесі немесе анасы ырымдап, ала-құла шуда жіптен, немесе қойдың майлы ішегінен, кейде көк шөптен ұзындығын екі-үш қарыс етіп дайындап, ауылдағы ең бір желтабан келіншекке тұсауын кестіріп, өлең айттырады. Бұл "Тұсау кесер" жыры деп аталады. Бұл жырдың соңында:

Қаз баса ғой, қарағым!  
Құтты болсын, қадамың!  
Өмірге аяқ баса бер,  
Асулардан аса бер, -

деген ақ тілектер айтылады. Ал баланың тұсауы кесілгеннен кейін де "Жасырынбақ", "Қуырмаш", "Айгөлек", "Ақтұш", "Ақсерок те көксерек" секілді ойын-өлеңдер де айтылады, мұндай өлеңдер баланы қимыл-әрекетке баулып, олардың дене мүшелерін ширата түсуге арналады.

Бүлдіршінің буыны бекіп, бұғанасы қата бастағанда, енді оның өмірді, қоршаған ортаны білуіне жетелейтін ойын-сауық өлеңдерімен қатар, түрліше ойын өлеңдері жатталады. Олар: санамақ, табиғат өсімдіктері, жан-жануарлар туралы өлеңдер т.б..

Санамақ жыры о баста балаға сан үйретуден туған. Санамақта сан үйрету жеке-дара айтылмай, кейде аталуы ұйқасып келетін екінші бір затпен қосақталып /Бір дегенім-білеу, екі дегенім - егеу/, кейде сандар тәуелдік жалғаулы немесе атау түрінде өзара тіркесіп қайталаынады. /Бірім-бір, екім-екі, үшім-үш/. Мұның бәрі де қарапайым сандарды тез жаттап, есте сақтауға қолайлы болуын көздеген бұрынғы ақын-жыраулардың ұшқыр қиялынан туғаны талассыз.

Балалардың ой-өрістерін кеңейтіп, өмір құбылысын жеңіл жолмен таңыту мақсатындағы үлгілерінің бірегейі-табиғат құбылыстары, жыл мезгілдері, жан-жануарлар жайында, әсіресе төрт түрлік туралы өлең-жырлар болып табылады. Жаз шығып, күздің келуін, немесе қыстың қаһарын, күннің күркіреп, нажағайдың жарқылдауын, міне, осылардың барлығын жыршы-жыраулар, сүйікті ата-аналар өз балаларына кейде өлең-жырмен түсіндіріп отырған. Жалғыз қазақ халқы емес, тіпті, ертедегі Қытай, Рим, Грек, Араб, Неміс, Ағылшын, Орыс, қазақ, Азербайжан, Түрік жыршы-жырауларының өздері де көптеген ғылыми еңбектерін /мәселен, Лукреций, Кар, Сенеке, М.В.Ломоносов, Абай т.б./ өлеңмен-поэзиямен жазғаны белгілі, фольклорда мұндай өлең-жырлардың қатарына "Бесік жырларын", "Ойын өлеңдерін" табиғат туралы өлеңдері /"Жаз", "Күз", "Қыс", "Көктем", "Туған жер", "Құстар", туралы"/ т.б. қосуға болады. Қазақ фольклорындағы осы тамаша дәстүрдің - мақал-мәтелдер мен жұмбақ-жаңылтпаштар, аңыз-әңгімелер мен ертеңдер, эпикалық жырлар мен қисса дастандар, айтыстар мен жыршы-термешілер және ақын-жыраулар туындылары әрі қарай жалғастырып, жазба әдебиетіміздің аса көрнекті өкілдерінің /Абай, Шырай, Ақмалла, Шәкәрім, Ахмет, Міржақып, Мағжан, Жүсіпбек, Спандияр, Сұлтанмахмұт, Сәбит, Бернияз/ шығармаларымен толықтырғаны мәлім.

Қазақ ауыз әдебиеті-жанрының молдығымен, тақырыбының кеңдігімен және мазмұнының тереңдігімен қатар, оның көркемдік ерекшелігі де сан алуан. Баланың жас мөлшері мен табиғи ерекшелігіне, қабілеті мен санасына лайықты, оның психологиясына сәйкес фольклорлық шығармалар да тіліміздің заңдылықтарына орай үйлесімді ырғаққа, әсем әуенге, қызықты сюжетке құрылады. Бұлардың үлгісін "Қобыланды", "Алпамыс", "Ер Тарғын", "Қамбар батыр", жырлары мен "эпикалық /ғашықтық/ "Қыз Жібек", "Қозы мен Баян" жырларынан көр-уімізге болады.

XV ғасырдан бастап қазақ атымен аталатын мәдениет өркендеу жолын табады. Қадам замандар мен орта ғасырлық түркі қағанаты үрдістерінен бөлініп шығып, қазақ халқының дербес хандық әдебиеті қалыптасады. Қазақтың жыраулық әдебиеті-қазақ жерін мекендеген тайпалар, этностық рулар көптеген ғасырлар бойы тудырған мәдени, әдеби-рухани қазынадан нәр алады, ежелгі озық дәстүрді қалыптастыру, дамыту арқылы өсіп, өркендеп, кемелденеді. Көшпелі өмірдің өз ерекшелігіне сай ұлы ақын Абай айтқандай, "Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы" деп танылды. Халқымыздың мәдени-әдеби өмірінде жетекші орынға ие болған өлең өнері көптеген ғасырлар бойына қазақ әдебиетінің әсіресе балалар поэзиясының жай көшбасшысы ғана емес, ең негізгі жанры қызметін атқарып келді. Ортағасыр қазақ поэзиясының кейінгі екі сатысында жыраулық өлең-жырлар жетекші рөл атқарады.

"Жыраулық поэзия әдетте нақыл, қанатты сөздерден құралған философиялық толғаулар түрінде келеді, - деп жазады ғалым, жазушы Мұқтар Мағауин, - толғауларда жырау өзінің заманы жайында түйгендерін, мораль, этика хақындағы ойларын баяндайды, елеулі қоғамдық мәселелер көтереді. Сол сияқты, әлем, болмыс, тіршілікте, табиғатта жүріп жататын өзгерістер, оның мән-мағынасы жөніндегі түсініктерін де білдіруі мүмкін. Жаугершілік заманда жорықтарға қатысып отырған, кейде, тіпті, батыр, қолбасы да болған жыраулар әскери тұрмысқа қатысты сан алуан жырлар туғызады. Жыраулар қолданған көркемдік тәсілдер жырау поэзиясының ішкі мазмұнына орайлас" /"Бес ғасыр жырлайды" III томдық. Бірінші кітап. 8-9 беттер/.

Балаларға арналған халық әдебиетінің құнарлы бір түрі - аңыз-әңгімелер. Бұлардың бәрі де тарихта болған белгілі бір адамның атына байланысты шығарылған. Бұлардың қатарына Аяз би, Алдар көсе, Қорқыт ата, Қожанәсір, Жиренше шешен туралы аңыз-әңгімелерді жатқызуға болады.

XIX ғасырда өмір сүрген қазақ халқының көрнекті ақындары Дулат, Махамбет, Сүйінбай т.б. елдікті, бірлікті, әділдікті, теңдікті жыр етті. Қазақ халқының ұлт-азаттық күресінде Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісовтың қолбасшылығымен болған көтеріліс маңызды орын алады. Көтерілісшілер байлар мен хан төңірегіндегілердің қанаушылығына қарсы, патшалық Ресейдің Кіші жүздегі отаршылдық саясатына қарсы күресті. Әсіресе көтеріліс жыршысы Махамбет өлеңдерінің жауынгерлік рухы, ондағы ерлік, өрлік, романтикалық сезім, дұшпанға деген өшпенділік, Дулат, Сүйінбай өлеңдеріндегі ел-жұртына деген сүйіспеншілік, шынайы махаббат, бір сөзбен айтқанда, бұлардың халық поэзиясының айшықты өнеріне деген шынайы дарындылығы жас оқырмандардың бойында осы тәрізден асыл қасиеттерді тәрбиелеуге зор рөл атқарады.

XIX ғасырдың екінші жартысында әдебиеттік, көркем сөз өнеріне араласқан Н.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ақмолла Мұфтахиддин, Ш.Құдайбердиев, Шәңгерей Бекеев, Машһүр Көпеевтер халқымызды, оның ішінде, әсіресе, жас булдіршіндерді оқуға, білімге, өнерге шақырады.

XX ғасырдың бас шенінде өлеңдер, мақалалар жазып, кітаптар бастырып, атақ-абыройға бөленген, шығармаларында демократиялық, ағартушылық-азатшыл бағыт ұстаған бір топ қазақ ақын-жазушылары шықты. Олар: А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Т.Жомартбаев, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердиев, М.Сералин, С.Кебеев, Ә.Төңіргенов, С.Торайғыров, С.Дөнентаев, Ә.Ғалимов, С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров т.б. болды. Бұлардың шығармалары қазақ балалар әдебиеті тарихының бұдан былайғы даму жолына ерекше әсер етті. Бұлардың бәрі де орысша, татарша оқып білім алды. Орыс, татар, Орта Азия халықтарының әдебиеттерімен танысып, солардан нәр алды, солардың озық дәстүрінде тәрбиеленді. Бұлардың көпшілігі мұғалім болып, бала оқытты. Жас ұрпақты оқыту, тәрбиелеу ісімен тікелей өздері де шұғылданды. Осыған байланысты аттары аталған ақын-жазушылардың т.б. шығармаларында балалар әдебиетінің асыл қорына қосылатын туындылары мол болды. Олар қазақ балалар әдебиетін тек тақырып, мазмұн және идеялық бағыты жағынан байытып қана қоймай, жаңа түр, стиль жағынан да байыта түсті. Балалардың тілін ұстартып, дүниетанымын кеңейтумен бірге, оларды ұлттық, адамгершілік, имандылық рухында тәрбиелеуде бұлардың ерекше маңызы бар.

Қолыңыздағы "Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиялық жинағы" екі кітаптан тұрады. Бірінші кітапқа ауыз әдебиеті мен жыр аулық әдебиет үлгілері, XIX ғасыр мен XX ғасырдың 20 жылдарына дейінгі жекелеген балалар әдебиеті өкілдерінің тәрбиелік және танымдық мән-мағынасы зор деген бағдарламалық шығармалары енді. Ал екінші кітаптың құрылысы мен мазмұны 20 жылдардан басталатын қазіргі қазақ балалар әдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармаларына арналады.

Әрине, хрестоматияға енген көркем текстер қазақ балалар әдебиетінің барлық тақырыптарын түгел қамти алмайды. Әдебиеттің өзіміз жасаған жаңа бағдарламасын басшылыққа ала отырып, біз екінші кітапта, ұлттық әдебиет дамуының жаңа кезеңін 1917 жылдан бастайтын бұрынғы қалыптасқан дәстүрді сақтауды жән көрдік. Оның да негізгі, дәлелді себебі бар. Қанша дегенмен, бұл дәуірдің балалар әдебиеті бұрынғыдан көлем жағынан да, көптеген өзіндік қыр-сырымен де ерекшеленеді. Мысалы, өмірдің жарқын көріністерін бейнелеу, үлгілі балалардың мінез-құлқын суреттеу, эстетикалық жаңа идеал т.б. міне, бұлар өмір шындығын реалистік жолмен шын танып, көркем суреттеудің сол дәуір үшін жаңа принциптері болып табылады. Бұрынғы XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасыр басындағы реалистік әдебиет өмір шындығын сынау, мінеу бағытында жазылса, 1917 жылдан басталатын балалар әдебиетінің принципі – өмірді бекітуге қызмет етті. Бүгінде бұл кезең "Қазіргі дәуір әдебиеті" деген атауға ие болды. Келмеске кеткен кеңес үкіметінің келеңсіз саясаты не істетпеді. Кезінде қылышынан қан тамған әкімшіл де, әміршіл билік белең алып, өз күшіне мініп тұрған шақта оған көнбеске де шараң жоқ еді. Дәй тұрсақ та, нағыз талантты қаламгерлер соның айдағанына көніп, шылбырына маталып жүре берген емес. Олар қашан да өздерінің халық жазушысы екендігін бір сәтте де ойларынан шығарған жоқ. Қазіргі кезде кейбіреулер "мызғымас алып держава" атанған КСРО күйреді деп социалистік дәуірдің әдебиет пен өнердегі орасан жетістіктерін 70 жыл бойы ештеңе болмағандай санадан сығып тастауға әрекеттенуде. Бұл, әрине, дұрыс емес. Өйткені, сол жылдарда бүкіл әлемдік әдебиеттің классикалық қорына қосылған қаншама рухани қазыналарды дүниеге әкелген М.Әуезов, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафиндерді әдебиет тарихынан сызып тастауға болар ма еді. Ендеше, қысқа қайырып айтқанда, жетпіс жыл бойы жер бауырлап жата бермегендіктің бір белгісі осы.

## БІРІНШІ БӨЛІМ

### ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ ҮЛГІЛЕРІНЕН ТҮРМЭС-САЛТ ЖЫРЛАРЫ

#### БЕСІК ЖЫРЫ

Әлди-әлди, ақ бөпем,  
Ақ бесікке жат, бөпем.  
Жылама, бөпем, жылама,  
Жілік шағып берейін.  
Байқұтанның құйрығын  
Жіпке тағып берейін.  
Әлди-әлди бөпешім,  
Қозы жунді көрпешім.  
Жұрт сүймесе, сүймесін,  
Өзім сүйген бөпешім.

Әлди-әлди, ақ бөпем,  
Ақ бесікке жат бөпем.  
Қонақ келсе, қой, бөпем,  
Қой, тоқтысын сой бөпем,  
Құйрығына той бөпем.

Әлди-әлди, ақ бөпем,  
Ақ бесікке жат бөпем,  
Астыңа терлік салайын,  
Үстіңе тоқым жабайын.

Айырып қалпақ киісіп,  
Ақырып жауға тиісіп,  
Батыр болар ма екенсің?  
Бармақтарың майысып.  
Түрлі ою ойысып,  
Үста болар ма екенсің?

Таңдайларың тақылдап,  
Сөйлегенде сөз бермей.  
Шешен болар ма екенсің?  
Кең балағың түрісіп,  
Ойға, тауға жүрісіп,  
Балуан болар ма екенсің?

Қолымыздан іс алып,  
Мойнымызға күш алып,  
Бақытымызға жан балам,  
Бізді бағар ма екенсің?  
Жылама, балам, жылама.

#### МАЛДЫҢ БАЛАСЫН СҮЮІ

Қой сүйеді баласын "қоңырым" - деп.  
Ештеңені білмейтін "момыным" - деп.  
Сиыр сүйеді баласын "торпағым" - деп.  
Қараңғыға баспаған "қорқағым" - деп.  
Түйе сүйеді баласын "боташым" - деп.

Маудыраған көзіңнен "тоташым" - деп.  
Елкі сүйеді баласын "лағым" - деп.  
"Тастан тасқа секірген шұнағым" - деп.  
Жылқы сүйеді баласын "құлыным" - деп.  
"Тұлпар болып жүгірер жұлыным" - деп.

#### ТҮЙЕ, ТҮЙЕ, ТҮЙЕЛЕР

Түйе, түйе, түйелер,  
Тұзың қайда түйелер?  
Балқан таудың басында,  
Баддыр қоян қасында...  
Еніп кеттім егіске,

Қойным толды жеміске,  
Жемісімді жерге бердім,  
Жер жусанын берді.  
Жусанын қойға бердім,  
Қой маған қошақанын берді...

#### ҚАСҚЫРДЫҢ ҚОЙШЫЛАРҒА АЙТҚАН СӨЗІ

Бала қойшы,  
Алмста ойнап қала қойшы.  
Екі қойшы,  
Ермек қойшы,  
Бір тоқтысын бермек қойшы.  
Атты қойшы,  
Ашуы қатты қойшы.

Түйелі қойшы,  
Тұрған қойшы,  
Төбесінен ұрған қойшы,  
Өгізді қойшы,  
Өлген қойшы,  
Жеп болғанда көрген қойшы.

#### САНАМАҚ

Бірінші бала: - Бірім - бір,  
Екім - екі,  
Үшім - үш,  
Төртім - төрт,  
Бесім - бес,  
Алтым - алты,  
Жетім - жеті,  
Сегізім - сегіз,  
Тоғызым - тоғыз.  
Оным - он,

Он бірін -  
Оны тапшы,  
Ай күнім.

Екінші бала: - Бір дегенің - біреу.  
Екі дегенің - егеу.  
Үш дегенің - үскі.  
Төрт дегенің - төсек.  
Бес дегенің - бесік.  
Алты дегенің - асық.  
Жеті дегенің - желке.  
Сегіз дегенің - серке.  
Тоғыз дегенің - торқа.  
Он дегенің - оймақ,  
Он бір қара жұмбақ.

Қуыр-қуыр, қуыраш,  
Балапанға бидай шаш.  
Бас бармақ,  
Балаң үйрек,  
Ортан терек,  
Шылдыр шүмек,  
Кішкене бөбек.

Сен түр - қойыңа бар.  
Сен түр - жылқыңа бар.  
Сен түр - сиырыңа бар.  
Сен түр - түйеңе бар.  
Сен түр - ботаңа бар.

#### БАҚА, БАҚА, БАЛПАҚ

- Бақа, бақа балпақ,  
Басың неге жалпақ?  
- Темір төлпек көп киіп,  
Басым содан жалпақ.  
- Бұтың неге талтақ?  
Көп кесіліп үйімде,  
Бұтым содан талтақ.  
- Көзің неге тостақ?  
- Қарауылды көп қарап,  
Көзім содан тостақ.

#### МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

#### ӨНЕР-БІЛІМ ТУРАЛЫ

Оқу - білім бұлағы,  
Білім - өмір шырағы.

Оқу - білім азығы,  
Білім - ырыс қазығы.

Ақыл - тозбайтын тон,  
Білім - таусылмайтын кен.

Өнерлі ерге жүзеді  
Өнерліге өлім жоқ.

Ілім - бұлақ,  
Білім - шырақ.

Оқусыз - білім жоқ,  
Білімсіз - күнің жоқ.

Өнер - ағып жатқан бұлақ,  
Ілім - жанып тұрған шырақ.

Оқу - инемен құдық қазғандай.  
Өнерлінің ерісі ұзақ.

#### ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ ТУРАЛЫ

Ұлың ессе, үлгілімен ауыл бол.  
Қызың ессе, қылықтымен ауыл бол.

Ата көрген оқ жонар,  
Ене көрген тон пішер.

Ұлық болсаң, кішік бол.

Әке тұрып, үл сөйлегеннен без.  
Шеше тұрып, қыз көйлегеннен без.

Балапан ұяда не көрсе,  
Үшқанда соны іледі.

Қарағайға қарап тал өсер,  
Қатарына қарап бала өсер.

Көрмес - түйені де көрмес.

Бар барын жейді,  
Ұятсыз арын жейді.

#### ЫНТЫМАҚ-БІРЛІК ТУРАЛЫ

Бірлік болмай,  
Тірлік болмас.  
Төртеу түгел болса,  
Төбедегі келеді.  
Алтау ала болса,  
Ауыздағы кетеді.

Бірлігі жоқ ел тозады.  
Бірлігі күшті ел озады.

Бөлінгенді бөрі жейді.  
Көп ауыз сөйлесе,  
Бір ауыз жоқ болады.  
Тозған қазды топтанған қарға  
жем қылар.

## ҮЙ ІШІ, АҒАЙЫН ТУЫС ЖАЙЫНДА

Ата-балаға сыншы,

Туысы жаман,  
Туғанын жамандайды.

Ағайынды жамандап,  
Туғанды қайдан табарсың.

Ағайынның қадірін жалалы  
болсаң, білерсің.  
Ата-ананың қадірін балалы  
болғанда, білерсің.

Ананың сүті - бал,  
Баланың тілі - бал.

Атаға бала жеттім десе де,  
Батпан ширек төмен болады.

Ағайын тату болса, ат көп.  
Абысын тату болса, ас көп.

Балалы үй - базар,  
Баласыз үй - қу мазар.

Атаның баласы болма,  
Адамның баласы бол.

/Абай/

Ат болатын тай саяққа үйір,  
Адам болатын бала қонаққа үйір.

Бала - адамның бауыр еті.  
Бала - көңілдің гулі, көздің нұры.

Әкең өлсе өлсін,  
Әкеңді көрген өлмесін.

Жақсы әке жаман балаға,  
Қырық жыл азық.

## ЖАҚСЫЛЫҚ, ЖАМАНДЫҚ, ДОСТЫҚ, ҚАСТЫҚ ТУРАЛЫ

Басыңды күн шалса, қашып қутыла алмайсың,  
Басыңды бұлт шалса, іздеп таба алмайсың.

/Абай/

Жаман дос - көлеңке.

Күн ортақ, ай ортақ,  
Жақсы ортақ.

Жаман аттан аяғым артық,  
Жаман қолдастан таяғым артық.

Жақсы туса, ел ырысы  
Жаңбыр жауса, жер ырысы.

Досыңның көзінде болғанша,  
көңілінде бол.

Жақсы-ай мен күндей,  
әлемге бірдей.

## ТІЛ ӨНЕРІ ТУРАЛЫ

Сөз асылы - мақал.

Сүйрендеген жаман тіл -  
сүйгеніңнен айырар.

Тіл тас жарады,  
Тас жармаса, бас жарады.

Көп сөз күміс,  
Аз сөз алтын.

Тоқсан ауыз сөздің,  
Тобықтай түйіні бар.

Жақсы сөз - жарым ырыс.

Түйенің үлкені көпірден  
таяқ жейді.

Досы көпті жау алмайды,  
Ақылы көпті дау алмайды.

Өнер алды - қызыл тіл.

Сөз сүйектен өтеді,  
Таяқ еттен өтеді.

Көз жетпеген жерге,  
Сөз жетеді.

Бас кеспек болса да,  
Тіл кеспек жоқ.

Сөз тапқанға қолқа жоқ.

Өтірік сөз өрге баспас.

## БАТЫРЛЫҚ-ЕРЛІК ТУРАЛЫ

Ел үмітінер ақтар,  
Ер атағын ел сақтар.

Ер жігіт елі үшін туады,  
Елі үшін өледі.

Еменнің иілгені - сынғаны,  
Ер жігіттің екі сөйлегені -  
өлгені.

Жауға жаныңды берсең де,  
сырғанды берме.

Батыр туса - ел ырысы,  
Жаңбыр жауса - жер ырысы.

Жүк ауырын нар көтереді,  
Ел ауырын ер көтереді.

Ат басына күн туса,  
Ауыздықпен су ішер.  
Ер басына күн туса,  
Етігімен су кешер.

Ердің сыншысы - өл.

### ЖҮМБАҚТАР

Ұзын-ұзын, ұзын жол,  
Ұшына жеткен бар ма екен?  
Түбі терең қара су,  
Түбіне жеткен бар ма екен?  
Түбіне жетіп бұл судың  
Қанып ішкен бар ма екен?

/Оқу/

Бір нәрсе білмегенді білгізеді,  
Өзіңді қарап тұрсаң күлгізеді.  
Жалғанда әңгімесі сондай қызық,  
Жаныңды тыңдай берсең кіргізеді.

/Кітап/

Қара сиырым қарап тұр,  
Қызыл сиырым жалап тұр.

/Қазан мен от/

Белі бүкір, алысқа түкір.

/Мылтық/

Ердің ісі келіс,  
Ездің ісі керіс,

Ердің көркі - өлімен,  
Отан көркі - жерімен.

Отан үшін отқа түс,  
Күймейсің,  
Арын үшін алыссаң,  
өлмейсің.

Ат басты,  
Арқар мүйізді,  
Бері кеуделі,  
Бөкен санды.  
/Шегіртке/

✓ Жүрсе ізі жоқ,  
Сойса қаны жоқ.

/Қайық/

Айдалада ақ отау,  
Аузы-мұрны жоқ отау.

/Жұмыртқа/

✓ Ақ сандығым ашылды.  
Ішінен жібек шашылды.

/Күн/

✓ Жер астында жездем аты  
кісінейді.

/Тышқан/

### ЖАҢЫЛТПАШТАР

- Әй, Тайқарбай, Тайқарбай,  
Қойныңды Майқарағайға жәй, Тайқарбай.  
- Тайқарбай, Майқарбайларың толып жатыр.  
"Әй Тайқарбай" дегенің қай Тайқарбай?"

✓ - Анау арал қай арал?  
- Қайыңды арал, талды арал,  
Ішінде бұзаулы ала марал.

- Мынау балқаймақ - қай балқаймақ?  
- Бұл балқаймақ - май балқаймақ.

Шуақтаған ботамды,  
Шуға апарып, шудаладым.  
Шудалаған шадысын,  
Суға салдым,  
Судан алдым,  
Суға малдым.

Ауылым жоннан көшсе,  
сай құлдилар.

Шымдай шытырмыш,  
Ол шытырмышты,  
Мен шым-шытырмыштамай,  
Кім шым-шытырмыштайды.

Есет атам ет асатар, ет асатса екі асатар.

Атам томаламаған бүркітті  
Мен томаламағанда,  
Кім томағалайды?

- Ай, ай, Айдарбай,  
Иір мүйіз сиырды  
Үйіңе айдай бар.

Шүрегей сұңғуіш пе?  
Сұңгіру сұңғуіш пе?

Тарғыл итім, талға орал.

Үш кіші ішік піштім,  
Бес кіші ішік піштім,  
Неше кіші ішік піштім?

Торта қойдым, орта қойдым,  
Орта қойдым, жорта қойдым.

Құлағиға сақтаған сүр балқаймақ, Ақ тайлағымды бұйдалайын  
Ол балқаймақты мен жаламай, десем,  
Кім жалайды? Бұйдалай алмадым.  
Ол балқаймақты мен жаламай, Шудалайын десем,  
Кім жалайды? Шудалай алмадым.

## І. ҚИЯЛ-ҒАЖАЙЫП ЕРТЕГІЛЕР

### ЕР ТӘСТІК ЕРТЕГІСІ

Ерте заманда Ерназар деген кісі болыпты. Ерназар бай болыпты, Төрт тұлғи сай болыпты. Қора толған қойлары болыпты. Келе-келе түйелері болыпты. Өріс толған жылқылары болыпты. Ерназардың сегіз ұлы болыпты. Бір жылы үлкен жұт болып, ел малын алысқа, отарға айдап кетіпті. Ерназардың сегіз ұлы да соның ішінде кетіпті. Бір қыстық азығын алып, кемпірі мен Ерназар үйінде қалыпты. Ерназардың сегіз ұлы сол кеткеннен хабарсыз кетеді, айлар өтеді – келмейді. Ерназардың азығы таусылады, ашығады, жейтін тамақ таппайды. Кемпірі мен екеуінің орнынан тұруға әлдері әрең-әрең келеді.

Бір күні кемпірі кешке жақын төсегінен тұрып, үйінің түндігін ашады. Тұруға мұршасы келмей жатқан шал шаңыраққа қараса шаңырақтың күлдіреуішінде керулі тұрған кер биенің төстігі көзіне түседі. Ерназар қуанып, есінен тана жаздайды.

– Кемпір, сүйінші! Кер биенің керулі тұрған төстігі майлы көрінеді. Бол, жылдам асып жіберші, – дейді. Сүйтіп, төстікті асып жеп, шал мен кемпір әлденеді. Ұзамай кемпір жүкті болады, мезгілі толып босанып, бір ұл туады, оның атын төстік жеген соң біткен бала деп, Төстік қояды.

Төстік өзгеше бала боп өседі: бір айда бір жастағы баладай, екі айда екі жастағы баладай, үш айда үш жастағы баладай, бір жылда он бестегі жас өспірім болып, екі жасында алысқан кісілерін алып ұрытын бала болады. Садақ тартып үйренеді, тартқан садағын тоғыз қабат кетпеннен өткізеді. Аң аулап, құс атып, кәрі әкесі кемпір шешесін асырайды.

Төстік бір күні ауыл маңында отырған тарғақты садақпен тартып қалады. Садақ тарғақтың қанатын үзіп кетеді. Тарғақ жығылмай, бір қанатын сабалап, қаша береді. Төстік ұстайын

деп қуып жүреді. Сүйтіп жүргенде, тарғақ бір кемпірдің өрмегінің үстінен қарғып өтеді. Қуып келе жатқан Төстік те өрмектен секіреді. Сөйтіп жүріп, Төстіктің бір бақайы өрмекті іліп кетеді. Өрмектің бірсыпыра жібі үзіліп қалады. Өрмек тоқып отырған кемпір:

– Алда ғана шешек атқыр-ай! Өрмегімді үзіп кеттің-ау! Ертеден қара кешке дейін бүйтіп жар қуалап, торғай атқанша, төтіреп кеткен сегіз ағаңды тауып алсаңшы, – деп қарғап сілейді.

Төстік кемпірге жауап қайыра алмай, оның сөзіне қатты қорланады. Әсіресе “төтіреп кеткен сегіз ағаңды тауып ал” деген сөз оған қатты тиеді. Төстік бұрын ағалары бар екенін естіген жоқ екен. Әке-шешесі Төстікке оны айтпайды екен. Төстік жүгірген бетімен үйіне келеді.

– Саған не болды? Кіммен жанжалдастың? – деп сұрайды. Төстік кемпірдің сөзін түгелімен шешесіне айтады.

– Ағаларым қайда? Неге келмейді? Іздеп тауып әкелемін! – дейді. Шешесі:

– Қақпас кемпір өтірік айтады. Сенің ағаларың болған жоқ, оның сөзіне сенбе? – дейді. Сөйтіп, Төстікті нандырып қояды. Тағы бір күні Төстік асық ойнап жүріп, әлгі кемпірдің жалғыз баласын жұдырығымен қойып жіберсе, бала талып қалады. Кемпір Төстікті бұрынғыдан да қарғап-сілейді.

– Қыршыныңнан қиылғыр, Төстік! Менің жалғыз балама әлім-жеттік істегенше, айдалада төтіреп өлген сегіз ағаңның қураған сүйегін тауып алсаң болмай ма? – дейді.

Кемпірдің сөзі Төстікке ой салады. Шешесінен ағаларын сұрайды. Шешесі енді шыны айтады.

– Сегіз ағаңның бары рас еді, жұт жылы кетіп еді, содан қайтқан жоқ, қайда жүргендерін білмейміз, – дейді.

Төстік ағаларын іздеу қамына кіріседі. Әкесі мен шешесіне аң мен құстың етін қақтап үйіп береді де, Төстік жолға шығады. Беліне садақ байлап, қолына темір таяқ, аяғына темір етік киеді. Ай жүреді, жыл жүреді, талай елді, талай жерді аралайды. Жолдасы да садағы, азығы да садағы, жолында кезіккен аң мен құсты атып жеп, қорек етеді. Темір етіктен төңгедей, темір таяқтан тебендей қалғанда, алыстан сағым көтерген бел көрінеді. Өлдім-талдым деп келіп, белге шықса, қарауытқан қалың жылқы көрінеді. Жылқының ар жағында ел көрінеді. Жылқыға келсе, жылқының ішінде тігулі қара қос түр. Қосқа кірсе: асулы мосы,

ілулі бақыр ілулі түр. Бақыр іші піскен етке толы емен. Тестік етке тойып алады да, елге қарай жүреді. Тестіктің көрген елі ас беріп жатыр екен. "Ағаларымды осы астан іздеп көрейін", - деп асқа тігілген үйді жағалай қыдыра бастайды. Арықтаған, азған, киімі жартық-жартық Тестікті ешкім өлеп, ескермейді. Жаяу жүрген адамды кім елесін. Сөйтіп келе жатса, табақшылар бір жерде:

- Ерназардың сегізіне тарт, Ерназардың сегізіне тарт, - деп шуылдасып жатыр екен. "Ерназардың сегізін көрейін", - деп үйге кірмек болса, табақшылар Тестікті кейін қарай сүйрей, қақпайлай береді. "Қайыршы неме, әлі етке тоймадың ба?" - деп жөкіріп, ұрсады. Тестік оған шыдамай, табақшаның біреуін жұдырықпен қойып қалып, мұрттай түсіреді. Жұрт жиналып қалады.

- Кімді іздеп жүрсің? Неғып жүрген жансың? - деп Тестіктен жөн сұрайды. Тестік:

- Маған Ерназардың сегізі керек, - дейді. Адасып кеткен сегіз ағамды іздеп жүрмін, - дейді. Сол арада Ерназардың сегізі жөн сұрасып, Тестікпен жылап табысады.

Ерназардың сегізі елден адасқаннан кейін жұттан қалған жалғыз күрең биені бағып, содан көп жылқы өсірген екен. Бағанағы көп жылқы солардікі екен. Тестіктен елінің жөнін білген соң, олар да қайтпақ болады.

Тоғызы тоғыз жағынан шығып, қалың жылқыны айдай бастайды. Бірақ жылқы ұйлығып, біржақты бетке алып жүре алмайды. Қанша айдаса да, серпіліп, алғашқы айдаған жеріне қайтып келеді де отырады. Тоғызы жылқыны неше күн айдайды. Ақырында айдай алмай, жалағады.

Бір күні Тестік мынандай айла табады: барлық жылқының басы күрең биені ұстап алып, жылқының ортасындағы бір дөңге шығады. Биені жығып, төрт аяғын буады да, қыл бұрау салып, тақымын бұрайды. Тақымы бұралған соң, жылқы қатты шыңғырады. Биенің шыңғырған дауысына шұқырасып қалың жылқы жиналады. Жылқы әбден жиналып болды-ау деген кезде, Тестік тұрғызып алады да, жетектей жөнеледі. Сонда қалың жылқы өз беттерімен бұлардың соңынан шұбай береді. Енді тоғыздың ешқайсысы да жылқы айдап әлек болмайды, күрең биені жетектеп жүреді де отырады. Қалың жылқы шұбырып, ереді де отырады. Судың тұнығын іше-іше, шөптің соңысын жей-жей, талай асқардан асып, талай шөлді басып, Тестік бастап, Ерназардың сегізі аман-есен еліне келеді. Балалары аман-есен келген соң, Ерназар ел жиып, той қылады. Түйеден бура, жылқыдан айғыр, тубие, қойдан қошқар, құнан қой сойып, қымызын көлдей етіп, тау-

дай қылып қояды. Ақсақал, қарасақалын түгел разы қылады. Той тарқағаннан кейін Ерназар тоғыз ұлын аяқтандыру қамына кіріседі. Тоғызына тоғыз келіншек іздейді. Келінінің тоғызын бір үйден таппақ болып, ел аралайды, көп елді қыпырады.

Бірақ Ерназар ойлағандай тоғыз қыз бір үйден табылмайды. Сөйтіп, Ерназар күдер үзіп, келе жатса, алдынан бір ауыл көрінеді. Ауылдың ортасындағы үлкен бір қоңыр үйдің тұсына келіп, мейман болатындығын білдіреді. Үйге кірсе, керегесінің басында сегіз сырға ілулі түр екен, соны көрген соң, Ерназар еңкілдеп жылай бастайды. Үйдің бәбішесі Ерназардан:

- Неге жыладың? - деп сұрайды.

- Жылаған себебім: тоғыз ұлым бар, соған тоғыз қыз ілеп жүрген адаммын; тоғыз ұлымның бір әкеден, бір шешеден туғаны сияқты, тоғыз келінімнің де бір әке-шешеден болуын іздеп жүрген адаммын, керегенің басындағы көп сырғаны көргенде, тілегіме жеттім ғой деп қуанып қалып едім, санасам біреуі кем екен, соған жылап отырмын, - дейді Ерназар.

- Ендеше жылама, тағы біреуі бар, әне түр, - деп бәбішесі тұсбақаннан тағы бір сырғаны алып келеді.

- Кенжекейімнің сырғасы еді, мұны сегіз қызымның сырғасына араластырмаймын, ана қыздарым бір төбе, Кенжекейім бір төбе. Сондықтан Кенжекейімнің сырғасы олардікінен бөлек тұрады, - деп сырғаны қайтадан іліп қояды.

Ерназар оған:

- Сенің сегіз қызың бір төбе, Кенжекейің бір төбе болса, менің сегіз ұлым бір төбе, Тестігім бір төбе еді. Кенжекейің Тестігімдікі болсын, - дейді. Сөйтіп, Ерназар тоғыз қызға құда түсіп қайтады. Ерназар келіндерін алып қайтуға тоғыз ұлымен сапарға шығады.

Жолда бұларға перінің қызы Бекторы көздеседі. ол Тестікті көріп, ғашық болады. Тестікті Кенжекейден айырып алу қамына кіріседі. Ерназар тоғыз ұлымен Кенжекейдің ауылына барып, көп уақыт жатады. Отыз күн ойын, қырық күн тойын жасап, келіндерін алып, еліне қайтпақшы болады. Кенжекейдің әкесі қыздарына түгел енші беріп, көп жасаумен ұзатады. Сонда Кенжекей әкесінің берген еншісіне; мінгізген ат, арттырған түйе, тарттырған жасауына разы болмайды: "Әкем маған жылқыдан Шалқұйрық атты берсін", жасаудан Ақсырмалы сауытты берсін, түйеден Қубаінгенді берсін", - дейді.

Кенжекейдің әкесі қатты ашуланып, кісісіне қайта жібереді: "Қызыма айта бар: Ерназардың байлығы оған жетеді. Шалқұйрық атты сұрағаны несі? Шалқұйрық жылқымның құты, құтқа қыз ие болған жер бар ма екен? Құба інген түйемнің басы, түйемнің басын сұрағаны несі, қызда ондай түйе артқан бар ма екен? Ақсырмалы сауыт - атадан ұлға қалатын мұра, мені қызым қу бас дегені ме? Қызым өйтіп жаулығын білдірмесін" - дейді.

Кенжекей әкесіне қайта кісі салыпты: "Шалқұйрықты сұрағаным, ерге лайық еді, ер мінсін деп едім; Құба інгенді сұрағаным, ер қосын артсын деп едім; Ақсырмалы сауытты сұрағаным, Ер Төстік ер еді, сол ер кісін деп едім", - лепті.

Әкесі Кенжекейдің сөзінен жеңіліп, сұрағандарын беріпті. "Қызыма сәлем айт, Сорқудықтың басына көшіп қондырмасын, қондырса кесір болады, - депті.

Сонымен, Ерназар келіндерін алып, еліне қайтады. Бір күні көші жар басында тігулі тұрған жарты лашыққа кездеседі. Бұл - перінің қызы Бекторының лашығы екен. Көш тұсынан өтіп бара жатқан кезде лашығынан шығып, перінің қызы Бекторы былай дейді:

Сүйген жарың Ер Төстік,  
Құтты болсын, Кенжекей.  
Мінген атың Шалқұйрық,  
Құтты да болсын Кенжекей.  
Артқан да түйең Құба інген,  
Құтты болсын, Кенжекей.  
Киген де сауытың Ақсырмал,  
Құтты болсын Кенжекей.  
Жар басында демесең,  
Жарты лашық демесең,  
Біздің де үйге түсе кет.  
Көбікті саумал іше кет.

Перінің қызы тиісе сөйлегенін жақтырмай, Кенжекей мынадай жауап айтады:

Перінің қызы Бекторы,  
Шайпау сөзді қой, торы.  
Сүйген де жарым Ер Төстік  
Өз жарымды сүйемін.  
Мінген де атым Шалқұйрық.

Өз атымды мінгенім.  
Артқан да түйем Құба інген,  
Өз түйеме артамын.  
Киген да сауытым Ақсырмал,  
Өз сауытым киемін.  
Жар басында демеймін  
Жарты лашық демеймін.  
Қайтсаң де үйіңе түспеймін.  
Бал берсең де, ішпеймін  
Перінің қызы, Бекторы,  
Шайпау сөзің қой, Торы.

Осылай деп, Бекторының бетін қайтарып тастайды. "Қап, бәлем, Кенжекей, саған қылармын" - деп Бекторы тісін қайрап қала береді.

Көш бетімен тарта береді. Бір күні Сорқудықтың басына келіп жетеді.

Кенжекей атасына кісі жіберіп: "Атам бұл құдыққа қонбасын, ырымы жаман жер", - деп хабар айтқызады. "Келінім келмей жатып, менің қонысымды билейін деген екен", - деп Ерназар болмаса тан әлгі жерге қонады. Көш қонысымен басқа келіндерінен үйді бұрын тігіп жібереді де, атасын қонақ қылады. Кенжекейдің зерделі екенін Арназар сол арада біледі. "Келінім ақылды екен, тілін бекер алмаған екен" - деп өкінеді. Сол күні тұман болады. Кенжекей өз әкесінің айтқаны ойына түсіп, кірпігін ілмей жатады. Ерте тұрып қараса, Құба інген жоқ. "Құба інген жоқ" - деп атасына хабар береді.

Ерназар атын ерттеп мініп, Құба інгенді айнала қарап жүрсе, анадай жерде тұрған Құба інген көрінеді. Қасына келсе, бұйдасы бір көкпекке оралып қалған екен. Жанында бір тал бар екен, талдың түбінде бір жарбиған кемпір отыр.

- Шеше, шеше! Ана түйенің бұйдасына қол жалғап жіберші, - дейді Ерназар. Кемпір сонда:

- Тұрсам, отыра алмаймын, шырағым, отырсам, тұра алмаймын, - деп мүләйімсіді.

Кемпірдің сөзіне налып, бұйданы іліп алайын деп өңкей бергенде, Ерназарды кемпірекең шап беріп, жағадан ала кетеді. Алдап отырған жалмауыз кемпір екенін Ерназар енді ғана біледі. Ерназарла тапжылмауға шама жоқ. Олай-бұлай жұлқынып байқап еді,

болатын көрінбейді, кемпір қысып әкетіп барады. Ерназардың мойны үзіліп, буынып барады, шыбын жаны шығып барады. Ерназардың "қоя бер" дегеніне кемпірдің босататын түрі жоқ. Өлетін болған соң, Ерназар жалына бастайды:

- Ағарған сақал-шашым бар, Қартайып келген жасым бар. Тоғыз келінімді жаңа ғана түсіріп, жаңа ғана қызығын көрейін деп отырмын. Қоя бер мені, шешеган, - дейді.

- Жоқ, - деп кемпір қысып қояды. Ерназардың жаны шығып барады.

- Тоғыз келін түсіріп,  
Елдей көшіп келемін.  
Толып жатқан жасаудан,  
Тойғаныңша беремін.  
Босат мені, шешетай. -

дейді.

- Жоқ, - деп кемпір қысып қояды. Ерназардың жаны шығып барады.

- Оған разы болмасаң,  
Тоғай толған қойым бар,  
Қанша алатын ойың бар?  
Босат мені шешетай -

дейді.

- Жоқ, - деп кемпір онан сайын қысады. Ерназардың жаны шығып барады.

- Оған разы болмасаң,  
Желі толған гүйем бар.  
Соған түгел ие бол,  
Қоя бер, мені шешетай. -

дейді.

- Жоқ, - деп кемпір қысып қояды. Ерназардың жаны шығып барады. Өлесі болады.

- Оған разы болмасаң,  
Өріс толған жылқым бар, -  
Не аяйтын сиқым бар?  
О да болсын сенікі,  
Бір әділ жан менікі,  
Жіберші мені, шешеке.

- Жоқ, - деп кемпір онан сайын қысады. Ерназардың жаны шығып барады.

- Оған разы болмасаң,  
Сауысқандай сақтығы,  
Жұмыртқадай ақтығы  
Желбіреген желегі,  
Жаңа түсіп келеді,  
Сегізінен бір дара.  
Ақылы асқан ол дана,  
Кіші келінім Кенжекей,  
О да болсын сенікі,  
Бір әділ жан менікі,  
Жіберші, мені, шешекей -

дейді.

- Жоқ, - деп кемпір онан сайын қысады. Ерназардың жаны шығып барады.

- Оған разы болмасаң,  
Сойылдай сегіз ұлым бар, -  
Менде қандай құның бар,  
О да болсын сенікі.  
Бір әділ жан менікі,  
Жібере көр, шешеке, -

дейді.

- Жоқ, - деп кемпір қысыңқырап жібергенде, Ерназардың жаны мұрнының ұшына келеді, өлуге аз-ақ қалады.

Оған разы болмасаң,  
Атамасам атайын,  
Сегізінен бір белек,  
Жалғызымда қуат боп,  
Жауыымда қанат боп,  
Пана болған бір кезде  
Ер Тестігім - ең кенжем,  
О да болсын сенікі,  
Бір әділ жан менікі.  
Жіберші мені, шешеке -

дегенде кемпірдің қолы босанып сала береді.

- Тәстікті маған қалай бересің? - деп сұрайды кемпір.

Оған Ерназар айтады:

- Менің қалтамда Тәстіктің садағының ұшын шығаратын егеуі бар. Тәстік онсыз жүре алмайды. Мен бұны осы араға тастап кетейін. Тәстік іздеп келеді, сонда өзің ұстап ал, - дейді.

Кенжекей мұның бәрін көріп тұрады.

Ерназар Құба інгенді алып қайтып келеді, көш жөнеледі, бірнеше күн көшеді. Тәстік түнде отауына кірейін десе, отау ылғи берік болады. Бір күні Тәстік жеңгелерін алып, отауына кіреді. Төсегіне жатып өді, Кенжекей болат кездіктің сабын Тәстіктің жүрегіне тіреп, үш жағын өз жүрегіне қояды:

- Қозғалмай жат, қозғалсаң, екеуіміз де жарыламыз, - дейді, Тәстік мұның себебін сұрайды.

Кенжекей:

- Әкең сені Бекторының жалмауызына беріп кеткен, сен менікі емессің, жалмауыздан біржола құтылып кел, - дейді.

- Әкем мені жалмауызға неге берді? - дейді ол.

Кенжекей:

- Нанбасаң, әкеңнен егеуіңді сұрап көрші? - дейді.

Ертең ертемен тұрып Тәстік:

- Әкешім, әке! Мына жатқан киік жүр екен, садағымның ұшын шығарайын деп едім, егеуімді берші, - дейді. Ерназар сасыңқырап қалып, қорбандап, өп-әтірік кісесін қараған болады да: "Қап, әттеген-ай, қалып қойған екен. Түнеугі Сорқұлықтың басында Құба інгенді іздеп барғанда, бір талдың түбіне түсіп, ат шалдырып едім, сол жерде кісемді қалдырып едім, егеуің сонда қалған екен ғой, - дейді.

Сонымен Тәстік егеуін іздемек болады, егеуінің қалған жері неше күндік алыс жол екен. Ерназардың айтуымен Тәстік егеуін іздеуге алты аяқты ала атты, жеті аяқты жирен атты мінбек болады.

Тәстік жылқыдан алты аяқты ала атты мініп, жеті аяқты жирен атты жетегіне алып келе жатқанда, алдынан Кенжекей шығып, мынаны айтады: Сорқұлықтың басына,

Сорға бола қонды атам.

Жалмауызға жалғызын,

Жанынан қорқып берді атам.

Жүретұғын жолында,

Құлан өтпес шәлі бар.

Оны да басып өтесің,  
Қыран өтпен қиян бар,  
Оны да басып өтесің.  
Алты аяқты ала атың -  
Құлық бие құлыны,  
Табанынан тас батса,  
Маңдайынан күн өтсе,  
Алты күнге жарамас.  
Жеті аяқты жиренің,  
Кәрі бие құлыны  
Табанынан тас батса,  
Маңдайынан күн өтсе,  
Жеті күнге жарамас.  
Сан жорғаны алмадым.  
Ер аты деп таңдадым,  
Айыл-тұрман, әбзелін  
Ертеден бастап сайладым,  
Тәстік, саған арнадым.  
Жабы емес, қазан ат,  
Ер серігі қолғанат -  
Шалқұйрықты мін, Тәстік!  
Сан жасауын алмадым,  
Саған бола таңдадым,  
Ақсырмалдай сауытты  
Осы жолға ки, Тәстік! -

деп зарлайды.

Тәстік Кенжекейдің тілін алып, Шалқұйрық атты мінетін болады.

Жылқыдан Шалқұйрықты ұстап әкелуге кісі жіберсе, барған кісіге Шалқұйрық ат ұстатпайды. Алдына келгенін тістеп, артына келгенін теуіп, маңайына жан жуытпайды. Шалқұйрықты ұстауға Тәстіктің өзі келеді. Шалқұйрық Тәстіктен қашпайды. Қолын созса, тырп етпей тұрып, жүгенге басын өзі ұсынады.

Тәстік жүрерде, Кенжекей Құба інгенге бура шөгереді: "Не Тәстік өлді деген күні ботала, не Тәстік келді деген күні ботала", - деп серт қылады. Өз белін он екі құлаш торғын орамалмен тартады. "Не тәстік өлді деген күн, не Тәстік келді деген күні шешіл", - деп серт қылады. Тәстік жолға шығады.

- Тәстік ауылынан ұзап шыққан соң, Шалқұйрық атқа тіл бітеді.

- Тәстік батыр, екеуіміздің жанымыз бір, қандай бәле болса да, бірдей көреміз. Менің мына айтқан сөздерім есіңде болсын. Егеуіңнің қасында жалмауыз кемпір сені күтіп отыр, сен егеуіңді ала бергенде, ұстап алмақ. Егеуге жақындаған кезде, кемпірді алдайтын бір ақыл тап. Кемпір алдана бергенде, мен бетегәден биік, жусаннан аласа бола берейін, сол кезде сен егеуіңді іліп ал да жөнел, артыңа қараушы болма, - дейді.

Көп уақыт жол жүргеннен кейін, Тәстік егеу жатқан жерге келеді. Келсе, егеудің қасында кемпір отыр. Ер Тәстік жақындай түсіп: "Шеше, шеше, артыңдағы қыздардың бәрі өзіңдікі ме?" - дейді. Сонда кемпір артына жалт қарайды. Сол кезде Шалқұйрық бетегеден биік, жусаннан аласа бола береді. Тәстік те егеуді іліп алып жөнеледі.

Сонда кемпір: "Сен бе едің, Тәстік, алдаған? Сені ме, Тәстік, қап бәлем!" - деп, тамағы қырылдап, әкпесі сырылдап, қатты сасып, етегін басып, Тәстікті қуа жөнеледі. Тәстік қашып, кемпір қуып келеді. Бір мезгілде тау қаңбақтай ұшады, тас бұршақтай жауады. Шалқұйрықтың құйрығына қазандай қара тас орала кетеді. Шалқұйрықтың шапқан салмағына шыдамай, қара жер қақ айырылады. Шалқұйрық пен Ер Тәстік жер астына түсіп кетеді. Сол кезде Шалқұйрыққа тіл бітіп:

- Біз енді жер астына түстік, бізге бұдан былай жер астының елі жолығады. Біраз жүрген соң, жылан Бапы ханның ордасына келеміз. Жылан Бапы ханның ордасына келгенімізде, мені алысқа қалдырып, өзің ордаға кіресің. Ордаға кіргеніңде, есіңде болсын: екі босағадан екі қара шұбар жылан ысылдап тұра келеді, олардан сескенуші болма, олар жылан Бапы ханның есігін күзеткен құлдары. Төр алдына бара бергеніңде, екі сұр жылан ысылдап келеді де, екеуі де жеңіңнен кірелі, қойныңнан шығады, қойныңнан кіреді, қоңшыңнан шығады. Бұлар-жылан Бапы ханның ұлы мен қызы болады. Төрге отыра бергеніңде, дәу екі сары жылан ысылдап тұра келеді, одан да сескенбе. Бұлар-жылан Бапы ханның өзі мен әйелі. Егер де бұлардан сескенсең, сені Ер Тәстік демейді, жер астының еліне қадіріміз болмайды, жер үстіне жол тауып шыға алмай қаламыз, - дейді. Біраз жер жүрген соң, Шалқұйрық айтқандай, жылан Бапы ханның ордасы көрінеді. Тәстік Шалқұйрықты анадай жерге қалдырып, сәлем беріп, үйге кірелі. Екі босағадан екі қара шұбар жылан ысылдап тұра келеді. Тәстік одан сескенбейді. Төр алдына бара бергенде, екі сұр

жылан ысылдап келіп, Тәстіктің жеңінен кіріп, қойныңнан шығады, қойныңнан кіріп, қонышынан шығады. Тәстік олардан да сескенбейді. Төр алдына бара бергенде, тәстіктен дәу екі сары жылан ысылдап көтеріледі. Тәстік олардан да сескенбейді, төрге шығып отыра береді. Бір мезгілде төстегі екі сары жыланның бірі үлкен кісі болады да, бірі соның бәйбішесі болады.

- Жақсы келдің, Ер Тәстік! Жер астындағы ел де сені ренжітпейді, - дейді. Екі сұр жыланның бірі жігіт, бірі әдемі қыз болып кетеді. Олар да:

- Жер үстінің Ер Тәстігі, жер астына жақсы келдіңіз. Жер астының алыптары, өнерпаздары сенің шылауыңда болады, - дейді. Босадағы екі қара шұбар жылан екі құл болып кетеді. Тәстіктің алдына келіп, қол қусырып тұрады. Тәстік жылан Бапы ханның елінде ұзақ уақыт тұрады. Жылан Бапы ханның Темір хан деген араз ханы бар екен. Темір ханның қызын жылан Бапы хан сұрап, неше рет кісі жіберсе де, Темір хан қызын бермей қойған екен. Жылан Бапы Хан Тәстікті соған жұмсайды. Темір ханның қызын әкеп берсе, Тәстікке өз қызын беретін болып, уәде қылды. Тәстік Бапы ханға Темір ханның қызын әкеп бермек болып жолға шығады. Темір ханның елі жеті айлық жол екен. Тәстік елсіз жолмен келе жатса, алдынан бір адам көрінеді. "Бұл не қылған адам? - деп абайласа, әлгі адам ағаштың басында отырған екі сауысқанның құйрығын білдірмей жулып алады да, білдірмеген бойымен бірінің құйрығын біріне қондырып қояды. Сауысқандар мұны түк сезер емес.

- О, неғып жүрген жансың? - деп Тәстік қасына жетіп келеді.

- Жердің үстіндегі Тәстік, жердің астына түсті дегенді, соған жолдас болайын деп, жолын тосып жүрген адам едім, - дейді әлгі кісі.

- Тәстікке жолдас боларлықтай қандай өнерің бар еді? - дейді Тәстік.

- Алғанда адамға сездірмейтін епті едім. Жан-жануардың сағы сауысқан болса, құйрықтарын ұрлап алып, бірінің құйрығын біріне кигізгенімді сезбей қалады, - дейді кісі.

- Жарайды, Ендеше, сол іздеген Тәстігің мен боламын, - дейді Тәстік. Екеуі жүріп келеді. Тағы елсізбен келе жатса, жолдарында бір адам көрінеді. "Неғып жүрген адам?" - деп, байқаса, киіктерді матап жүрген адам екен. Екі аяғына байлап алған қазандай қара тасы бар. Сол тастарымен жүріп, қашқан киіктерді құтқармайды.

- О неғып жүрген адамсың? - деп екеуі қасына жетіп келеді.  
- Жердің үстіндегі Тестік жердің астына түсті деп естіп, соған жолдас болайын деп, жолын тосып жүрген адаммын, - дейді кісі.

- Жолдас боларлықтай қандай өнерің бар адамсың? - дейді Тестік.

- Мен аяғыма шаң жұқпас жүйрікпін, ұшқан құс, жүгірген аңның менен құтылатыны жоқ. Киіктерді қуғанда, өз екпініммен ағып өтіп, киікті ұстай алмайтын болған соң, аяғыма қазандай қара тас байлап алып қуамын. Сонда, екпінім басылдықрап, киіктерден ағып өтпей, дәл жетіп ұстаймын. Желаяқ деген жүйрікпін, - дейді кісі.

- Жарайды. Ендеше, сол іздеген Тестігің мен боламын; - дейді Тестік. Сөйтіп, үшеу болып жүріп кетеді. Бұлар келе жатса, бірталай күннен кейін өлсізде тағы бір адам көрінеді. "Не қылған адам екен?" - деп байқаса, әлгі кісі жерге біресе оң құлағын төсейді, біресе сол құлағын төсейді, жер астынан бір нәрсе тыңдаған болады.

- О, неғып жүрген адамсың? - деп үшеуі қасына жетіп келеді.

- Жердің үстіндегі Тестік жердің астына түсті дегенді естіп, сонның жолдасы болайын деп, жолын тосып жүрген адаммын, - дейді кісі.

- Тестікке жолдас боларлықтай қандай өнерің бар еді? - дейді Тестік.

- Жер астының атақты тыңшысымын; қандай жасырын әңгіме болса да, тыңдап, біліп аламын; менен жасырын сыр болмайды. Алыстағыны, жақындағыны түгел есітетін Саққұлақ деген ер боламын, - дейді.

- Жарайды. Ендеше, іздеген Тестігің мен боламын, - дейді. Сөйтіп тәртеу болып жүріп кетеді. Бұлар өлсіз түзде келе жатса, алыста бір тау көрінеді, ол таудың үстіне тағы бір тау шыққандай болады. Жақындап келіп қараса, бір адам тауды олай да көтеріп қояды, бұлай да көтеріп қояды. Бір тауды көтеріп, бір тауды үстіне қояды.

- О, неғып жүрген адамсың? - деп Тестік қасына жетіп келеді.

- Жер үстіндегі Тестік жер астына түсті дегенге, соған жолдас болайын деп, жолын тосып жүрген адаммын, - дейді кісі.

- Тестікке жолдас боларлықтай қандай өнерің бар еді, - дейді Тестік.

- Жұрттан асқан алып күштімін; жердің үстінде де, астында да маған шақ келетін адам жоқ; қайратым ішіме саймаған соң, тауларды көтеріп, ермек қыламын. Таусоғар деген ермін, - дейді кісі.

- Жарайды. Іздеген Тестігің мен боламын, - дейді Тестік. Бесеу болып жүріп кетеді. Бұлар жапан далада жүріп келе жатса, бір үлкен көл көрінеді. Көлдің сауы қас пен көздің арасында суалып, жоқ болып кетеді де, қас пен көздің арасында шарасынан асып, өрнеуі толып кетеді. Ер Тестік жолдастарымен мұның мәнісіне түсіне алмайды. "Бұл су қайдан кетіп жатыр?" - деп, айнала іздейді. Сөйтсе, қамыстың арасында біреу отыр, көлдің суын ұрттап қалса, жоқ болады, аузынан тегіп жіберсе, су қайта толып кетеді.

- О, неғып отырған адамсың? - деп Ер Тестік жанына жетіп келеді.

- Жер үстіндегі Тестік жер астына түсті деген соң, жолдас болып ерейін деп, жолын тосып жүрген адаммын, - дейді әлгі кісі.

- Тестікке жолдас боларлықтай қандай өнерің бар? - дейді Тестік.

- Жер жаһанда бар нәрсенің мешкейімін. Маған бұл жалғанда тойым жоқ. Бір көлдің суы қарныма жұқ болмайды, қанша үлкен тария болса да, бір-ақ ұрттаймын. Көлтаусар деген ер боламын, - дейді кісі.

- Жарайды. Ендеше, сол іздеген Тестігің мен боламын, - дейді Тестік. Алтау болып жүріп кетеді. Көп уақыт жол жүргеннен кейін, бұларға бір оба көрінеді. Жақындаса, обаның басында жалғиған бір адам отыр.

- О неғып жүрген адамсың? - дейді оған Тестік.

- Жердің үстіндегі Тестік жердің астына түскенін, жылдан апы ханға келіп, оның қорқытқаныннан қорықтастан, төріне шықпанын, жолында жер астының өнерпаздарын жинап келе жатқанын бірген соң, соған жолдас болайын деп, жолын тосып отырмын, - дейді кісі.

- Тестікке жолдас боларлықтай, қандай өнерің бар еді? - дейді Тестік.

- Жер астының қырағысымын Тестік, сенің не күйге ұшырағаныңның бәрін көріп отырмын. Бар өнерім - қырағылық, жердің асты-үстінде менің көзіме қағыс жер жоқ, қандай нәрсе болса да, анықтап, қарасам, бәрін де көремін, - дейді кісі.

- Жарайды. Ендеше, менің жолдасым бол, - дейді Тәстік. Жетеу болып жүріп кетеді, булар жеті ай жол жүріп, Темір хан елінің отырған жеріне келсе, Темір хан елінің жұрты жатыр. Тәстіктің келе жатқанын естіп, көшіп кетіп қалған екен. Саққулақ тыңдап көрсе, Адам баспас деген жерге қонып жатқан хабар естіледі. Қырағы көз жіберіп еді, алты таудың ар жағында, жеті келдің желкесіндегі жалпақ жартастың астына барып тығылған екен. Таусоғар жолдағы тауларды орнынан алып, көшіріп қоя салады. Келтаусар көлдерді ұрттап, суалта салады. Ер Тәстік жолдастарымен көзді ашып-жұмғанша, Темір ханның аулына жетіп келеді. Булар келсе, Темір ханның қызын Кеше хан алмақ болып жатыр екен. Ер Тәстік келген соң, Темір хан екі жағына да кісі салып: "Қызымды қайсысының өнері асса, соған берем", - деп хабар айтырды. Той қылып, ел жиналды. Екі жақтың өнерін көруге жер үстінің қарайған халқының бәрі жиналады. Кеше ханның қалың малға әкелген қора-қора қойының, келе-келе түйесінің, үйір-үйір жылқысының бәрі де тойға сойылады. Ер Тәстік жолдастарымен бір үйге жайгасады. Буларды тойғызайын деп, қанша ет, тамақ әкелсе де жетпейді. Тойға арналған астың бәрін де Келтаусар жеп қояды. Тіпті тойғыз амайтын болған соң, Темір хан мен Кеше хан бірігіп, бір амал ойлап тапқысы келеді. Тәстіктердің табағына у салып та береді. Саққулақ естіп отырады да, Тәстікке айтады, Тәстік ұрсып, тамақты қайтарып жібереді. Тіпті Тәстіктердің табағына салынған уды білдірместен, Кеше ханның нәкерлерінің табағына салып жібереді. Кеше ханның нәкерлері қырылып қалады. Бұдан жеңілген соң, Темір хан ат шабысын бастайды. Өзінің бар жүйрігін бәйгеге қосады. Ер Тәстік Шалқұйрықты дайындайды. Қарақшының түбіне келген соң, Шалқұйрыққа тіл бітеді:

- Егер атты өте алысқа айдаса, менің шабысым өте жылдам болады. Үш күн шапсам бүйірім қызып, өзімді тоқтатуға шамам келмей, кетіп қалуым мүмкін. Мен келе жатқанда алдымнан арқан керіп қой. Арқан үш қабат болсын, бір қабаты кендірден болсын. Үш қабат арқанның үшеуі де үзілсе, мен саған жоқпын, ағымды тоқтата алмай кеткенім: үшеуі де үзілмесе, мен жығылып өлемін, онда да саған жоқпын. Егер арқан жартылап үзілсе, мен тоқтаймын, жығылып қалсам да, жаным қайтадан кіреді, күдер үзбе, - дейді. "Ер Тәстіктің жалғыз шалағы бір жерде зорығып өліп қалсын" деп, Темір хан атты бір жұмалық жерге айдағанды.

Балуан күресі басталады. Таусоғарға балуан шақ келмейді. Жер астының алыптарының бәрі жығылып бітеді. Күресуге кісі шықпаған соң, Таусоғар бір тауды көтеріп алды, жұртқа күшін көрсетті. Темір хан мен Кеше хан қатты сасып:

- Тауды біз жаққа қоя көрмесін, - деп Тәстікке жалынады. Тәстік тауды орнына қойғызады. Бір жеті өткен соң, бәйге аттары қайтып оралады. Жұрт қарақшының түбінен аттарын күтеді. Бір мезгілде алыстан бір шаң көрінеді, шаңның ішінен, жақындай келе, бір қара көрінеді. Шалқұйрық екенін танып, Ер Тәстік үш қабат арқан кереді. Шалқұйрық құйынша зулаған бетімен арқанға келіп жоқ болады. Қараса, Шалқұйрық жығылған екен, арқанның екі қабаты үзіліп, бір қабаты қалған екен. Шалқұйрық талып түсіпті. Сонда Тәстік.

- Сорқудықтың басына,  
Сорға бола қонды әкем.  
Жанынан қорқып кемпірге,  
Егеуімді берді әкем.  
Жүретұғын жолымда  
Құлан өтпес жол болды.  
Асқар-асқар тау менен,  
Шексіз дария, көл болды.  
Құлық бие құлыны -  
Алты аяқты аланы -  
Жарамайды жасы деп,  
Міндірмеген Кенжекей.  
Кәрі бие құлыны-  
Жеті аяқты жиренді,  
Жарамайтын жабы деп,  
Міндірмеген Кенжекей,  
Сан жорғаны алмаған,  
Ер аты деп таңдаған,  
Айыл-тұрман, әбзелін  
Ертөден қамдап сайлаған,  
Кенжекей сынды арудың  
Қалмасын деп көңілі,  
Міндім сені Шалқұйрық.  
Жалғыз өзім қос артып,  
Жапан түзге жол тартып,

Жалмауызға шыққанда,  
 Тіл бітті саған Шалқұйрық.  
 Жалмауызға келгенде,  
 Егеуді ала бергенде,  
 Бетегеден биік деп,  
 Аласарып жусаннан,  
 Ептейлендің Шалқұйрық,  
 Егеуді ала қашқанда,  
 Жалмауыздан басқанда,  
 Таулар ұшып қанбақтай,  
 Тасы борап бұршақтай,  
 Қазандай дәу қара тас,  
 Күйрығына оралып,  
 Жерге де кірдің Шалқұйрық,  
 Жылан Бапы жеріне,  
 Жер астының еліне,  
 Шыға келген мезгілде,  
 Тіл бітіп саған, Шалқұйрық,  
 Жән білдірдің еріңе.  
 Жазуымда қанат болған, Шалқұйрық,  
 Жалғызымда жолдас болған,  
 Шалқұйрық,  
 Сасқанымда ақылым болған, Шалқұйрық.

- Үш жаның бар еді; екеуі шықса да бірі қалған шығар, тұр, Шалқұйрық! Тіріл, Шалқұйрық! Сол уақытта Шалқұйрыққа жан кіріп оқыранып, түрегеледі. Басқа аттар бірнеше күннен кейін келеді. Темір хан мен Кеше хан балуан және ат бәйгесінен жеңіліп, не қыларын білмей сасады. "Енді жаяу жарыс салып көрейік", - дейді. Жаяу жарысты бір күндік жерден жібермек болады. Ер Тәстік желаяқты қосады. Жүйріктер бір күн жүріп барып, барған жеріне қонып, ертеңіне ертемен жарысып қайтпақ болады. Темірхан жүгіргіштердің ішіне бір мыстан кемпірді қоса жіберген екен. Барып қонған жерінде сол мыстан Желаяққа:

- Шырағым, шаршаның ғой. Деміңді алып ұйықта, жарысарда өзім оятамын, - деп оны алдап ұйқаттып тастайды. Желаяқ мыстан кемпірдің сөзіне нанып, қаннен-қаперсіз ұйықтап жата береді. Бір мезгілде оянса, шекесінен күн өтіп барады. Түс болып қалған екен, жүгіргіштер әлдеқашан кетіп қалыпты. Кемпірдің алдағанын біліп, Желаяқ санын бір-ақ соғып, тұра жөнеледі. Жерден

бір уыс топырақты ала жөнеледі. Құстай ұшып, күйіндей ұйытқып еле жатса, жаяулар да қарақшыға жақындап қалған екен, ең алдында мыстан кемпір бара жатыр екен. Желаяқ өте беріп уысындағы топырақты кемпірдің көзіне шашып кетеді. "Алда ғана көк шешек-й, мықтадың-ау", - деп, кемпір көзін уқалап қала береді. Сөйтіп, жаяу жасап, қызын Бапы ханға ұзатпақ болады. Темір хан адан той жасап, қызын Бапы ханға ұзатпақ болады. Темір ханың өрнеуі қырық құлаш үлкен қазаны терең көлге түсіп кеткен екен. "Нағыз ер болса, соны алып берсін", - деп ол Ер Тәстікке ісі салады. "Көлдiң суын күрт!" - деп, Тәстік Көлтаусарды жұмсап еді, қанша ұрттаса да көлдің суы Көлтаусардың ұртына сыймайды. Судың үштен бірі қалғанда Көлтаусардың ұрты суға толып бітеді. Сонда Шалқұйрыққа тіл бітеді: Қазанды мен сүңгіп алып шығамын" - деп рұқсат сұрайды. Ер Тәстік рұқсат етеді. Шалқұйрық:

- Мен суға сүңгігенде, ақ көбік шықса - жақсы болғаны, қуана бер, аман-есен қазанды алып шығамын. Қызыл көбік көрінсе - аман болғаны, алып шыға алмай, су астында қалып қойғаным, - дейді. Шалқұйрық суға сүңгіп кетеді. Көпке дейін еш нәрсе білмейді. Бір мезгілде ақ көбік көрінеді. Ер Тәстік қуанады. Оның ұртынан көп ұзамай, қызыл көбік көрінеді. Ер Тәстік шошынып, арлана бастайды:

- Сорқудықтың басына,  
 Сорға бола қонды әкем.  
 Жанынан қорқып, жалмауызға,  
 Егеуімді берді әкем.  
 Жүретұғын жолымда  
 Құланетпес шөл болды,  
 Асқар-асқар тау менен,  
 Шексіз дария, көл болды.  
 Құлық бие құлыны -  
 Алты аяқты аланы,  
 Жарамайды, жабы деп,  
 Міндірмеген Кенжекей,  
 Кәрі бие құлыны, -  
 Жеті аяқты жиренді,  
 Жарамайтын жабы деп,  
 Міндірмеген Кенжетай.

Сан жотаны алмаган,  
 Ер аты деп таңдаган,  
 Айыл-тұрман, әбзелін  
 Ертеден қамдап сәйлаған,  
 Кенжекей сыңды арудың  
 Қалмасын деп көңілі,  
 Жалғыз өзім қос артып,  
 Міндім сені, Шалқұйрық.  
 Жапан түзге жол тартып,  
 Жалмауызға шыққанда,  
 Тіл бітіп саған Шалқұйрық,  
 Жалмауызға келгенде,  
 Егеуді ала бергенде,  
 Бетегеден биіктеп,  
 Аласарып жусаннан,  
 Ептейлендің, Шалқұйрық.  
 Егеуді ала қашқанда,  
 Жалмауыздан сасқанда,  
 Таулар ұшып қаңбақтай,  
 Тасы борап бұршақтай,  
 Қазандай дәу қара тас,  
 Құйрығыңа оралып,  
 Жерге кірдің Шалқұйрық.  
 Жылан Бапы жеріне,  
 Жер астының еліне,  
 Шыға қалған мезгілде,  
 Тіл бітіп саған, Шалқұйрық,  
 Жөн білдірдің еріңе,  
 Жаяуымда қанат болған, Шалқұйрық,  
 Жалғызымда жолдас болған, Шалқұйрық.  
 Сасқанда ақыл болған, Шалқұйрық.  
 Үш жаныңның не бірі  
 Аман шығар, Шалқұйрық.  
 Су астынан шық, Шалқұйрық! -

дейді. Ер Тестік зарланып тұрғанда, Шалқұйрық дәу қара қазаны құйрығына орап, су үстіне шыға келеді. Шалқұйрыққа тіл бітіп сөйлейді:

- Су өте терең екен, түбіне зорға жеттім, қазанды зор-  
 таптым. Сонда ақ көбік шықты. Қазанды көтеріп шығу қиын  
 болды, тістеп едім, шығара алмадым. Сонда қызыл көбік шықты.  
 Құйрығымды ұзартып, қазанды орап алып, зорға шықтым, - дейді.  
 Шалқұйрықтың аман-есен шыққанына Темір хан мен елі қатты  
 қуанысқан. Темір хан Ер Тестіктерге арнеп үлкен сарай салдырып,  
 құдаларды сонда кіргізеді. Құдалардың кіруі-ақ муң екен, есік  
 ерт етіп жабылып қалады. Сарай тұтас темірден салынған екен.  
 Құзын мықтап құлыптап, сыртынан тау-тау қылып отын үйеді де,  
 от жағып, өртей бастайды. Сарай қызға айналады. Сарайдың ішін-  
 ді Ер Тестік жолдастарымен күйетін болады. Таусоғар орнынан тү-  
 ссе де, сарайдың есігін теуіп жібереді, Есік шалқасынан түсе-  
 ді. Қолтаусардың ұртында бір көлдің суы бар екен, бүркіп жібер-  
 генде, айналасындағы өрттің бәрін сөндіріп тастайды. Темір хан  
 мен Кеше ханның айланып әбден құрыды. Ер Тестікке қызын қосып  
 өріс, жылан Бапы ханның еліне қарай шығарып салады. Сөйтіп,  
 Ер Тестік жылан Бапы ханға қайтады. Қайтып келе жатқанда, жол-  
 дан өрген алты жолдастарының бәрі де баяғыда өздерінің кезіккен  
 өрлерінен әрі жүрмейді. "Бұдан әрі баруға біздерге жол жоқ", -  
 деп, олар Ер Тестікпен қоштасып қала береді. Ұзақ жүріп, Ер  
 Тестік жылан Бапы ханның еліне жетеді. Айтқанын істеп келген  
 соң, ол Ер Тестікке өте разы болады, өзінің қызын береді және:  
 "Не қалайсың?" - деп Тестіктен сұрайды. Тестік:  
 - Жер үстіне шығамын, еліме қайтқым келеді, - дейді. Жылан  
 Бапы хан Тестіктің тілегін орындап, қызын беріп, және қаншама  
 жолдас қосып, жер үстіне шығатын есікке қарай шығарып салып,  
 қолшоқ айтысып қала береді. Жер үстіне шығатын жолға дейін алты  
 айлық жол екен. Жолдың ауырлығына шыдамай, жылан Бапы ханның  
 қызы және жолдастарының бәрі қырылып қалады, жалғыз-ақ Күңке  
 деген бір күңі мен Шалқұйрық, Ер Тестік аман қалады. Үшеуі  
 шаршап, бір бұлақтың басына келіп жатады. Бұлақтың басында бір  
 үлкен бәйтерек тұрады. Бір мезгілде сол бәйтеректің басында ауыл-  
 даған зарлы дауыс естіледі. Қараса, шуылдаған балапандар екен.  
 Бұларды жеуге бір айдаһар жоғары өрмелеп бара жатыр екен. Ер  
 Тестік садағын алады да, өрмелеп бара жатқан айдаһардың екі  
 көзінің арасынан дәлдеп тартып қалады, айдаһар жерге сымқ ете  
 түседі. Айдаһардың жерге құлап қалғанын көрген соң, балапандар  
 шуылдан тоқтатады. Ер Тестік жайлынып, ұйқыға кіріседі. Ер Тес-  
 тік бір дауыстан шошынып оянаса, қатты дауыл тұрған екен,  
 дауылдың артынан бұршақ аралас жаңбыр жауады, жаңбырмен қабат

суылдаған дауыс естіледі, соның артынша ұзамай-ақ бір алып қара құс көрінеді. Алып қара құс суылдаған бетімен бәйтерекке келіп қонғанда, бәйтерек майысып, сынып қала жаздайды. Бұл алып қара құс - Самұрық екен. Самұрықтың ұлқандығы сондай, жайып жібергенде бір қанатының өзі бір айлық жерді алып кетеді екен. Қонысымен Самұрық бәйтеректің түбіндегі Ер Тәстікті бұруге тап береді, бірақ балапандары шыр-шыр еткен соң тоқтайды. Самұрықтың екі басы бар екен; бір басы адамдікіндей, бір басы құстыкіндей екен. Самұрықтың адам басы Ер Тәстікке тіл қатады.

- Ер, адам, бұл жерге не жұмыспен келдің? Менің балапандарымды аулай келдің бе? Бұл жерді адам басқан емес, бұл - менің мекенім, - дейді. Сонда оған Ер Тәстік:

- Мен жер үстінің Ер Тәстігі едім; сенің мекеніңе адасып келдім, балапандарыңа қастық ойлаған жоқпын, ана жатқан айдаһардан айырып алдым. Ианбасаң, өздерінен сура, - дейді. Балапандар Ер Тәстіктің көрсеткен жақсылығын жасырмай айтып береді. Сол арада алып қара құс Ер Тәстіктің аяғына жығылып, онымен айырылмас дос болады.

Алып қара құс жылына бір-ақ балапандайды екен. Содан кейін балапандарына жем іздеп кетіп, бір айда бір-ақ қатынап, қайтуға мұршасы келмей жүреді екен. Алып қара құстың сол кеткенін аңдып жүріп, сол маңдағы бір айдаһар жыл сайын балапандарын жеп кетеді екен. Алып қара құс содан запы болып қайтқанда: "Балапандарым аман болса екен, - деп жылап қайтады екен. Бағанағы дауыл - асығып ұшқанда алып құстың қанатынан тұрған жел екен, жаңбыр - соның жылаған көзінің жасы екен. Өзі жем іздеген сапарынан қайтқанда балапандарын аман көргені осы жолы екен. Алып қара құс Ер Тәстікпен дос болған соң: "Не қалайсың?" деп сұрайды. Ер Тәстік басынан кешкен әңгімесінің бәрін айта келіп, адасып жүргенін: енді жер үстіне шыққысы келетінін айтады. Алып қара құс Ер Тәстікті қанатына мінгізіп ұшып, тартісіктен өткізіп, жер үстіне шығарады. Қоштасарында Тәстікке бір тал қауырсынын үзіп береді.

- Денемдегі ерекше қасиеті бар жалғыз тал қауырсыным осы еді. Қысылған жерінде, осы қауырсынды тұтатсаң, даяр боламын, қандай қысымшылықта болсаң да құтқарып аламын. Егер де оны жоғалтып алсаң, менен жәрдем күтпе, - дейді. Жер үстіне шыққан соң, Ер Тәстік күннің қызуына балқып, ауыр ұйқыға кетеді, еш нәрсемен қауіпсіз жата береді. Ер Тәстікті жалмауыз кемпір

тай алмай қалған соң, перінің қызы Бекторы ашуланып, кемпір-буындырып өлтірген екен. Кемпірден Шойынқұлақ деген бала алған екен. Бекторы соған Ер Тәстіктің шығар жерін күзеттіріп яды.

- Ер Тәстік жер астында қалмайды, жердің бетіне қашан да ұлса, әйтеуір, бір шығады, сол шыққанын аңдып отырып, ұстап . Егер ұстай алмай қалса, менен жақсылық күтпейсің, - дейді. Одан бері Шойынқұлақ Ер Тәстікті күзетумен болған екен. Жер тіне шығып, ұйықтап жатқан Тәстікті ұстап, қол-аяғын байлап ұлып, Бекторыға әкеліп береді. Бекторы Ер Тәстікті заңданға жігітіп тастайды да, Күңкені Шойынқұлаққа қосады, Шалқұйрықты жігітіп тастайды. Сонымен Ер Тәстік ұзақ уақыт зыңданда қалып яды, Шойынқұлақтан жүкті болып, Күңке бір бала тауып алады. Шойынқұлақ Шалқұйрықты мініп, аң аулайды. Шалқұйрықты бекітуге ұсау шақ келмейді. Бір күні Шойынқұлақ аңнан қайтып, Шалқұйрық-тұсау таба алмаған соң, оны өзінің қырық құлаш қайыс белбеуі-ен тұсайды. Қайыс белбеудің бір жағы шешіліп кетеді. Аяғы боса-ын соң Шалқұйрық шауып отырып, Тәстік жатқан зыңданның басына өліп тұяғымен жер тарпып тұрады. Сөйткенде, белбеу Ер Тәстік ітқан құдыққа түсіп кетеді. Белбеуінде Шойынқұлақтың шақпағы ар екен. Тәстік сол шақпақпен алып қара құс берген қауырсынды ұтатады. Қауырсын тұтанысымен-ақ алып қара құс жетіп келеді; анатына мінгізіп құдықтан шығарады: қол-аяғын шешіп береді.

- Қолымнан келген жақсылығым осы, досым. Шойынқұлаққа әлім өлмейді. Себеі оның жаны өзінде болмайды, жанын ол ешкімге біл-ірмей, өзінен бөлек бір жерде сақтайды. Қайтсең де соның жа-нын тауып ал, жанын таппасаң құтыла алмайсың, - дейді де, қош-асып кетіп қалады. Тәстік Шалқұйрыққа мініп, Шойынқұлақтың йіне келеді. Келсе, Шойынқұлақ Шалқұйрықты іздеп кеткен екен. үңке Тәстікке жылап керіседі, көрген қорлығының бәрін шағып: Шойынқұлақтан құтқар", - деп жалынады. Ер Тәстік Күңкеден Шойын-ұлақтың сырын түгел сұрап біледі. Шойынқұлақ баласын өте жақсы өреді екен. Баласынан аяйтыны болмайды екен. Соны білгеннен ейін Тәстік Күңкеге мынаны айтады:

- Келше Шойынқұлақ келеді, келгеннен кейін тамаққа әбден ойғызып жатқыз, көзі ұйқыға бара берген кезде, баланы қайта-айта шымшып жылата бер. Шойынқұлақ: "Бала неге жылайды?" - де-е, балаң: Мен Шойынқұлақтың баласы емес, Ер Тәстіктің баласы олсам керек. Егер Шойынқұлақ менің нағыз әкем болатын болса, анымды жанына қосқызып қояр еді. Жанының қайда екенін маған

әлі күнге дейін айтпай, жасырып жүр. Ер Төстік болса, әлдеқашан жанының қайда екенін айтып берер еді", - деп жатыр де. Жылата бер, жылаған сайын: "Неге жылайды?" - деп сұраса, осы сөзді айта бер, басқа еш нәрсе айтпа, - дейді. Сөйтесі де, Ер Төстік баланың бесігінің астын қазып алып, жасырынып жатады. Кешке Шойынқұлақ келеді. Ер Төстік айтқанқай, Күңке оны тамаққа тойғызып жатқызады. Жатқан соң, баланы жылата бастайды. Баланы әлиделеп уатқан болып отырып, шымлып жылата береді. Шойынқұлақ:

- Күңке, баланы уат! - деп ақырды.

Күңке баланы уатқан болып, баланы одан жаман жылатады. Бала жылай берген соң Шойынқұлақ:

- Бала неге жылайды, сұрашы? - дейді.

Күңке баланың жылағанын сұраған болып, Шойынқұлаққа жауап қайтарады:

- Балаң: "Мен Шойынқұлақтың баласы емес, Ер Төстіктің баласы болсам керек. Егер Шойынқұлақ менің әкем болса, жанымды өз жанымна қосқызып қояр еді. Қосу былай тұрсын, жанының қайда екенін де маған әлі күнге дейін айтпай жүр. Ер Төстік болса, жанының қайда екенін әлдеқашан айтып берер еді, соған жылаймын", дейді балаң, - деп Шойынқұлақты наңдырды.

- Балам былшылдамасын! Оның әкесі - Төстік емес, мен, оған менің жаным керек болса, оңаша жерде айтып беремін, - дейді Шойынқұлақ. Сөйтесі де, Күңкені үйден шығарып жіберіп, Шойынқұлақ баласының бесігіне келіп, құлағына сыбырлап, жанының қайда екенін айтады.

- Жаным алыста, оны өзіммен біргесақтамаймын. Бoryқты бұлақтың басында қырық елік жүр, соның ішінде қайқы қаракер елік бар, қайқы қаракер еліктің ішінде тоғыз қара сандық бар, сол сандықтың ең кішісінің ішінде тоғыз балапан бар, сол тоғыз менің жаным болады. Осыны біліп қой. Жаның кеудеңе сыймай бара жатса, соған апарып қоса сал, бірақ өзіңнен басқа жан сезуші болмасын, сезуші болса, сен де, мен де тірі қалмаймыз, - дейді. Содан кейін ол орнына барып жатып қалады. Шойынқұлақтың жанының қайда екендігін біліп алғаннан кейін Төстік салып отырып Бoryқты бұлақтың басына келеді. Еліктердің су ішетін суатын аңдып, жасырынып жатады. Күн шаңқай түс болған мезгілде қырық елік Бoryқты бұлақ қайдасың деп салып келе жатады да, суатқа жақындаған кезде осықырынып, тұра қалып, қайта жөнеледі. Күн ысыған сайын еліктер беттеп келеді де, жақындаған мезгілде осықырып, тұра қалып, жалт

беріп, қайта жөнеледі. Ұзап кетеді де, шөлге шыдамай суға қайта ойсады, бірақ суатқа жақындамайды, үркіп, осықырынып тұра қалады. Әлден уақытта еліктер бір-бірімен сөйлесе бастайды. Біреуі: "Су басында бір бөтен иіс бар", - дейді. Енді біреуі: "Адам иісі секілді", - дейді. "Шойынқұлаққа қастық ойлаған біреу шығар? - дейді. Әсіресе қайқы қаракер елік, өзгесінен оқшау, артында жүреді. Еліктер әлгідей сөзге келгенде, ол қаша жөнеледі. Сонда Ер Төстік үн беріп мынаны айтады:

Жан серігім, қырық елік,  
Жаным сенде, қырық елік,  
Жан сақтаған, қайқы қара,  
Шошытқан сені кім келіп?  
Суың тұнық былғанбаған,  
Қашасыңдар неден жеріп,  
Төстік ерді олжаладым,  
Қатынын құшып, атын мініп,  
Шошытып алдым сендерді,  
Адам иісі содан сіңіп.  
Қайтуға көріп жанымды, -

дейді. Еліктер сонда да сенбей, осықырып, одырайып тұрысады. Сонда Төстік:

Осы айтқаным сенбестен,  
Қашсаңдар бермей, жанымды,  
Айыра алмай дауысты,  
Сындырсаңдар сағымды,  
Жолдас болған сендермен,  
Шойын атым құрысын,  
Қара ала түйгын келген соң,  
Жырттырмасам таңымды  
Судай шашып қаныңды.

дейді.

Сонда еліктер қашпай, суды жағалай бастайды. Шойынқұлақтың бойын көрмеген соң, бұрынғыларындай етене болып жақындамайды. Төстік те оларға бойын көрсете алмайды. Еліктер сенерін де білмей, сенбесін де білмей, байқай-байқай келіп, суаттан жапырласып, су ішуге бас қояды. Арт жағынан қайқы қара елік те суға бас қояды. Еліктер ете шөлдеп қалған екен, суға тойып, қарында-

рын қампитып, қайқайып шыға береді. Әсіресе қайқы қараның қарны жер сызып, суаттан бұрыла берген кезле Тәстік қарынан дәл келіп, садақты тартып қалады, қарны ақтарылып, тоғыз қара сандық жерге сау ете түседі. Ең кішісін ұстай алып, Тәстік ашып жіберсе, іші толған балапан шүпір-шүпір етеді. Санап жіберсе, тоғыз екен. Сегізінің мойнын жұлып алып: "Шойынқулақты шала-жансарын да бір көрейін" - деп, соның үйіне тартады. Шойынқулақтың үйін жақындағанда, Күңке алдынан шығады.

- Шойынқулақ қалай? - деп сұрайды Ер Тәстік.

- Шойынқулақ әлсіреп жатыр, - дейді. Күңке. Келсе, Шойынқулақтың кірпігі зорға қимылдайды, болар-болмас қана демін алып жатыр екен. "Е, батыр, қалайсың" - деп Ер Тәстік мазақтап жақын дәй бергенде, Шойынқулақтың қолы Ер Тәстіктің жағасына сап ете қалады. Екеуі алыса кетеді. Тәстік: "Оп-оңай-ақ жерге жаншып таймын ғой", - деп еді, Шойынқулақ әл бермеді. Енді біраз алыса соң, Шойынқулақтың күшейіп бара жатқандығы байқалады. Тәстік буынып қара терге түсіп, күш-қуаты кеміп бара жатады. Төбесіне тау басқандай, денесін темір тор шырғағандай болып сезіледі. Сол мезгілде Тәстік Күңкеге жалынады:

- Жылан Бапы жерінен,  
Жер астының елінен,  
Жалғыз-ақ ерген, жолдасым Күңке,  
Тәстігіңнен айрылып,  
Шойынқулақ қолында,  
Тұтқын болған, Күңке.  
Тәстігің жаман қысылып,  
Жан шығуға ұсынды.  
Жетсеңші, жылдам, жетсеңші,  
Қорқақтап қашып кетпеші.  
Қойныма қолың салсаңшы,  
Балапан басын жұлсаңшы,  
Сейтіп, бір ерлік қылсаңшы, -

деп зарлайды.

Күңке жүгіріп келіп, Тәстіктің қойнындағы сандықты жұлып алып, ашып жібереді. Қараса, балапандар жыбырлап көбейіп қалған екен, мойындарын жұлып-жұлып алғанда, Шойынқулақ сылқ етіп күлай кетеді. Тәстіктің сандықпен қойнына салып әкелген бір балапаны сегіз балапан болып қалған екен. Енді біреуі тірілсе, Шойынқулақ мүлде әл бермей кетпек екен. Балапандардың мойны түгел

жұлынған соң, Шойынқулақтың баласы бесігін шықар-шықар өткізіп, бірдеме деп сөйлеп жатады. Тәстік құлақ салып тыңдаса:

- Қап, бәлем, Тәстік, саған қылмасам, әкем Шойынқулақтың құнын алмасам! - деп, шіреніп-шіреніп қояды. Сол арада Тәстік оның қол-аяғын байлап, бесік-месігімен суға тастап жібереді. Сейтіп Бекторының жалмауызыннан әбден құтылып алады да, Ер Тәстік елін іздеп тарта береді. Ер Тәстік жер астына түскеніне көп жыл болады. Ел күдер үзіп қояды. Жалғыз ғана Кенжекей: "Ер Тәстік бір келер", - деп дәмелі боп жүреді. "Құба інген қашан боталар екен? Ер Тәстіктің не өлген хабары, не келген хабары қашан білінер екен?" - деп соны күтумен болады. Бір күні Кенжекей ертемен тұрса Құба інген жоқ. "Бошалап кетпесе игі еді?" - деп, Кенжекейдің жүрегі су ете қалады. Жан-жақты жүгіріп, Құба інгенді іздейді, іздеп жүріп:

- Желі толған түйеден,  
Артайын деп ер қосын,  
Таңдап та алған, Құба інген,  
Арнап та алған, Құба інген,  
Алыс жолға Ер Тәстік  
Шыққан күні Құба інген,  
Не келгенде, не өлгенде  
Боталауға серт қалып,  
Сөз байлап ең менімен.  
Ерте тұрып желіден  
Жүріп те келтің, Құба інген.  
Әлде хабар Тәстіктен  
Біліп кеттің, Құба інген.  
Тәстік ердің өлгенін,  
Немесе қайтып келгенін  
Білдірші енді, Құба інген.  
Дамыл көрмей қаншалаң,  
Қайғы басып шаршаған,  
Қам көңілді тындыршы,  
Енді міне, Құба інген, -

деп зарлайды. Сол мезгілде беліндегі орамалы шешіліп, аяғына оралып аура қылады:

- Сертпен тартып ораған,  
Торғын, белден босайсың,  
Аяқты орап шаршаған,

Жүргізбейсің, тұсайсың,  
Әлдебір хабар Тестіктен,  
Білгенге бүгін ұқсайсың, -

деп зарлап жүреді. Құба інген бір сайда боталайын деп жатыр екен. Ар жағынан ақсақ боз атқа мінген бір ақсақалды шал көрінеді. Құба інген боталап жатқанда, Кенжекейдің беліндегі торғын орамалы да шыр айнала тарқатылып, жазыла береді. Кенжекей "Енді Ер Тестік өлген екен. Тірі болса, әлдеқашан бір хабар болар еді", - деп ойлап, зарлана бастайды:

Ақшелек келгір, Құба інген,  
Серттескен едің менімен:  
"Тестік ер қайтып келген күн,  
Немесе Тестік өлген күн,  
Белгі беріп бірінен,  
Боталармын", - дегенсің.  
Қаншама жыл өтсе де,  
Үміт үзбей Тестіктен,  
Бір келер деп жүр едім.  
Төрт аяқты көсіліп,  
Тула бойың есіліп,  
Боталапсың, Құба інген.  
Нені біліп, есіріп,  
Келуіңнен хабар жоқ,  
Шамасы Тестік өлгені.  
Серттескен, торғын орамал,  
Орай будым белімді,  
Келмесе Тестік кешігіп,  
Шешілмекке бердің сертіңді.  
Тестіктен әлі хабар жоқ,  
Сусысың бедден шешіліп,  
Туралғандай бырт-бырт кесіліп,  
Шамасы Тестік өлгені, -

деп жылап отырады.

Ақсақал шалдың астындағы ақсақ боз ат кісінеп қоя береді. Кенжекей оның кісінеген даусынан Шалқұйрық екенін таниды. Кенжекей мен Құба інген екеуін Ер Тестік те таниды. Сол арада амандасып, маз-мәйрам болып қалысады. Бәрі де баяғы айырылған күндегі қалыптарына келіп, қайтадан жасаралы. Ер Тестік жас жі-

гіт, Кенжекей жаңа түскен жас көліншек, Шалқұйрық бесті ат қалына көледі. Одан кейін ұзақ жылдар өмір сүріп, тілеген тілектеріне, ойлаған армандарына жетеді.

## 2. ХАЙУАНАТТАР ТУРАЛЫ ЕРТЕГІЛЕР

### БОЗІНГЕН

Бұрынғы заманда Бағыланбай деген кісінің Бозінген деген бір жақсы түйесі болған екен. Бозінген өмірінде боталамаған екей. Бір күні Бағыланбай ауылының адамдарына:

- Менің жақсы көретін Бозінгенім боталамайды. Бұған не ақыл бересіңдер? - депті.

Бұған жиналған жұрттың бірде-біреуі ақыл бере алмапты. Сонда босағада тұрған бір жетім бала былай депті:

Айналайын ағалар,  
Мендей жетім балалар  
Босағадан сығалар.  
Ақсақалдар қақпасын,  
Мен бір сөзді айтайын,  
Құлақ салып тыңдасқаң,  
Ашу, жанжал қылмасаң,  
Тойыңды жеп қайтамын,  
Бозінгенді алдырсаң,  
Үстіне кілем жаптырсаң,  
Жібектей бұйда тақтырсаң,

Шытырма қазық қақтырсаң,  
Бозінген бота туады,  
Мәпелеп шал мен кемпірге,  
Әлпештеп оны бақтырсаң.  
Баланың сөзін мақұлдап,  
Бозінгенді алдырып,  
Қалы кілем жаптырды,  
Жібек бұйда тақтырды.  
Шытырма қазық қақтырды.  
Мәпелеп бота табар деп,  
Кемпір-шалға бақтырды.

Жыл мүшелі болып, Бозінген қайып, туатын мезгіл жетіп, бір күні басы алтын, арты күміс бота туады. Бағып жүрген кемпір-шал қуанып: "Бағыланбайдан сүйінші алайың!" - деп бара жатса, ауылындағы қу саудагерлер кемпір-шалдан:

- Қайда барасыңдар? - деп сұрайды. Сонда кемпір-шал:

- Бағыланбайдан барып сүйінші аламыз. Інгені басы алтын, арты күміс бота туыпты, - дейді. Олар анадан:

- Сендер өздерің барып, сүйінші алып, бастарыңа мүйіз шықпайды. Онан да барлығымыз бірдей көреміз. Інгенді сатып, үш пұлын аламыз. Ботасын жеті қабат темір үйге кіргізіп, сақтап, ескен соң, оны да сатамыз, - дейді.

Кемпір-шал көнбейді. Онда аналар кемпір мен шалды өлтірмекші болады. Сосын кемпір мен шал қорыққаннан лажсыз көнеді. Бозінгенді базарға апарып, бір керуенге алпыс ділдаға сатады. Бозінгенді керуеншілер түйелеріне тіркеп, алып кетеді. Сонда Бозінгеннің керуеншілерге ботасын сағынып, боздап, зарлап айтқаны:

Жаралғаннан жасымда,  
Күйіп, жанып, сабылдым!  
Тартып шеру бала үшін,  
Үстіме кілем жамылдым.  
Кекілімді үкілеп,  
Жібектен бұйда тағындым.  
Бота үшін толғанып,  
Әр нәрсеге жалындым!  
Ақырында аңырап,  
Базар түсіп сатылдым.  
Бұлай болар не қылдым?

Көш болған соң керуеншілер бір жерге қонады. Бозінген арман-дәртті ішіне толып, әуедегі ұшқан құстардан ботасын сұрап зарланғаны:

- Қалықтаған аспанда,  
Ителгі мен сұңқарсың,  
Ертеменен жем алсаң,  
Аспандап ұшып келдің бе.  
Тамам құстың зорысың,  
Ел ішінде боздаған,  
Ішкі дәртін қозғаған,  
Күндіз ұшпай, түнде ұшқан,  
Ел ішінде қайғырған,  
Енесінен айырылған,  
Зарлап, боздап қайғырған,  
Жетім бота көрдің бе?  
"Қандай бота?" - дедің бе?  
Аспандап ұшып, айналған,  
Түлкі көрсе сайланған,

Мына жалған дүниеде.  
Көрер күнім болар ма?  
Мен ботамды сағындым!  
Неше күндер жол бастым.  
Көзімнен жасты ағызып,  
Емшектің сүтін тамызып,  
Өлгенде көрген ботамды,  
Емізбедім жағызып!  
Ішім оттай күйеді,  
Жүйем босап сағынып,  
Тұла бойым иеді...

Қара ала баршын бүркітім,  
Аспандап ұшып келдің бе?  
Ел ішінде боздаған,  
Ішкі дәртін қозғаған,  
Базарға сатып, қоймаған,  
Еркі менен тоймаған,  
Жетім бота көрдің бе?  
"Не еткен бота?" - дедің бе?  
Шарықтаған күшіген,  
Аспанды көзген жүрісің,  
Көбелекпен бірге ұшқан,  
Көзі қызыл үкісің,  
Түндерде ұшып келдің бе?  
Енесінен айырылған,  
Аққудай мойны қайырылған,

Күндіз-түні зарланған,  
Көзінен жасы парлаған,  
Жетім бота көрдің бе?  
"Не еткен бота?" - дедің бе?  
Омырауы жасқа малынып,  
Көрінген құсқа жалынып,  
Ботасына зар күйін,

Бозінген сөйтіп, зарлап, көрінген құстан сұрай беріпті. Ешбіреуінен жауап ала алмапты. Содан кейін Бозінген ботам өлген екен деп зарлайды:

Мен ботамнан айырылған,  
Қарайлап мойны қайырылған,  
Сағынып, зарлап егілген,  
Көзімнен жасы төгілген...  
Не жазығым бар еді?

деп боздап кетеді.

Керуеншілер бір жерге малдарын тынықтырып, тойындармаққа тоқтап, бес-алты күн еру болып жатады.

Бағыланбайдың екі ұлы бар еді. Бұлар мал сатып, базардан қайтып келе жатса, Боздаған Бозінгеннің дауысын естіп, таниды. Сонда бұлар: "Бұл қайда жүр? Әлде керуенге еріп кетті ме?" - деп екеуі қоржындарын жолдастарына беріп, інгенді іздеп кетеді. Бұлар талай малды аралап жүріп, ақырында Бозінгенді табады. "Түйені ұстап алып, жүре берейік", - деп ойлайды да, "Қой мұнымыз ұят болар. Жайын сұрайық", - деп керуеншілерге келеді.

Ассаламағалайкүм,  
Қонып жатқан керуендер.  
Алтын, күміс артынып,  
Ай түбіне бардыңыз,  
Бағыланбайдың Бозінгенін  
Қайдан сатып алдыңыз?  
Алтын, күміс артты екен,  
Ай қызарып батты екен,  
Бағыланбайдың інгенін

Қайнаған іште бар күйін,  
Жеткіз, деп жылап тапсырды,  
Кемпір мен шалдың үйіне.  
Ұшқан құс та аяды, мойындары иіле,  
Тау мен тас та күңіренді  
Бозінгеннің күйіне...

Екі көзді сел алып,  
Жылай-жылай шөл алып,  
Тілек тілеп зарласам,  
Тілегімді берер ме?  
Ботақаным келер ме?,-

Қандай адам сатты екен?  
Ай, жарықтық, Бозінген  
Қандай бота тапты екен?  
Анасынан айырылып,  
Адасқан қудай қайырылып,  
Ботақаны еңіреп,  
Қайтып тірі жатты екен?  
Бағыланбай деген адамның  
Бозінгені бар еді,

Бір ботаға зар еді.  
Оңдап, солдап жаптырған,  
Жібектен бұйда тақтырған  
Шытырма қазық тақтырған  
Бозінген бота табар деп,  
Кемпір-шалға бақтырған.  
Бағыланбайдың інгенін  
Қандай адам саттырған?  
Аттың басын бұрам ба?  
Кешке дейін тұрам ба?  
Мінген атым қарагер,

дейді. Оған керуен басы айтады.

- Біз талай үлкен қалаларға бардық. Қайтуға жақындағанда бір қалада - біреу әкеп сатты. Алпыс дідде беріп алдық. Ондай ботасы болса, обалына қалмайық, он күн тоқтап жатамыз. Булын әкеп беріп, алып қалыңыз. Он күннен кешіксеңіз, кетіп қаламыз. Онда қалғаныңыз, - дейді.

Екі- жігіт сыдыртып отырып, бес күнде кемпір-шалдың үйіне келеді. Олардың келе жатқанын көріп, кемпір-шал жасырынып қалады. Жігіттер ауылға келіп:

Мінген атым қарагер,  
Келген жерім талай жер.  
Бозінгенді сұраймыз,  
Кемпір-шал шығып жауап бер.

Кемпір-шал шықпайды. Екі қыз бала шығып, жігіттеріне жауап береді:

- Адырға шыққан бадал ма?  
Мал-жаныңыз аман ба?  
Сіздер сұрап тұрғанда,  
Айтпай тұрар заман ба?  
Айналайын ағалар,  
Басқа түссе әл қанша?  
Ай төбеден толыпты,  
Жыл мүшелі болыпты,

Ертерек бізге жауап бер.  
Сөзімді қабыл алыңыз,  
Бұл сөзіме наныңыз.  
Артынан хабар алайын,  
Жеті күн тоқтап беріңіз.  
Елге қарай шабайық,  
Сатқанды іздеп табайық,  
Булынды алып берейік,  
Інгенді алып қалайық, -

Боталар уағы жетіпті,  
Бозінгені құрысын,  
Бошалап қашып кетіпті.  
Кемпір-шал іздеп кетіпті,  
Тигізіп жерге табанды  
Кемпір мен шал бар ма екен?  
Тірі көрер болар ма?..

- Екі жігіт ойлайды: "Ешкім сатпаған екен, өзі бошалап кеткен екен, керуеншілер бізді алдаған екен. Енді біз барғанша керуендер көшіп кетеді. Біз бара алмайтын болдық - деп, қапанып тұрады. Сол мезгілде Бозінгеннің ботасы еміздік еметін уақыты болып, боздайды. Ботаның дауысын естіп, екі қызға жігіттердің айтқаны:

Енесінен айырып,  
Жас ботаны қылдың зар.  
Екі жерде зарлатқан,  
Кемпір мен шалдың пейілі тар.

Естіледі зарлы үн,  
Күңіренген жетім бота бар,  
Жетім бота тірі екен.  
Қуанды жүрек, жарылар.

Мұны естіп, кемпір-шал өздері шығып, екі жігітке жалынып: "Айыбымызды кешкің" - деп шынын айтады. Жігіттер мән-жайға түсініп, кемпір-шалдың айыбын кешеді.

Жігіттер алпыс діддені алып, күн-түн қатып, сыдыртып барса, керуендер көшуге қамданып жатыр екен. Діддәсін беріп, түйені алып келе жатқанда: "Ботам өлі ме?" - деп Бозінгеннің зарлағаны:

Орындалды тілегім,  
Қуанып келеді жүрегім.  
Мен ботамнан айырылып,  
Еңіреп, боздап келемін.  
Аман-есен бар ма екен?  
Ботамды көріп аналық,  
Тірі көрер ме екенмін,  
Боташымды - қалқамды?  
Түзелді бүгін желісім,  
Егілді жұсап кірісім.  
Өмір, сенен тілегім,  
Көрсетпе ботам терісін  
Жарылар ма екен жүрегім?  
Жолға түсіп келемін,  
Керуеннің қолынан  
Аман қайтып келемін.  
Өлерде көрген ботамды,

Қайткенде тірі көремін?  
Керуені құрысын!  
Ауыр жүкті көп артып,  
Жауыр қылды арқамды.  
Қуанғаннан ботама  
Жыламай, қайтіп шыдайын.  
Қоқтығы біткен шайыр-ды.  
Қойшылар қойын қайырды.  
Өлерде көрген ботамнан,  
Аямас құлар айырды.  
Боташымнан айырылып,  
Артыма жылап қайырылып,  
Жат қолында қаңғырдым.  
Еңіреп, зарлап күйемін.  
Жер менен көк қаңғырды,  
Сүймеген жаным залымды,  
Естірді мұңды зарымды.

Бозінген зар-күйін күңіретіп, келе берді. Ауылға таянып, ботаның қарасын көргенде, тұла бойы иіп, түйенің жүйесі босап жылағаны:

- Мен бір көріп ботамды,  
Емізер күнім бар ма екен?  
Жар жағалап жапырақ  
Өзен бойын қыдыртып,  
Тал бүршігін сыдыртып,  
Сарымсақты сары ойға  
Ойнатар күнім бар ма екен?  
Көнектей толған қара емшек,  
Емізер күнім бар ма екен?  
Айналайын жан ботам,  
Немене болап қалды деп?  
Жібектен бұйда мұрнымда  
Шубалтар күнім бар ма екен?  
Бағыланбайдың Бозінгені  
Алтын бота тапты деп,  
Қуантар күнім бар ма екен?  
Жегізер күнім бар ма екен?  
Айналайын жан ботам,  
Толған айдай толар да,  
Кекіре біткен көк ойға

Көлбетер күнім бар ма екен?  
Сүйінтер күнім бар ма екен?  
Мен ботамды ертіп,  
Төл қозыдай телшітіп,  
Бағыланбайдың үйіне  
Барар күнім бар ма екен?  
Айналайын боташым,  
Немене болып қалды екен?  
Түйе аунаған лаңдыққа  
Аунатар күнім бар ма екен?  
Түйе ішіне секіртіп,  
Ойнатар көнім бар ма екен?  
Жібектен бұйда мұрнымда  
Түйілтер күнім бар ма екен?  
Бағыланбайдың інгені  
Күміс бота тапты деп,  
Ұйықтап жатқан жерінде,  
Қабырғадан тіскелеп,  
Қақ түсінен иіскелеп,  
Оятар күнім бар ма екен?

деп боздаған Бозінген ботасына келіп қосылып, мауқын басады.

## ТҮРМЫС-САЛТ-РЕАЛИСТІК ЕРТЕГІЛЕР ҮЛГІЛЕРІНЕН

### ЛЯЗБИ

Ертеде Мадан деген хан болыпты. Оның ақылы, тапқырлығы өзінің заманындағы көп хандардан артық екен. Ханның қырық уәзірі бар екен. Бір күні хан уәзірлерімен мәжілістес болып отырып:

- Уәзірлерім! Сендер қырқын да асып туған ақыллы, данышпан едіңдер. Мен сендерді бір жұмысқа жұмсаймын, сендер маған дүниедегі адамның жаманын, құстың жаманын және шөптің жаманын тауып әкеліңдер. Он бір ай уақыт беремін. Сол он бір айдың ішінде тауып әкелмесеңдер, жазалы боласыңдар, - депті.

Хан бұйырған соң, амал жоқ, уәзірлері өзара ақылдасып, іздеуге кіріседі.

Көп іздеп, азап шегіп, шеңгел деген шөпті тауып: "Өзі тіккен, арасынан жүрсе, киім жұртады, мал жемейді екен, шөптің жаманы осы ғой", - деп шеңгелді алады. Қырғауыл деген құсты тауып: "Үстінде жүні жоқ, ұсқыны келіссіз, құстың жаманы осы екен", - деп қырғауылды атып алады. Енді адамның жаманы таба алмай қырық уәзір келе жатса, таудың етегінде, үстінде жұртық тоны бар, басында тері тымағы бар ұсқынсыз бір адам бес-он қой бағып жүр екен. Уәзірлер таңырқап: "Адамның жаманы, сірә, осы болар-ау?" деп тұрғанда әлгі адам:

- Уа, мырзалар неге таңырқайсыңдар? - депті.

Уәзірлер ханның сондай бір жұмысқа жұмсағанын, шөптің, құстың, жаманын тауып, енді адамның жаманын таба алмай, ол адамның ұсқынын көріп, таңданып: "Адамның жаманы осы болар?" - деп таңырқап тұрғанын айтыпты. Жаман тұрып:

- Болды, адамның жаманы керек болса, мен боламын. Ханға мені алып барсаңыз, сіздердің жұмысыңыз бітеді, - дейді. Уәзірлер:

- Олай болса, жарайды, - деп Жаманды аттың артына мінгестіріп алып, ханға жөнеледі. Ханға келе жатып, Жаман:

- Адамның жаманын тауып алдыңыздар, бірақ шөптің жаманы мен құстың жаманын таба алмаған екенсіңдер. Шөптің жаманы - қара қоға, құстың жаманы-сауысқан еді, - деп уәзірлерге қырғауыл мен шеңгелді тастатып, олардың орнына қара қоға мен сауысқанды алдырады. Уәзірлер мәнісін сұрайын деп еді, ол:

- Хан алдында айтамын, - деп сөйлемеді. Уәзірлер келген соң, хан әкелген адамның ұсқынына қарап:

- Әкелген адамдың жарайды. Мұнан жаман кісі дүниеде жоқ шығар. Қазір аспазшыға апарыңдар, көже мен нан берсін, сыйласын. Ертең ортаға алып, тамаша етеміз, - дейді. Жаманды ас үйге жібереді.

- Бірақ құстың жаманы мен шөптің жаманын таба алмаған екенсіңдер. Құстың жаманы - қырғауыл, шөптің жаманы - шеңгел еді. Осыны көре бұларды әкелулеріңнің не жәні бар еді? - деп, хан уәзірлеріне қатулана бастайды. Сонда уәзірлер:

- Тақсыр айтқаныңыз дұрыс. Біз шөп жаманы деп шеңгелді, құс жаманы деп қырғауылды алып едік. Бірақ жолшыбай әлгі Жаман: "Шөптің жаманы - қара қоға, құстың - жаманы сауысқан", - деп

бізге оларды тастатып, қара қарға мен сауысқанды алдырды, - деп жауап береді.

Хан аз кідіріп:

- Е, Жаманның не білгені бар екен? Шөптің жаманы қара қоға, құстың жаманы - сауысқан екенін қайдан біледі? Алып кел, сұра-лық, - деп бұйрық етті. Жаманды ханға алып келді.

Хан Жаманның бетіне қарап:

- Мен құстың жаманы - қырғауыл, шөптің жаманы - шеңгел деп ойлаушы едім, сен оларды уәзірлерге тастатыпсың. Сен шөптің жаманы - қара қоға, құстың жаманы - сауысқан екенін қайдан білдің? - деді.

- Тақсыр хан, елу жасқа келіп жаман болған жоқпын, жасымнан жаман едім. Өмірімде отын-су тасып, еткенім кісінің құлшылығы болды. Сол уақытта шеңгелді әкеліп отқа жақсам, кешке жаққан отым ертеңге дейін сексеуілдің шоғындай жайнап жататын еді. Сол уақытта "Киім жырттып, мал жемейтін шеңгел отын ретінде пайдаға асады екен-ау", - деп ойлаған едім. Ал енді қара қоғаны алып отқа жақсам, отқа жанбайтын еді, үрлесем жалыны мен шоғы бірге сөніп, күлі бұрқырап, үйдің ішін алып кететін еді. Отқа жанбаған соң, малға салсам, мал жаманы сиыр өкеш сиыр да мұрнын шүйіріп жемейтін. Сонан соң қара қоға тіпті пайдаға аспайтын шөп деп ойлаушы едім. Қара қоғаның жаманын содан білдім, - дейді Жаман.

- Сауысқанның жаман екенін қайдан білдің? - дейді хан.

- Қырғауылдың жүні жоқ болса да, қанаты бар, адамның пайдасына жарайтын адал құс. Біреудің сиықсыз болуы - тәңірдің ісі Қырғауылдың айыбы - тек сиықсыздығы. Ал сауысқанның жүні ала болғаны сияқты, өзі де ала, бірлігі жоқ. Екеуі бірігіп ұшпаған, екеуі бірігіп қонбаған, адам пайдасына аспайтын арам құс еді. Сондықтан құс жаманы сауысқан деймін.

- Хош, сауысқан мен қара қоғаның жаманын білдің. Енді өзіңнің жамандығыңды қайдан білдің? - дейді хан.

- Уа, тақсыр, менің жасым елуге келді. Мен қатарлылар әйел алып, бала көрді. Келін жұмсап, қызық көріп отыр. Мен қайда болса, сонда, әлі күнге дейін әркімнің артына мінгесіп, басқа біреудің құлшылығында жүрмін, енді мен жаман емей, жақсымын ба? - деп Жаман ханға қарады. Хан басын шайқап:

- Апырай, сен жаман болсаң жарар еді!.. Құстың, шөптің, өзіңнің жамандығыңды дәл айттың, жарайды. Енді менің бір тұлпарым

бар, соны сынап бересің бе? - деді.

- Жақсы, сынап берейін.

Тұлпарды алып келген соң, Жаман тұлпарды алды-артына шығып қарап:

- Тұлпарыңыздың сипатынан мін таба алмадым. Енді мініп қарар едім, - деп ханнан рұқсат сұрап алып, тұлпарға мініп, есік алдындағы езеннен әрі-бері өтті де, қайтып келіп:

- Тақсыр! Тұлпарыңыздан басқа мін таба алмадым. Тұлпарыңыз тек сиыр шатыс екен, - деді. Хан таңданып:

- Апыр-ай, оны қайдан білдің? Айтқаның рас. Менің Ақша хан деген құдам бар еді. Соның тұлпар табатын бір буаз биесін қалап алдырған едім. Бие күні жетіп, құлынды туа алмай, өлер болған соң: "Бие өлсе өлсін, құлыны қалсын", - деп биенің ішін жарып, құлынды алғанмын. Сол құлын - осы еді. Өбден отығып кеткенше, сиырдың сүтімен асырап едім. Ал енді сен мұның сиырға шатыс екенін қайдан білдің? - деді хан.

- Тұлпардың онан басқа мінін таба алмадым. Бірақ тұлпарыңыз судан әрі-бері өткенде, аузын суға малып, артқы аяғын сілкіп өтті. Сиырды күніне қырық суарсаң да, судан айдағанда, аузын суға малмай, артқы аяғын сілікпей өтпеуші еді. Тұлпардың сиырға шатыс екенін содан білдім, - деді.

Отырған жұрт аң-таң қалып, бір-біріне қарасты.

Хан біраз ойланып отырып:

- Енді менің бір гаухәр тасым бар. Ол тастың Сүлейменнің жүзігіндей, Мұсаның асасындай, Дәуіттің қоржынындай қасиеті бар. Сол тасымның қандай қасиеті бар екенін тап, - деп қазынасындағы тасты алып береді.

Жаман тасты қолына алып, салмақтап, шайқап қарап отырды да:

- Сіздің тасыңыз, рас, қасиетті тас екен. Бірақ екі жылдан соң қасиеті бітеді. Тасыңыз көзіккен екен. "Адам тілі тас жарар, тас лақтырса бас жарар" деген. Тастың ішінде көз тиіп түскен ақ-қара бас құрт бар. Тасыңыздың пышақ сыртындай ғана қалыңдығы қалыпты. Сол құрт екі жылдан соң, тесіп шығады. Тесіп шыққан соң, тасыңыз пайдаға аспайды, - дейді.

Бірсыпыра жұрт не дерін білмей: "Бәрі бір екі жылдан соң пайдаға аспайтын болса, тасты жаралық", - десіп, бірсыпырасы: "Жаманның сөзіне бола тастан айырылмайық", - десті. Ақырында, тасты жармақшы болды. Тасты жарып қараса, ішін екі ақ-қара бас құрт кеулеп, тесуге жақындап қалған екен.

- Тастың ішінде құрт бар екенін қайдан білдің? - деді хан.  
- Тастың өз қасиетіндей салмағы да болуы керек. Тас жеңілденген екен. Құрт бар екенін содан білдім, - деп жауап береді.

- Апыр-ай, сен жаман болмадың ғой, тіпті сен бір данышпан болып жүрсің! Ал сен менің өзімді сынашы. Мен неше атамнан бері хан екенмін? - деді хан. Жаман:

- Жақсы, - деп тақта отырған ханның алды-артына шығып, алдына келіп, ханның бетіне тіке қарап тұрып, - тақсыр ханым, ақыл ойың ешкімнен кем емес, бірақ хандық қара басында екен. Қарадан тұып, хан болғансың, атаңда хандық жоқ екен! - деді. Жаманның сөзін бітірмей, хан оның сөзін бөліп:

- Жоқ, қате айтасың, мен жеті атамнан бері ханмын. Өзімді қойғанда да алты атамды қайда жібересің, - деп Жаманға зікіді. Жаман саспады.

- Жоқ, тақсыр, сіздің қара басыңыздан басқа тегіңізде хандық жоқ. Сіз нағыз наубайдың баласысыз, - деді.

Хан не дерін білмей, халыққа қарап:

- Япырым-ау, мына Жаман не дейді? Халқым, мен хан баласы деп жүр едім, шақырындар аямды! - деді. Ақиретке біреудің қанын жүктеп барып, тәңірі алдында қара бет болмасын, не де болса шыны айтсын. Өйтпесе ашумен мына Жаманның басын кесермін, - деді.

Шешесі келген соң, хан шешесіне Жаманның сөзін айтты. Шешесі терең күрсініп, сөзге кірісті:

- Е, шырағым, жасым сексенге келгенде, біреудің қанын жүктеп не қылайын? Бір сыр бар еді, оны тәңірінің өзі ғана білетін еді, мен білетін едім. Мынау Жаман біліпті, енді айтайын.

Атаң сенің Зәрлі хан еді. Менен бұрын І9 әйел алып, кілең қыз тапқаны үшін бәрінің де ішін жарып өлтірген екен. Соның үшін де "Зәрлі хан" деп халық ат қойған еді. Жиырмасыншы әйелге мені алды. Мен де екі қабат болған соң, жалғыз жанымнан қорқып тәуіптерге қаралып едім: "Сенің ішіндегі - қыз" деді. "Қыз тапсам, мені де өлтіреді ғой" деп көп қайғы жедім. Сол күндерде бас аспазшы - наубайдың әйелі де екіқабат екен. Оның да тамырын ұстатып қаратып едім: - "Мұның ішіндегі - ұл" - деді. Жалғыз жаным үшін маған ой келді. Әйелді оңаша шақырып алып, барлық мұңымды айтып, қазынадан табақтап алтын беріп: "Ақиреттік дос болайық, ұл тапсаң, ұлыңды маған бер, менің қызымды ал. Бірақ бұл сырды ешкім білмесін!" - деп жалындым. Әйел табақтан алып, бір жағынан, мені аяп, сол жерде уәдесін берді. Туар кезімізде Зәрлі хан аңда еді, екеуіміздің толғағымыз бір күнде келіп, бір сағатта

босандық. Сырды ешкім білмесін деп, басқа біреуді де жолатпай, біріміздің баламыздың кіндігін біріміз кесіп, сол қолыммен қызымды беріп, оң қолыммен сені алған едім, шырағым!.. Енді бұл күнде мына Жаманның соны білгені рас. Сыр ашылуға тәңірі жазса, не шарам бар? - деп сөзін аяқтай алмай, шешесі жылап кібереді. Хан:

- Сөз тапқанға қолқа жоқ! Олай болса, мен таққа лайық емес екенмін, осы оқиғаны оймен білген сіз лайықты екенсіз, - деп хан тағынан түсіп, тақты Жаманға береді.

Жаман:

- Жоқ, тақсыр, кешегі күні: "Жаман кісі керек" - дегенде, ат артына салып келген Жаман едім, бүгін таққа отырмаймын. Сіздің көлеңкеңізде жүрсем де жарар. Тағыңызға өзіңіз отырыңыз, - деп болмайды.

Хан таққа отырып:

- Апырмай, тақсыр, менің наубайдың баласы екенімді қайдан білдіңіз? - дейді. Сонда Жаман:

- Мен жаман-жақсы болсам да, үйіңізге келген қонақ едім. Хандардың ішер асы - жал мен жая ауызыңызға түспей, нан, көже, түсіп, мені келісімен аспазшыға жібердіңіз. Салтыңызға тарттыңыз. Сіздің аталы хан емес екендігіңізді содан білдім, - деді.

Жиылған жұрт таң қалды:

Сол үшін тағы да хандық құрды. Жаман оған жақсы уәзір болды. Жаман ханға ақдлымен, тапқырлығымен жақты. Содан былай қарай қырық уәзір елеусіз болып, шетте қалды.

## II

Күндердің бір күні Жаман сыртқа шықты. Қаланың ортасында тігулі алты қанат ақ боз үй тұр екен. Тәңірегінде қаптанған кісі, үйге кіруге кезек күтіп тұр екен. Жаман қайтадан үйге кіріп, ханнан:

- Бұл не жиын? - деп сұрады. Хан сонда:

- Қалала қара болса да, байлығымен елдегі ханға пара-пара Уәлі дейтін бай бар. Сол Уәлі байдың Мәңді дейтін қызы І5 жас-тан күйеу таңдап: "Өзімнен ақылы артық кісіге тиемін!" - деп жиырма жылдай отырды, қазір отыз бесте. Осы күнге дейін қыздың өзінен асып, ешкім оған күйеу бола алған жоқ. Бәрі де барып, қызға жауап қайтара алмай, қайтып кетеді. Ол жиын - қызды жеңіп аламыз деп жүрген бай, мырзалардың жиыны, - дейді.

Жаман: "Мен де барып көрсем қайтеді", - деп ойлап, кешке жұрт орынға отырған соң, жайлап қыздың үйіне барады. Есікті қағып еді, бір әсем келіншек шығып:

- Не жұмысыңыз бар? - деп сұрайды.

- Менің жұмысым сенде емес, қызда. Бар, қызға айт! - деді. Келіншек күліп, қызға барып:

- Бикеш-ау, күйеу таңдаймын деп, сен де жұртты басындырып болдың-ау! Адам көргісіз бір жаман кісі сенде жұмысым бар дейді. Сенен ол дәме етіп келген білем! - деп қалжыңдады. Қыз жымиып күліп:

- Ол қарауға жаман болғанымен, қандай кісі екенін қайдан білдің? Мынаны алып барып бер, - деп жеңгесінен гауһар тас, пышақ, төрелке және қайрақ тас беріп жіберіпті. Жеңгесі ол заттарды апарып берген соң, Жаман қолына алып қарап тұрды да:

- Бар, мұның құралын әкел, - деді. - Ойбай, әлгі Жаманың:

- Бар, мұның құралын әкел, - деді, деп жеңгесі қызға қайтып барды. Қыз:

- Жарайды, - деп жеңгесіне балға мен төс берді. Жаман балға мен төсті алған соң, қайрақты төске қойып, балғамен қайрақты ортасына бөлді, төрелкені уатып, пышақты жетесінен сындырды, гауһар тасты қақ жарды да:

- Мә, бикешке алып бар! - деп келіншектің қолына берді. Сыңған заттарды көрген соң, қыз ұшып түрегеліп:

- Сол адам шайтан болмай, адам болса, менің тап баратын кісім. Шақыр мұнда! - деді.

- Жеңгесі не дерін білмей, Жаманды шақырып келді. Қыз оны құрметпен қарсы алды...

Бұрын да талай бай балалары, хан балалары келеді екен. Бәріне де қыз маңағы заттарды береді екен. Бәрі де "менің үйімде пышағым жоқ па, болмаса қазынамда гауһар жоқ па, я тіпті қайрақ таба алмай жүрмін бе?" - деп ашуланып қайтып кетеді екен.

Тап сол күні қыздың ағалары ақылдасып: "Бұл қалай болады? Осы қыз отыз беске келді. Күйеу таңдап, әлі біреуге тиген жоқ. Сірә, оның басқа бір сүйгені бар шығар. Ондай адам болса, ұстап алсын", - деп қарауылшыны қойыпты. Таң атқан соң, Жаман қыздың үйінен шығып кетіп бара жатса, қарауылшылар оны ұстап алып, бай балаларының қолына апарып береді. Бай балалары Жаманды дірдектетіп, ханға апарып:

Мына уәзірді ұстап алдық. Бізді келмей жатып басынды! - дейді. Хан Жаманды оңаша алып сұрайды.

- Қыздың үйіне бардың ба?

- Жоқ.

- Мыналар: "Ұстап алдық", - дейді ғой?

- Олар өтірік айтып, бәле жауып жүр, мені даладан ұстап алды.

- Мен сенің ақылшыңды сыйлап, астымдағы тағымды да беріп едім.

Тақты езің алмаған соң, ең жақын уәзірім қылып едім. Уәлі маған олардан қымбат емес. Шыныңды айт. Қызды алып берем, десе де, Жаман ханға тіпті шынын айтар болмады. Хан ашуланып, жеңдеттерге Жаманды дарға асуға әмір етті.

Жеңдеттер хан бұйырған соң, Жаманды дарға апарып, мойнына тұзақ салып, дардың жібін тартып, жоғары көтереді. Жаман иманын айтып, қырылдап, енді демі бітуге айналғанда, көпті жарып, ақ боз атты, ақ киімді, бетіне перде жапқан бір кісі келіп, қылышпен дардың жібін кесіп жіберді де, сулап жатқан Жаманның көкірегіне қылышын көлденең тастап, жайына кетті. Жаман біраз қырылдап жатып, есін жиған соң, жеңдеттер тағы да дарға тартайын деп, ыңғайланғанда:

- Мені енді ханға апарыңдар, - деп өтінеді.

Жеңдеттер ханға Жаманды қайтып алып келген соң хан:

- Осы уақытқа дейін неге өлтірмедіңдер? Менің бұйрығымды неге екі етесіңдер? - деп ақырды.

Жеңдеттер тұрып оқи аны сөйлей беріп, ас десе, әлде де дарға асуға әзір екенін білдірді. Енді Хан Жаманға:

- Маған барам деп неге айттың? Әлде маған айтпаған шыныңды айтайын деп келдің бе? - деді.

- Е, тақсыр, шыныңды айтайын деп келдім.

- Онда Уәлі байдың қызының үйіне барғаның рас па еді?

- Рас еді.

- Алам деп уәде беріп пе едің?

- Беріп едім.

- Ендеше маған неге айтпадың?

- Тақсыр, маңа айтпаған себебім мынау еді:

Мен барып, Уәлі байдың қызына сырттан хабарласқанда, ол маған бір төрелке, бір қайрақ, бір пышақ, бір гауһар беріп жіберді. Онысы "қайрақтай болып бөлінгенше, төрелкедей болып уатылғанша, пышақтай болып басы кесілгенше, сыр айтпайтын кісі, мына гауһар тастай жарып мені алады", - дегені еді. Сол сырпы: "Пышақтай болып басым кесілгенше айтпаспын!" - деп пышақты жетесі-

сінен сындырып, "Қайрақтай болып бәлінгенше", - деп қайрақты бөліп, "Тәрелкедей уатылғанша" деп тәрелкені қиратып, сыр шашпаймын, "Гауһар тастай жарып сені аламын", - деп гауһар тасты қақ бөліп, уәде беріп едім. Сол себепті мана шынымды айтпап едім. Қыздың өзі мені аяп, ақ боз атқа мініп, бетіне перде жауып келіп, дардың жібін қиып, көкірегіме қылышын келденің тастап кеткені "Мен үшін кінәсіз өлме, ерлігіңді көрдім. Қылыш үстінде серт жүрмейді деуші еді, антыңды қайтып ал", - дегені еді. Өзі рұқсат берген соң, айтып отырмын, - деп Жаман сөзін аяқтады.

Хан Жаман сөзінің шындығына көзі жетіп, ел жинап, отыз күн ойын, қырық күн тойын қылып, қызды Жаманға алып береді. Жаман тапқырлығымен ханға жағып, екеуі дос болыпты.

### Ш

Бір күні қырық уәзір кеңесіп отырып:

- Бұл Жаман, біз жаман адам іздегенде, ат артына мінгестіріп алып келген жаманымыз еді. Бұл күндерде хан оны өзіне жақын дос қылды. Қыз да әперді. Бізді есепке алмай тастады. Қой бүйтіп жүріп болмас! Біз бұл екеуін араздастырайық. Ханға Жаманның әйелін мақтайық, үйіне қонаққа апарып көрсетелік. Сөйтіп, екеуінің арасына от жағалық, - деседі. Уәзірлері уәдесі бойынша Жаманның әйелін ханға мақтайды.

- Тақсыр, шынында, ол әйел - сізге лайық әйел? - деп ханды азғырды.

Хан Жаманның үйіне барып, өз көзімен әйелді, оның тәрбиесін көрген соң: "Шынында да, маған лайық әйел екен", - деп ойлап, үйге қайтып келіп, қырық уәзірге кеңеседі.

- Ойда жоқта ой салған сендер едіңдер. Енді сол әйелді алуға маған қандай айла тауып бересіңдер? - дейді. Уәзірлері кеңесіп:

- Жақсы тақсыр! Жаманды шақыр. Біз оны "Барса келмеске" жұмсайық. Сонда ол өлер, ол өлген соң, бос әйелді сіз алмай, кім алар, - дейсіз.

Жаманды шақыруға хан бір жігітті жібереді. Жіберген жігіті барып, үйден сығаласа, төрде төсек үстінде Жаман жатыр. Әйелі төрдегі шар айнаға қарап, өз кәркіне өзі таңғалып отыр екен.

Әйел Жаманның сөзіне күліп, артына қарағанда, есіктен кіріп келе жатқан жігіт әйелдің жүзін көріп, есінен танып, құлап

қалапты. Сол жерде бетіне су бүркіп, жігітті тұрғызып алып, жұмысын сұрайды. Жігіт келген жұмысын айтып, ханға қайтып келген соң, хан:

- Сен кеткелі көп уақыт болды, мұнда жұртты сен неге иіріп отырғызып кеттің, - деді.

Жігіт басынан өткен оқиғасын айтқан соң, әуелде әйелге ғашық хан одан сайын ынтық бола түседі.

Жігіт кеткен соң Жаман:

- Ханға барайын ба? - деп әйеліне ақылдасты. Әйелі: "Бар, сені "Барса келмеске" жұмсарып көптен-ақ сөзгенмін. Разы бол, бірақ жолға жүлқынған жүйрік, жылжыған жорға мінбе, жылқыдағы ең семізді мін. Қырық уәзір сені үш күншілік жерге шығарып сағалар. Олардың қарасы уәзілген соң, сен де қайт. Орман ішіне апарып, атыңды сой да, етін алып кел. Соны қорек қылып, жата береміз", - дейді.

Жаман ханға келген соң, хан сөз бастайды.

- Мен сені ұзақ сапарға жұмсаймын, жұмсағанда сенің ерлігіңнен үміт етпеймін, ақылыңнан үміт етемін. Барсаң, айтамын, - деді.

- Жақсы, барайын, - деп Жаман разылығын білдіреді.

- "Барса келмес" - дейтін жерде "інжілі қой" дейтін қой бар деп айтады. "Бір түгі - алтын, бір - түгі күміс, сойса, терісі бір адамға "тон" дейді. Соның терісін үстіме кигім келеді. "Інжілі үйрек" деген үйрек бар, "қанаты - күміс, басқа жері - алтын", - дейді. Соны та: қып кигім келеді. "Дәудің інжілі" қара аргымағы бар, бір шапқанда жүз шақырым шабады, - дейді. Соны мінгім келеді. Міне, осы жұмыстарға барасың, - деп Жаманды хан кілең өтірікке жұмсайды.

Жаман ханның жылқысынан бір семіз атты таңдап мініп, жолға шығады. Уәзірлер үш күншілік жерге шығарып салып, қайтады. Уәзірлердің артынша Жаман да кейін қайтып, Қараторғай дейтін орманға апарып, атын сойып, үйінен көлік әкеліп, етті тасып, тұздап алады. Төсегінің астына қол бойы жер қазып, күндіз сонда, түнде әйелінің қасында жата береді. Ай өтеді, жыл өтеді. Бір күні Жаманның үйіне, жеңгесіне көңіл хош айтуға хан келеді. Қонақасы жеп болған соң, хан сөз бастайды:

- Адамның, шөптің, қустың жаманын әкел дегенде, уәзірлерімнің алып келген Жаманы еді. Жаман болса да, ақылды, разы болып, тағымды да ұсынып едім. Ақылдың арқасында сені де алып еді. Сол ақылдан үміт етіп, бір жұмысқа жұмсай қойып едім, келер уақыты

өтіп кетті. Құдайдың әмірі болды ма деймін... Сені қор қылып, жалғыз тастамаспын. "Аға елсе, іні мұра" деген, қолыма алып бағармын, - деп үгіт айтады. Әйел отырып:

Е, құдайдың әмірі болса, не шара? Ол келгенде, сенің қолың бір қадірлі тас бар еді, соның тілімен сен ол тасты жарып едің жарылған соң, ол тас пайдаға аспайды ғой. Сол секілді әр заттың пайдалы уақыты бар еді. Кешегі қыз күнімде болса, бір сәрі, енді мен сол жарылған тас сияқтымын. Саған қызмет өтіп, жаға алмаспын әуре болма, - дейді.

Хан әйелден жеңіліп, үйіне қайтады. Хан шығып кеткен соң, әйел күйеуін шығарып алып:

- Бар, енді ханның жауабын өзің бер, - деп қоя береді.

Хан да барып тағына отырып еді, Жаман сәлем беріп кіріп келеді. Хан сасып қалып:

- Уа, қашан келіп қалдың? Ал енді әңгіменді айта бер, - деді.

Жаман тұрып:

- Әңгіме ұзақ емес. Уәзірлерің шығарып салған соң, бір аш арыстан соңымнан қалмады. Мен "Барса келмеске" барып, жауды мұқатқанша мына жауды мұқатайын", - деп қылышымды суырып алып қуып кеттім. Өз ауылыма әкеліп қамап едім, онан шығып кетті. Осы сіздің ордаға келіп кірді ме деп отырмын, - дейді.

Хан не дерін білмеді, бір қызарды, бір бозарды, жерге кіріп кеткендей болды. Ақырында:

- Мен айыптымын, менен бір қате болды, шайтанның азғырғанына ердім, оған себеп - мына уәзірлер. Бұлар енді я саған, я маған бір қатер қылар, сен енді іргенді көтер, басқа елге көш, - деді.

Жаман разы болып, көшетін болады. Хан бірнеше түйеге жасау, асыл зат арттырып, Жаманды Ақша ханның еліне көшіріп салады. Жаман Ақша ханның елінде бір қадірлі адам болып тұра береді.

Күндердің күнінде Жаманның сөзі көкейінен кетпей, шалқасынан шаңыраққа қарап, ойланып жатыр еді, қырық уәзір келіп кірді. Хан басын көтеріп алып:

- Жау шапты, ел бүлінді, апат соқты. Осыны ойлап табындар. Болмаса жазалаймын, - деді.

Уәзірлері ақылдасып, өздері таба алмайтын болған соң, Жаманды іздеп барып, оған ханның айтқанын айтады.

Жаман уәзірлерді құрмет етіп болған соң:  
- Жақсы, мен жауабын берейін. Хан мені ойлап қапаланып айтқан шығар, қай-қайдағы есіне түскен шығар, сендерге де өкпесі болса керек. Сөйтіп жатқанда, ханның ордасының күлдіреуішінің басы шыққан болар. "Жаман болса, осыған бір нәрсе айтар еді?" деп сынайын деп, сендерге айтқан ғой. Барып күлдіреуішінің басын салып берсеңдер, ханның қызметі тамам болады, - деп кеңес береді.

Уәзірлер ханға келіп:

- Тақсыр, мына күлдіреуішіңіздің басы шығып кеткен екен, оны салып берейік, - деп рұқсат сұрады.

- Хан рұқсат берген соң, күлдіреуішінің басын салып бердім, хан куліп:

- Мұны кім үйретті сендерге? - деп сұрады. Уәзірлер шынығанды, хан уәзірлеріне:

- Ол жаман болса да, қысылғанда ақыл табатын ақылды, данышман еді. Әркімнің пайдасына жарайтын еді. Сендер күнде, ақырында күйімізді айырдындар. Егер де ол сендерге ақыл таппаса, сендер кетін едіңдер. "Біреуге ор қазба, өзің түсерсің" деген мақал бар", - деді.

Қырық уәзір ханға жағамыз деп, ханның көңілін аулап, күнде мына-той жасап жатса да, ханның көңілі сергімеді. Жаманды сағынды. Бәрі де Жамандай бола алмады. Бір күні хан өрігіп, уәзірлерінен аңға шықты. Аң іздеп келе жатып, таудың етегінде қой жайып жүрген бір шалға көздесіп, сәлем беріп:

Уа, ата, мына таудың басын қырау шалғалы неше жыл болды? - деп сұрады.

- Бір жиырма жыл болған шығар, - деді шал.

- Бұл таудың етегін қырау шалғалы қанша жыл болды?

- Он бес жыл болды.

- Бұл таудың басынан бұлақ аққалы неше жыл болды?

- Оған да бір он жыл болған шығар.

Хан ойланып тұрып тағы да:

- Ата, өзіңіз нешеусіз? - деді.

- Баба, менің қырық асыранды қазым бар, соны білдірмей жүніп күйдірмей пісіріп, қан шығармай сойып беретін кісі бар ма? - деп хан сұрады. Сонда шал:

- Адамна тап болсаң, айтқаныңнан да артық етер, - деді.  
Хан шалдың сөзіне қанағат етіп, атының басын бұрып, үйге қайтты. Хан үйіне келген соң уәзірлеріне:

- Мен не дедім, шал не деді? Соны айырыңдар, оны айыруға бір ай берем. Айыра алмасаңдар, қырқыңда өлесіңдер, - деді.

Уәзірлер сасып, өздері таба алмайтын болған соң, бәрі де баяғы Жаманға барып, ханның айтқанын айтты. Сонда Жаман:

- Бұл оңай жұмыс емес. Бастарың өлімге байланған екен. Жақсы, енді болмас, тағы да амал табайын. Сендер, бір ат қалдырып, басқа аттарыңды сойыңдар, киімдеріңді әртеп, сонымен бір аттың етін пісіріңдер, мен мына қалған атқа мініп, сендерді ханға жаламайдап барам. Егер де сендер арланып қастық етпейтін болсаңдар, мен сендерді хан алдында құтқарып алам, - деді.

Уәзірлер бір ауыздан:

- Ойбай, тақсыр, арланбаймыз! Жанымыз қалса болды, ханымыз бізге мықтап өкпелеп жүр, - деп, разы болып, сол жерде отыз торыз атты сойып, бір атты қалдырып, сойған аттардың біреуінің етін, өздерінің киімін жағып пісіріп, етін жеп алады. Етті жеп болған соң, соймай қалдырған ала шалақ атқа Жаман мінеді, қолына құрық алып, жалаң аяқ, жалаң бас уәзірлерді ханға айдап жөнелді.

Жаман келе жатыр дегенді естіп, хан қырық жігіт ертіп, жібек кілем, жібек шатыр алып, түстік жерден алдынан шығып, Жаманды жер бастырмай құрметтеп, жібек кілемге түсіріп алады. Хан уәзірлерді ұмытып кетті. Отыз күн ойын, қырық күн тойын жасал, жата берді.

Бір күні уәзірлердің арасында:

- Бұл хан өз қызығы өзінде жата берді. Түнеугі сөзін ұмытып кетті білем, - деген күңкіл шықты. Жаман оны естіп, уәзірлерді шақыртып алып, жиналған халық алдында:

- Ол шал жұрттан асқан дана еді. Хан оның даналығын сезіп: "Қырық уәзірімді жөнге салып, ақыл айтпас па екен?" деп, сәлем беріп тілдесіп еді. Ханның мына таудың басын қырау шалғалы неше жыл болды дегені "Сенің шашыңа ақ кіргелі неше жыл болды?" - дегені еді. Шал: "Шашыма ақ кіргелі жиырма жыл болды", - деді. Ханның "Бұл таудың бетін қырау шалғалы неше жыл болды" дегені "Сақалыңа ақ кіргелі қанша жыл болды" дегені еді. Шал: "Оған да он бес жыл болды" деді. Ханның - "Бұл таудың басынан бұлақ аққалы неше жыл болды?" - дегені - Көзіңнен жас аққалы неше жыл

болды? - дегені еді. Шал: - "Оған да бір он бір жыл болды", - деді. Ханның: "Ата, өзің нешеусің?" - дегені - "Үйінде неше жауым бар?" - дегені еді. Шалдың: "Жатқанда екеуміз, тұрғанда төртеуміз" дегені - "Менің әйелім өліп еді, қазіргі әйелімнің өмірі өлген. Түнде жатқанда екеу болғанмен, күндіз қойда жүр - үйде мен өлген әйелімді сағынам, әйелім үйде отырып, өлген күн үшін ойлайды", - дегені еді. "Жатқанда екеу, тұрғанда-төртеуміз" дегені - сол еді. Ханның қырық асыранды қазым бар, соны қанын шығармай, сойып, білдірмей жүнін жұлып, күйдірмей пісіріп беретін кісі бар ма? - дегені - "Менің ақылсыз қырық уәзірім бар, соларды ұрмай-соқпай жөнге салып беретін кісі бар ма? - дегені еді. Шалдың: "Адамна тап болсаң, айтқаныңнан асырар" дегені - оның ішкі маған жолдағаны еді. Сендер мені іздеп барған соң, үсттеріңдегі киімдеріңді алып отқа жаққаным - білдірмей жүлғаным, аттарыңды сойғаным - күйдірмей пісіргенім, сендерді алдыма салып, жалаңаш, жау-жалпы айдап, ханға әкелгенім - қан шығармай сойғаным еді. Ал енді осымен ханның жұмысы біткен шығар, - деп Жаман өзін аяқтады. Хан:

- Уәзірлерімнің күнәсін көшірдім, неше рет екеуіміздің аразыға от салып, сенің қоныс аударып, көшіп кетуіңе себеп болып еді. Сонысына әбден ызаланып, өздері әбден жеңілсін, кінәларын мойнына алсын, - деп едім. Менің тілегім орындалды. Ал, халық, мен де біраз хан болып, қызық көрдім. Ғндігі хандығымды мынау осыма беремін. Сіз де енді тартынбаңыз, таққа отыруыңызға уақыт етті. Қалған өмірді сізге қызмет етіп, сіздің хан болған қызығызды көрейін, - деп Жаманды қолтықтап әкеліп, хан тағына отырғызды.

Елі отыз күн ойын, қырық күн тойын қылып, Жаманды ақ киізге салып, хан көтереді. Жаман Ақша ханның еліндегі үйін көшіріп алады.

Жаман таққа отырған соң, соғыспай, ақылмен бес хандықты өзіне қаратты дейді.

Өр ханның адамдары өз елінен әділдік таппаса, бұған келіп, әділдік тауып кетіп жүріпті. Сол уақыттан бастап, әділдігі үшін бес ханның елі Жаманға "Аяз би" деп ат қойып, сол аты өле-өлгенше алыпты. Аяз би әділ болыпты. Тура билік ететін еді. Нашарларға қарасты. Баяғы өзінің жұртық тоны мен тымағын ордасының қақ маңайшасына шегелеп қойыпты. Кейде хандықпен көңілі ауытқып, тура болдан таяйын десе, шегелеулі тоны мен тымағына қарап: "Ай, Аяз, мін деп аспа, ханмын деп таспа! Аяз, әліңді біл, құмырсқа жоғанды біл! - деп көңілін басушы еді дейді.

АЛДАРКӨСЕ МЕН ШЫҚБЕРМЕС ШЫҒАЙБАЙ

Ерте заманда, ешкі құйрығы келте заманда Шықбермес Шығайбай дейтін бай болыпты. Төрт тулігі сай болыпты. Кәңілі жай болыпты. Шықбермес Шығайбай үйіне ешкімді қондырмайды екен. Тіпті тастан да қатты сараң, өзі тойса да, көзі тоймайтын адам екен. Үйіне кісі келсе, оның жұбайы:

- Шық, әй! - екен. Осыдан жұрт оны Шықбермес Шығайбай ата көткен екен.

Шықбермес Шығайбайдың атын естімеген ел болмайды екен. Оны "Шық, әйін" естімеген жан болмайды екен.

Қайтсем де, қалай болса да, Шығайбайдан дәм татам деген талайлардың тауы шағчлыпты.

Алдар-ау! Алдардың алпамайтыны, арбамайтыны жоқ деген ата та осы кезде елден-өлге жайылады. Ел аузындағы мәтелге айналды.

Әй, Алдарың қанша қу болса да, Шықбермес Шығайбайды алпа алмас, - дейді жұрт. Осы сөз Алдарға жетеді. Шықбермес Шығайбайдың атын Алдар да есітеді.

"Шықбермес Шығайбайды мырза бай етпесем, Алдар деген ата құрысын", - деп, Алдар аттанды. Шықбермес Шығайбайдың елін ізде сапар шегеді. Күн-түн жүреді. Ақырында, елден іргесін аулақ салып, ең далада жалғыз үй қонған Шығайбайдың үйіне келеді. "Не істеп отыр екен бұл қу?" - деп атын алысқа түсап, өзі білдірмей келіп, жабықтан сығалайды. Сығаласа: "Шығайбай қазы тігіп, бәйбіше нан илеп, тоқалы бас үйтіп, қызы тырнаның жүнін жұлып отыр екен.

"Осыдан татпасам, Алдар атым құрысын", - деп жылмаң етіп, "Кеш жарық!" - деп кіріп келеді.

Бұлар да жылмаң екен, Алдар "кеш..." дегенді айтып болғанша, қолдағыларын жасыра-жасыра қойып, Шығайбай таспаны, бәйбіше ұршықты, қызы тігіліп жатқан көйлекті, тоқалы көсеуді қолдарына алып, отырыса қалады. Түк білмегенсіп, қолдарындағы іспен болып отырғанысп, жайбарақат бола қалады.

"Әй, әбден-ақ әккіленіп алған екенсіңдер, мызғымас қу екенсіңдер" - дейді Алдар ішінен. Амандасқанысп, қол алысқанысп, байға сүйкене барып, төр алдына отырып алады.

"Әй, көсе екенсің: жұртты құртқан қу ма екенсің! Жүрсің жылмаң екен: жырыңды болған сүм ба екенсің! Қу болсаң да, сүм болсаң да менен дәм тата алмайсың", - дейді бай ішінен.

- Қайда жүрген сүмсың? Қайда барасың? Не естіген-білгенің бар? - дейді бай. Алдарға. Алдар көтеріле түсіп, күлімдеп, келдірте жөнеледі.

- Көрген-білгенім көп. Жолда келе жатып, үлкен сары жылан көрдім. Жуандығы тап өзіңнің астыңдағы қазыдай.

Артық қып асырмай,  
Шын айтқанды жасырмай:  
Таспен ұрып жібердім,  
Қуң астыңдағы басындай.  
Былш етіп иленіп,  
Бәйбіше астыңдағы наныңдай,  
Өтірік болса, сақал жұлынсын,  
Қыз астыңдағы тырнадай,  
Бәрінде осының көріп келдім.  
Асыңды ашы ұрламай. -

дейді. осыны айтқаннан кейін бай:

- Шоқ түссін тіліңе! - деп астыңдағы қазысын лақтырып тастайды.

- Тілің кесілсін! - деп, бәйбіше астыңдағы нанын лақтырады.

- Жағың қарыссын! - деп, тоқал басты лақтырады.

-- Ішің толсын! - деп қыз тырнаны лақтырады.

- Қазанды аса бер, бәйбіше, - дейді бай "амал қайсы" деген пішінімен. Бәйбіше қазанға ас салады да:

- Піс қазаным бес ай! - десе,

- Отырайын он ай! - деп Алдар етігін шешіп тастайды да:

- Кер тағының терісін келер жылы киермін, - деп төрге орнығып отырады. Қазан түнімен қайнайды, бірақ түсірілмейді. Алдар да отырады. "Мынау кәпір қашан жатады?" - деп, үн жоқ қасарып бай да отырады. Ақырында ұйқыдан шаршап шыдай алмай:

- Әй, кемпір, төсек сал, - дейді. Бәйбішесі төсек салады.

Үй іші ұйықтаған кезде, Алдар орнынан тұрып, қазандағы етті сүзіп алып, оның орнына тулақты турал салып қояды. Бір уақытта бай тұрып, бәйбішесін оятады.

- Мына ит ұйықтады білем. Түсір асынды тез. Уақытпен асымызды жегізбеді-ау, ит! -деп сыбыр етті. Бәйбіше қараңғыда асты түсіреді. Бай пышақты қолға алып жіберіп:

-Жат, жігітім, жат. Сазадың осы! - деп аузына бір кесегін асап жіберсе, тісі өтпейді. Олай қидалайды, бұлай қидалайды, - болмайды.

- Етіңе не болып кеткен, өңкей шандыр! - деп әйеліне ұрыса түйіліп қалып май сұрайды. Ақыры, Алдардан келгенін біліп, амалсыз аштан-аш жатады. Таңертең Шығайбай жолға шықпақ болып, бәйбішесіне қонаққа көрсетпей маған нан беріп жібер, - дейді. Әйелі жерошақта пісіп жатқан нанды оттан ала салып, бәйдің қойнына тыға қояды. Мұны көре сала, Алдар жүгіріп шығады.

- Е, байеке! Енді бұдан былай жолығамыз ба жоқ па? Ақтық қазақ дәстүрімен достарша көрісіп айырылысайық, - деп, бәра сал байды құшақтайды. Оттан жаңа шыққан нан байдың кеудесін күйдіріп кетеді.

- Ау, жарайды енді! - деген сайын қаттырақ қыса түседі.

- Ау мына ит жегірді ит жесін, мә! - деп қойнынан нанды лақтырып тастайды.

- Е байеке, ит жегенше мен жейін, - деп Алдекең барып нанды қолына алады. Бай жолға аш кетеді. Бай екінші күні тағы жолға шығарда бәйбішесіне бір торсық айран күйғызып, оны көрсетпей ішінен байлап алады. Бай енді шығуға ыңғайланғанда Алдар:

- Байеке, мен сіз келгенше жүретін шығармын, амандасып қалайық, - дейді де, құшақтаса амандасқан болып, торсықтың тұсынан қысады. Торсықтағы айран төгіліп, Шығайбайдың мазасын кетіреді. Торсықты амалсыздан Алдарға беріп, Шығайбай бұл жолы да аш кетеді. Көседен құтыла алмаған соң, бай көсенің атын сойып алмақ болады. Алдар байдың мұнысын тағы естіп қойып, атына барды. Атының қасында байдың да аты тұр екен. Өз атының маңдайындағы қасқасы болмаса, екеуінің ешбір айырмашылығы жоқ екен. "Маған ойлайтын қастық болса, өзіне тисің"-деп, өз атының қасқасына сиырдың шимы қиын жағып, жоғалтады да, бай атының басына бор жағып, қасқа ат қылып қояды. Сүйтеді де, орнына келіп жатып, ұйықтап қалады.

Алғашқы күнгі етті жеп қойған да Алдар екенін біледі. Бай ішінен: "Тұра тұр, бәлем" - деп Алдарға ыза болып жүреді. Алдар ұйықтады-ау деген кезде сыртқа шығып, Алдардың атын жарып тастай

- Міне, жігітім, сазадың . - деп өзінің істеген ісіне көзді тойып қуанып, төсегіне келіп жатып, ұйқыға кетеді.

Таңертең бай орнынан тұрып, Алдарға:

- Мына көмпір қасқа ат өліп жатыр дейді. Сенің атың болуырек, жарылып қалған, - дейді. Соғлы, атыңды бақпай, қазан ағып жүрген не қылған адамсың ! - деп қарқ-қарқ күледі. Алдар ағып:

- Қандай қасқа екен? Боқ қасқа болса менікі, бор қасқа болса сенікі болаар, - дейді. Бай сонда құдайдың ұрғанын білді, орнынан тұра жүгірді. Жүгіріп барса, айтқанындай өліп қалған байдың бор қасқасы екен. Бай күйіп, кетіп, Алдарға келіп:

- Жоғалт қаранды, сүм . Мен сені енді көрмеймін, - деп шығып кетеді. Сыртқа шығысымен әйеліне:

- Мына итті тез жөнелт ! - дейді.

Бай анадай жерге шыққан кезде Алдар жақындап барып:

- Етігім жыртылып, шұлғауым шығып жүр. Бізінді беріп кет, - дейді. Байдың бергісі келмейді. Алдар жабысып жібермейді.

қыры болмаған соң:

- Ә, алсаң алшы, ант ұрған. Ал да қаранды жоғалт, көпір, - дейді.

Алдар алғысын жаудықтып, күліп қала береді. Бай кетісімен Алдар оның бәйбішесіне жүгіріп келіп:

- Ал, қызыңыз Бізбикені киіндіріңіз, - дейді.

- Е, не үшін .

- Баймен келістім, мен қызыңызды алып кететін болдым.

- Жоғал. әрі, сүм . Саған қыз беретін бе еді бай, - дейді.

- Әйтпесе, өз құлағыңмен естіп қал, деп сыртқа шығып, көп ұзап кеткен байға:

- Бәйбіше бізді бермей жатыр, -дейді.

- Өтірік пен шынның арасы қанша? - деп сұрапты бір жиен отырып Жәнібек хан Жиреншеден.
- Өтірік пен шынның арасы төрт-ақ елі.
- Қалайша?
- Құлақпен естіген өтірік. Көзбен көрген шын. Ал құлақ көздің арасын өзіңіз өлшеп көріңіз.

## КӨШЕРІМДІ ЖЕЛ, ҚОНАРЫМДЫ САЙ БІЛЕДІ

Жиренше шешен Жәнібек ханмен жолаушылап келе жатады. Құлақты жел тұрады. Ебелек қаңбақтап, домалайды. Хан Жиреншені сымақ болып:

- Жиренше, ана ебелек қайда кетіп барады екен, сұрап білші, - дейді.

Жиренше атының басын бұрып, домалап бара жатқан ебелек бірәз қарап тұрады да, ханға келіп:

- Хан, ебелекпен сөйлестім, - дейді.

- Иә, не дейді?

- Көшерімді жел біледі, қонарымды сай біледі, - деді.

## ӨЗ ҮЙІМ - ӨЛЕҢ ТӨСЕГІМ

Жиренше үнемі Жәнібек сарайында тұрады екен. Бірақ ханнан үйіме барып келмейін деп сұрай беріпті. Хан бір күні Жиреншені үйіне жіберіпті. "Осының үйін көрейінші" - деп өзі оның соңынан келегі. Жиреншенің үй дегені - күрке, көрпе-төсек дегені - өлең-шөп екен. Хан келсе, Жиренше керіліп, созылып, аяғы күркесінен шығып жатыр екен. Хан күліп:

- Шешен, үйім-үйім дегенің осы ма! - дейді Жиренше:

- Иә, тақсыр, өз үйім-өлең төсегім, - деп масайрапты.

Кедейлік неден? - деп сұрапты біреу Төле биден.  
Кедейлік үш ағайынды: оның тұңғышы - кәжірлік, ортаншысы - енбектік, кенжесі - ұйқышылдық. Осы үшеуін бойына үйір қылма-адам кедей болмайды, - деп жауап беріпті.

## МЕН ДЕ КІСІ, СЕН ДЕ КІСІ

Төлебидің бір құдасы:

Мен де кісімін ғой! - деп бимен жолға таласып болмапты.

Сонда Төле би:

Әншейінде сен де кісі, мен де кісі. Екі дауда сен қай кісі, қай кісі? - депті.

БАТЫРЛАР ЖЫРЫ ҮЛГІЛЕРІНЕН  
АҚСАУЫТТЫ АЛПАМЫС БАТЫР ЖЫРЫ

— Алпамыс, Қарлығаш және Гулбаршын —

Бұрынғы өткен заманда,  
Жиделі Байсын жерінде,  
Қоңырат деген елінде  
Байбөрі деген бай шықты.  
Соншама бай болса да,  
Жоқ еді оның баласы . . .  
Сөксенге жасы толғанда,  
Кетем деп байың арманда,  
Қайғылы боп қамықты  
Перзентсіз болып қалғанға...

Байбөрі балаға зар болып жүргенде, жұбайы Аналық құрсақ көрмеді.

Тоғыз ай, он күн біткенсін,  
Туатын мезгіл жеткенсін,  
Бәйбіше бір күн толғатты.  
Арыстай қылып ұл тапты.

Қуанып байқус көңілі,  
Болғай дей ұзақ өмірі,  
Анаған берді бір атты,  
Мынаған берді бір атты.  
Арт жағы қызық той болып,  
Сойғмадм тоқсан құр атты,  
Екі жылы өткесін,  
Үшінші жылы жеткесін,  
Ай мен күндей қыз тапты...

Байбөрі мен аналық ұлдың атын Алпамыс, қыздың атын Қара деп қояды. Алпамыс күшті болып өседі. Алпамыс келе жатып, өрмек құрып отырған бір кемпірдің қасында ұйықтап жатқан баланы көріп, "Ей, бала, тұр ойнаймыз" - деп тұртіп қалса, бала оны көтермей, талып қалады. Сонда кемпірдің өрмегінен түрегеп, Алпамыс қарап айтқан сөзі еді:

"Далада мен отырмын құрып өрмек,  
Жалғызды қасымдағы қылып өрмек.  
Баламды жалғыз менің талдырғанша,  
Алсайшы Гүлбаршынды, қу жүгірмек.  
Бекерге жұрт баласын ұрып жүрсің.  
Сарыбай қызын бермей кетті қашып,  
Несіне ойын ойнап, күліп жүрсің?"  
Есіткесін бұл сөзді,  
Алпамыс берен тұрады.  
Сұнқардай мойын бұрады:  
"Түсінбедім шешежан,  
Қайтадан айт деп" - сұрады.  
Сонда кемпір сөйледі:  
"Атадан жалғыз туғансың,  
Туғаннан бөлің бұғансың...  
Шекті деген елінде  
Сарыбай деген бай еді.  
Жалғыз қызы Гүлбаршын  
Он бесте туғанай еді.  
Жасыңнан саған айттырған  
Гүлбаршын сұлу жар еді.  
Сарыбай бір күн ойлады,  
Алғыр күстай бойлады:

"Жалғыз қызым бермеймін.  
Артынан бала тумады.  
Алпамыс қыран өледі,  
Артында жоқ көмегі.  
Алпамыс батыр өлгесін,  
Күлға қызым тиеді.  
Күлға қызым тигесін  
Қандай қорлық көреді?"  
Осыны ойлап Сарыбай,  
Бөліне көшіп жөнөді.  
Күшің болса барсаңшы,  
Гүлбаршынды алсаңшы!  
Намысыңды ойламай,  
Қай жерден күлкің келеді?"

#### ШУБАР АТ

Есіткен соң бұл сөзді  
Алпамыс батыр қамықты.  
Жаман екен жалғыздық,  
Інісі жоқ боп торықты.  
Ор төкедей секіріп,  
Жалғызбын деп өкірді,  
Аузын ашты келді де,  
Жұлдырқымен бір ұрып,  
Қырық кез болат сандықтың,  
Саймандарын сайланып,  
Алтыннан кемер байланып,  
Жылқыға қарай жөнөді,  
Мінейін деп тұлпарды.  
Ұстап алмай ешбірін  
Баланың көңілі торықты.  
Өстіп жылап тұрғанда,  
Ошақтей бар бауыры,  
Тартылып қалған бауыры,  
Жал-құйрықтан дымы жоқ,  
Шабатұғын күйі жоқ,  
Заты арық демесең,

Судулықтан міні жоқ.  
Қунан тісін тастаған,  
Шұбар дөнен жолықты.  
Үстай алмай ешбірін,  
Ер Алпамыс жылады.  
Қайғымен көзін бұлалы.  
Баяғы көрген Байшұбар,  
Мені ұста деген жануар,  
Көлденең тартып тұрады:  
Мінбеймін деп Алпамыс,  
Жүгенмен басқа ұрады.  
Жүгенге деп басымды,  
Жүгенге мойнын бұрады.  
Ашуланып Алпамыс,  
Жүгенімен басқа ұрады.  
Елемеді оны да,  
Қарсы алдынан тақ тұрды.  
Ашуланып Алпамыс,  
Құйрықтан алып лақтырды.  
Жығылмады онымен,  
Тақыр жерге тақ тұрды.  
Сол уақытта Алпамыс,  
Қарадан шыққан төре еді,  
Не салсаңыз да көнеді.  
Шұбар атты абайлап,  
Ақылмен ойлап біледі.  
Үстайын деп жақындап,  
Қасына таман келеді,  
Мойынсұнып жануар,  
Жүгенге басын береді.  
Сол уақытта Шұбар ат  
Төрт аяғы тең болат.  
Душпан ұстап алар деп,  
Өкіммен құрық салар деп  
Жасырып бойын жүр еді.  
Жүгендеп басын алғанда,  
Үстіне ер салғанда,  
Сегіз жасар ат болды.  
Дөнен бесті бір еді.  
Арқа басын сипалап,

Шұбарды бала ұстады.  
Ашуы жаман қыстады,  
Үйіне де келмеді,  
Мен кетемін демеді,  
Жалғыз бауыры Қарлығаш,  
Көтерін де білмеді.  
Саймандарын сайланып,  
Алтыннан кемер байланып,  
Абжыландай толғанып,  
Қызыл найза қолға алып,  
Шұбарға қарғып мінеді,  
Құдайдан медет тіледі.  
Қарғып мініп жас бала,  
Ашуы кернеп жөнеді.  
Тұлпар тартып келеді  
Ауыздықпен алысып,  
Үшқан құспен жарысып,  
Кей жерде бала шоқытып,  
Кей жерде басын төгеді.  
Бір күн шапса Шұбар ат,  
Бір айлық жер алып береді.  
Осыменен ұдайы  
Он екі күн жүреді.  
Айналдырып санаса,  
Он екі айлық жер екен.  
Бет алдында төбе бар.  
Төбеге шыға келеді.  
Олай-былай қарады,  
Сұңқардай көзін қадады,  
Қарай-қарай баланың,  
Екі көзі талады.  
Астындағы шұбар ат  
Сүмбідей болып жарады.

#### АЛҒАШҚЫ ЕРЛІК

Бет алдына қараса,  
Будақ-будақ шаң көрді.  
Бұл қалай деп таң көрді.  
Шаң астына қараса,

Айшықты ала ту көр ді.  
 Қол астына қараса,  
 Ақ шатыр мен көк шатыр,  
 Баратын тура жол көрді.  
 Жоңғарларда бар екен,  
 Қарамаң деген бір батыр.  
 Әрқайсысы бір мыңнан,  
 Қызметінде көп батыр.  
 Оң қарадан бір қара,  
 Зақаттөп алып, жөп жатыр.  
 -Гүлбаршындай сұлуды,  
 Бересің маған", - деп жатыр.  
 Көкбарын шауып күніге...  
 Гүлбаршын тұр көнбестен.  
 Сарыбай тұр жалғызын  
 Жоңғарға ұстап бермәстен  
 Жердің жүзі қайысқан,  
 Жоңғардың түрі жаманды,  
 Иірген қойдай қораға,  
 Қазақты жоңғар қамалды.  
 Енді Алпамыс батырың,  
 Ақырып, ұран шақырып,  
 Жоңғарға жалғыз тиеді.  
 Қойға шапқан бөрідей,  
 Талқандап қуып бөледі.  
 Алтын сапты ақ бөрен,  
 Деммен тартып тиеді.  
 Жоңғарлар атқан қалың оқ,  
 Жаңбырдай болып тиеді.  
 Еті түгіл баланың,  
 Терісіне кірмеді.

Алпамыс батыр жоңғарларды жеңіп, атасы Сарыбайды сол елді хан сайлайды. Отыз күн ойын, қырық күн тойын ғып, Гүлбаршын өзі аларды. Бірнеше ай жатып, бір күні еліне қайтуды ойлап, қоштасуға халқын жинап алып, рұқсат сұрайды. Елдері жақсылар ақылдасып, кеңесіп, қырық нарға зер артып, алтын отау жасап, Сарыбай қызы мен күйеу баласын шығарып салады. Алпамыс бірне күн жол жүріп, аз ғана емес, мол жүріп, өзінің еліне келді.

Алпамыс батыр еліне келді. Өкесі Байбөрінің жылқысын жоңғардың ханы Тайшық шауып әкетіпті... Сонда Байбөрі "мал ашуы жан ашуы бір" деп, мзаға булығып, Алпамысқа былай дейді.

"Тумай кеткір, Алпамыс,  
 Тұр, көрінбе көзіме!  
 Еш қайратың тимеді,  
 Адам болып өзіме!  
 Тайшық алды жылқымы,  
 Құртып кетті мүлкімді,  
 Тұр, алдымнан кет! - деді.  
 Кет деген сөзі кекті елді.  
 Тайшық алған жылқымың  
 Артынан қуып бар деді.  
 Жоңғардан кекті ал деді.  
 Ала алмасаң кегімді,  
 Пенде боп сонда қал", - деді.  
 Сол уақытта осы сөз  
 Қатты тиді өзіне.  
 Қажырланса Алпамыс,  
 Жан көрінбес көзіне.  
 Буырқанып, бүрсанып,  
 Алып келді шұбарды,  
 Мойнына тағып тумарды.  
 Бөйсенбі күні бесінде  
 Тайшыққа қосын шығарды.  
 Алты айлыққа жүрмекке  
 Алпамыс берен ойланды.  
 Алтын бауыр шұбардың  
 Басын жолға салады  
 Тұлпар туған шұбар ат  
 Сүмбідей болып жаралды.  
 Тайшық алған жылқының  
 Алпамыс атты жас қыран  
 Артынан қуып барады.

Алпамыс батыр жолға аттанғанда қалмақтың ханы Тайшық түде түс көріп, шошынып, ел-жұртын жинап алып, өзі мұнараға шығып: "Түсімді жорып беріңдер!" - деп жар салады.

Әлқисса, халқы жиналып айтты: "Е, тақсыр, түс деген тұлғаның боғы болады, қорықпаңыз, еш нәрсе етпейді", - деп жақсырақ жорыды. Онда Тайшық хан айтты: "Жоқ, олардың болмайды, одан ойласып, ақыл табыңдар!" - деді. Ешкім амал таба алмады. Сол кезде жасы үш жүзге жеткен, басынан жаманшылық кетпеген, бас мүйізі, бір мыстан кемпір келді. Ол айтты: "Сіз өзіңіз хан болсаңыз, дұшпанға жалғыз қызыңыз Каракөзімді бәремін дегеніңізді қарсаңыз, Самайынан ірің аққан, мұрнынан боқ аққан менің таз балқымды берсең, дұшпанды байлап әкеліп, аяғыңның астына салып бәремін", - деді. Сонда хан: "Күп болар", - деді. Қызын бәрем болып, уәде жасады. Сонда кемпір қырық отау, қырық шөлмек арақ алды. Ханның қызы Каракөзді бас қылып, қырық қыз алды, қырық отауды Алпамыстың келетін жолына тіктіріп, қырық қыздың басын жаулық салып, келіншекше киіндіріп, қырық шөлмек арақты әрқайсысына бөріп, мыстан Алпамыстың жолын тосып жатады. Алпамысты көре сала:

Талма түстің шағында  
Айдын көлдің бойында,  
Тосып тұрған көлдеңең,  
Мыстан келіп жолықты.  
Тілеуің құрғыр қу мыстан,  
Сонда тұрып жылайды,  
Көзінің жасын бұлайды,  
Бір топ біткен шеңгелге  
Құшақтап тұрып аунайды.  
Мұны көріп Алпамыс  
Кемпірден келіп сұрайды:  
"Далада тұрған, жан шеше,  
Мұнша неге жылайсың?  
Айтпаймысың шыныңды,  
Шығарайын мұңыңды,  
Басын кесіп дұшпаннан  
Әперейін кегіңді,

Жылай бәрмей шыныңды айт,  
Өлтіріп мен берейін,  
Дұшпандық қылған еріңді!"  
Сонда кемпір сөйлейді:  
"Күткенім, шырақ, сен едің,  
Қамқорың сенің мен едім.  
Жиделі Байсын жерінен,  
Қоңырат деген елінен  
Байбөрі деген бар еді,  
Байбөрінің жылқысын  
Тайшық хан алып жөнелді:  
Қырық балам бар еді,  
Қырық да бірдей нар еді.  
Алдынан шақты жылқының,  
Таласқан соң малына  
Бәрін де Тайшық өлтірді.  
Сол баланың шешесі -  
Мені мыстан дер еді.  
Ашылған баудай гүл едім,  
Сайраған қызыл тіл едім.  
Кеше күндіз құдайдан  
Алпамыс сені тіледім.  
Келеді деп есітіп,  
Жолыңды тосып тұр едім.  
Айналайын қарағым,  
Құтты болсын талабың!  
Осы сөзбен қу кемпір  
Алдап ұрды ақылын.  
Сөзбенен бойын балқытты  
Алпамыстай батырдың,  
"Міне, сусын ішсең" - деп,  
Алдап берді арағын.  
"Мейіріңді қандыр, қарағым...  
Атың болса шалдырып,  
Үйқыңды әбден қандырып,  
Жүресің ертең, шырағым..."  
Бұл сөзіне кемпірдің  
Енді бала сенеді.  
Көз жасына жылаған  
Рақымы келеді,

Дылқысының келгенін  
Ақылмен ойлап біледі.  
"Кел, шеше, атқа мінгес", - деп  
Үзенгісін береді.  
Байшұбарға мінбекке  
Душпан, зәлім, қу мыстан  
Оңтайланып келеді.  
Адамнан есті жануар  
Қос аяқтап тебеді.  
Сонда кемпір құлады,  
Ұзынынан сұлады.  
Жатып есі танады,  
Бір мезгілдер болғанда,  
Көтеріп басын алады,  
Байшұбарды жамандап,  
Алпамысқа қарады:  
"Тауға біткен аңдызым,  
Суға біткен жалбызым,  
Жабыны жауға мінгізбей,  
Нешеу өдің, жалғызым?  
Бәлені жабы бастайды,  
Жігіттің жолын ашпайды.  
Ара күндік жол жүрмей,  
Аяғы нан ақсайды.  
Әжетіңе жарамас,  
Жау жеріне тастайды,  
Жабыны мінсең, оңай ма?  
Айналайын қарағым,  
Қазанат мінсең, болмай ма?  
Қарағым, сенің жолыңда,  
Құрбандық болып өтейіні  
Еркелігің қалмапты,  
Алпамыс, саған не дейін.  
Астындағы Шұбарың,  
Басын кесіп тастай көр.  
Қазанат тауып берейін.  
Мұсылманға бас бала,  
Қалмақтарға қас бала.

Сен бір байдың жалғызы  
Жаңа өспірім, жас бала!  
Сырты түкті, қу жабы  
Құлады-ау бір күн масқара!"  
Долдыққа симай Алпамыс  
Денесін ашу қамалды.  
Ақ қанжарын суырып,  
Заманасын қуырып,  
Шұбарды басқа шабады.  
Ғайып - ерөн, қырық шілтен  
Қылышты қолдан қағады.  
Тайып кетіп қылышы  
Қара жерлі қабады.  
Ат үстінен шіреніп,  
Бір алладан тіленіп,  
Қылышын зорға алады.  
Айласы асқан қу мыстан,  
Бұған да амал табады.  
Алдына түсіп бүкөңдеп,  
Енді кемпір жүгірді,  
Омыртқасы бүгілді,  
Келе жатып сөйледі,  
Сөйлегенде бүй деді:  
"Жау қайырып тұрақтар,  
Астында Шұбар ойнақтар.  
Бүкөң-бүкөң желелі,  
Жау мұқатып береді.  
Алпамыс балам келелі,  
Шықпаймысың далаға,  
Шуылдаған, шұнақ қар,  
Ерлер, мінер аллаға,  
Көңілім толды санаға.  
Жаман, жақсы болса да,  
Жазудан адам қала ма.  
Өңкей сұлу шуылдап,  
Жүгіре шықты дуылдап,  
Шылауыннан ұстады,  
Жан-жағынан қамалап:  
"Аттан түсі!" - деп қыстады.  
Көтеріп аттан алады,

Ақ кілемге салады.  
Перизаттай қырық зайып,  
Көтеріп алып барады.  
Көтеріп үйге кіргізді,  
Алпамыстай төрені...  
Қамалайды: "Шырақ!" - деп,  
Отауды келіп түреді...

Қырық перизат бөрген арақ буынды алып, Алпамыс бала

Отаудың бәрін жықтырып,  
Алпамыстың үстіне  
Қабаттап әкеп үйеді.  
Бұрынғыдан келе жатқан  
Осылай еді өртегі,  
Отаудың бәрін өртеді.  
Бүлінсе, отау бүлінді,  
Кемпірдің несі кетеді?  
Бетке жалын тиер деп,  
Қыздар да қашып кетеді.  
Тайшық ханға барам деп,  
Келінімді алам деп,  
Сөргіне кемпір жетеді.

Аспанға ұшқан түтіннен  
Қарауылшы біледі.  
Тасты деген қаладан  
Әскер жетіп келеді.  
Алпамыстың үстінен  
Отын ашып көреді.  
Күрекпен шоқ салса,  
Жақындамай сөнеді.  
Барлығы мұны көреді.  
От ішінде байлап ап,  
Тайшық ханның алдына  
Бенде ғып, әкеп береді.  
Кемпір әкеп бөргенсін,  
Тайшық хан кірді күшіне,  
Ирза болды кемпірдің  
Тындырып келген ісіне.

Қараса бала дәл өзі,  
Көрген шошып түсінде.  
Кемпірге төрден жол берді,  
Өлтірмегін оң көрді.  
Аясын жоңғар нәсіне  
Кемпірдің жаман есіртті.  
Көрней, сырнай тарттырып,  
Топ зеңбірек аттырып,  
Қырық қақпалы қалаға  
Тегіс хабар береді,  
Бәрі де бұрын есітіп,  
Әр жерден адам келеді,  
Әрқайсысы бір мыңдық  
Ішінде дәулер көп еді.  
Ақыл салса бәріне  
Өлтіреміз дер еді,  
"Олай болса өлтір, - деп,  
Сабасына келтір", - деп,  
Ортасына береді.  
Сол уақытта батырға  
Атса мылтық өтпеді.  
Шапса қылыш кеспеді,  
Ғайып-ерен, қырық шілтен  
Қолтықтап, сүйеп демеді.  
Суға салса батпады,  
Үйқыдан бала қайтпады.  
Неше дәулер, неше ерлер  
Не қыларын білмеді.  
Тайшық ханның сол күнде  
Қазулы оры бар еді.  
Сырнайдай аузы тар еді.  
Қақпағы бар ед ашпалы,  
Ханы айтты халқына:  
"Апарып соған тасталық".  
Қуанып халқы жүгірді,  
Зынданның аузын ашқалы,  
Балалардың тобындай,  
Зеңбіректің оғындай,

Домалатып баланы  
Зынданга әкеліп тастады.  
Құдыққа салған қауғалай,  
Ешбір жері ауырмал,  
Зынданның келді түбіне,  
Әлі жатыр ұйқыла,  
Еш нәрсе жоқ көңілінде,  
Жалғыздықтың саудасы,  
Түсті ерге бір күнде...  
Ұйқысы қанды жатқансын,  
Арақ зәрі қайтқансын  
Қарғып тұрды орнынан.  
Қараса, жатыр зынданда,  
Арылмай бала сорынан.  
Шұбар ат жоқ астында,  
Көтіпті жарақ қолынан.  
Енді бала жылады...  
Сол уақытта бір мысық,  
Келді жетіп жүгіріп.  
Бір табан піскен нанды алып,  
Балаға нанды бәрмекке...  
Неше күн жатқан аш бала,  
Мысықтан желді нанды алып...  
Хан ойнаған баладай,  
Ойнады мысық бұралып,  
Баланың мейірін қандырды,  
Әр түрлі ойын шығарып,  
Ермектесіп отырды,  
Екі жақтан құралып...

Шұбар аттың темір торға қамалуы.

Сол уақытта Шұбар ат  
Алдына келсе тістеді,  
Әртүрлі жұмыс істеді.  
Артынан келсе тебеді,  
Бетіне түгіл Шұбардың,  
Сыртына адам келмеді,  
Жем қояды шөбімен,

Ешбірін Шұбар жемеді...  
Қаншама көп болса да,  
Шұбарға әлі келмеді,  
Неше дәулер жабылды,  
Бәрін де Шұбар сүйреді.  
Біріне-бір соқтығып,  
Қабырғасы күйреді.  
Ұшып кетіп кәлласы,  
Кәбейді жоңғар өлгені,  
Ордала тұрды ойнақтап,  
Шұбарға ешкім мінбеді.  
Жанның бәрін сәрсен ғып,  
Бір Шұбар ат қалдырды.  
Ашуланып падиша,  
Әр жерден ұста алдырды.  
Енділігі жеті көз,  
Темір үйді салдырды.  
Темір үйге тастады  
Шұбар атты кіргізіп,  
Аптада берді бір бау шөп,  
Ашықтырып жегізіп,  
Он күнде суды бір бәріп,  
Шөлге де қойды көнгізіп,  
Шынжырлап мойнын нөкталап  
Жетектейді жүргізіп.  
Шығармайды далаға  
Дарбазасын ілгізіп,  
Арықтатып Шұбарды...  
Бассак дейді құмарды  
Патшаға да мінгізіп.  
Баланы тастап зынданға,  
Шұбарды салып әлекке,  
Айласы асқан қу мыстан  
Еңбекті кетті күйгізіп.

Ханның қызы Қаракөз...  
 Екі көзі далада.  
 Бір көрмекке ынтық боп,  
 Алпамыс бөрен балаға.  
 Жүз серкесі Тайшықтың  
 Қыздардың жүрді жолында.  
 Әрқайсысында бір қоңырау,  
 Тағулы жүр мойнында.  
 Тұла бойын үкілеп,  
 Әсбемдеп қойған бойында,  
 Кейкуат дейтін жалшысы,  
 Бағатын еді оны да.  
 Жеті жыл ұдай серкенің  
 Жүретін еді соңында.  
 Ерте кетіп, кеш келіп,  
 Жаятын еді Қырымға,  
 Серкелері семіріп,  
 Келмейді мойнын бұрауға.  
 Әрқайсысы жылқыдай,  
 Вармайды қолы ұруға.  
 Бір күні серке ойнады,  
 Асыр салып секіріп,  
 Алпамыс жатқан орына,  
 Енді серке ойнады,  
 Ойынға бәрі тоймады,  
 Айқайлады Кейкуат,  
 Айқайға серке болмады,  
 Зынданның аузын талқандай,  
 Бұзылмасқа қоймады...  
 Енді серке секіріп,  
 Біріне-бірі асылып,  
 Екеу-екеу сүзесті,  
 Бірін-бірі қашырып.  
 Тұяғымен серкенің  
 Қақпағы кетті ашылып.  
 Тайып кетіп тиегі  
 Ойнақтаған серкенің

Түсіп кетті біреуі.  
 Қуаныш кіріп көңіліне,  
 Жарылып кете жазлады  
 Алпамыстың жүрегі.  
 Қашанға дейін жыласын,  
 Қабыл болды тілегі.

Әлқисса, Кейкуат ордың басына, Алпамыстың қасына келіп, айқай салды. "Ей, Алпамыс, қайдасың, серкем түсіп кетті, шығарып бер, Қаракөзім маған үрсар", - деді. Алпамыс: "Серкенің маған күніге біреуін беріп, мені бағып-қақ, егер де ордан аман шықсам, өзімнен бұрын сені мұратқа жеткіземін", - деді. Сонда Кейкуат ашуланып: "Жеті қабат жердің астында жатып, мақсатқа жеткіземін дейсің, сенің бұл күніңді өзіңе көп қылайын", - деп, бір диірмен тасты дөңгелетіп әкеліп, үстіне тастап жібереді. Алпамыс тасты

қағып алып, салмақтап тұрып, қайтып лақтырып жібереді. Тас басынан асып кетті. Кейкуаттың зәресі ұшып, жаман сасып қалды, тас келіп бір етегін басып қалды. Сонда Кейкуат ойланады: "Осының айтқанын қылайын, өлсем әлейін, өлмесем жақсылығын көрейін", - деп, серкелердің күніне біреуін беріп тұрды. Сөйтіп жүріп серкелердің бәрін тауысты. Бір күні Алпамысқа келіп: "Ей, Алпамыс, серкелер таусылды, не қыламын?" - деді. Сонда Алпамыс айтты: "Мынау серкелердің мүйізінен, қабырға сүйегінен сырнай істеп қойдым, соны қыздардың жолына барып тарт, сені ұстап алып: "Кім жасады?" - деп сұрар, сонда айтып қойма. Бірақ ханның қызы Қаракөзайымға сеездір", - деді. Кейкуат сырнайды алып, қыздардың жүретін жалғыз аяқ жолы бар еді, соған келіп, жабындының астында жатып, сырнайды аңқылдатып тартты. Қыздар өстіп, қарап жүріп, тауып алды. "Ей, Кейкуат мұны кім жасады, қайдан әлдің? - деп сұрады. Кейкуат айтпады. Қыздар оны аяқтарымен тапталы, сонда да айтпады. Сол уақытта Қаракөзайым: "Маған шынын айтатын шығар" - деп, оңашаға шығарып алып сұрады. Сонда Кейкуат: "Сырнайды Алпамыс жасады", - дейді. Қаракөзайым: "Мені батыр жатқан орға ертіп апаршы", - дейді. Екеуі ордың басына келеді.

Сонда ордың басына келіп, Қаракөзайым: "Алпамыс, бармысың?" - деп айқайлайды. Алпамыс: "Бармын", - деп жауап береді. Онда Қаракөз айтты: - "Сенің жолыңда жүргеніме жеті жыл болды, сонан бері, келгенімде көргенім осы, енді мен сені қандай ғып шығарып аламын?" деді. Сонда Алпамыс айтты: "Сен мені шығара алмайсың,

Шұбар атым қайда? Сол шығаралды", - деді. Қыз айтты: "Атың Тайшықтың қолында, жеті қабат темір үйде. Сыртында қарауыл көп, мен оның маңайынан жүре алмаймын", - деді. Сонда Алпамыс айтты: "Мына бір кемзалым неше жылдан бәрі терім иісі сіңіп кетті, осыны ішіңнен ки, шашыңды түй, әкеңнің аула-жайын аралап, диуана болып жүр", - деді. Сонда қыз: "Күп болар", - деп кемзалды киіп алып, шашын шекесіне түйіп алып, әкесінің ордасын аралап, айнек жүре берді. Жел жағынан, ық жағынан өтіп бара жатқанда Шұбар аты темір үйді тәуіп жіберіп, бағып тұрған жоңғарларды қашырып жіберді. Оқыранып, шауып келіп, Диуаның қойнына тұмсығын тығып, айнек болып тұра берді. Сонда хан келіп: "Жынды диуана, сен Алпамыстың өзімісің, болмаса, көзімісің?" - деді. Диуана айтты "Мен ілгеріде Жиделі Байсын деген жерге, Қоңырат деген елге барған едім. Сонда бұл Байшұбар құнан еді, ит тиіп ауырған өкен, мен түкіріп емдеп жазған едім. Сонда хан айтты: "Ей, диуана, осы Шұбар маған үйрәнбей жүр, үйретіп берші" - деді. Диуана: "Күп болады, үйретіп берейіні" - деді. Сонда хан: "Не берейін?" - деді. Диуана айтты: "Тақсыр, қырық арқан, қырық қойдың құйрығын, Алпамыстың қару жарағын беріңіз", - деді. Хан бәрін түгендеп берді. Қаракөзайымның патшаны: "Үйіңізге бара беріңіз!" - деп алдап, шығарып салып, Шұбар атты жетектеп, орға қарап келе жатқан беті екен.

#### ШҰБАР АТТЫҢ АЛПАМЫСТЫ ЗЫНДАННАН ШЫҒАРУЫ

Қаракөзайым қуанып,  
Қапалы көңілі жұбанып,  
Темір үйдің ішінен  
Шұбарды алды шығарып.  
Сол уақытта шұбар ат,  
Үш мәртебе айналып,  
Тұмсығын тықты қойнына.  
Арқа, басын сипалап,  
Тұмарын тақты мойнына.  
Жау-жарағын, киімін,  
Сыйғызды тұла бойына,  
Мінетұғын болдым деп,  
Ханның кірді ойына.  
Екі жыл ұдай қатысып,

Шабамын деп жүр тойында,  
"Тәк, жаңуар, тәк, тәк", - деп,  
Шұбар атты жетектеп,  
"Жоламаңдар қасына,  
Өлтіреді тентекі!" - деп,  
Жоңғарды кейін қашырды,  
Қыз айласын асырды.  
Қай көледен өтед деп,  
Басып-жаншып кетед деп,  
Шұқыр жер болса тығылып,  
Жоңғарлар бойын жасырды...  
Жаңа ұстаған құлындай,  
Жылтылдаған жұлындай  
Жетіп келді алысып,  
Екі қолы қарысып,  
Алпамыс жатқан орына - ай  
Зынданға арқан жіберді  
Бір ұшын байлап мойнына-ай.  
Кетті арқан салбырап,  
Шынжырлары салдырлап,  
Қараса бала жоғары  
Келеді арқан жалбырап,  
"Қуанған менен қорыққан бір",  
Түрегелді қалғырлап,  
Өтірік пе, шын ба деп,  
Ұстады барып аллалап.  
Қаракөзайым тартады,  
Жер түбінен саумалап.  
Тартты Шұбар ышқынып,  
Жерді тепсіп пысқырып...  
Келіп қалды шамалап,  
Шықты Алпамыс қайқаңдап,  
Ордың басын жағалап,  
Ордан шығып алғансын,  
Кеулі мекен толғансын,  
Құйрыққа әбден тойғансын.  
Қуаттанып болғансын,  
Жарағын киді салданып,  
Жалаң қылыш байланып,

Ызасы өткен жоңғарға,  
Шабайын деп ойланып,  
Омырауын иіскелеп,  
Жылдам мін деп тістелеп,  
Тұрды Шұбар айналып,  
Алмадай мойны ұзарып,  
Екі көзі қызарып,  
Құйрығын салып сыртына,  
Жан-жаққа тұрды таңданып,  
Кіндігін тартып бауырына,  
Құйрығын салып сауырына,  
Жерді теуіп ысқырып,  
Жын ұрғандай сандалып,  
Темір үйдің ішінде  
Жеті жыл жатқан қамалып.

#### АЛПАМЫСТЫҢ ЖОҢҒАРЛАРДЫҢ ҮШ БАТЫРЫМЕН ЖЕКПЕ-ЖЕГІ

Сол уақытта Алпамыс,  
Байшұбар атқа мінді енді...  
Жоңғарға қарай жүрді енді.  
Шұбарды алдап алғанын  
Ақылмен Тайшық білді енді.  
Көзінің жасын ағызып,  
Жағасын дал-дұл жұлды енді.  
Өгіздеу-ақ өкіріп,  
Өзін тақтан ұрды енді.  
Керней, сырнай тарттырып,  
Қырық қақпалы қалаға  
Тегіс хабар берді енді.  
Әрқайсысы бір жақтан,  
Жүз мың әскер келді енді.  
Майданға тақты құрғызып,  
Тайшық хан таққа мінді енді.  
Алды-артын бірдей ғып,  
Сап тартып әскер тұрды енді.

"Мұның өзін қара, - деп,  
Қаңғырып жүрген бала", - деп  
Мазақ қып әскер күлді енді.  
Жоңғардың көріп күлгенін,  
Алпамыс қыран түрленді.  
Тайшық хан айтты: "Балуандар,  
Замана бізге болды тар,  
Шошынбайын деймін-ау,  
Түсімде көрген сырым бар.  
Хан атына лайық,  
Біреп құр өрмек қылайық,  
Жекпе-жекке бірің бар.  
Қайсың барсаң, оның бар,  
Шұбарын тартып мініп ал.  
Шырылдатып тауықтәй,  
Жөлке шашын жұлып ал.  
Аямаңдар бала деп,  
Ала алмай жүрген кегі бар?",  
Сол уақытта бір жоңғар -  
Аты ердің Таймас ед.  
Қолындағы күрзесі.  
Отыз батпан алмас ед.  
Қаһарланып сілтесе,  
Тау болса да, қалмас ед.  
Бірге жасын жасасқан  
Таймас ханмен жолдас ед.  
Неше майдан соғыста  
Аш қасқырдай тоймас ед.  
Ерегескен дұшпанын  
Еңселетпей қоймас ед.  
Таймас айтты: "Хан ием,  
Әуелі өзім барайын,  
Айтқанымды қылайын,  
Ерлікке берсең Шұбарды,  
Баланың басын қағайын.  
Ирза болсын күшіме,  
Көріп тұрған ағайын".  
Осыны айтып болды да,  
Шыға берді құтырып.

Ителгідей жұтынып,  
Басқа қалқан төңкеріп,  
Күрсісін келді көтеріп.  
Өзінен басқа жан жоқтай,  
Жетіп келді ұмтылып.  
Қарсы шапты Алпамыс,  
Ақтүйгіндай құнтып.  
Ауадан құйған түйгіндай,  
Бір ұрып кетті сыпырып,  
Ұшып кетіп кәлласы,  
Денесі қалды отырып.  
Астына мінген керәгі,  
Шыға келді ойнақтай,  
Жап-жалаңаш сытылып.  
Мұнан кейін бір жоңғар,  
Ашуланып, долданып,  
Шыға келді жүгіріп.  
Жағыратын немедей  
Етегін белге түрініп.  
Жауатын бұлттай,  
Келе жатыр құбылып.  
Ұрсатұғын батырдай,  
Қылышын бөден суырып...  
Ажалсыз болсам өлмеймін.  
Әдісің көп халықсың,  
Сендерге, сірә, сенбеймін.  
Қырық арқан бойы зынданда  
Жеті жыл жаттым мен деймін,  
Жеті мың жоңғар өлтірмей,  
Сірә де кезек бермеймін".  
Осыны айтып болды да,  
Екі ер соғыс бастады.  
Шегінісіп қошқардай  
Бірінен бірі қашпады.  
Тап бергенде, шап беріп,  
Мағадан бала ұстады,  
Бірін-бірі сілкілеп,  
Ат үстінде мұштады.

Қиқылдап жоңғар буынды,  
Балаға күші аспады.  
Мәлім болды халыққа  
Баланың күші асқаны.  
Ақ қанжарын суырып,  
Заманасын қуырып,  
Атымен жоңғарды  
Екі бөліп тастады.  
Мұны көріп Тайшық хан  
Екі көзі жастады.

#### АЛПАМЫСТЫҢ ТАЙШЫҚ ХАНДЫ ЖЕҢУІ

Бала тұрды ақырып,  
Жылдам кел деп шақырып,  
Жоңғарлар қадам баспады,  
Тайшық хан енді жылады,  
Қайғымен көзін бұлады  
Жүз мың әскер келсін деп,  
Жан-жаққа мойнын бұрады.  
Енді жоңғар ат қойды,  
Жүз мың әскер лап қойды.  
Қарсы ұмтылды Алпамыс,  
Қамысқа түскен қудай боп,  
Біреуді біреу білмеді,  
Аспаннан түскен нұрдай боп,  
Есепсіз жоңғар қырылды.  
Жабысқан бұдан удай боп,  
Майданнан аққан қызыл қан  
Сарқырап ақты судай боп.  
Ол уақытта еш соғыс  
Өткен емес мұндай боп.  
Рүстем-Дастан бір майдан,  
Өткен еді сондай боп.  
Қалған Жоңғар жабылды,  
Әр жерден қақты дабылды.  
Жердің жүзі көкпеңбек,

Күннің де көзі шағылды.  
Құбылдан соққан дауылдай,  
Түрленіп бала қағынды.  
Майданнан аққан қызыл қан,  
Өзенге сыймай ағылды.  
Қылыш тисе, шақ етед,  
Мылтық тисе, тақ етед,  
Мысалы – бала шойынды.  
Күннен күнге әшігіп,  
Көрсетті батыр ойынды.  
Қалған жоңғар қайырылып,  
Бірінен бірі айырылып,  
Қалаға қашып баралы.  
Бекітіп алды қаланы,  
Далаға тастап баланы.  
Қалаға бала кіре алмай,  
Не қыларын біле алмай,  
Бұл шаһардан айналып,  
Түн ортасы өткенде,  
Таң мезгілі жеткенде,  
Бір төсікті табады.  
Ар жақтан хабар алмаққа,  
Төсікке шауып баралы.  
Көрінбейді ешнәрсе,  
Абайлап әбден қарады.  
Астындағы Шұбар ат  
Осқырып, үркіп барады.  
Не бар ед деп төсікте,  
Кірмейсің деп есікке,  
Шұбарды бала сабады.  
Ашумен қамшының  
Енді Шұбар ырғыды.  
Оқ жыландай сырғыды.  
Арқан бойы жазылып,  
Төсіктің асты қазылып,  
Өтіп кетті лып етіп.  
Жерге тимей аяғы,  
Асыл біздей жылт етіп,

Ар жағында бір жерге,  
Түсті барып дік етіп,  
Шынжыр арқан, темір тор,  
Түсіп қалды сылқ етіп.  
Салмағына шыдамай  
Шұбар да қалды ыңқ етіп.  
Төсіктің асты ор еді,  
Ор жағалап отырған  
Қалың әскер қол еді.  
Кірмегені Шұбардың,  
Әсіресе сол еді.  
Жалғыз ауыз жол қылып,  
Бекіткен екен қаланы.  
Темір шынжыр арқаны  
Үстап берді баланы.  
Ауырлығы бір батпан,  
Бұршақтай шоқпар ұрады.  
Дөңгелге қаққан қызықтай  
Қасқайып бала тұрады.  
Берен мылтық батырлап,  
Бұршақтай оғы жауады...  
Келгеніне өкінді,  
Өкінгенін білді де,  
Астында Шұбар секірді,  
Жазым болып кетер деп,  
Үстінде бала бекінді.  
Шынжыр арқан, темір тор,  
Жүн-жүн болған секілді.  
Тағы шұбар бұлқынды,  
Үстінде бала жұлқынды.  
Қамалап тұрған жоңғарға  
Жалғыз бала ұмтылды.  
Енді жоңғар сасады,  
Қақпаның аузын ашады.  
Біріне-бірі қарамай,  
Қақпаға құлып сала алмай,  
Бет-бетімен қашады.  
Көк ордың басында,  
Көк өзеннің қасында,

Тайшық ханмен аянбай  
Алпамыс берер айқасып.  
Қарсыласып қалысты,  
Тайынбай найза салысты.  
Екі найза қағысты.  
Осыменен өкеуі,  
Біраз жерге барысты.  
Найзаларын тастасып,  
Қылышпенен салысты.  
Ат үстінен жүгіртіп,  
Бірін-бірі шабысты.  
Ордан бала шыққалы,  
Алған жоқ әлі тынысты.  
Екеуі де болдырып,  
Атының басын бұрысты...  
Алпамыстың аруағы,  
Тайшықтың үстіне басады.  
Мұны біліп Тайшық хан,  
Қалаға қарай қашады.  
Қақпаның жетіп аузына,  
Тайшық ханды шаншады.  
Бастырлы енді хандарды,  
Шырқыратып жандарын,  
Талауға салып жіберді,  
Қазынадағы малдарын.  
Айдарлысын құл қылды,  
Тұлымдысын тұл қылды,  
Көрген түсін Тайшықтың,  
Өтірік емес, шын қылды...  
Душпанның бәрін өлтіріп,  
Батырлық кеңілі тынады.  
Жоңғардың өлмей қалғанын,  
Кейіңізге көндіріп,  
Бағындырып қояды.  
Жоңғардың қалың өліне,  
Әділдігін жүргізді,  
Ешкімнің көнбей ебіне.

Екі бай Балталыға бірдей келді,  
Қарабай ол не қылсын дүйім елді.  
Тоқсан мыңы көзіне мол көрінбей,  
Аңаулай ерте тұрып жөнеледі.  
Не Шыңғыстай, болмаса, не Қалбалай,  
Не Мыржақтай аңы көп бір тау еді.  
Қақ жарып хан Қарекен келе жатса,  
Алдынан буаз марал кезлеседі.  
- Қарекен-ау, бұрын сені танымаймын,  
Алланың мен ісіне налымаймын.  
Жетпіс беске келгенше сүйері жоқ,  
Қу бас шал мен де өзіндей Сарыбаймын.  
- Е, балам, бала сүймей, болыпсың зар,  
Бала сүйсең, жалғанда көңілің тынар.  
Жасы бар сексен үште мені айт, балам,  
Олде болса алдыңда тілеуің бар.  
- Қарекем ойлап тұрсам шынымен ер, I/  
Кез қылған екеумізді паруардігер.  
Сегіз жас үлкенсің байқап тұрсам,  
Сексен үш, жетпіс беспен қарайлас жер.  
- Екеуміз де шырағым, жасқа жеттік,  
Дүниеден перзент сүймей, арманда өттік.  
Ендеше, ит айдаған бай екенбіз.  
Кел, дос болайық, қайтеді қияметтік?!  
- Отырған хан Сарыбай мені көрші,  
"Шал қартайған Қарабай досым", - деді.  
Бір марал кеше кетті ыза қылып,  
Кез қылса, соны маған атып берші!  
- Үйіңе құдай оңдап Қыдыр қонар,  
Бір достым бек сөйлескен сендей болар.  
Бұл марал буаз екен тіпті атпаймын.  
Келінің екі қабат, кесел болар.  
- Саған айтпай сөзімді кімге айттайын,  
Үялмай үйге қайтіп бос қайтайын.

I/ Паруардігер /паруардігер/ - құдай, тәңірі.

Өлсем де, атып берші, бір тояйын.  
Мағшардағы күнәсін мен тартайын!  
Бейілін Қарабайдың құдай алды,  
Қынжылып мылтығына оғын салды.  
Маралды бетіне алып тарс қойғанда,  
Кідірмей сол орманда құлап қалды.  
Қасында Сарыбайға қарамайды,  
Қарбаң-қарбаң маралға жетіп барды.  
Адамнан ақмақ туған хан Қарекен,  
Маралдың жаны шықпай, ішін жарды.  
Ойласаң, Қарабайдың өзі мықты,  
Сарекен қорқып, атпай кәп ұйлықты.  
Пышағы сонда ішіне жазым тиіп,  
Ішінен егіз қолды мәңгіреп шықты.  
- Қалыпты бұрынғыдан бізге санат,  
Сөзімді тентек болсам, жұртқа сынат.  
Алланың ақ бұйрығы маған жетті,  
Басымды көшіктірмей оңға қарат!  
- Әуелі біз жолықтық есен-аман,  
Түсірдің осы жерде ақыр заман.  
Қоймадың "бір маралды атып бер", - деп,  
Мұнша қатты сөз айттың маған жаман.  
- Жүзімді көремісің, көрмейісің?  
Сөзіме еремісің, ермейісің?  
Ант айтып, ақыреттік құда болдың,  
Қыз туса беремісің, бермейісің?  
- Қарекен-ау, маған ажал уақыты жетті,  
"Ағасың жасың үлкен құллық" - депті.  
Аузынан бір-екі ауыз арыз айтып,  
Сарекен күні жетіп, өліп кетті.  
Тұрмайды сол Қарабай ниетке жетіп,  
Сөйлескен құдайшылық естен кетіп,  
Маралды егіз лақпен теңдеп алып,  
Халқына жөнеледі өлеңдетіп.  
Ханымы Сарыбайдың буаз екен,  
Үйінде аман-есен бір ұл тапқан,  
Сүйінші Сарыбайдан сұраймын деп,  
Сол өлдің адамы екен келе жатқан.

- Қарекен-ау, жапан түзде сізді көрдік,  
Сарыбайдың қызметкер адамы едік.  
Ханымы Сарыбайдың бір ұл тапты,  
Көрдің бе жапан түзде сәлем бердік?  
- Мынау қалай сорлы еді өзіне еткен,  
Өз ойымен қылғанын нәмәрт еткен.  
Не өтесің, босқа сұрап Сарыбайды,  
Сұрасаң, Сарыбай мәрғау кеткен.  
- Бай еді мынау қалай сөзі надан,  
Өтерін дүниенің байқамаған.  
Мәрғауың неше күндік, неше түндік,  
Ұшырсам қос-қос атпен қашан барам?...  
- Ертіс басы қара дөң жерге кетті,  
Бейне теңіз дейтуғын көлге кетті.  
Бес жүз киік соқтығып соны қуып,  
Жолы қиын бетпақтай шөлге кетті...  
Ақылмен алладым деп мәз болады,  
Халқына қадам басып жөнеледі.  
Ханымы Қарабайдың қыз туыпты,  
Жол тосқан сақау қатын кез келеді.  
- Біреу жарлы, біреу бай білмейсіз бе?  
Айдай болған ақ жүзім көрмейсіз бе?  
Қартайғанда көріпсіз бір перзентті,  
Шыныменен бір шапан бермейсіз бе?  
Хан Қарекен келеді күн-түн қатып  
Егіз лақ маралды қабат алып,  
Сегіз өрме бұзау тіс қамшысы бар,  
Сақауыңды кетеді бартылдатып.  
Молдалар шұбар ала хат оқиды,  
Өлім шыққан үйіне жата оқиды.  
- Менің құдам Сарыбай далада өлді, -  
Деді де тоқсан саба толтырғызды.  
- Тұра тұр, енді жұртым, мен келейін.  
Ауылын сол құдамның мен көрейін.  
Нарыңды сабаңменен тоқтата тұр,  
Әуелі салт барып бір келейін...  
Елінде қырық мың шалқар байдай болып,  
Қос жорға, жылқы ішінде тәйдай болып,  
Ақмақ шал иесіз үйге кіріп келсе,

Жергекте Қозы жатыр айдай болып.  
Ақмақ шал, ақылы жоқ жаман састы,  
Қозыдан қорқып итті қара басты.  
- "Мені жұтар жалмауыз туыпты!" - деп,  
Тантық шал Бақа айғырға міне қашты.  
Қарабай Сарыбаймен мерген екен,  
Хан Қарабай ауылына келген екен.  
Ханым айтты - Қарабай келіп кетті,  
Сарыбай хан далада өлген екен.  
- Қай адам Сарекендей ниетке жеткен,  
Көп адам бізден бұрын өтіп кеткен.  
Айырылдым қапияда сұңқарымнан,  
Қолымнан абайсызда ұшып кеткен.  
- Халқым-ау, бұл ниетті ойға алайын,  
Мәнісін тура тартпай не қылайын.  
Жандап-жандап сөз айтсам жуытпайсың,  
Түп-тура найзамды тік салайын!...

#### ТАЗШАНЫҢ СӨЗІ

- Ханым, көрсең жыларсың,  
Сарекемнің дертіне.  
Сабырдан басқа айла жоқ,  
Іштегі жанған дертіңе.

#### ХАНЫМНЫҢ СӨЗІ

- Мұңдар таз, жылайды деп көңіліңе алма,  
Алып жүр сүйегіне енді алданба.  
Өлген жан жымағанмен қайтып келмес,  
Көңіліңді босатқанмен пайда бар ма?!  
Өлгенін Сарыбайдың ханым көрді,  
Ұрғашыдан таппассың мұндай ерді.  
Адасып ақалыңды аспай-саспай,  
Еліне ақыл айтып, қайрат берді:  
- Жылама, батыр Тайлақ, сен де өлерсің,  
Алладан тағдыр келсе, жөнелерсің.  
Өзі беріп, өзі алған арманы жоқ,

Мағшардан иманыма кез келерсің.  
Қасына он бір жігіт ертіп алып,  
Ер Танас Қарабайға жүріп кетті.  
Жүр еді хан Қарекөң жалғыз өзі,  
Танастың Қарабайға келген кезі.  
Жіберді құдағиың құрбың - Тайлақ,  
Алдыңа бір сәлемді алып келдік.  
Қандай жауап бересіз хан Қарекем,  
Сөйлескелі бай-еке-ау, келіп едік.  
- Былшылдама, сөзіңе тіпті ермеймін,  
Ұмыт болған сөзді мен жөн көрмеймін.  
Сен он екің к... қыс, үйіңе қайт,  
Жетім ұлға құда боп, қыз бермеймін!  
Ұрыспай ол он бірі жүре берді.  
Мінезін Қарабайдың көзі көрді.  
"Ұрыссақ ханым бізге өкпелер" деп,  
Жардырып ап бастарын қайтып келді.  
Ал енді мына сөзді тербетелік,  
Ерігіп айтпақ болдық біз не етелік.  
Ханым мен Қозы Көрпеш жата тұрсын,  
Ауғызып Қарабайды алып кетелік.  
- Ойбай, қатын, қайдасың, бері келші,  
Құдай қосқан қосағым, мені деші.  
Аулынан Сарыбайдың мазам кетті,  
Кел, ауамын, үйімді жығып берші!  
- Байғұс-ау, қандай адам серттен таяр,  
Біліп пе едің тайғанды құдай аяр.  
Тоқсан мыңды бұл жерден тентіретіп,  
Қайда барсаң, осындай орны даяр?  
Белгілі, ерімейді іштің мұзы,  
Өтпейді қатынына айтқан сөзі.  
Үйді жығып, артуды білмей тұрса,  
Ойына түсті Ай, Тансық екі қызы.  
- Шырағым, екі қызым мені көрші,  
Мынау кәрі ит атаның ісін көрші!  
Құдай қосқан жарынан тірі айырылған  
Алдыма сұм Баянды алып берші!  
- Қайран балам, кімдерге күң боларсың!  
Қайран малым кімдерге жем боларсың!

Обалдарың әкенді жібермесін,  
Үш сорлым қандай жерде кем боларсың?  
Қарабай тоқсан мыңмен өрге салды,  
Жылқыдан Ақ қайыңды мініп алды.  
Жетелеп Бақа айғырды жәнелгенде,  
Жұртында қотыр ала тай қалмады.  
Жер мен су, тау мен тасқа қоштасқалы,  
Көшінен сонда екі қыз тұрып қалды.  
Қарабай көше қашып жәнелгенде,  
Ел-жұртқа екі қыздың қоштасқаны:  
- "Балталы, Бағаналы ел аман бол,  
Бақалы, балдырғанды көл аман бол.  
Кірім жуып, кіндігім көскен жерім,  
Ойнап-күліп, ер жеткен жер аман бол.  
Тайлақтың енді аман бол қалған елі.  
Аман бол қалың ағаш, аққан селі,  
Теруші ем еріккенде, ермек етіп,  
Екпе, жиде, алма ағаш көлеңкелі.  
Сегіз сай тау біткенді сала аман бол!  
Қалайық қалған елдің шалы аман бол.  
Қарабай қайын атаң сенен қашты,  
Жергекте Қозы Көрпеш бала аман бол!  
Ұзын өлке, жота мен төбе аман бол!  
Тайлақ би, ел жақсысы, көп аман бол.  
Иәенді, мық жусанды, бетегелі  
Ақ көде малға шүйгін шөп аман бол!  
Жасы кіші, аға мен іні аман бол,  
Іребдел I/ өңшең мырза жаға аман бол.  
Қайын атаң Қарабай сенен қашты,  
Жергекке Қозы Көрпеш тағы аман бол.  
Байлығын Балталының көрмеймін деп,  
Тіліне ер Тайлақтың ермеймін деп.  
Кәрі атаң ақылы жоқ өрге қашты,  
Қызымды жетім ұлға бермеймін деп.  
Тайлақтың енді қалған халқы аман бол.  
Жергекте Қозы Көрпеш жалқы аман бол,

I/ Іребдел - ірікті, таңдамалы

Жеңеше, келін-көпшік, құрбы-құрдас,  
Қалайық, бізді ойлаған жалпы аман бол.  
Көрмесің Қарабайдай жарыместі,  
Азырақ өзінен де қатыны есті.  
Қырық күндік ыстық шөлге қайта көшіп,  
Бетпақтың сар даласы барып түсті.  
Көрмесің Қарабайдай жарыместі,  
Бірталай көше-көше күні кешті.  
Бетпақта бос қамалып жата алсын ба,  
Одан көшіп Қарекөң Шуга түсті.  
Қарекөң қырып-жойып Шуга барды,  
Ақымаққа құдай берген мұнша малды,  
Арқада қызы сұлу бай кәшті деп,  
Торғауыттан бедеумен Қодар салды.  
- Қарекө-ау іздеп едім, кез келесің,  
Қодар батыр мен едім сен көресің,  
Мен шөлдетпей бетпақты алып шықсам,  
Қанекей ақысына не бересің?  
- Балам-ау, сен іздесең, кез келейін,  
Сені құдай берген соң, неге өлейін.  
Сен бетпақтан шөлдетпей алып өтсең,  
Қалың малсыз, борышсыз қыз берейін.  
- Қыз берсең, сен атасың, мен баламын,  
Не қылып тең құрбымнан құр қаламын.  
Асыраған қызыңды мен алмаймын.  
Жалғыз қызың Баянды мен аламын.  
Сол күндегі жандардан Қодар епті,  
Уағда қылған сертіне анық жетті.  
Жанды аямай қимылды қылып-қылып,  
Не қылса сол бетпақтан алып өтті.  
- ...Қарабай - Сарыбаймен мерген екен.  
Күні жетіп Сарыбай әлген екен.  
Бұл ауғалы он үш жыл болып қапты,  
Қыз Баян да он төртке келген екен.  
Тал шыбықтай бұралған өзі керім,  
Мінеки оны айтатын келді жерім,  
Қыпша бел, алма мойын, сұлу Баян,  
Сипаты жаннан асқан ол бір серім.  
Тал бойының міні жоқ, қолаң шашты.

Шашының ұзындығы тізін басты.  
Гүл төгілер аузына меруерт тісті,  
Ондай жан дүниеде жаралмас-ты.  
Аппақ кәрік маңдайы, қылығы наз.  
Малың түгіл басыңды берсең-дағы аз.  
Сыртынан күлімсіреп сөйлессе де,  
Көңілі қош болмайды, баймен араз.  
Жұрт айтатын темірлі күймесі бар.  
Қозы Көрпеш дегенде дүниесі тар.  
Анда-санда болмаса сөйлеспейді,  
Жалғыз жатып Қозы үшін қылады зар.  
Қас асыл бойы жетті, алтын кірпік.  
Шақырып Қодар келсе, үйтіп-бүйтіп.  
Қара көзін қан басып қарағанда,  
Маңына жоламайды Қодар үркіп.  
Көрөді батыр Айбас талай жерді,  
Ит Қарабай сенделтті есіл ерді.  
Сол биіктің басынан қарап тұрып,  
Аяғезде отырған елді көрді.  
- Астында патшалардың алтыннан тақ,  
Болғай-ақ бұл ісіме тәңірім жақ.  
Нетейін бұрынғыңды Көктайым-ай,  
Барыңды бүгінгі күн қарыштап бақ.  
Жер аулақта үш қызға бір сөйлессем,  
Одан артық құдайдан тілегім жоқ.  
Бар құдай бұл тілегін қабыл алды,  
Тал түсте ел шегіне жетіп барды.  
Өзенде жиде теріп, ойнап жүрген,  
Алдыңнан қыздар душар бола қалды.  
- Біреудің ашылмас бұл бағасысың,  
Кіреуке, алтын тонның жағасысың.  
Елдің жөнін сұраймын шырақтарың,  
Тоқта үшеуің, қай байдың баласысың?  
- Агеке-ау, асыл зада сен бір өрсің,  
Жадағай жапан дүзде кез келесің,  
Қорықпай Қодекемнен мұнда келген,  
Жүрек жұтқан жанбысың, неғып жүрсің?  
- Шырағым, тал бойында жоқ екен мін,  
Иманнан қуаттанып ашылар дін.  
Қодайтып "Қодекем" деп сөз сөйлейсің,

Ол нәрсе қайдан шыққан, нәсілі кім?  
- Тартынбай әр нәрседен Қодар тайып,  
Естісе, бұл сөзіңді үлкен айып.  
Қодардың атасы жел, анасы жел,  
Көз болған бей далада өзі ғайып.  
- Ендеше Қодарыңды ойға алалық,  
Мен бе едім сол итіңнен кем боларлық,  
Құдайдан бұйрық болып, демеу болса,  
Астына табанымың бір салалық.  
- Жоқ еді бір туысқан аға-жеңгем,  
Көңілім жақын тартты сізге дем-дем.  
Жақындық бізге таман сөз айтасыз,  
Ағаеке-ау әлі-жұртың болар кім-кім?  
- Балталы, Бағаналы елден келдім,  
Бақалы, балдырғанды көлден келдім.  
Жұрты деп Сарыбайдың естушімен,  
Ел жақсысы Тайлақ би елден келдім.  
- Ағаеке-ау, бұл бір қызық заман екен,  
Сізге деген жамандық бізге мекен.  
Ел-жұрты ғой - Қозыкек аман ба екен?  
- Сіздерге күмән шығар өзіме аян,  
Елімнен іздеп келген келінім Баян.  
Қозы Көрпеш падиша халқымызда,  
Қара орман, хан тағында, халқым аман.  
- Адамға біздей емес жат пенен өз,  
Жапан түзде, ағаеке-ау, келесіз кез.  
"Қозы-Көрпеш, қыз Баян" деп сөйлейсіз,  
"Апалар" жөнін ұқтыр немене сөз?...  
Құлақ кәрі, бой кіші, ақыл дана,  
Көктаймен ауылыңа келдім жаңа.  
Апаларың жасырса, мен жасырман,  
Сөзің рас, шырағым, бермен қара.  
Су аяғы құрдымнан іздеп келдім,  
Қозы Көрпеш шын жарың, келін бала.  
Үш қыз да тамаша ғып бұған ерді,  
Таудай болған Қодарды Айбас көрді.  
Қыздарға қайратымды көрсетем деп  
Тартынбай батыр Айбас жетіп келді.

- Мен Айбас, сен Қодарсың, жаңа көрдік,  
Тоңыраңдаған сөзіңмен тамам өлдік.  
Сізді білмей ауылға барып едік,  
Қандай жаза қыласың, міне, келдік?  
Айбас келіп Қодаршы сөзбен салды,  
Қодар батыр шоқпарын жұлып алды.  
Үш қызға мақтанады ерескел құл,  
Айбасты шоқпарменен салып қалды.  
Айбас оның жауырынынан ұстап алып,  
Бірақ шұғып Көктайға жұлып алды.  
Көктаймен салақтатып, желіп кетсе,  
Көктайы көтере алмай жата кетті.  
Сол күндегі жандардан Қодар мықты,  
Екеуінің аты ойнап, бетке шықты.  
Тұра сала екеуі алысқанда,  
Келістіріп итінді тағы жықты.  
Астында жатып Қодар бақырады,  
Күндей болып күркіреп ақырады,  
Айбастың тізесіне шыдай алмай;  
"Біздің тоқсан қайда?" - деп шақырады.  
Күркіреп "ұшан" Сері келіп жетті,  
Япырым-ау, солар неден үміт етті?  
"Қодекемді бас салып жатқан кім?" - деп,  
Бәрі бір-бір сойылмен салып өтті.  
Бәрінің де сойылын жұлып алып,  
Көктайға міне қашып Айбас кетті.  
Артынан бақа айғырмен Қодар жетсе,  
Ұрып жығып, серейтіп, тағы кетті.  
Сол Айбас тоқтамастан тағы шапты.  
Мәнісін тамам жолдың оймен тапты.  
Аз жүрсе, көп жүрсе де есен-аман,  
Бір күні ел шетіне келіп қапты.  
Ел шетіне жақындап барған екен,  
Бір қой жайған, жақындап, көрді шалды.  
- Сейілде қой жайған бай, сізді көрдік,  
Жасың үлкен екенсің, сәлем бердік.  
Бұл қойың кімнің қойы, ақсақал бай,  
Жолаушы ем көптен бері, жаңа көлдік...  
- Бар екен әр нәрседен мұның ойы,  
Тартқан сымдай көрінер қырдың бойы.

Жарқыным, сен сұрасаң мен айтайын,  
Сарыбай ерте кеткен - ханның қойы.  
- Ақсақал, бай екенсің, сөзің майда,  
Мен дағы жат кісі емес, мұны да ойла.  
Сарыбай ханның қойы осы болса,  
Жалғыз Қозы Көрпеш бала қайда?  
- Шырғым, серілік бар сіздің бойда,  
Білдім бе? Білмедім бе? Өзің де ойла.  
Қозыкең айдай болып жүрген шығар,  
Осы жерде қыз ұзатқан жақын тойда.  
- Келгенім менің барып бір талай жер.  
Бай-еке, бір пайданды тигізе көр.  
Айтарлық шерім де көп, мұңым да көп  
Жалғызды, тіліңді алса, шақырып бер.  
- Не қылып танымадың, байым зерек,  
Ол не қылған кісі екен жаннан бөлек?  
Жауыр атты мен жаба тоқып жүрсем,  
Мен сықылды көрпіндес неге керек?  
Тіліне шалдың сонда ерді дейді,  
Тілеген бір тілегін берді дейді.  
- Не де болса, сөйлесіп көрейін, - деп,  
Шалмен еріп қойына келді дейді.  
- Өсіпсің, кішкене едің, Қозым дардай,  
Қайратың басым еді, шығара алмай,  
Қайының айлық жерде жақын жатыр,  
Сұм жалғыз, не ғып жүрсің, бір бара алмай?  
- Ағаеке-ау, шақыртқан соң келіп ем тез,  
Нанбаған айтқан сөзге жаманнан без.  
Құлағым керең болсын, естігем жоқ,  
Қайта айтшы, "қайын" деген немене сөз?  
- Байлығын Балталының көрмеймін деп,  
Тіліне ер Тайлақтың ермеймін деп.  
Қор атаң, ақылы жоқ өрге қапты, -  
"Қызымды жетім ұлға бермеймін" - деп!  
- Сөзіңе қыздар сіздің, ермеді ме?  
Асылдан сәлемдеме бермеді ме?  
Бергені бір тоғыздай рас болса,  
Шіркіннің бір белгісі келмеді ме?  
- Қарабай қайын атаң бейбіт тар,  
Қодар - тоқсан дейтуғын бір анты бар.

Сен бала, азырқанба, алсаң мұны,  
Үш түрлі мұнда келген белгісі бар.  
Мақтады бастан аяқ Айбас оны:  
- Бір іздемей жатырсың, қайтып оны.  
Азырқанбай, сен бала, алсаң керек,  
Жүзік, бешпет, келді ғой алтын тоны!  
Белгісін алып келген Қозы көрді,  
Көрген соң Қозыкемнің көңілі сөнді.  
- Маған Тайлақ батасын берсін өнді,  
Алтын тонды Тайлаққа жібер өнді.  
Қозыкең үйге келді беті төрлеп,  
Анасын шақырады "мұнда кел", - деп.  
"Ант бер" деп анасының қолын алды,  
- "Менің жарым кім еді, айтып бер!" - деп.  
Қорқытып оны Қодар алды деген,  
Айбастың айтқанының бәрі бекер.  
Жамандықты көрмеген, ей құлыным!  
Жол табылмай жапанда тентіретер.  
Артында сен кеткен соң мен де өлермін.  
Не қайғы бар көретін мұнан бетер...  
- Алдымда неше қатер, тұрса да оқ,  
Тартынып бұл сапардан қалуым жоқ.  
Сұлуын дүниенің жисаң - дағы,  
Бір жарымдай болмайды көңіліме тоқ.  
- Япыр-ау, осы жұрттың бейілі тар,  
Бәрінің тоқтатуға ниеті бар.  
Мен жүрмей бұл сапардан тоқтамаймын,  
Ер Айбас, мінуіме қандай ат бар?  
- Шылқыны араладым ерте-кешті,  
Бірін жүйрік,  
Біреуін берік десті.  
Шыққыр көзім шықпаса мен таныдым,  
Дейтұғын бір атың бар Күрең бесті!  
Жылқыдан сол Күреңді алып келді,  
Ерттеп, дайын сапарға қылады өнді.  
"Арыздасып, қоштасып, қаламын" деп,  
Басы Тайлақ, ел-жұрты - бәрі тұрды.  
- Шырағым, қайратыңа көңілім еріп,  
Мен келдім қалайын деп сені көріп,  
Тоқтатар сапарымды деп ойлама,

Амандасып қаламын, бата беріп!  
- Ендеше батыр Тайлақ, аз тоқтай қал,  
Артымда қалды менің есепсіз мал.  
Тапсырдым бар малымды Тайлақ сізге,  
Соны бүгін түгендеп қолыңызға ал.  
Бір жерге Қозы аттан түседі өнді,  
Бір киім Тазшаңның рөңін ... берді.  
Аяғезде құдайлап келе жатса,  
Өзенде қой жайған таз көздей келді.  
Бір таазды бір таз келіп көзі көрді.  
Жолаушы таз қойшыға "сөйле" - дейді.  
- Бұл қойың кімнің қойы, қой жайған таз?  
Айта гөр, елдің жайын бізге, - дейді.  
Бар екен әр нәрседен бұның ойы,  
Кесел екен бұл тааздың өне бойы.  
- Менің қойым деймісің осынша қой?  
Қарабай деген дінсіз, итің қойы.  
- Жәпанда Тазша ағаеке-ау, жүресің бе?  
Құрбыңмен сен де ойнап, күлесің бе?  
Байдың қызы малшымен сырлас болар,  
Солардың тамыры кім білесің бе?  
- Тазша күл, қартайыпсыз, сізлі аяймын.  
Сен кетсең, орныңа мен тұрайын,  
Азат бол, көрінбестен үйіңе қайт.  
Сан қойды сенің үшін мен жайың.  
Екі таз жапан түзде кез келеді,  
Басы шалыс, аяғы жөн келеді.  
Қарабайдай жаулық қойын аясын ба?  
Тұрғын тазға жүз елу қой бөседі.  
Екі таз екі айырылып жүре берді.  
Ақылы Қозыкемнің кемел еді.  
Ауыл жата қойды айдап Қозы Көрпеш.  
Ауылына Қарабайдың ап келді өнді...  
Баянды сұлу деді көрген халық.  
Қозының Баянды ойлап жүзі сарық,  
Қой шетінде Қозыкең ұйықтап жатса,  
Соның нұры мың қойды қылар жарық.  
Баян көп апасына сөз айтады.  
Ұялып, ибадатпен аз айтады.  
Бата алмай оятуға Қозыкеңді,

Түнде үш келіп үйіне, үш қайтады.  
Ер Қозы аман-есен қызға жетті,  
Қыз Баян қосыла алмай болды дертті.  
Сол үш қыз сөйлесем деп жетіп келсе,  
Таң сарғайып артынан атып кетті.  
- Мұндайлыққа салды ием,  
Мен сықылды жалғызды.  
Бір қыз үшін дертті боп,  
Иттің де қойын жайғызды.  
Мен елімде көруші ем,  
Не сықылды әр қызды.  
Бәрінен де көңілімді,  
Жалғыз Баян қалғызды.  
Жолын білмей бұл шөлде,  
"Әр түбіне барғызды.  
Ақылдасар кісім жоқ,  
Тау мен тасты шалғызды.  
Көруен кез боп жапанда,  
Онан сиқыр алғызды.  
Тазша кебін кигізіп,  
Кішілікті қалғызды.  
Оянушы ем тал-түсте,  
Қайғымен өрте тұрғызды,  
Дүниеде ғашық қатты екен,  
Көңілді бұған бұрғызды.  
Бәре ме тәңірім бермей ме  
Ынтықты болған бір қызды?  
Қосылғанша мен сорлы,  
Ішіме қайғы толғызды.  
Шыбын жаным тұрғанда,  
Бү тілеуден қайтпаспын.  
Сенен басқа хор қызды,  
Болса да көңіл салмаспын.  
Шашы күміс, басы алтын,  
Болсадағы алмаспын.  
Танымасаң қыз Баян,  
Танытқалы бармаспын.  
Қамықпайын, тоқтайын,  
Бұл қайғыға қанбаспын!

Сені алмасам осы жол,  
Тірі де жүріп оңбаспын.  
Құдай кесел қылмаса,  
Тоқсан бір құлға болмаспын  
Тынығайын біраз күн,  
Бірін де бүйтіп қоймаспын.  
Құдай сені шын қосса,  
Қызығыңа тоймаспын!  
Іздеп жүріп Қозыкең тапты қайын,  
Нені іздесе, тамаша бәрі дайын.  
Баян мен Қозы Көрпеш көңілі тынды.  
Қодекеңнің айтайын енді жайын...  
Қодар айтты: "Қарабай сөзіме ерсін,  
Қодар батыр күйеуім менің дерсін.  
Биылғы жыл жылқыға жұт болады,  
Қайраты бар Тазшаны маған берсін".  
Қодарсыз Қарабайдың көңілі күпті,  
"Жылқыға Тазша барса, қайтәр", депті.  
- Осы иттің тілін бір жол алайын деп,  
Тәуекел бір сапарға өріп кетті.  
- Жолдастар, сөздеріңді оң көрейін,  
Ауылға жылдам барып бір келейін.  
Женгенді сағындым ғой жіберіңдер,  
Сендерге өрік-мейіз әкелейін.  
Күнінде Бақа айғырмен Қодар салды,  
Қостан шығып, Аягөз елге барды.  
Ауылға үш-ақ күндей өту қылып,  
Төртінші күн жылқыға қайта айдайды.  
- Қодеке-ау, есен барып, тез келдің бе?  
Женгемді күймедегі сен көрдің бе?  
Кетіп ең дардай болып сен мақтанып,  
Қанеки, өрік, мейіз, әкелдің бе?  
- Не қылсаң көңіліңді енді суыт,  
Жемес астан бұл неме қылады үміт.  
Дәл бір аяқ мейізді қойып еді.  
Асығыс боп ауылда қалыпты ұмыт.  
- Қодеке-ау, олай болса мен желейін,  
Ел-жұртты сағындым ғой бір көрейін.  
Киімім кірлеп кетті, жәкім тозық.

Кір-қонымды жуғызып тез келейін.  
Мінгені Қозыкекнің жүйрік Көр-ді,  
Тоғыз, он күн күймеде қызық көрді.  
- Қарағым-ай, етің кірлеп кетіпті, - деп  
шінен торғын көйлек тігіп берді.  
Қодар көрсе, қодаңдап ызындар деп,  
Көйлегінің жағасын бүгіп берді.  
Қозыкек тар күймеде ой ойлайды,  
Ойын менен күлкіге бір тоймайды  
Тоғыз, он күн күймеде ойнап-күлсе,  
Қарабай "Қайтпай ма?" - деп ызындайды.  
Сырты алтын, іші күміс оның үйі,  
Күнде дәурен не қылса, келер күйі.  
- Жеті күн жиын тарқар жиын бар, - деп,  
Сауын айтты, сол елдің Сабан биі.  
Ол Сауын сауын айтып жарлық етті,  
Елінде бір би еді қасиетті,  
Асынын айтқан күні болғаннан соң,  
Басы Қодар, Қарабай асқа кетті.  
Ауылында тірі жан жоқ қалды тазша,  
Қозы Көрпеш болады көбін ашса,  
"Аман бол" деп таз кепті жулып тастай,  
Күйеуін киіндірді бейне патша!  
Қодар сырттан биледі біткен малды,  
Мұндай адам көрмесің бейілі тарды.  
- Мал баққан тазшам қайда, ет берем деп,  
Келе сала ауылға айғай салды.  
Дауыстап, айғай салып Қодар жүрді,  
Ақмаққа Қозы менен Баян күлді,  
Қозы менен Баянның жатқан жайын,  
Бір қатын кеп Қодарға естіртеді.  
Қодекең естіп білді осы халды,  
Артын түйсе, қатпалы быт-шыт болып,  
Бармақ етін тісімен жұлып алды.  
- Қозымен алыса алмай дауласасың,  
Асықсаң, жай белгілі құр қаласың.  
Ептеп-септеп Қозыны өлтірген соң,  
Таласар саған жан жоқ қызды аларсың.  
Қарағым, аман күнде елінді тап.

Арманда боп кетерсің осындайда!  
Бір өзіңнен басқаның бәрі де жау,  
Қайтіп тірі жүрерсің, мұны да ойла!  
Енді маған қоқақтар аламын деп,  
Қайда барсаң ала кет мені қойма.  
Байқашы, жан-жағына көз жіберіп,  
Үш қыздан басқа сізге жан ұнай ма?  
Алады батыр Қодар елді жиып,  
Қозыны өлтірем деп басын қиып.  
- Осы балтам кесті шапқаннан соң,  
Деп алады балтасынан сүйіп-сүйіп.  
Сонда тоқсан осыған көнеміз бе?  
Осының зорлығымен өлеміз бе?  
Бәріміз де жүріп ек Баян үшін,  
Япыр-ай, бір соғыспай береміз бе?  
Десті де Қодармен жамандасты,  
Бәрі бірдей Қодармен сабаласты.  
Басына темір шоқпар қатты тиіп,  
Сол топтан Көсемсары тұра қашты.  
Ер Көсем жапан түзде жөнеледі,  
Қайраты Қозыкекнің кемел еді.  
Әлсіреп, айдалада қаңғып жүрсе,  
Қозыға бір бұлақта кез келеді.  
- Далада неғып жүрсің, Көсемсары?  
- Сен кеткенсін қоқилы бізге Қодар,  
Көңілін балап жүрген жүзге Қодар,  
Баянды аламын деп атой салды,  
Бата алмай қашып жүріп, сізге Қодар,  
Бәріміз Баян үшін жаннан кештік,  
Ұрысуға береміз "Ехе" дестік...  
Баянды аламын деп ел жиган соң,  
Тоқсанымыз бірігіп төбелестік.  
Үйде Баян қалды "а" құдайлап,  
Көсем мен Қозы жатыр күліп-ойнап.  
"Қай жерде мекен қылды біліп кел", - деп.  
Жіберді сұлу Баян бір қызды айдап.  
Қозыны бір қыз іздеп кетті салып,  
Бұлақтар алды тауып өліп-талып.  
Құтылғанын Көсеммен көзі көріп,  
Баянға қайта келді хабар алып.

Күнде бір қыз келеді тезек теріп,  
Баян сонан жіберер тамақ беріп.  
Осы қыздың жүрісін кәдік көріп.  
Бір жау қатын жүреді соңына еріп.  
Шоқ теректе сөйлескен қызды көріп,  
Бұл көргенін Қодарға айтып беріп.  
Қодар естіп, ауылға шауып келді,  
Қарабай елі-жұртын жиып берді.  
Қойдан қошқар, жылқыдан айғыр айтып,  
Іздеп Баян артынан о да желді.  
Шоқ теректің түбінде ұйықтап жатқан  
Біреуді танық Қодар көзі көрді.  
Мақтанып батыр Қодар келген естіп,  
Өстіп жүріп өтеді күні кешіп.  
Жақ ндап көп, садақпен тартып қалды,  
Қарамастан алады басын кесіп.  
Көсем батыр сол жерде қаза тапты,  
Қолында балтасы бар ырғай сапты.  
— Қозының басы міне, өлтірдім.  
Ауылға танық Қодар қайта шапты.  
"Кеше сені дос қылып сүйдім" — дейді,  
"Достығың дара болып күйдім" — дейді.  
"Алайын тірі болсам достың құнын,  
Сен үшін шыбын жаным қидым" — дейді.  
Ер Қозы достық үшін көп қамықты,  
Қорықпайды тірі жаннан өзі мықты.  
Қодарды мен көрейін өлтірген деп,  
Аңыратып бір бөлеске келіп шықты.  
Құдайым ер Қозыға дем береді,  
Жас бала қайласы жоқ тым ер еді.  
Қызды алам деп Қодарың шауып жүрсе,  
Әредікте Қозыға кез келеді.  
Сол күндегі жандардан Қозы мықты,  
Қодар көріп қаша алмай көп ұйлықты.  
"Әй бәлем, сенің ызаң өтті ғой" — деп,  
Дәлдеп тұрып, кеудеден атып шықты.  
Ешбір жан бетке қарап бата алмайды.  
Қылыштап өне-бойын жаралайды.  
Ағашқа таңып қойып, ел көрсін деп,  
Кескілеп итке салды Қарабайды.

Баян қыз жаны тынды жарына еріп,  
Бүкімге қарамайды бойына елеп.  
Баласы туғаннан соң, үш күн өтіп,  
Қозыкең қойған екен атын Күліп.  
Жүрегі Баян қыздың лүпілдеген,  
Сіз үшін көп қайғыны тарттым деген.  
Көрсетпей тірі жанға асыраған,  
Қозы мен қыздан басқа жан білмеген.  
Қозы Көрпеш үйіне салт барыпты,  
Қайтып келіп, жіберді Ер Күліпті.  
Өз орнына Ер Күліп тұрды сонда,  
Қозының қылған ісі осы депті.

## II-БӨЛІМ

## XV-XVIII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ҮЛГІЛЕРІНЕН

ҚАРҒА БОЙЛЫ ҚАЗТУҒАН ЖЫРАУ  
СҮЙІНШІҮЛҮ

Белгілібиік көк сөңгір,  
Басынан қарға ұшырмас.  
Ер қарауыл қарар деп,  
Алыстан қара шалар деп;  
Ашылып шапсам дем тартар,  
Сусыным қанға қанар деп;  
Арғымақтың баласы.  
Арыған сайын тың жотар  
Арқа мен қосым қалар деп;  
Ақ дария толқын күшейтер,  
Құйрығын шалмаған балығым,  
Ортамнан ойран салар деп;  
Азамат ердің баласы,  
Жабыққанын білдірмес.  
Жамандар мазақ қылар деп!

Алаң да, алаң, алаң жұрт,  
Ағала ордам қонған жұрт.  
Атамыз біздің сүйініш  
Күйеу болып барған жұрт.  
Анамыз біздің Бозтуған.  
Келіншек болып түскен жұрт.  
Қарғадай мынау Қазтуған,  
Батыр болып туған жұрт.  
Кіндігімді кескен жұрт,  
Қарағайдан садақ будыртып,  
Қылшанымды сары жүн оққа толтырып,  
Жанға сақтау болған жұрт.

АСАН ҚАИҒЫ

/1370-1465/

Куйрығы жоқ, жалы жоқ  
Күлан қайтіп күн көрер?  
Аяғы жоқ, қолы жоқ,  
Жылан қайтіп күн көрер?  
Шыбын шықса, жаз болып,  
Таздар қайтіп күн көрер.  
Жалаң аяқ балапан,  
Қаздар қайтіп күн көрер?

ШАЛҒЕЗ ЖЫРАУ ТІЛЕНШІҮЛЫ

/1465-1560/

Шағырмақ бұлт жай тастар,  
Ағытқан қойды жол бастар.  
Ақ желкенді жел бастар,  
Әділ төре ел бастар.  
Батыр жігіт жау бастар  
Аға жігіт қол бастар.  
Шешен адам сөз бастар.  
Құсты жисаң, бүркіт жи,

Қыс тоңынды түлкі өтер,  
Бір жақсымен дос болсаң,  
Азбас, тозбас мүлкі өтер.  
Бір жаманмен дос болсаң,  
Күндердің күні болғанда,  
Бүкіл ғаламға күлкі өтер.

х х х

Айырдан<sup>1/</sup> туған жампоз<sup>2/</sup> бар  
Жүгін нарға салғысыз.  
Арғымақтан туған будан бар.  
Күнінде көрінім жерді алғысыз.  
Жаманнан туған жақсы бар  
Адам айтса нанғысыз.  
Жақсыдан туған жаман бар  
Күндердің күні болғанда,  
Бір аяқ асқа алғысыз.

АҚТАМБЕРДІ ЖЫРАУ

/1675-1768/

Жағама қолдың тигенін,  
Жалғыздық сенен көремін.  
Жамаулы киім кигенім.  
Жарлылық сенен көремін.  
Атадан тудым жалқы боп,  
Жақыннан көрдім талқы көп.  
Жасым жетпей он беске,  
Қорғайтын жан адам жоқ.  
Кәрі ақсайды - ақылдан,

1/ Айыр - қос өркешті түйе

2/ Жампоз - түйенің асыл тұқымды түрі, гысық, мықты,  
мандай алды.

Ер ақсайды - жақыннан.  
Қазір әлсіз болсам да,  
Үмітім бар ақырдан.  
Жасым жетіп он беске  
Кіреп ме екен кеңеске?  
Бұғана қатып, бел бекіп,  
Ерегескен дұшпанмен,  
Шығар күн туса күреске!

#### БАЛАЛАРЫМА ӨСИЕТ

Қылмаңыздар кениет.  
Бірлігіңнен айырылма,  
Бірлікте бар қасиет.  
Татулық болар береке.  
Қылмасын жұрт келеке.  
Араз болсаң, алты ауыз,  
Еліңе кірген әреке.  
Талпынып салдым егінді,  
Ішсін деп әркім тегінді.  
Ақылың барың ұғарсың,  
Ойың болса, сезімді.

#### БҰХАР ЖЫРАУ ҚАЛҚАМАНҰЛЫ /1638-1781/

Ауылда адам бар болса,  
Ауыл ала болмайды.  
Ел иесі құт болса,  
Халқы ала болмайды.  
Үлгісіз - сөз болмайды,  
Мақтасыз - бөз болмайды.

Сөз ұғарлық ер болса,  
Айтылмас шын сөз болмайды.  
Алтындай асыл сөзінді,  
Қадіріңе жетіп, бағалап,  
Тыңдамайтын ер кез болмайды.

Асқар таудың өлгені -  
Басын мұнар шалғаны.  
Көктегі бұлттың өлгені -  
Аса алмай таудан қалғаны.  
Ай мен күннің өлгені -  
Еңкейіп барып батқаны.  
Айдың көлдің өлгені -

Мұз болып, тастай қатқаны.  
Қара жердің өлгені -  
Қар астында жатқаны.  
Өлмегенде не өлмейді?  
Жақсының аты өлмейді.  
Ғалымның хаты өлмейді.

х х х

Ежелгі дұшпан ел болмас,  
Етектен кесіп, жең болмас.  
Қараша торғай қаз болмас.  
Шағала келмей, жаз болмас.  
Шаңқан болмай, боз болмас.  
Өзіңнен тумай, ұл болмас.

Сатып алмай, құл болмас.  
Екі жақсы қас болмас.  
Екі жаман дос болмас.  
Дос болғанмен, қош болмас.  
Екі жақсы дос болса,  
Оның түбі бос болмас.

#### ҮМБЕТЕЙ ЖЫРАУ ТІЛЕУҰЛЫ /1606-1778/

Үй сыртында асқар тау,  
Панасы оның жоқ болса,  
Ол шіркіннің несі тау?!  
Кетеген болса, түйең жау,  
Төбеген болса, биең жау.  
Ұрысқақ болса, ұлың жау.

Керіскек болса, келін жау.  
Арсыз болса, қызың жау.  
Үл он беске келгенше,  
Қолға ұстаған қобызың.  
Үл он бестен асқан соң,  
Тіл алмаса доңызың.

#### ШАЛ АҚЫН ТІЛЕУКЕ КҮЛЕКЕУЛЫ /1748-1819/

Жігіттер, сақтаныңыз жаман достан,  
Досыңның жаманынан артық дұшпан.  
Өштескен жаудан адам сақтанады,  
Тиеді "достың" оғы қапылыстан.

Ашу дұшпан болғанда, нәпсі - жауың,  
Ақыл тұрған алдында асқар тауың.  
Жүрекке ашу келіп толған шақта.  
Дененің біле алмассың ауру-сауың.

Ойласаң мың бір пәле тілден туған,  
Шешендер топ ішінде тілді бұған.  
Бір адам қателікпен сөз сөйлесе.  
Жабылып мың бір пәле соны қуған.

х х х

Ата-ананың, қадірін,  
Балалы болғанда білерсің.  
Ағайынның қадірін,  
Жалалы болғанда білерсің.

Дәулетіңнің қадірін,  
Мал кеткенде білерсің.  
Маңайдағы дұшпанды,  
Әл кеткенде білерсің.

III - БӨЛІМ

XIX ҒАСЫРДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ҮЛГІЛЕРІНЕН

МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҮЛЫ

/1804-1846/

ЕРЕУІЛ АТҚА ЕР САЛМАЙ

Ереуіл атқа ер салмай,  
Егеулі найза қолға алмай,  
Еңку-еңку жер шалмай,  
Қоныр салқын төске алмай,  
Төбінгі терге шірімей,  
Терлігі майдай ерімей,  
Алты малта ас болмай,  
Өзіңнен туған жас бала,  
Сақалы шығып, жат болмай,  
Ат үстінде күн көрмей,

Ашаршылық шөл көрмей,  
Өзегі талып ет жемей,  
Ер төсектен бөзінбей,  
Ұлы түске ұрынбай,  
Түн қатып жүріп, түс қашпай,  
Төбінгі теріс тағынбай,  
Қу толағай бастанбай,  
Ерлердің ісі бітер ме?

116

МАХАМБЕТТІҢ БАЙМАҒАМБЕТ СҮЛТАНҒА  
АЙТҚАНЫ ✓

Еділді көріп емсеген,  
Жайықты көріп жемсеген,  
Таудағы шұбар тарлан біз едік.  
Исатайдың барында,  
Қара қазан, сары бала,  
Қамы үшін қылыш сөрмедік.  
Шабытымыз келгенде,  
Ерегескен дұшпанды,  
Шетінен сүйреп, жөп едік.  
Баста дәурен тұрғанда,  
Біздер-дағы байеке,  
Оза көшіп, кең жайлап,  
Еркімен еркін жатқан ел едік.  
Еділ үшін егестік.  
Төптер үшін тебістік.  
Жайық үшін жандастық.

х х х

МЕН, МЕН, МЕН ЕДІМ... ✓

Мен, мен едім, мен едім,  
Мен Нарында жүргенде,  
Еңіреп жүрген ер едім.  
Исатайдың барында  
Екі Тарлан Бәрі едім.  
Ерегескен дұшпанға,  
Қызыл сырлы жөбе едім.  
Жақсыларға еп едім,  
Жамандарға көп едім.

Қиғаш үшін қырылдық.  
Теңдікті, малды бермедік,  
Теңсіздік малға көнбедік.  
Ханның кірген Ақ Орда,  
Бүз-уын ойлап кеңестік.  
Аламанға жел бердік.  
Аса жұртты меңгердік.  
Қара қазақ баласын  
Хан ұлына теңгердік.  
Өздеріңдей хандардың.  
Қабырғасын сөгілтіп,  
Қабырғадан аққан қан,  
Ат бауырына төгілтіп.  
"Әділ" жаннан түңілтіп,  
Ат артына өңгердік...

Ерегескен дұшпанның,  
Екі талай болғанда,  
Азыққа етін жөп едім.  
Хан баласы ақ сүйек,  
Ежелден табан аңдысқан,  
Ата дұшпан сен едің.  
Ата жауың мен едім.  
Ежелгі дұшпан ел болмас,  
Етектен кесіп, жөң болмас!

117

Хан баласы ақ сүйек,  
Байеке, сұлтан сен болып,  
Сендей нарқоспақтың баласы  
Мыған оңаша жерден жолықсаң,

### ТАРЛАНЫМ

Таудан мұнартып ұшқан Тарланым,  
Саған ұсынсам, қолым жетер ме?!  
Арызым айтсам. өтер ме?  
Арыстаным көп болды-ау,  
Саған да менің арманым!  
Кермиығым, кербезім!  
Керіскендей шандозым.  
Құландай ащы дауыстым!  
Құлжадай ащы мүйіздей!  
Қырмызыдай ажарлым!  
Қиуадағыдай базарлым!  
Теңіздей терең ақылдым.  
Төбіренбес ауыр мінездім!

### ЖӘНГІР ХАНҒА АЙТҚАНЫ

Хан емессің қасқырсың,  
Қас албасты басқырсың.  
Достарың келіп табалап,  
Дұшпаның сені басқа ұрсын!

### ҚЫЗҒЫШ ҚҮС

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс!  
Қанатың қатты, мойның бос.  
Исатайдан айырылып,  
Жалғыздықпен болдым дос.  
Ау, қызғыш құс, қызғыш құс!  
Сені көлден айырған -

Қайраңнан алған шабаңтай,  
Қия бір соғып, ас етсем,  
Тамағыма қылқаның кеттер демес

Хан емессің ылаңсысың,  
Қара шубар жылансысың.  
Хан емессің аярсының,  
Айыр құйрық шаянсысың!

Лашын құстың тепкікісі.  
Мені елден айырғанан -  
Жәңгір ханның екпініні.  
Айтып, айтпай немене?!  
Құсалықпен өтті ғарой,  
Махамбеттің көп күкүні?!

### ҰЛЫ АРМАН

Желп-желп өткен ала ту  
Жырып алар күн қайда?  
Орама мылтық тарс ұрып,  
Жауға аттанар күн қайда?

Елбең-елбең жүгірген,  
Ебелек отқа семірген.  
Аргымақтан туған асылды,  
Баптап мінер күн қайда?

Ел ішінде жақсыдан,  
Батасын алып, дәм татып,  
Тұлкідейін тун қатып,  
Бөрідейін жол тартып,

Жауырынына мүз қатып,  
Жалаулы найза қолға алып,  
Жау тоқтатар күн қайда?

### ДУЛАТ БАБАТАЙҰЛЫ

/1802-1871/

### АСҚАР ТАУДЫҢ СӘНІ ЖОҚ

Асқар таудың сәні жоқ,  
Төрт түліктің қонысы.  
Басылмайтын сонасы,  
Көк майса бөлі болмаса.  
Өзен судың сәні жоқ.  
Өрлеп құлай қонатын,

Жағасы малға толатын,  
Аймақта елі болмаса.  
Қопалы жердің сәні жоқ,  
Тұңғық мәлдір үйірім,  
Көз болжамас қиырын,  
Айдын келі болмаса.

### БАЛАМ, МАҒАН КЕЙІМЕ...

Балам, маған кейіме,  
Әкем айтпай кетті деп.  
Сырын білмей бой салма,  
Атасы оның текті деп.  
Тұрлаусыздан сөз ұқпа,  
Аузы оның епті деп.  
Нашардан шыққан жақсының  
Сөзін жерге тастама,  
Атасы нашар өтті деп.  
Жапанға біткен жантақты,

Жиһан көзген нар жейді,  
Тәтті менен дәмдіні,  
Қолында пұлы бар жейді.  
Қорқақтықтың белгісі  
Арықты да жар дейді.  
Көртартпаның белгісі,  
Көң дүниені тар дейді.  
Қолында жоқтар тайлақты,  
Сылқылдақ өркеш нар дейді.

ОРМАНШЫ АҒАШ КЕСЕ АЛМАС

Орманшы ағаш кесе алмас,  
Айбалтасын қайрамай.  
Жорыққа батыр аттанбас,  
Жау-жарағын сайламай,  
Егінші егін сала алмас,  
Қос өгізді айдамай.

Көңілмен құрғақ бос жүрсен,  
Алақандай жер жүзі  
Аспан болар айнадай.  
Істемей қолмен іс болмас,  
құр сөзде күш болмас.

х х х

Ер деп атақ алмайсың,  
Алмас сөмсер асынбай.  
Кезенген жауды қашырмай.  
Әкеңнің айтқан өз сөзін.  
құтысына көңіліңнің,  
Тәгіп алмай, дәлдеп құй,

Берекесін қашырмай.  
Менің айтқан бұл сөзім,  
Өміріңе пайдалы,  
Жүрме, іске асырмай,  
Басыңда болса, егер ми.

СҮЙІНБАЙ АРОНУЛЫ  
/1822-1895/

Жақсы жігіт ел-жұртының қалашындай,  
Жақсы әйел әмме жұрттың анасындай,  
Жақсыға ешкімнің де жаттығы жоқ,  
Көреді бәрін де өз баласындай.  
Жақсы жігіт сөзіне сақ тұрады.  
Қыранның қырдан байқар баласындай.  
Жаман паркы жақсымен бірдей емес,  
Жақсы жігіт елінің ағасындай,  
Жақсының сөзін әркім пайдаланар,  
Миуалы алма, өріктің ағашындай.  
Жаманның көкірегі - көр, көзі - соқар,  
Жүрер жолдан тал - түсте адасып-ай.  
Жақсы адам қайсы жерден ажырайды,  
Жақсымын деп бәрі жүр таласып-ай.  
Жамандар - өтірікші, өсегі көп,  
Ел-жұрттың ірткі салар арасына-ай.  
Жалған сөзбен бықыстар ел арасын,

Жанбай қалған ағаштың шаласындай.  
Соқтығып әркімге бір ұрынады.  
Сиярдың тентек болған танасындай,  
Сондай жанның ешкімге сүйкімі жоқ,  
Жылқының қотыр болған аласындай.  
Жақсы адам елдің басшы серкесіндей,  
Жұғымды болар елге еркесіндей.  
Жақсының жүзі - жылы, сөзі - майда,  
Халқымның қалың жүнді көрпесіндей.  
Жақсы болар баланың - жүзі жақсы,  
Орыстың күймей піскен бөлкесіндей.  
Жақсыға үлкен - кіші - бәрі жақсы,  
Жасынан бірге өскен еркесіндей.  
Жақсы кісі көрінер жыл қысындай,  
Жаман адам балтаның ұңғысындай.  
"Олақтан салақ жаман" деген мақал,  
Жамандар кеудесі - үлкен, сөзі - кесек,  
Ақлы ауыс адамның жылдысындай.  
Екеуін салыстырып әдейі айттым,  
Қажетін қолданарсың тұрмысың-ай.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН  
/1841-1889/

КЕЛ, БАЛАЛАР, ОҚЫЛЫҚ!

Бір құдайға сиынып,  
Кел, балалар, оқылық.  
Оқысаңыз, балалар,  
Шамнан шырақ жағылар.  
Тілегенің алдыңнан,  
Іздемей-ақ табылар.  
Бір құдайға сиынып,  
Кел, балалар оқылық.  
Оқығанды көңілге,  
Ықпалмен тоқылық,  
Сиса кәйлек үстіңде,

Өнер-білім - бәрі де,  
Оқуменен табылған.  
Кел, балалар оқылық  
Оқығанды көңілге  
Ықпалмен тоқылық.  
Надандықтың белгісі -  
Еш ақылға жарымас.  
Жайылып жүрген айуандай,  
Ақ, қараны танымас...  
Бір құдайға сиынып,  
Кел, балалар оқылық.

Өнер-білім бар жұрттар,  
Тастан сарай салғызды.  
Айшылық алыс жерлерден  
Көзіңді ашып-жұмғанша,  
Жылдам хабар алғызды.  
Аты жоқ, құр арбаны  
Мың шақырым жерлерге  
Күн жарымда барғызды.  
Адамды құстай ұшырды,  
Мал істейтін жұмысты,  
От пен суға түсірді.  
Отынсыз тамақ пісірді.  
Сусыздан сусын ішірді.  
Теңізде жүзді балықтай,  
Дүниені кезді жалықпай,  
Білгендерге осылай  
Бәрі дағы анықтай.

БАЛҚОЖА БИДІҢ БАЛАСЫНА ЖАЗҒАН ХАТЫ

Үміт еткен көзімнің нұры балам,  
Жаныңа жәрдем берсін хақ тағалам.  
Атаң мұнда анаңмен есен-аман.  
Сүйіп сәлем жазады бүгін саған.  
Анаңды сағындым деп асығарсың,  
Сабаққа көңіл қойсаң басыларсың.  
Ата-анаңды өнер білсең асырарсың,  
Надан боп білмей қалсаң, аһ ұрарсың.  
Шырағым, мұнда жүрсең, нетер едің,  
Қолыңа құрық алып кетер едің.  
Тентіреп екі ауылдың арасында,  
Жүргеммен не мұратқа жетер едің?

Кім сендерді, балалар, сүйетұғын,  
Қуанышына қуанып, қайғына күйетұғын?  
Түн ұйқысын төрт бөліп, кірпік қақпай,  
Шешен байқұс дамылсыз жүретұғын.  
Кім сендерді балалар, тербететін,  
Еркелетіп, ойнатып, сергітетін?  
Жалқау болсаң, балалар, жаман болсаң,  
Қамқор анаң көз жасын көлдететін.  
Кім сендерді сағынар шетке кетсең,  
Ғылым іздеп, тез қайтпай, көшке кетсең?  
Ұмытпа, ең кемінде жұлдыз сайын,  
Хат жазып тұр, төбесі көкке жатсін.  
Кім сағынар сендерді келгеніңше,  
Құлындарын көздерімен көргеніңше,  
Сендер қайтып келгенде адам болып,  
Еш арманым болмас дер елгенімше?

БҮЛ КІМ?

"Бала, бала, бала" - деп,  
Түнде шошып оянған.  
Түн ұйқысын төрт бөліп,  
Түнде бесік таянған.  
Аялы қолда талпынтқан  
Қаймақты сүттей қалқытқан.  
Суық болса, жергегің,

Қорғасын оқтай балқытқан.  
Айналасына ас қойып,  
Изенді көлдей шалқытқан.  
Қолын қатты тигізбей,  
Кірлі көйлек кигізбей,  
Исін жұпар аңқытқан.

ЖАЗ

Сәуірде көтерілер рахмет туы.  
Көрінер көл жүзінде қаз бен қуы.  
Көктен жауып, таулардан сулар жүріп,  
Майылар жер жүзіне қардың суы...  
Ұшпақтың бір сәулесі жерге түсіп,  
Өсірер жерден шөпті нұрдың буы!...  
Аспаннан рақымменен күн төнгенде,

Қуанып қыбырайды жердің жүзі.  
Үйқпдан көзін ашқан жас балаша,  
Жайқалып шыға келер жердің гүлі.  
Таң атса, күн шығады мұнарлақил,  
Жаңбырлы бұлт шығар тұманданып.  
Адамзат нұрсауесін судай жұтар,  
Шөл тартқан айуандарша құмарланып.  
Жетпеген үлкендікке жас балалар,  
Жүгіріп ойдан-қырға жұмарланып.  
Сәуірде неше түрлі жауар несер,  
Несердің қуатымен жер шөбі өсер.  
Көкпенбек жердің жүзі шалғын болып,  
Адамзат рақаттанып бауырын төсер.  
Сәуірдің әрбір күні дертке дәрмен,  
Құдайым дәрмен бол деп етер пәрмен.  
Бір малы шаруаның екеу болып,  
Қыстаудан ауыл көшер алуан-алуан;  
Күлісіп, құшақтасып әзіл етер,  
Әйелдер көш жөнелтіп кейін қалған.  
Жүгіріп киік, құлан тау мен қырда;  
Қуанып, ықыласпен келген жылға...  
Адыстан мұнарланған сағымдары,  
Шақырып тұрар күліп кел деп мұнда!  
Көл бұзылып, көк шығып, қойнын ашса,  
Қаңқылдап қонар оған қаз бен тырна.  
Адамзат сайран етер көңілі жай.  
Секіріп ойын салар құлын мен тай.  
Қой маңырап, сиыр мәңіреп шат болады,  
Тасиды, күркіресіп өзен мен сай.  
Аяғын алшаң басып түйе шығар,  
Жаратқан мұнша таңсық жаббар құдай.  
Көш болса, күн қонады таудан асып,  
Шапаққа қызыл алтын нұрын шашып...  
Қырда орман, жер жүзінде бәйшешектер,  
Шуылдап шүкір етер мұның бәрі!

Асан деген бай баласы. Үсен деген жарлы баласы. Екеуі күрдас екен. Бір күні ел көшкенде, қыр астында ойнап жүріп, ескерілмей, екеуі жұртта қалыпты. Бір мезгілде үйге баралық деп келсе, ауыл жоқ, құр жұрты жатыр. Асан айғай салып, жылай бастады. Үсен ойланып тұрды да айтты:

- Жылағанмен еш нәрсе өнбес, көшкен ауылды іздеп табалық, - дейді.

- Елді қайдан табамыз, қай жаққа кеткенін де көргеніміз жоқ, - дейді Асан.

Үсен үндемеді, Асанды ертіп, көшкен жұртқа келді. Жұртта бір көзі сынған ине жатыр екен, оны алды және бір пышақтың сынығын, бір-екі устай қыл тауып, оны да алды. Сонан соң ауылдың жұртын айнала жүгіріп жүріп, көштің кеткен сүрлеуін тауып, сол сүрлеуге түсіп жүре берді.

Біраз өткен соң, сүрлеу екі айырылды. Мұны көріп Асан: "Енді қайсысына түсеміз", - деп жылай бастады. Үсен қарап жүріп, біреуіне көзі түсті.

- Мынау сүрлеу бүгін жүрген көштің сүрлеуі екен, малдың жас тезегі бар, - деді.

Біраз жер жүрген соң, Асан:

- Қарным ашты, - деп жылады.

Үсен үндемей келе жатса, екеуінің алдынан бір үйрек ұшып, ұзамай қасына қонды. Асанның онымен ісі болмай жүре берді. Үсен жүгіріп барып, сипалап жүріп, үйректің орнынан алты жұмыртқа тапты. Асан қуанып, жұмыртқаны алайын деп еді. Үсен алдырмай:

- Жолдан адасып, көп күн жүрсек, бізге тамақ керек болады, үйректі де ұстап алайық деп, - деді.

- Асан айтты:

- Қалай ұстаймыз?

Үсен:

- Мен әкемнің ұстағандарын көріп едім, - деп, манағы жұрттан тауып алған қылды есіп, тұзақ істеді де, оны апарып үйректің ұясына құрды. Мұнан соң Асанды шақырып алып, екеуі бір таса жерге, қалың шөптің арасына барып жатты. Көп ұзамай-ақ үйрек қайта ұшып, жап-жағында адам көрінбеген соң, ұясына келіп қонды. Біраздан соң Үсен түрегеліп, жүгіріп ұяға барып еді, үйрек ұша ал-

май, далбырлады да қалды. Қараса, үйрек мойнынан тұзаққа ілініп қалған екен.

Үйректі Асан:

- Тірі алып ойнап баралық, - деді.

Үсен айтты:

- Әуре етпей, бауыздап алайық, - деп манағы жұрттан тауып алған пышақтың сынығымен бауыздап алды.

Мұнан соң, келе-келе жатып, түс ауған уақытта екеуі бір өзен судың бойына жетісті. Су ішіп, сусындарын қандырған соң Үсен айтты:

- Енді бір тамақ істеп желік.

Асан:

- От жоқ, не қылып пісіріп жейміз? - деді.

Үсен үндемей су жағалап жүгіріп кетіп, бір шақпақ жас тауып әкелді және шапанының бір кішкентай жұртылған жерінен аз ғана мақта суырып алып, оны тастың үстіне қойып, бәрін бармағына ғана қатты қысып тұрып, манағы пышақтың сыртымен тасқа қатты ұрып еді, от шығып, мақта тұтанды. Сонан соң айналасына аз ғана тезек үгіл салып, Үсен өзі отты үріп тұтандырып жатып, Асанды қу тал жиып алып кел деп жіберді. Тал кептірілген соң, от жағып, әуелі жұмырқаны отқа салып пісірді, онан соң үйректің жүнін жұлып, бұтарлап, бір талдан істік істеп, үйректі отқа қақтады. Піскен соң, екеуі де жесіп, тойып алысты. Тамағы тойған соң, көңілінен уайымы шығып, Асан су жағалап жүгіріп кетті. Бір мезгілде дауыстады:

- Үсен, Үсен мына тайыз жердегі балықтарды қарашы! - деп.

Үсен оған қарамай, баяғы жұрттан тапқан инені отқа салды. Ине біраздан соң оттың күшімен еріп, қызарды. Сол уақытта пышақпен инені алып, ептеп иді, қармақ істеді. Сонан соң Асанды шақырып:

- Сен шегіртке тере бер, - деді де, өзі манағы қылдан өсіп қармаққа бау істеп байлап, талдан кесіп, оған сап істеді. Сүйтіп, қармағы әбзәлімен дайын болған соң, Үсен суға барып, Асанның жиган шегірткесін жемге шаншып, қармағын суға салды. Су әдемі, айнадай таза су екен, ішіндегі ойнаған балықтары көрініп жүретұғын. Келді әуелі шабақ, біреуі - бір, екісі - екі, жемге тиіп-қашып, жүлқып етіп жүрді. Сөйтіп тұрғанда, шабақтар дүркірей көп қашты. Қараса, бір шортан келген екен. Ол шортан жемге де қарамай, тәкаппарланып, жайымен бұлғаңдап етіп жүре берді. Шортан өткен соң, манағы бытырап кеткен шабақтар тағы жалма-жан жиылысып келіп, жемнің айнала-

сында ойнап, бірін-бірі қуып, жемге де тиіп-қашып, соғып өтіп жіберді. Сөйтіп тұрғанда, шабақтар дүркірей жоқ болып кетті. Қараса, бір бөлек ала бұғалар келген екен, жемді ең бұрын көрген біреуі тоқталмастан келіп, асап қалғанда Үсен қармақты тартып алып, оны қырға шығарып тастады. Сол қалпынша Үсен бірталай ала бұға алды.

Балықтың алынған қызығына қарап тұрып, балалар күннің кешке таянып қалғанын аңғармаған да екен. Бір мезгілде Үсен күнге қарап:

- Ах, күн кеш болып қалыпты ғой, жарықта өткел тауып алайық, - деп, қармақпен алған балықтарын жинай бастады. Жинап болған соң, балықтарын біреуінің шапанына орап алып, манағы шақпақ тасын және сабы-бауы мен қармағын да қалдырмай алып, енді өткел іздесті. Бұл турада Үсен кідірместен, манағы өздерінің түсіп келген сүрлеудің өткен жерін тауып алып, сол жерден өте шықты.

Біраз жүрген соң-ақ күн кеш болды және біраздан соң, ымырт жабылып, жол көрінбеді. Түн болған соң, балалар екеуі де қорқайын деді. Сөйтсе де, Үсен сыр білдірмей:

- Енді жүрсек адасамыз... - деп тоқтады. Тезек теріп, от жақты. Біраз отырған соң, Асан күндіз көп жүріп шаршаған бала ұйықтап қалды. Үсен ойлады:

Әкем айтушы еді "Елді жердің ұрысы, далалы жердің бөрісі болады" - деп, ұйықтамай, отқа күндізгі алған балығын пісіріп, ермек етіп отыра берді. Естуі бар еді: от жағып отырса, қасқыр келмейді-міс деп. Қарап отырса, бір мезгілде бір топ киік келді. Олар анадайдан одырайып қарап, тұрып-тұрып, өз-өзінен үркіп жөнелді. Біраздан соң құлыны, тайы бар бір үйір құлан келді. Айғыры алдында, басын тікшейтіп, құйрығын шаншып, оскирынып, өзгелері таңданып қарап тұрды да, олар да шауып жөнелді. Бір мезгілде жақын жерде қасқыр ұлыды. Алысырақта өгізшағала адамша шыңғырып, біресе жылаған балаша, біресе қарқылдап кулген адамша, әр түрлі дауысқа салды. Үсен түйсінінкіреп, бойы мұздап, қолына манағы қармақтың таяғын қысыңқырап ұстап және отыра берді. Сөйтіп әр жануарларды көріп, оттың жарығына жиналған құрт-құмырсқа, көбелектерді қарап: "Бұл көбелек, қоңыздар неге көріне өлім іздеп, отқа түсе береді екен", - деп түрлі ойларға қалып, сүйеніп жатып, таңды атырды.

Күншыгыста таң әуелі алтынмен боялғандай, қызарып, жан-жаққа жайыла-жайыла барып, ақыры, қызылы тарап, ағара бастағанда, Үсен Асанды оята бастады:

- Жүрер уақыт болды, - деп. Асан далада екенін ұмытып, үйдегі қалпынша, жуық арада оянбай ыңырсыса да, Үсен қоймай оятып алып, қасына ертіп, жолға шығасты.

Күн сәскеге дейін жүріп отырып, сәскеде сүрлеу бір қатаң шақаттау жерге түсіп, көрінбей кетті. Балалар енді қай жаққа жүрерін білмей, дағдырап тұрды. Сөйтіп, жан-жағына қарап тұрса, ілгері алдында, бір биік қыр үстінде үлкен мола көрінді. Сонда Үсеннің ойына әкесінің сөзі түсті: "Далада жүріп адассаң, мола жерде су болады, суды жерде ел болады", - дейтін еді әкесі. Сол ақыл бойынша, Үсен Асанды ертіп молаға қарай жүрді. Молаға жақындап келгенде, қаңқылдаған қаздың даусы шықты. Үсен енді жақын жерде көл бар екенін білді. Оның үшін қаз сусыз жерде мекен етпейді. Екеуі келіп енді молалы қырга шықты. Қараса, қырдың жығылар асты үлкен көл екен. Көлдің айналасында, іші де жыңылдаған мал, жағасында жібектей жапырылған көкорай шалғында қора-қора қой мен жылқы, жылқының бір парасы көл ішіне кіріп, белінен құраққа кіріп тұр, енді бір жақ жағасындағы ортаңда бір топ түйе жатыр. Бұларды көріп, балалар қырдан түсіп, жүгіріп малға келді. Келсе, өз ауылдарының малы екен. Малшылар Асан, Үсенді көріп, олар да қуанып, біреуі әке-шешелерінен сүйінші сұраймыз деп, шауып кетті, біреуі балаларды атқа мінгізіп, ауылға алып жүрді. Жолда келе жатып малшылар айтты:

Сендердің жұртта қалғандарыңды біліп, кешеден ауылдың жан біткені іздеуге кетіп еді, - деп. Нақ бесін мезгілінде балалар аман-есен үйлеріне келіп, әке-шешелеріне қосылды.

## ТАЗА БУЛАҚ

Үш жолаушы бір бұлақтың басында бір-біріне кез болыпты. Бұлақ бір тастақ жерден шыққан, айналасы қалың біткен ағаш, жапырақтары бұлақтың үстіне төгіліп, суы мұздай салқын, шыныдай жылтылдап тұрған, сонша әдемі, таза бұлақ екен. Су шыққан жеріне бір қазандай тасты біреу ойып, қорғанша қылып, тастың су ағар жеріне жазу жазыпты:

- Ей, жолаушы болсаң, осы бұлақтай бол, - деп.

Манағы үш жолаушы бұлақтан ішіп қанған соң, жазуды оқып, біреуі саудагер екен, ол айтты:

- Бұл жазылған ақыл сөз екен, бұлақ күн-түні тынбай ағып, алыс жерлерге барады, бара-бара кеңейіп, үлкейеді, бұған бөтен бұлақтар құйып, сөйте бара, үлкен өзен болып кетеді. Мұнан мұрат есс адам, сен де тынбай қызмет қыл, еш уақытта жалқауланып тоқтап қалма, сөйтсең, ақырында, сенде зорайып, мұратыңа жетесің дегені деп білем, - деді.

Екінші жолаушы мүсәпір молда екен, басын шайқап:

- Жоқ, мен олай ойламаймын, бұл жазудың мағынасы біз ойланнан гөрі жоғарырақ соқса керек. Бұл бұлақ кім-кімге болса да даяр, ыстықтағанның бәрін салқындатып жанын рақаттандырады, сусағанның сусынның қандырып, оның үшін ешкімнен ақы дәметпейді, бұлай болса, адамға да ғибрат<sup>1/</sup> сол: біреуге жақсылық етсең, ол жақсылығыңды ешкімге міндет етпе деген болса керек, - деді.

Үшінші жолаушы көркем келген бір әдемі жігіт екен, бұл үндемей тұрды. Жолдастары: "Сен не ойлайсың?" - деп сұрады.

Жігіт айтты:

- Менің ойыма бөтен бір нәрсе келеді: бұл бұлақ бір орында тұнып тұрып, шөп-шалам түсіп, лай-қоқым болса, бұған адам мен айуан мұнша ынтық болмас еді, бұлақ күні-түні тынбай ағып, тазадаланып тұрғаны үшін ынтық болады. Олай болса жазудың мағынасы: көңіліңді, бойыңды осы бұлақтай таза сақта, неше бұлаққа қарасақ, күн түссе, күннің, шөп түссе, шөптің сәулесін көреміз, көңілің сол рәуішті<sup>2/</sup> сыртқа ашық көрініп тұрсын дегенім деймін, - деді.

## АУДАРМА СИПАТТЫ ӘНГІМЕЛЕРІ

### АСЫЛ ШӨП

Зылиха мен Бәтима деген біреудің қызметінде тұрған екі қыз бала төбесіне бір-бір жәшік жеміс көтеріп, қалаға келе жатыптымыс. Зылиха ахлап-ухлеп, шаршадым деп, Бәтима күліп, әзілдесіп келе жатады. Сонда Зылиха айтты:

1/ Ғибрат - сабақ, үлгі.

2/ Рәуішті - сол сықылды деген мағынада.

- Сен неге маз болып куанып келесің, төбеңдегі жәшіктің ауырлығы да менің басымдағыдан кем емес, өзің де менен күшті емессің.

- Мен жәшігім ішіне ауырды жеңілдететін бір шөп салдым, - деді Бәтима.

- Әй, ондай болса шөбіңнің атын айтшы, мен де ауырды жеңілдетейін, - деді Зылиха.

- Ол шөп сенің қолыңа түспей ме деп қорқамын, аты сабыр деген, - деді.

### БІР УНС МАҚТА

Бір кішкентай қыз әкесінің шапанын жамылды отыр екен, шешесі қасына отырып, ақыл айтты:

- Балам, дүниедегі жаратылған жанды-жансыздардың ешқайсысының да керексіз болып, жерде қалатыны болмайды - деп.

Сол сөзді айтып отырғанда, қыз бала киімін жамап болып, жердегі мақтаның қиқымын терезеден лақтырып, далаға тастады:

- Әже, осы қиқымың еш нәрсеге көрегі бола қоймас, - деп Шешесі:

- Балам, сол да жерде қалмайды, - деді.

Осылайша сөйлесіп, терезеден қарап отырса, манағы мақтаны жел көтеріп ұшырды, мұны бір торғай көріп қуып барып, мақтаны тұмсығына тістеп қана алып, ұшып кетті. Қыз әжесінен:

- Манағы мақтаның қиқымын бір торғай алып кетті, оны не қылады? - деп сұрады.

- Әжесі айтты:

- Көрсің бе, балам, күн айналмай манағы айтқан сөздің келгенін. Ол кішкентай мақтаны торғай ұясына төсіп, жас балапаңдарына мамық өтеді, - деді.

### МАҚТА ҚЫЗ БЕН МЫСЫҚ

Мақта қыз бен мысық екеуі дос болып жүреді. Мақта қыз үйін жинап жүріп, бір мейіз тауып алады. Мақта қыз мысықты шақырады. Мысық келмейді. Шақырады - келмейді. Сонан-соң: "Келмесең қой", - деп өзі жеп қояды. Жеп болған соң, мысық келіп: "Неге шақырдың?" -

деп сұрайды. Мақта қыз айтпайды. Сонан соң мысық: "Ендеше қатығыңды төгемін", - дейді. Мақта қыз: "Мен құйрығыңды кесіп аламын", - дейді. Мысық қатықты төгеді. Мақта қыз оның құйрығын кесіп алады. Мысық:

- Апа, апа, құйрығымды берші, - дейді. Мақта қыз:

- Менің қатығымды төле, - дейді. Мысық сиырға барады:

- Сиыр, сиыр, маған қатық берші, - дейді. Сиыр айтады:

- Менің қарным ашып тұр, маған жапырақ әкеліп берші, - дейді.

Мысық ағашқа барып:

- Ағаш, ағаш, жапырағыңды берші, - дейді. Ағаш айтады:

- Мен шөлдеп тұрмын, су әкелсең, жапырақ беремін, - дейді.

Мысық суға бара жатса, су әкеле жатқан қыздарды көріп:

- Қыздар, қыздар, маған су беріңдерші, - дейді. Қыздар:

- Бізге сағыз әкеліп берсең, біз саған су береміз, - дейді.

Мысық дүкенге баралы:

- Әй, дүкенші маған сағыз берші, - дейді. Дүкенші:

- Маған тұқым бер, - дейді. Мысық тауыққа барады:

- Тауық, тауық, маған тұқым берші, - дейді. Тауықтар айтады:

- Бізге дән әкеліп берсең, біз саған тұқым береміз, - дейді.

Мысық енді неғыламын деп бара жатса, бір ін қазып жатқан тышқанды көреді. Мысық тышқанды қорқытып:

- Жаныңның барында айт, үйіңде не бар? - дейді. Тышқан қорыққанынан:

- Үйімде бір батпан тарым бар, - дейді. Мысық айтады:

- Маған бір унс тары бер, - дейді. Тышқан үйіне барып, бір унс тары береді. Тарыны апарып тауыққа береді. Тауық тұқым береді, тұқымды апарып дүкеншіге береді, дүкенші сағыз береді. Сағызды апарып қыздарға береді, қыздар су береді. Суды апарып ағашқа береді, ағаш жапырағын береді. Жапырақты апарып сиырға береді, сиыр қатық береді. Қатықты апарып мақта қызға береді. Мақта қыз мысықтың құйрығын береді. Сөйтіп, мысық мұратына жетеді.

### ӘКЕ МЕН БАЛА

Бір адам он жасар баласын ертіп, егініңнен жаяу көле жатса, жолда қалған аттың бір ескі тағасын көріп, баласына айтты:

- Анау тағаны, балам, ала жүр, - деп.

Бала әкесіне:

- Сынып қалған ескі тағаны неғылайын, - деді. Әкесі үндемеді, тағаны өзі иіліп алды да, жүре берді. Қаланың шетінде темірші ұсталар бар екен. Соған жеткен соң, әкесі қайырылып, манағы тағаны соларға үш тиынға сатты. Онан біраз жер өткен соң, шие сатып отырғандардан ол үш тиынға бірталай шие сатып алды. Сонымен шиені орамалына түйіп, шетінен өзі бір-бірлеп алып жеп, баласына қарамай, аяңдап жүре берді. Біраз жер өткен соң, әкесінің қолынан бір шие жерге түседі. Артында келе жатқан бала тым-ақ қызығып келеді екен. Жерге түскен шиені жалма-жан жерден алып, аузына салды. Бірталайдан соң және бір шие, онан біраз өткен соң және бір шие, сонымен әр жерде бір әкесінің қолынан түскен шиені он шақты рет иіліп, жерден алып жеді. Ең соңында, әкесі тоқтап тұрып, баласына шиені орамалымен беріп тұрып айтты:

- Көрдің бе, мана тағаны жамансынып, жерден бір ғана иіліп көтеріп алуға өріндің, енді тағаға алған шиенің жерге түскенін аламын деп, бір өңкөйдің орнына, он өңкөйдің. Мұнан былай есіңде болсын: "Аз жұмысты қиынсынсаң, көп жұмысқа тап боларсың; азға қанағат етпесең, көптен құр қаларсың", - деді.

#### ТАЛАПТЫҢ ПАЙДАСЫ

Орыстың патшасы Ұлы Петр деген кісінің бір күні шіркеуде тұрғанда, көп адамның артқы жағында үңіліп патшаға қарап, бөрімен қалқалап қана бір нәрсені сызып тұрған балаға көзі түседі. Мұнымен бөтен кісінің ісі жоқ, жалғыз-ақ ақылы кемел патша сол бала екеш балаға да көзін салып тұрған екен. Шіркеуден шығарда жұрт екі жарылып, Петрге жол беріпті, сонда Петр түп-тура манағы балаға барды. Бала қолындағы сызумен алданып тұрып, тіпті Петрдің келгенін байқамай да қалыпты. Сонда жұмсақ шыраймен Петр сұрады:

- Неғылып тұрсың?
- Сіздің суретіңізді салып алайын деп едім.
- Оны неғыласың?
- Даңқтысыз, дабылыңыз жер жүзіне жайылған кісісіз, суретіңізді сызып алмақшы едім.
- Кәне, көрсетші сызғаныңды.

- Сол уақытқа дейін қорықпай жауап беріп тұрған бала сызғаныңды көрсет дегенде қысылайын депті. Сүйтсе де, сызған қағазын әдеппен Петрдің қолына беріпті.

Қараса сурет рәуішті де емес, әйтеуір өз білімінше сызған сызық, бала ол күнде сурет салуды қайдан білсін.

Солай да болса, Ұлы Петр баланың талапты, зерек екенін аңғарып, оқуға бергізіп, сол бала бүкіл орыс жұртына даңқы шыққан суретші болған.

#### ӨРМЕКШІ, ҚҰМЫРСҚА, ҚАРЛЫҒАШ

Атасы он жасар баласымен далада келе жатып, баласынан сұрады:

- Анау өрмекшіні көремісің, не істеп жүр?

- Көремін, өрмек тоқып жүр.

- Анау құмырсқаны көремісің?

- Көремін, аузында бір нанның уалшығы бар, жүгіріп кетіп барады.

- Жоғары қара, кекте не көрінеді?

- Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр. Аузында кесе тістеген шөбі бар.

Сонда атасы айтты: - Олай болса, шырағым, ол кішкентай жәндіктер саған ғибрат: өрмекші маса-шабынға тұзақ құрып, жүр, ұстап алғал соң өзіне азық етерге; құмырсқа бала-шағаларына тамақ аулап, бір нанның уалшығын тапқан соң, өзі жемей, аузына тістеп, қуанғанынан үйіне жүгіріп қайтып барады. Қарлығаш балапандарына үй істеуге шөп жинап жүр. Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ. Сен де жұмыс істеуге әдеттен.

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ

/1845-1904/

ӘСЕМПАЗ БОЛМА ӘРНЕГЕ

Әсемпаз болма әрнеге,  
Өнерпаз болсаң, арқалан.  
Сен де бір кірпіш дүниеге,  
Кетігін тап та, бар қалан.  
Қайрат пен ақыл жол табар

Қашқанға да, құғанға,  
Әділет, шапқат / кімде бар,  
Сол жарасар туғанға.  
Бастапқы екеу соңғысыз,  
Біте қалса қазаққа,

I/ Шапқат - әділдік, аяу, жәрдем ету.

Алдың - жалын, артың - мүз,  
Барар едің қай жаққа?  
Пайданы көрсең бас ұрып,  
Мақтанды іздеп, қайғы алма.  
Мініңді ұрлап, жасырып,  
Майданға түспей бәйге алма.  
Өзіңде бармен көзге ұрып,

### ҒЫЛЫМ ТАППАЙ МАҚТАНБА

Ғылым таппай мақтанба,  
Орын таппай баптанба,  
Құмарланып шаттанба,  
Ойнап босқа күлуге.  
Бес нәрседен қашық бол,  
Бес нәрсеге асық бол,  
Адам болам десеңіз.  
Тілеуің, өмірің алдында,  
оран қайғы жесеңіз.  
Өсек, өтірік, мақтаншақ,  
Еріншек, бекер мал шашпақ -  
Бес дұшпаның білсеңіз.  
Талап, еңбек, терең ой,  
Қанағат, рақым ойлап қой, -  
Бес асыл іс, көнсеңіз.  
Жамандық көрсең нәфрәтлі<sup>1/</sup>,  
Суытып көңіл тисаңыз.<sup>2/</sup>  
Жақсылық көрсең гибрәтлі,  
Оны сйға жисаңыз.

1/ Нәфрәтлі - жиренішті, жиіркенішті  
2/ Гибрәтлі - үлгілі

Артылам деме өзгеден.  
Күндестігін қоздырып,  
Азапқа қалма езбеден.  
Ақырын жүріп, анық бас,  
Еңбегің кетпес далаға.  
Ұстаздық қылған жалықпас,  
Үйретуден балаға.

1894 ж.

Ғылым болмай немеңе,  
Балалықты қисаңыз?  
Болмасаң да ұқсап бақ,  
Бір ғалымды көрсеңіз.  
Ондай болмақ қайда деп,  
Айтпа ғылым сүйсеңіз.  
Сізге ғылым кім берер.  
Жанбай жатып сөнсеңіз?  
Дүние де өзі, мал да өзі,  
Ғылымға көңіл берсеңіз.  
Білгендердің сөзіне  
Махаббатпен ерсеңіз.  
Ақыл сенбей, сенбеңіз,  
Бір іске кез келсеңіз.  
Ақсақал айтты, бай айтты,  
Кім болса, мейлі, сол айтты -  
Ақылменен жеңсеңіз.  
Надандарға бой берме,  
Шын сөзбенен өлсеңіз.

Аят, хадис<sup>1/</sup> емес қой,  
Күпір<sup>2/</sup> болдың демес қой,  
Қанша қарсы келсеңіз.  
Көп көзіне көріне айтпа,  
Біздің сөзге ерсеңіз.  
Мұны жазған кісінің  
Атын білме, сөзін біл.  
Осы жалған дүниеден,  
Шешен де өткен не бұлбұл,  
Кәсем де өткен не дұлдұл<sup>3/</sup>.  
Сөз мәнісін білсеңіз,  
Ақыл-мизан<sup>4/</sup>, өлшеу қыл.  
Егер қисық көрінсе,  
Мейлің таста, мейлің күл.  
Егер түзу көрінсе,  
Ойлап-ойлап, құлаққа іл,  
Ақымақ көп, ақылды аз,  
Деме көптің сөзі бұл.  
Жақынның сөзі тәтті деп,  
Жақынды айтты дей көрме.

### ЖАСЫМДА ҒЫЛЫМ БАР ДЕП ЕСКЕРМЕДІМ

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,  
Пайдасын көре тұра тексермедім.  
Ержеткен соң түспеді уысыма,  
Қолымды мезгілінен көш сермедім.

1/ Аят, хадис - құранның жеке-жеке тараулары  
2/ Күпір - діннен шығу, дін жолынан ауысу  
3/ Дұлдұл - өрен жүйрік /шешен деген мағынада/  
4/ Мизан - таразы, өлшеуіш.  
5/ Ғұламахи - ғалым, оқымысты  
6/ Дауани - кісі аты

Надандықпен кім айтса,  
Ондай түпбіз сөзге ерме,  
Сізге айтамын, қаупім - бұл.  
Өзің үшін үйренсең,  
Жамандықтан жиренсең,  
Ашыларсың жылма-жыл.  
Біреу үшін үйренсең,  
Біреу білмес, сен білсең,  
Білгеніңнің бәрі - тұл.  
Сөзіне қарай кісіні ал,  
Кісіге қарап сөз алма.  
Шын сөз қайсы біле алмай,  
Әр нәрседен құр қалма,  
Мұны жазған білген күл,  
Ғұламахи<sup>5/</sup>, Дауани<sup>6/</sup>  
Солай депті ол шыншыл.  
Сөзін оқып және ойла,  
Тез үйреніп, тез жойма,  
Жас уақытта көңіл - гүл.

1886 жыл.

Бұл махрум<sup>1/</sup> қалмағыма кім кінәлі,  
Қолымды деп сермесем, естер ме едім?  
Адамның бір қызығы бала деген,  
Баланы оқытуды жек көрмедім.  
Баламды медресеге біл деп бердім,  
Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім.  
Өзім де басқа шауып, төске өрледім,  
Қазаққа қара сөзге дес бермедім...

1885 жыл.

### ИНТЕРНАТТА ОҚЫП ЖҮР

Интернатта оқып жүр  
Талай қазақ баласы -  
Жаңа әспірім, көк өрім,  
Бейне қолдың саласы,  
Балам закон білді деп,  
Қуанар ата-анасы,  
Ойында жоқ олардың  
Шаригатқа<sup>2/</sup> шаласы,  
Орыс тілі, жазуы -  
Білсем деген таласы.  
Прощение<sup>3/</sup> жазуға  
Тырысар келсе шамасы.  
Инаспызға не керек,  
Істің ақ пен қарасы.  
"Нан таппаймыз" демейді,  
Бүлінсе елдің арасы.

Еждихатсыз<sup>4/</sup>, михнатсыз<sup>5/</sup>,  
Табылмас ғылым сарасы.  
Аз білгенін көпсінсе,  
Көп қазаққа епсінсе,  
Кімге тиер панаһы?  
Орыс теріс айтпайды.  
Жаман бол деп оларды,  
Қаны бұзық өзі ойлар.  
Қу менен сүм боларды,  
Орыста қалар жаласы,  
Бұл іске кім виноват<sup>6/</sup>-  
Ия Семейдің қаласы?  
Ия қазақтың аласы?  
Ойында жоқ бірінің  
Салтыков пен Толстой,  
Ия тілмаш, ия адвокат

-----  
1/ Махрум - күр, бос

2/ Шаригат - діни оқу мағынасында

3/ Прощение - арыз, өтініш

4/ Еждихат - ынта, талап

5/ Михнат - азап, еңбек мағынасында.

6/ Виноват - айыпты, кінәлі

136

Болсам деген бәрінде ой,  
Көңілінде жоқ санасы.  
Ақылы кімнің бар болса,  
Демес мұны тілі ащы.  
Айтыңызшы болсаңыз  
Здравомыслящий<sup>1/</sup>,  
Ақыл айтпай ма ағасы  
Пайда ойлама ар ойла,  
Талап қыл артық білуге.  
Артық ғылым кітапта  
Ерінбей оқып, көруге,  
Военный<sup>2/</sup> қызмет іздеме,  
Оқалы киім киюге.  
Бос мақтанға салынып,  
Бекер көкірек көруге.  
Қызмет қылма оязға  
Жанбай жатып сенуге.  
Қалай сабыр қыласың,  
Жазықсыз күнде сөуге?  
Өнерсіздің қылығы,  
Тура сөзін айта алмай,  
Қит етуге бата алмай,

Қорлықпенен шіруге;  
Аз ақшаға жалданып,  
Өнбес іске алданып,  
Жол таба алмай жүруге.  
Алыста болса іздеп тап,  
Кореннойға<sup>3/</sup> кіруге.  
"Талапты елге нұр жауар".  
Жүріп өмір сүруге...  
Адал жүріп, адал тұр,  
Счетный<sup>4/</sup> тура келуге,  
Жаныңа жақса соңынан  
Жалқауланба еруге.  
Қисық болса закон бар.  
Судьяға беруге.  
Ол да оязной емес қой,  
Алуға теңдік сенуге...  
Ия өз бетіңмен тәуекел,  
Занимайся прямоюй,<sup>5/</sup>  
Жеңіл көрме, бек керек,  
Оған да ғылым, оған да ой,  
Қалайша, қайда еруге?

1886 жыл.

### КЕШЕГІ ӨТКЕН ЕР ӘБІШ /Әбдірахман елгенде/

Кешегі өткен ер Әбіш  
Елден бір асқан еренті.

Жүрегі жылы, бойы - құрыш;  
Туысы жанның белек-ті.

-----  
1/ Здравомыслящий - есі дұрыс, саналы.

2/ Военный - әскери

3/ Коренной - негізгі орынды іздеу мағынасында

4/ Счет - есебің тура келуге дегені

5/ Прямоюй - турашыл, батыл бол деген мағынада.

137

Өнері оның жұрт асқан.  
Ғылымға көңілі зерек-ті.  
Аямаған ғаріптен,<sup>1/</sup>  
Қолдан келген көмекті.  
Кісіге сідет<sup>2/</sup> жүктетпей,  
Еңбекпентапқан қоректі.

Біреудің қылған қарызын,  
Айтқызбай артық телепті.  
Боямасыз ақ көңіл,  
Кірлетпей кетті жүректі.  
Ойламаған өлімнен.  
Жасқанамын демепті...

1895 жыл.

### ТАЛАПТЫҢ МІНІП ТҮЛПАРЫН

Талаптың мініп тұлпарын,  
Тас қияға өрледің.  
Бір ғылым еді іңкәрін,  
Әр қиынға сермедің.  
Көзінді салдың тұғырға<sup>3/</sup>  
Бейнетін қиын көрмедің,  
Бірге оқыған құрбыға  
Бас бәйгені бермедің.  
Бала болдың, жас болдың,  
Жалғандыққа ермедің.  
Төре болдың, бас болдың,

Көкрегінді көрмедің.  
Ел ішіне сау келсең,  
Тағлім<sup>4/</sup> айтпасер ме едің?  
Жол көрсетіп сонда өлсең,  
Арманым бар дер ме едім?  
Іздеп табар жалғаннан,  
Бала берген бөнде едім.  
Бөнде өлмейді арманнан,  
Мінеки, мен де өлмедім.

1895 жыл.

### БОЛЫС БОЛДЫМ МІНЕКИ

Болыс болдым мінеки,  
Бар малымды шығындап.  
Түйеде қом, атта жал,  
Қалмады елге тығындап.  
Сүйтсе-дағы елімді,  
Ұстай алмадым мығымдап.

Күштілерім сөз айтса,  
Бас ізеймін шыбындап.  
Әлсіздің сөзін салғыртсып.  
Шала ұғамын қырындап.  
Сияз бар десе жүрегім,  
Орнықпайды суылдап.

1/ Ғаріп - нашар, сорлы, бейшара

2/ Сідет - міндет

3/ Тұғырға - оқып білім алу үшін алға ұмтылдың деген мағынада.

4/ Тағлім - үлгі-өнеге

Сыртқыларға сыр бермей,  
Құр күлемін жымындап.  
Жай жүргенде бір күні,  
Атшабар келді лепілдеп:  
"Ояз шықты, сияз бар  
Нлау, - деп, үй", - деп  
дікілдеп.

Сасып қалдым, күн тығыз,  
Жүрек кетті лүпілдеп.  
Тың тұяқ күнім сүйтсе де,  
Қарбандадым өкімдеп.  
Старшин биді жиғыздым:  
"Береке қыл, - деп, - бекін", - деп,  
"Ат жарамды, үй жақсы  
Болсын, бәрің күтін", - деп.  
Қайраттанып халқыма,  
Сөз айтып жүрмін күпілдеп:  
"Қудай қосса жұртымның,  
Ақтармын осы жолы сүтін", - деп.  
Қайраттысып, қамқорсып,  
Сайманымды бүтіндеп.  
Оңашада оязға  
Мақтамаймын елімді,  
Өз елімді айтамын:  
"Бергенім жоқ, - деп, -  
белімді!"

Мақтанамын кісімісіп,  
Оязға сөзім сенімді.  
"Көрсеттім", - деймін,  
ымдаймын,  
Кәдік қылар жерімді...  
Әрлі-берлі тартысып,  
Ісі арамь жеңілді.  
Толқыны күшті асаулар  
Ноқтаға басы кірілді.  
Үлкен-кіші ақынның  
Бәрі сөз боп терілді.  
Қайрауы жеткен қатты би,

Қайырылып нетсін көңілді.  
Өз малым деп қойған мыл,  
Иесіне берілді.  
Ақылы жандар қамалап,  
Кептірді сонда ерінді...  
...Күн батқанша шабамын,  
Әрлі-берлі далпылдап.  
Етек кеткен жайылып...  
Оязға жетсін деген боп.  
Боқтап жүрмін барқылдап.  
Кейбіреуге таяғым,  
Тиіп те кетті бартылдап.  
Пысықтың көбі бұғып жүр,  
Беттесе алмай шаңқылдап.  
Ашылып омырау, күн ыстық,  
Қойын кетті аңқылдап,  
Елі жөнді бслыстар,  
Мақтанып жүр тарқылдап.  
Күлкісі бөлек қарқылдап.  
Үні бөлек сартылдап.  
Сөйлесе кетсе, бір жерде,  
Ағыны қатты аңқылдап.  
Оязға кірсе өзгеден,  
Мерейі үстем жарқылдап.  
Елің бұзық болған соң,  
Ояз жатыр шартылдап.  
Табаныңнан тозасың,  
Құр жүгіріп тарпылдап.  
Ант ұрғанмын өзім де,  
Бір мінезбен өтпеймін.  
Момындық күшті екенін,  
Көрсем-дағы күштеймін.  
Сияздан соң елімді,  
Қысып алып кетпеймін...  
Ояз бардағы қылықты,  
Ояз жоқта етпеймін.  
Кәкір-шүкір, көр-жерді  
Пайда көріп етпеймін.

Мынау арам, тентек" деп,  
Еш кісіні төппеймін.  
"Өзімдік бол" деп ел жиып,  
Құрастырып септеймін.  
Бұзақының бүлігін,  
"Жақсы ақыл" деп, "құп" деймін.  
Сүйегім жасық, буын бос,  
Біраз ғана айлап бар.  
Айлап құрсын, білемін -  
Болыстықтың жолы тар.  
Қайтіп көмек болады,  
Ант ұрған өңкей ұры-қар!  
Көргенім әлігі, ойлашы,  
Үят, намыс, қалды ма ар?  
Ендігі сайлау болғанда,  
Түсе ме деп тағы шар,  
Бұл күніме бір күні,  
Боламын ғой деймін зар,  
Ақыл айтар туғандар,  
Бұл сөзімді ойлаңдар.  
Кәтелөчке<sup>I/</sup> көбейді,  
Сөгіс естіп тозды ажар,  
Мынау елді ұстарлық,  
Кісі емеспін, көл құтқар.  
Қолдан келмес қорлыққа  
Неге болдым мұнша іңкәр?

### МӘЗ БОЛАДЫ БОЛЫСЫҢ

Мәз болады болысың,  
Арқаға ұлық қаққанға.  
Шелтірейтіп орысын<sup>I/</sup>  
Шенді шекпен жапқанға.  
Күнде жақсы бола ма?

Ел жайылды, жетпей ме?  
Оязға да бір хабар?  
Тағы бүйтіп кеттің деп,  
Қозғау салар, қолға ала.  
Қатты қысым қылған соң,  
Басым сотқа айналар.  
Кірлі болып түскен соң,  
Көрген күнім не болар?  
Өзіме мәлім, тентектер  
Өз бетімен не табар?  
Қағаз берер, қарманар,  
Аяғында сандалар.  
Бұрынғыдай дәурен жоқ,  
Ұлық жолы тарайды.  
Өтірік берген қағаздың,  
Алды-артына қарайды.  
Өз қағазы өз көзін  
Жоғалтуға жарайды.  
Тауып алып жалғанын,  
Қылмысыңды санайды.  
Өзі залым, зақуншік,  
Танып алды талайды,  
Көрмей тұрып түсеміз,  
Темір көзді сарайды.

1889 жыл.

Бір қылығы жаққанға?!  
Оқалы тон тола ма,  
Ар-ұятын сатқанға?  
Күлмең қағып, қасқайып,  
Салынып әп мақтанға,

Таң қаламын, қампып,  
Жоқты-барды шатқанға.  
Үмі мез боп қой сойды,  
Сүйіпшіге шапқанға.  
Әуре қылды, салды ойды.  
Үйдегі тыныш жатқанға.  
Еш нәрсе емес жұбанар,  
Ақыл көзбен баққанға.  
Мас баладай қуанар,  
Бір дәмдіні татқанға...  
Қуанарлық қыз емес,  
Жылтырауық таққанға?  
Өзгелерді, біз емес,  
Түсірмекші қақпанға.  
Осы да есеп бола ма?  
Ар, абұйыр тапқанға?  
Миың болса, жолама,  
Бос желігіп шапқанға.

Үйде отырса, салбырап,  
Түзге шықса, албырап,  
Кісіні көрсе, қалжындап,  
Қалжыншылсып ыржаңдап.  
Өз үйінде қипаңдап,  
Кісі үйінде күй таңдап,  
Ақылы бар кісіні  
Ғайбаттайды, даттайды,  
Ауқаты бар туғанды  
Қайырсыз ит деп жатпайды.  
Мал мен бақтың дұшпаны  
Кеселді пысық көбейді.  
Күшік иттей үріп жүр,  
Кісіден кеммін демейді.  
Қу тілімен құтырып,  
Кетер бір күн отыртып,

Бір бес надан, оңбассың,  
Нәнсаң онын қосқанға.  
Жасық, жаман болмассың,  
Жамандықтан қашқанға.  
Ол "болдым-ақ" дей берер,  
Бұлғақ қағып басқанға.  
Елең қағып елбіреп,  
Елітіп көзді аспанға.  
Жайы мәлім шошқаның,  
Тұрткенінен жасқанба.  
Бір ғылымнан басқаның,  
Кеселі көп асқанға.  
Одан үміт кім қылар,  
Жол табар деп сасқанда.  
Өйтіп асқан жолығар,  
Кешікпей-ақ тосқанға.

1889 жыл.

Қызмет қылған кісісін  
Қуртуға таяйды.  
Қылып жүрген өнері:  
Харекеті - әрекет.  
Өзі оңбаған ант ұрған,  
Кімге ойлайды берекет?  
Кімді ұялып аяйды?  
Расы жоқ сөзінің,  
Ирсы жоқ өзінің,  
Өңкей жалған мақтанмен,  
Шынның сөтін бояйды.  
Бұл сөзімде жалған жоқ.  
Айтылмай сөзім қалған жоқ.  
Абайлаңыз, байқаңыз -  
Елдің жайы солай-ды.

1867 жыл.

I/ Орысың - бұл жерде орыс ұлықтары мағынасында.

БОЙЫ БУЛҒАҢ

Бойы булған,  
Сөзі жылмаң,  
Кімді көрсем, мен содан,  
Бетті бастым,  
Қатты састым,  
Тура қаштым жалма-жан.  
Өз ойында,  
Тұл бойында  
Бір міні жоқ бөндөсіп,  
Түзде мырзаң,  
Үйде сырдаң,  
Сөзі қылжаң өркөсіп,  
Бас құрасып,  
Мал сұрасып,  
Бермегенмен кетісер.  
Адам аулап,  
Сыпыра саулап,  
Байды жаулап жетісер.  
Сөз қыдыртқан.  
Жұрт құтыртқан,  
Антын, арын саудалап,  
Бұтты-шатты,  
Үй санатты,  
Байдан атты алмалап.  
Көдейі - ер,  
Кеселі зор,  
Малды байдан сорлы жоқ.

Аш көмектің,  
Жемдемектің,  
Босқа әлектің орны жоқ.  
Ел қағынды,  
Мал сабылды.  
Ұрлық, өтірік гуде-гу.  
Байы - баспақ,  
Биі саспақ,  
Әулөкі аспақ сыпыра қу.  
Ақы берген,  
Айтса, көнген,  
Тыныштық іздеу өлде жоқ.  
Аққа тартқан,  
Жөнге қайтқан,  
Ақыл айтқан бөнде жоқ.  
Әз тұтуға<sup>1/</sup>,  
Сыйласуға  
Қалмады жан бір татыр.  
Сыпыра батыр,  
Пәле шақыр,  
Болдың ақыр тап-тақыр.  
Су жұғар ма,  
Сөзді ұғар ма,  
Сыпыра жылмаң, жел буа?  
Айтты - көндім,  
Алды - бердім,  
Енді өкіндім - өзіме аз.

1893 жыл.

СЕГІЗ АЯҚ

Алыстан сермеп,  
Жүректен тәрбеп,  
Шымырлап бойға жайылған.

-----  
1/ Әз тұту - қадірлеу, сыйлау.

Қиуадан шауып,  
Қисынын тауып,  
Тағыны<sup>1/</sup> жетіп қайырған,  
Толғауы тоқсан қызыл тіл,  
Сөйлеймін десең өзің біл.  
Өткірдің жүзі,  
Кестенің бізі  
Өрнегін сендей сала алмас.  
Білгенге маржан,  
Білмеске арзан,  
Надандар бахра<sup>2/</sup> ала алмас.  
Қиналма бекер, тіл мен жақ.  
Көңілсіз құлақ - ойға олақ.  
Басында ми жоқ,  
Өзіңде ой жоқ,  
Күлкішіл кердең наданның.  
Көп айтса мәнді,  
Жұрт айтса, болды -  
Әдеті надан адамның.  
Бойда қайрат, ойда көз  
Болмаған соң, айтпа сөз,  
Қайнайды қаның,  
Ашиды жаның,  
Мінездерін көргенде,  
Жігерлен, сілкін,  
Қайраттан, беркін  
Деп насихат бергенде,  
Үятсыз, арсыз салтынан,  
Қалғып көтер артынан,  
Аулаққа шықпай,  
Сыбырлап бұқпай,  
Мейірленбес еш сөзге.

-----  
1/ Тағыны - топас, арсыз

2/ Бахра - пайда, үлес

Пайдасыз ақыл -  
Байлаусыз тақыл,  
Атадан бала ойы өзге.  
Санасыз, ойсыз, жарымес,  
Өз ойында ар емес.

Тасыса өсек  
Искыртса кесек,  
Кұмардан әбден шыққаны,  
Күпіддек мақтан,  
Табытын қаққан,  
Аңдығаны, баққаны,  
Инасап, ұят, төрең ой  
Ойлаған жан жоқ, жауып қой.

Болмасын көкшіл,  
Болсайшы көпшіл,  
Жан аямай кәсіп қыл.

Орынсыз ыржаң,  
Болымсыз қылжаң,  
Бола ма дәулет, нәсіп бұл?  
Еңбек қылсаң ерінбей,  
Тояды қарның тіленбей.

Егіннің ебін,  
Сауданың тегін,  
Үйреніп, ойлап, мал ізде,  
Адал бол - бай тап,  
Адам бол - мал тап,  
Қуансаң, қуан сол кезде,  
Біріңді қазақ, бірің дос  
Көрмесен, істің бәрі бос.

Малыңды жауга,  
Басыңды дауга,  
Қор қылма, қорға, татулас.

Өтірік, ұрлық,  
Үкімет зорлық,  
Құрысын, көзің ашылмас,  
Ұятың, арың оянсын,  
Бұл сөзімді ойлансын.

Тамағы тоқтық,  
Жұмысы жоқтық,

Аздырар адам баласын.  
Таласып босқа,  
Жау болып досқа,  
Қор болып, құрып барасың.  
Өтірік шағым толды ғой.  
Өкінер уақытың болды ғой.

Жұмыссыз сандал,  
Еріксіз малды ал, -  
Деген кім бар сендерге.

Қулықты көргіш,  
Сұмдықты білгіш,  
Табылар кісі жәндерге,  
Үш-төрт жылғы әдетің,  
Өзіңе болар жәндетің.

Ауырмай тәнім,  
Ауырды жаным,  
Қаңғыртты, қысты басымды.

Тарылды көкірек,  
Қысылды жүрек,  
Ағызды сығып жасымды.  
Сүйеніп күлкі, тоқтыққа,  
Тартыпты өнер жоқтыққа.

Қайратым мәлім -  
Келмейді әлім,  
Мақсат - алыс, өмір - шақ.

Өткен соң базар,  
Қайтқан соң аजार,  
Не болады құр қожақ.  
Кеш деп қайтар жол емес,  
Жол азығым мол емес.

Бір кісі мыңға,  
Жүз кісі сұмға  
Әлі жетер заман жоқ.

Қадірлі басым,  
Қайратты жасым  
Айғаймен өтті, амал жоқ.  
Болмасқа болып, қара тер,  
Қорлықпен өткен кү өмір.

Сөзуар білгіш,  
Законшік, көргіш,  
Атанбақ – мақсат, мақтанбақ,  
Жасқанып, қорқып,  
Жорғалап, жортып,  
Именсе, елің баптанбақ.  
Қарғағанын жер қылмақ,  
Алқағанын зор қылмақ...  
Көмексіз көзін,  
Бір жалғыз өзін  
Баға алмай басын сандалар.  
Бауырына тартқан,  
Сырынды айтқан,  
Сырласың сыр айналар.  
Ол – қаны бұзық ұры-қары-  
Қапшың тауып сені алар.  
Басы-көзі қан боп,  
Арқа-басы шаң боп,  
Және тұрып жалпылдап;  
Жығылып тұрып,  
Буыны құрып;  
Тағы қуып салпылдап.  
Абұйыр қайда, ар қайда?  
Өз басыңа не пайда?  
Ит үрсе, бала  
Таяғын ала,  
Қуады итпен кектесіп.  
Ұрысқансып "ой" деп,  
"Ұят" деп, "қой" деп,  
Үлкендер тыяр "тек" десіп.  
Оны білсең, мұның не?  
Мен де ұят іс қылдым де.  
Білгенге жол бос,  
Болсайшы қол бос,  
Талаптың дәмін татуға.  
Білмеген соқыр,  
Қайғысыз отыр.  
Тамағы тойса жатуға.  
Не ол емес, бұл емес,  
Менің де күнім – күн емес.

Ғылымды іздеп,  
Дуниені көздеп,  
Екі жаққа үңілдім.  
Құлағын салмас,  
Тілімді алмас,  
Көп наданнан түңілдім.  
Екі кеме құйрығын,  
Ұста жетсін бұйрығын.  
Жартасқа бардым,  
Күнде айғай салдым,  
Онан да шықты жаңғырық.  
Есітіп үнін,  
Білсем деп жөнін,  
Көп іздедім қаңғырып.  
Баяғы жартас – бір жартас,  
Қаяқ етер, түкті байқамас.  
Жаяуы қапты,  
Аттысы шапты,  
Қайырылып сөзді кім ұқсын.  
Іште дерт қалың,  
Ауыздан жалын,  
Бүрк етіп көзден жас шықсын.  
Күйдірген соң шыдатпай,  
Қоя ма екен жылатпай?  
Мамықтан төсек,  
Тастай боп кесек.  
Жамбасқа батар, ұйқы жоқ.  
Сыбыр боп сөзі,  
Мәз болып өзі,  
Ойланар елдің сиқы жоқ.  
Баяғы қулық, бір алдау,  
Қысылған жерде – жанжал, дау.  
Атадан алтау,  
Анадан төртеу, –  
Жалғыздық көрер жерім жоқ.  
Ағайын бек көп,  
Айтамын ептеп, –  
Сөзімді ұғар әлім жоқ.  
Моласиндай бақсының,  
Жалғыз қалдым тап шыным. 1889 жыл

ЖІГІТТЕР, ОЙЫН АРЗАН, КҮЛКІ ҚЫМБАТ

Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат,  
Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат.  
Арзан, жалған күлмейтін, шын күлерлік,  
Ер табылса, жарайды қылса сұхбат.

Кейбіреу тындар үйден шыққанынша,  
Кейбіреу қояр құлақ ұққанынша.  
Сөз мәнісін білерлік кейбіреу бар.  
Абайлар әрбір сөзді өз халыныша.

Шын көңілмен сүйсе екен, кімді сүйсе,  
Бір сөзімен тұрса екен, жанса-күйсе.  
Қырмызы, қызыл жібек бозбалалар  
Оңғақ бұлдай былғайды, бір дым тисе.

Керек іс бозбалаға - талаптылық,  
Әр түрлі өнер-мінез, жақсы қылық.  
Кейбір жігіт жүреді мақтан көйлеп,  
Сыртқа пысық келеді, көзге сынық.

Кемді күн қызық дәурен тату өткіз.  
Жетпесе, біріңдікін бірің жеткіз.  
Күншіліксіз тату бол шын көңілмен,  
Қиянатшыл болмақты естен кеткіз.

Бір жерде бірге жүрсен, басың қосып,  
Біріңнің бірің сөйле сөзің тосып.  
Біріңді бірің ғиззат<sup>I/</sup>, құрмет етіс,  
Тұрғандай бейне қорқып, жаның шошып.

Жолдастық, сұхбаттастық - бір үлкен іс.  
Оның қадірін жетесіз адам білмес.  
Сүйікті ер білген сырын сыртқа жаймас.  
Артынан бір ауыз сөз айтып күлмес...

I/ Ғиззат - қадір, сый.

Кей құрбы бүгін тату, ертең бату,  
Тілеуі, жақыдығы - бәрі сату.  
Көкірегінде қалу жоқ, қиянат жоқ,  
Қажымас, қайта ойнымас, қайран тату...

ӨЛСЕМ, ОРНЫМ ҚАРА ЖЕР...

Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?  
Откір тіл бір ұялшақ қыз болмай ма?  
Михаббат, гадауатпен<sup>I</sup> майдандасқан  
Қайран менің жүрегім мұз болмай ма?

Амалсыз тағдыр бір күн кез болмай ма?  
Біреуге жәй, біреуге тез болмай ма?  
Аспу жүрек аяғын шалыс басқан,  
Жерін тауып, артқыға сөз болмай ма?

Сонда жауап бера алман мен бейшара,  
Сіздерге өркім тиер, байқап қара.  
Екі күймек бір жанға әділдік пе?  
Қаны қара бір жанмын, жаны жара.

Жүрегімнің түбіне терең бойла,  
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.  
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,  
Мынмен жалғыз алыстым, кіне қойма?

Жасымда әлбырт өстім ойдан жырақ,  
Айлаға, ашуға да жақтым шырақ.  
Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым,  
Етек басты көп көрдім елден бірақ.

Ой кіргелі тимеді ерік өзіме,  
Саидалма мен күн кешкен түспе ізіме.  
Өзі ермей, ерік бермей, жұрт қор етті,  
Сен есірке, тыныш ұйықтат, бақ сөзіме.

I/ Гадауат - дұшпанлық

Ішім-толған у мен өрт, сыртым дүрдей,  
Мен келмеске кетермін түк өндірмей.  
Өлең шіркін - өсекші, жұртқа жаяр,  
Сырымды тоқтатайын айта бермей.

1898 жыл.

### ТАЛАЙ СӨЗ БУДАН БҮРҮН КӨП АЙТҚАНМЫН

Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын,  
Түбін ойлап, уайым жеп айтқанмын.  
Ақылдылар арланып ұялған соң,  
Ойланып, түзеле ме деп айтқанмын.

Қазақтың езге жұрттан сөзі ұзын,  
Бірінің бір шапшаң ұқпас сөзін.  
Көздің жасы, жүректің қаныменен  
Ерітуге болмайды ішкі мұзын.

Жұртым-ай, шалқақтамай сөзге түсін,  
Ойланшы, сыртың қойып, сөздің ішін.  
Ыржаңдамай тыңдасаң нең кетеді,  
Шығарған сөз емес қой әңгіме үшін.

Адасып, алаңдама жол таба алмай,  
Берірек түзу жолға шық қамалмай.  
Не ғылым жоқ немесе еңбек те жоқ,  
Ең болмаса кеттің ғой мал баға алмай.

1895 жыл.

### ЖҮРЕКТЕ ҚАЙРАТ БОЛМАСА

Жүректе қайрат болмаса,  
Ұйықтаған ойды кім түртпек?  
Ақылға сәуле қонбаса,  
Хайуанша жүріп күнелтпек.

Аспаса ақыл қайраттан,  
Тереңге бармас, үстірттер,  
Қартының ойы шар тартқан  
Әдеті жеңіп күнгірттер...

150

Малда да бар жан мен тән.  
Ақыл, сезім болмаса,  
Тіршіліктің несі сән,  
Тереңге бет қоймаса?

Атымды адам қойған соң,  
Қайтіп надан болайын?  
Халқым надан болған соң,  
Қайда барып оңайын?

1898 жыл.

### ✓ ӨЛЕҢ - СӨЗДІҢ ПАТШАСЫ, СӨЗ САРАСЫ

Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы,  
Қиыннан қиыстырар ер данасы,  
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,  
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.

Бөтен сөзбен былғанса, сөз арасы,  
Ол - ақынның білімсіз бейшарасы,  
Айтушы мен тыңдаушы көбі надан,  
Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы...

Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,  
Сонда да солардың бар таңдамасы.  
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын  
Қазақтың келістірер қай баласы?

Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап,  
Мақалдап айтады екен, сөз қосарлап.  
Ақындары ақылсыз, надан келіп,  
Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қармап.

Қобыз бен домбыра алып топта сарнап,  
Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап.  
Әр елден өлеңменен қайыр тілеп,  
Көтірген сөз қадірін жұртты шарлап.

Мал үшін тілін бөзеп, жанын жалдап,  
Мал сұрап біреуді алдап, біреуді арбап,  
Жат елде қайыршылық қылып жүріп,  
Өз елін бай деп мақтар, құдай қарғап.

151

Қайда бай мақтаншаққа барған таңдап,  
Жиса да, бай болмапты, қанша малды ап.  
Қазаққа өлең деген бір қадірсіз.  
Былжырақ көрінеді бәрі даңдақ. I/

Ескі бише отырман бос мақалдап,  
Ескі ақынша мал үшін тұрамын зарлап.  
Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел,  
Сендерге де келейін енді аяндап.

Батырды айтсам, ел шауып алған талап,  
Қызды айтсам, қыдықты айтсам, қыздырмалап.  
Әншейін күн өткізбек әңгіме үшін,  
Тыңдар едің бір сөзін мыңға балап.

Ақыл сөзге ынтасыз, жұрт шабындап,  
Көнгенім-ақ соған деп жүр табандап,  
Кісімсінген жеп кетер білімсіз көп,  
Жіберсем, өкпелеме көп жамандап.

Амандап қарағайды талға жалғап,  
Өркім жүр алар жердің ебін қамдап.  
Мақтан қуған мал құмар нені ұға алсын,  
Шықпаса, мыңнан біреу талғап-талғап.

Мал жиып арамдықпен ұрлап-қарлап  
Қусың десе, қуынып жүр алшандап.  
Қақса-соқса бір пайда түсе ме деп,  
Елдің байын өліртіп "жау мұңдалап".

Ынсап-ұят, ар-намыс, сабыр, талап,  
Бұларды керек қылмас ешкім қалап,  
Терең ой, терең ғылым іздемейді,  
Өтірік пен өсекті жүндей сабап.

1887 жыл.

I/ Даңдақ - даңғырлау мағынасында.

## МЕН ЖАЗБАЙМЫН ӨЛЕҢДІ ЕРМЕК ҮШІН

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін.  
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.  
Көкірегі сезімді, тілі орамды  
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.  
Бұл сөзді тасыр ұқлас, талапты ұғар,  
Көңілінің кезі ашық, сергегі үшін.

Түзу кел, қисық-қисық, қырын келмей,  
Сыртын танып іс бітпес, сырын көрмей,  
Шу дегенде құлағың тосаңсиды,  
Өскөн соң мұндай сөзді бұрын көрмей.  
Таң қаламын алдыңғы айтқанды ұқпай,  
Және айта бер дейді жұрт тыным бермей.

Сөз айттым "әзірет Әлі, айдаһарсыз".  
Мұнда жоқ алтын иек сары ала қыз",  
Кәрілікті жамандап, өлім тілеп,  
Болсын деген жерім жоқ жігіт арсыз.  
Әсіре қызыл емес деп, жиренбеңіз,  
Түбі терең сөзі артық, ой байқарсыз.

Батырдан барымташы туар даңғой,  
Қызыл да, қызықшыл да әуре жан ғой.  
Арсыз, малсыз, ақылсыз, шаруасыз,  
Елірмелі маскүнем байқалған ғой.  
Бес-алты мисыз бәңгі<sup>I/</sup> күлсе мәз боп,  
Қиналмай, қызыл тілім, кел тілді ал, қой .

Өлеңі бар өнерлі інім, сізге  
Жалынамын, мұндай сөз айтпа, бізге,  
Өзге түгіл өзіңе пайдасы жоқ.  
Есіл өнер қор болып кетер түзге...

1889 жыл.

I/ Бәңгі - /мәңгі-меңіреу/ көк ми.

Біреудің кісiсi өлсе, қарады - ол,  
Қаза көрген жүрегі жаралы - ол.  
Көзінің жасын тыймай жылап жүріп,  
Зарланып неге әнге салады ол?

Күйеу желтір, қыз ұзат, тойынды қыл,  
Қыз таныстыр, қызыққа жұрт ыржаншыл.  
Қынаменде, жар-жар мен бет ашар бар,  
Өлеңсіз солар қызық бола ма гүл?

Бала туса, күзетер шідехана,  
Олар да өлең айтар шулап жана.  
Бұрынғы жақсылардан өрнек қалған,  
Биде тақпақ, мақал бар, байқап қара.

Туғанда дүние есігін ашады өлең,  
Өлеңмен жер қойнына кірер денең.  
Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,  
Ойласаңшы бос қақпай өлең-селең.

Шортанбай, Дулат пенен Бұхар жырау,  
Өлеңі бірі - жамау, бірі - құрау.  
Әттең, дүние-ай, сөз таныр кісі болса,  
Кемшілігі әр жерде-ақ көрінеу тұр-ау.

Мақсатым - тіл ұстартып, өнер шашпақ,  
Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ,  
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,  
Думан, сауық ойда жоқ әуел баста-ақ.

1888 ж.

Өзгеге, көңілім, тоярсың,  
Өлеңді қайтіп қоярсың?!  
Оны айтқанда толғанып,  
Іштегі дертті жоярсың.

Сайра да зарла, қызыл тіл,  
Қара көңілім оянсын.  
Жыласын, көзден жас ақсын,  
Омырауым боялсын.

Қара басқан, қаңғыған,  
Қас надан нені ұға алсын?  
Көкірегінде оты бар,  
Құлағын ойлы өр салсын.

Тыңдамаса, еш адам,  
Өз жүрегім толғансын.  
Әр сөзіне қарасын,  
Іштегі дертім қозғалсын.

Әуелесін, қалқысын,  
От жалын бсп шалқысын.  
Жылай-жылай өлгенде,  
Арттағыға сөз қалсын.

Мендей гәріп кез болса,  
Мойнын салсын, ойлансын.  
Қабыл көрсе, сезімлі,  
Кім таныса, сол алсын.

1890 жыл.

#### АДАМНЫҢ КЕЙБІР КЕЗДЕРІ

Адамның кейбір кездері  
Көңілде алаң басылса,  
Тәңірінің берген өнері  
Көк бұлттан ашылса.

Сылдырап өңкей келісім  
Тас бұлақтың суындай,  
Кірлеген жүрек өз ішін  
Тұра алмас, әсте жуынбай.

Тәңірінің күні жарқырап,  
Үяқыдан көңіл ашар көз.  
Қуатты ойдан бас құрап,  
Еркеленіп шығар сөз.

Сонда ақын белін буынып,  
Алды-артына қаранар.

Дүние кірін жуынып,  
Көрініп ойға сөз салар.

Қыранша қарап Қырымға,  
Мұң мен зарды қолға алар.  
Кектеніп надан, зұлымға,  
Шыршық атар, толғанар.

Әділет пен ақылға,  
Сыналып көрген-білгенін,  
Білдірер алыс, жақынға  
Солардың сөйле дегенін.

Изалы жүрек, долы қол,  
Улы сия, ащы тіл  
Не жазып көтсе, жайы сол.  
Жек көрсендер өзің біл.

ШЕГІРТКЕ МЕН ҚУМЫРСҚА

/Қрыловтан/

Шырлдауық шегіртке  
Нрлып жүріп ән салған.  
Көгалды қуып гөлайттап,  
Қызықпен жүріп жазды  
алған.

Жаздыгүні жапырақтың  
Бірінде тамақ, бірінде үй.  
Жапырақ кетті, жаз кетті,  
Күз болған соң кетті күй.

Жылы жаз жоқ, тамақ жоқ.  
Өкінгеннен не пайда?  
Суыққа тоңған, қарны ашқан  
Ойын қайда, ән қайда?

Қар көрінді, қыс болды.  
Сауықшыл сорлы бүкшиді,  
Тым-ақ қиын іс болды.

- Қайтсін қолы тимепті,  
Өлеңші, әнші есіл ер.  
ала жаздай ән салсаң,  
Селкілде де билей бер.

Секіру қайда, сүрініп?  
Қабағын қайғы жабады.  
Саламда жатып, дән жиган  
Қумырсқаны ізлеп табады.

Селкілдеп келіп жағылды  
Аяғына бас ұра:  
- Қарағым, жылыт, тамақ  
бер.

Жаз шыққанша асыра.

-Мұның, жаным, сөз емес,  
Жаз өтерін білмеп пе ең?  
Жаның үшін еш шаруа  
Ала жаздай қылмап пе ең?

- Мен өзіндей шаруашыл,  
Жұмсақ илеу үйлі ме?  
Мөгалды қуып ән салып,  
Өлеңнен қолым тиді ме?...

1898 жыл

/Қрыловтан/

Жұрт біледі, күледі,  
Сурқия тілдің жаманын,  
Қошметшілдердің амалын.  
Сонда да солар қайда жоқ.  
Ештеп айтса, ересің,  
Артынан өкінсең де пайда  
жоқ.

Ірімшікті құдайым  
Көз қылды бір күн қарғаға,  
Алып ұшып барды да,  
Қонды бір биік ағашқа.  
Үлкен олжа емес пе,  
Ірімшік деген қарны ашқа?

Бір жөп алып, шүкірлік  
Қылайын деп аллаға,  
Тұмсығында ірімшік,  
Иілап қарап тұр еді.  
Бір қу түлкі сорына,  
Бақын жерде жүр еді.

Өзіне сақтап қулығын,  
Бақындап барып барлады.  
Бұлғақтатып қуйрығын,  
Қарғаның көзін алдады.

Өзіне біткен өңешін  
Аямастан қарқ өтті,  
Ірімшік жерге салп өтті,  
Іс бітті - қу кетті.

Тәтті тлімен, тәтті үнмен  
Сөйлесуге айналды:

"Қарағым, неткен сұлу ең! -  
Деп таңырқап таңданды. -

Неткен мойын, неткен көз!  
Осыдан артық дейсіңбе  
Ертегі қылып айтқан сөз?  
Қалайша біткен япырмай,  
Мұрныңыз бен жүніңіз  
Періштенің үніндей  
Деп ойлаймын үніңіз.

Осы көрікпен, бұл жүнмен,  
Әншілігің білінді,  
Үялмай, қалқам, бір сайра,  
Біз де алалық үлгіні.  
Құс төресі біздерге  
Сіз боларсыз бір күні..."

Басы айналды қарғаның  
Сұмның айтқан сөзіне.  
Қуанғаннан бүртіліп,  
Бір мастық кірді өзіне.

1898 жыл.

Қазақтың бір мақалы: "Өнер алды - бірлік, ырыс алды тірлік" дейді. Бірлік қандай елде болады, қайтсе тату болады, - білмеді. Қазақ ойлайды: бірлік - ат ортақ, ас ортақ, киім, дәулет ортақ болса екен дейді. Олай болғанда, байлықтан не пайда, кедейдіктен не зиян? Ағайын құрмай, мал іздеп не керек? Осы ма бірлік? Жоқ, - бірлік - ақылға бірлік, малға бірлік емес. Малдың беріп отырсаң, атасы басқа... күні басқалар да жалданып бірлік қылады. Бірлік малға сатылса, ант ұрғандықтың басы - осы. Ағайын алмай, бірлік, қылса керек, сонда әркім несібесін құдайдан тілейді, әйтпесе құдайдан тілемейді. Әуелі біріне-бірі пәле іздейді, Не түсін, не ажарын, не өкпесін бұлдап, ол болмаса бір пәле салып, қорғалатып, әйтеуір бірін-бірі алдаудың амалын іздеседі. Мұның қай жерінен бірлік шықты?

- Ырыс алды - тірлік" дейді, ол қай тірлік? Ол осы жан кеуделен шықпағандық па? Жоқ, ондай тірлік итте де бар.

#### ЖЕТІНШІ СӨЗ

Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі - ішсем, жесем, ұйықтасам деп туады, бұлар - тәттің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй болмайды, һәм өзі еспейді, қуат таппайды. Біреуі - білсем екен демеклік, не көрсем, соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-көрней болса, даусына ұмтылып, онда ер жетіңкірегенде: ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, "ол немене?!", "бұл немене?" деп, "ол неге үйтеді?", "бұл неге бүйтеді?" деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі - жан құмары. Білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген.

Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса, денелеп білмесе, адамдықтың орны болмайды. Оны білмеген соң, ол жан адам жаны болмай, хайуан жаны болады...

- Ол - қуат жетпеген, ми толмаған ессіз бала күндегі "бұл немене?", "ол немене?" деп бір нәрсені сұрап білсем екен

дегенде, ұйқы, тамақ та есімізден шығып кететұғын құмарымызда ер жеткен соң ақыл хіргенде, орнын тауып ізденіп, кісісін тауып сұранып, ғылым тапқандардың жолына неге салмайды екеніз?

Сол өрістетіп, өрісімізді ұзартып, құмарланып жиган қазынамызды кебейтпек керек: бұл - жанның тамағы еді.

Тәнді жанға бас үрғнессе керек еді. Жоқ, біз олай қыла алмайдық, ұзақтай шулап, қарғадай барқылдап, ауылдағы боқтықтан ұзамадық. Жан бізді жас күнімізде билеп жүр екен. Ер жеткен соң, күш өнген соң, оған билетпедік. Жанды тәнге бас үрғыздық: еш нәрсеге көзбен де жақсы қарамадық, көңіл көргенде-ақ тойдық. Сыры қалай болады деп көңілге салмадық, оны білмеген кісінің несі кетіпті дейміз? Біреу көргенін айтса да, ұқпаймыз. Біреу ақыл айтса: "Өз білгенің - өзіңе, өз білгенім - өзіме!", "Кісі ақылмен бай болғанша, өз ақылмен жарлы бол" деген дейміз. "Ой, тәңірі-ай, кімнен кім артық дейсің?" дейміз, артығын білмейміз, айтып тұрса, ұқпаймыз.

Көкіректе сауле жоқ, көңілде сенім жоқ. Құр көзімен көрген біздің хайуан малдан неміз артық? Қайта, бала күнімізде жақсы екенбіз. Білсек те, білмесекте "білсек екен" деген адамның баласы екенбіз. Енді осы күнде хайуаннан да жаманбыз, хайуан білмейді, білемін деп таласпайды. Біз тек білмейміз, біз де білеміз деп надандығымызды білімділікке бермей таласқанда, елестірілерімізді білмей, күре тамырымызды адырайтып кетеміз.

#### ОН БЕСІНШІ СӨЗ

Ақылды кісі мен ақылсыз кісінің, менің білуімше, бір белгілі парқын көрдім. Әуелі пәнде адам болып жаратылған соң, дүниеде ешбір нәрсені қызық көрмей жүре алмайды. Сол қызықты нәрсесін іздеген кезі өмірінің ең қызықты уақыты болып, ойында қалады. Сонда есті адам орынды іске қызығып, құмарланып іздейді екен-дағы, күнінде айтса, құлақ, ойланса, көңіл сүйсінгендей болады екен. Оған бұл өткен өмірдің екіншісі де жоқ болады екен.

Егер кісі орын таппай не болса сол, бір баянсыз, бағасыз нәрсеге қызығып, құмар болып, өмірінің қызықты, қымбатты шағын ит қорлықпен өткізіп алады екен - дағы, күнінде өкінгені пайда болмайды екен. Жастыққа бұл қызықтан соң және бір қызық тауып алатын кісіміз, жастығы тозбастай, буыны босамастай көріп жү-

жүріп, бірер қызықты қуғанда-ақ мойны қатып, буыны құрып, екінші талапқа қайрат қылуға жарамай қалады екен.

Үшінші, әрбір нәрсеге қызықпақтық. Ол өзі бойға құмарлық пайда қылатын нәрсе екен. Әрбір құмарлық өзіне бір дерт болады екен, әр түрлі құмар болған нәрсеге жеткенде яки әне-міне жетер-жетпес болып жүргенде бір түрлі мастық пайда болады екен. Әрбір мастық бойдан оғатты көп шығарып, ақылдың көзін байлап, төңіректегі қараушылардың көзін ашып, "ананы-ананы" дегізіп, бойды сынататұғын нәрсе екен. Сол уақытта есті кісілер үлкен есі шықпай, ақылды қолдан жібермей, бойын сынатпай жүріп ізденеді екен. Есеп кісілер ер-тоқымын тастап, бәркі түсіп қалып... екі көзі аспанда, жыңды кісіше шаба беруді біледі екен, соны көрдім.

Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса, айында бір, өзіңнен өзің есеп ал. Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не архивке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіпсің? Жоқ болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыпсың?

#### ЖИРМА ТОҒЫЗЫНШЫ СӨЗ

Қазақтың мақалдарының көбінің іске татырлығы да бар, еске татымақ түгіл, не құдайшылыққа, не адамшылыққа жарамай-тұғыны да бар: "Әуелі "Жарлы болсаң, арлы болма" дейді. Ардан кеткен соң, тірі болып жүргені құрысын!..

"Қалауын тапса, қар жанады", "Сұрауын тапса, адам баласының бермейтіні жоқ" деген ең барып тұрған, құдай ұрған сөз осы. Сұрауын табамын, қалауын табамын деп жүріп, қорлықпенен өмір өткізгенше, малды не жерден сұрау керек, не төрден сұрау керек қой.

"Атың шықпаса жер өрте" дейді. Жер өртеп шығарған атыңның несі мұрат? "Жүз күн атан болғанша, бір күн бура бол" дейді. Төңірге жазып мінбей-түспей, арып, шем-ендеп, дуаналықпен бірілген болған буралық неге жарыды?... "Ата-анадан мал тәтті, алтынды үйден жан тәтті" дейді. Ата-анасынан мал тәтті көрінетұғын ант ұрғанның жанынан да малы қымбат екен. Ата-анасын малға сатпақ ең арсыздың ісі емес пе?.. Осындай білместікпен айтылған сөздеріне бек сақ болу керек.

#### ОТЫЗ БІРІНШІ СӨЗ

Естілген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі-көкірегі байлаулы берік болмақ керек. Екінші - сол нәрсені естігенде я көргенде гибратлануы<sup>1/</sup> керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек. Үшінші - сол нәрсені, ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек. Төртінші - ой кеселді нәрселерден қашық болу керек. Егер ой кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз, салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе - күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер.

#### ОТЫЗ ҮШІНШІ СӨЗ

Егер де мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай адал еңбегін сатқан қолөнерлі, қазақтың әулиесі - сол...

Екінші, өрінбей істей беру керек қой. Бір-екі қара тапса, малға бөге қалған кісімісіп, "маған мал жоқ па?" дегендей қылып, өріншектік, жалқау, салғырттық, кербездікке салынады. Үшінші, "дарқансың ғой, өнерлісің ғой, шырағым", немесе: "ағеке, нең кетеді, осы ғанамды істеп бер" дегенде, "маған да біреу жалынарлыққа жеткен екенмін" деп мақтанып кетіп, пайдасыз алдауға, қу тілге алданып, өзінің уақытын өткізеді. Және анаған дүниенің қызығы алдаулы білген дегізіп, көңілін де мақтандырып кетеді. Төртінші, тамыршылау келеді. Бағанағы алдамшы шайтан, "тамыр болалық" деп, бір болымсыз нәрсені берген болып, артынан "үйтемін, бүйтемін", қарық қыламын" дегенге мәз болып, тамырым, досым десе, мен де керектінің бірі болып қалыппын ғой деп және жасынан іс істеп үйден шықпағандық қылып, жоқ-барға тырысып, алданғанды білмей, дереу оның жетпегенін жеткіземін деп, тіпті жетпесе, өзінен қосып... күні өтіп, еңбек қылар уақытынан айрылып, "жоғары шыққа" қарық болып, тамақ, киім, борыш есінен шы-

1/ Гибратлану - үлгі.

ғып кетіп, енді олар біреудің малын бұлдап, қарызға алады.  
"Соны қылып берейін, мұны қылып берейін" деп, сонымен табысы құралмай, борыш асып, дауға айналып, адамшылықтан айырылып, қор болып кетеді...

### ОН ТОҒЫЗЫНШЫ СӨЗ

Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы-жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп-білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам деее болады. Мұндай сөзді есіткенде шайқақтанып, не салғырттанып естісе, не есіткен жерде қайта қайшырап сұрап ұғайын деп тұшынбаса, не сол сөздің расына көзі жетсе де, шыға беріп қайта қалпына кетсе, естіп-есітпей не керек. "Осындай сөз танымайтуғын елге сөз айтқанша, өзіңді танитуғын шошқаны баққан жақсы", - деп бір хакім айтқан екен, сол секілді сөз болады.

### ҚЫРЫҚ ТӨРТІНШІ СӨЗ

Адам баласының ең жаманы - талапсыз. Талап қылушылар да неше түрлі болады; талаптың өзі де түрлі-түрлі болады. Және сол талаптардың қайсысының соңынан түссе де, бірінен-бірі өнерлі, тұрлаулырақ келеді. Түгел адам баласы я талапты, я талапсыз болсын, әйтеуір "бәрекелдіні" керек қылмайтуғыны болмайды. Әрнәшік орынсыз ба, орынды ма, "бәрекелді" деушіні көңіл іздеп тұрады. Адам баласы өзі қай жолда, қай майданда жүрсе, сол майдандағы кісімен сырлас болады. Оның үшін өзге жолдағылардан "бәрекелдіні" оңды күтпейді. Маған "бәрекелді" десе, осы өзімменен серіктес, сырлас-осылар "бәрекелді" дер дейді.

I/ Хакім - данышпан, философ.

Талаптың ішінде адам баласы, көбінесе, басына қалдір іздеп, сол талапта болады. Біреуі мал қуып жатыр. Сараңдықпен, арамдықпен, әйтеуір мал тапсам, "мал тапқан ердің жазығы жоқ" дейтуғын, "малдың беті жарық" дейтуғын мақалға сеніп, халықтың түріне қарай, ит те болса, малдыны сөге алмайды деп, бұл мал һәм пайда, һәм қасиет болады бойыма дейді. Мұнысы рас, қазақтың өз құлқына қарағанда бірақ адамдыққа, ақылға қарағанда, қазақ түгіл, көңіл жиіркенетүғын іс. Осыған қарай: біреу ер атанамын, біреу көжеке атанамын, біреу молдеке, біреу білгіш, қу сұм атанамын деп, сол харекетте I/ жүр. Әрқайсысы қазаққа бұлламақ та болып, басына "осыным бірсыпыра елеу азық болар" деген талаппенен қылып жүр. Мұнысы қазақтың тамырын ұстап-ұстап қарайды-дағы "мынаны алып келіп берсе, қымбат алғандай екен, осы күнде мына бір істің біраз пұлы бар екен" деп, қазақтың бетінен оқып, іздеген талап болмаса, кітаптың бетінен оқып іздеген талап емес...

### XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ҮЛГІЛЕРІНЕН ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДИЕВ

/1858-1931/

### ЖАСТАРҒА

Кел, жастар біз бір түрлі жол жабалық.  
Арам, айла, зорлықсыз мал табалық.  
Өшпес өмір, таусылмас мал берелік,  
Бір білімді данышпан жан табалық.

Ал енді, олай болса, кімді алалық?  
Қазақта қай жақсы бар, көз саларлық?  
Шын іздесек табармыз, шыны ғалым,  
Күнде күйлей бермелік бозбалалық?

I/ Харекет - іс, қимыл, бұл жерде сондай істе, ойда жүр деген мағынада.

Сақ болалық, бір шоқып, бір қаралық:  
Қарауылдар мезгіл ғой, тұр қаралық.  
Жүз айтқанмен өзгенің бәрі надан.  
Жалыналық Абайға, жүр баралық!

Білімді сол кісіден ізденелік.  
"Әдейі іздеп біз келдік сізге" делік.  
"Өмір зая болмастық өнер үйрет,  
Ақылды аяма бізге" делік.

"Көп қуға көзінді сүзбе", делік.  
Ұқпас деп бізден үміт үзбе" делік.  
Залымдар заң үйретіп, адастырды,  
Бізді сал жөнделерлік ізге" делік.

Тапқан іске таласпай, шын көнелік.  
Жұртқа кулкі болмалық, жөнделелік.  
Арамдықпен, алдаумен күн өткізбей,  
Өтірікке өлгенше, шынға өлелік.

Бұл Абай сәудегер ғой ақыл сатқан,  
Әртүрлі асылы көп өтпей жатқан.  
Тегін білсең - аласың, бос береді,  
Тұтасынан өшкім жоқ мұны тапқан.

Құрбылары қудық пен айла баққан.  
Олардан алдамшы деп көңілі қайтқан.  
Енді бізге ақлын көрсетіп тұр,  
Алушы жоқ па екен деп жастар жақтан.

"АБАЙ МАРҚҰМ ӨТКЕН СОҢ, ӨЗІМЕ АЙТҚАН  
ЖЫРЛАРЫМ" ТОПТАМАСЫНАН ҮЗІНДІЛЕР

ӨЛГЕН КӨҢІЛ, ҮНДІНСІЗ ӨМІР

Қабағынан қар жауған,  
Қараңғы бұлт жоғалды.  
Қас қараймай беті ауған,  
Қаһарлы жел де оңалды.

Көшейін деп қабарлап,  
Ел қыстаудан қозғалды.  
Жаралы жүрек жыбырлап,  
Жазылмай жалғыз сол қалды.

Қырдан ойға дүбірлеп,  
Жас балалар шуласты.  
Күншуақта күбірлеп,  
Көмпір-шал да сырласты.

Қыз-бозбала бір бөлек,  
Өзілдесіп, дуласты.  
Өліп қалған сұм жүрек,  
Оятсам да тұрмас-ты.

Бетіме жылы тиеді,  
Күнгейдегі күн шуақ.  
Жан жылыны сүйеді,  
Жанға рахат осы уақ.

Өлі жердің сүйегін,  
Тірілтті жайнап жапырақ.  
Жаралы менің жүрегім,  
Жайнай алмас сол бірақ...

Күн нұрымен көгеріп,  
Жауқазын шықты жалбырап.  
Жер жүзіне оң беріп,  
Қызыл гүл бітті албырап.

Тоң еріді, қар кетіп,  
Жан-жануар балбырап.  
Қайғылы көңіл тырп етіп,  
Қабағын ашап салбырап.

Қолдағы малға төл еріп,  
Жандыдан өсіп жан шықты.  
Жаңадан дүние жан беріп,  
Неше түрлі мал шықты.

Қатып қалған желіннен,  
Қаймағы бар бал шықты.  
Қайғылы біздің көңілден,  
Қайғырған сайын қан шықты.

Жер жүзіне нұр жауып,  
Күн жылынды, шөп есті.  
Бие байлап, қой сауып,  
Буаз малдан төл есті.

Жанған оттай жалымдап,  
Жайлауға қарай ел көшті.  
Жанбақ түгел жабырқап,  
Жаралы жүрек қайта өшті.

## БІРЕУДІҢ МІНІН КЕШІРСЕҢ

Біреудің мінін кешірсен,  
Саған да құдай кешеді,  
Бәрін де қылмай, есірсен,  
Төбеңді әлі-ақ теседі.

Көңілі жұмсақ адамның,  
Күрмеуін тағдыр шешеді.  
Рахымсыз, пейлі жаманның.  
Орны дайын деседі.

Мен досымын, жау емес.  
Еліре берме, қайта ту.  
Жүрегім дертті, сау емес,  
Сол себепті сөзім - у.

Ады деп алмай қоймаңыз.  
Аңсағанда, керек су.  
Абайлап артын ойлаңыз,  
Алды ғой алдап әңкей ку.

## МЕН ӨТЕРМІН, КЕТЕРМІН

Мен өтермін, кетермін.  
Жоқтарсың мені бір кезде.  
Жәрдемім тимес, не өтермін.  
Бөкінем осы бір сөзге.

Мақсұттың қайсы, досың кім?  
Осының түбін шын кезде.  
Бар ақылым - осыным  
Айтарым жоқ, тіпті, өзге.

## Ө М І Р

Үш-ақ түрлі өмір бар: бәрі де мас,  
Бір реуішті болады шал менен жас.  
Ең керекті дегенің - орташа өмір,  
Түгел қолың жетпейтін бір жанталас.

Қапы өткізбе сол көздің бір сағатын.  
Өкініші қалмайды, кетсе ағатын.  
Күні-түні дей көрме, ғылым ізде.  
Қалсын десең, артыңда адам атың.

Өмірдің басы - бала - ортасы - адам.  
Қарттың шал болған соң, кетті шамаң.  
Мақтап жүрген өмірің осы болса,  
Үш-ақ ауыз өлеңмен болды тамам.

## ЖАСЫМНАН ЖЕТІК БІЛДІМ ТҮРІК ТІЛІН

/үзінді/

Жасымнан жетік білдім түрік тілін,  
Сол тілге аударылған барлық білім.  
Ерінбей еңбек еттім, еңбек жанды,  
Жарқырап қараңғыдан туып күнім.

Оятқан мені ерте Шығыс жыры,  
Айнадай айқын болды әлем сыры.  
Талпынып орыс тілін үйренумен,  
Надандықтың тазарып, кетті кірі.

Танбаймын, шәкіртімін Толстойдың,  
Алдампаз, арам сопы кәпір қойдың.  
Жанымен сүйді әділет ардың жолын,  
Сондықтан ол иесі терең ойдың.

## ҚАРА СӨЗДЕРТЕНЕН

### БӘЙШЕШЕК БАҚИЛАСЫ

Атақты Атымтай жомарт алғашқы кезде бір жұмада әңкей білгіш шешендерді қонақ қылып, келер жылы жұмада жастарды қонақ қылып, ендігі жұмада қаріп-қасерлерді қонақ қылады екен. Бір күні әңкей шешендерді қонақ қылып, әр қайсысы бір мағыналы, кулкілі сөз айтып отырғанда, бір кедей кіріп, үндемей отырыпты. Сонда қонақтың біреуі әлгі кедейге: "Сіз де бір сөз айтуыңыз жөн ғой", - дегенде: "Мен сіздердей мағыналы сөз білмеймін, біраз ғана жыр білуші едім. Соған разы болсаңыз, айтайын", - депті. Сонда қонақ болып отырған жақсылардың бәрі де "айтыңыз, айтыңыз" деген соң, әлгі кедей айтыпты:

Мен сияқты бір кедей,  
Неше күндей аш еді.  
Арын сақтап, үндемей,  
Көзінде мәлдір жас еді.

Ашығып, тонып, шаршаған,  
Шығуға таяп шыбын жан.  
Алдындағы тұрған дастархан,  
Үсті толған ас еді.

Нан алып же демейді.  
Келемеж қылды кедейді,  
Тоқ кісі не демейді  
Несі өңкей мас еді.

Сонда кедей сөйлейді,  
Сөйлегенде не дейді:  
Қанағат еді көмегім,  
Еңбегім еді қорегім.

Тіленіп нанды жемегім,  
Ас емес, маған тас еді.  
Бірің жомарт, бірің хан,  
Бәрің де шешен данышпан.

Хабарсыз біздей ғарыптан,  
Не қылған қуыс бас еді?  
Көлге жауса көп нөсер,  
Көгерсе ме тау мен қыр.

Шөлдіркеген ғарыптар,  
Шөл далада қаңғып жүр.  
Кедейді нанға телміртіп,  
Тамам байды сөміртіп.  
Жомарттық па осы түр?

Ақсақ, соқыр, шолақ бар,  
Жетім, жесір, олақ бар.  
Солар ма осы қонақтар,  
Ақылға салып, ойла бір" -

депті де, кедей үйден шығып кетіпті. Атымтай содан кейін ылғи қаріп-қасерлерді қонақ қылып, соларды күтетұғын болыпты.

х х х

Арабтың бір патшасына бір уәзірі Ләйлі мен Мәжнүннің жайын әңгіме қылыпты. Мәжнүннің Ләйліден басқа дүниені керек қылмай, даладағы аңдармен бірге жүрген халін адамның жаны ашырлық әсерлі сөзбен айтқандықтан әлгі патша Мәжнүнді көруге құмар болып, іздеп тауыпты да, Мәжнүнге айтыпты: "Адамшылықтың қасиетін аяғыңа басып, аңмен қосылып, дуана болғандай, адамдықтан не залад көрдің?" - дегенде, Мәжнүн айтыпты: "Шын, таза асықтыққа ақыл қарсы тұра алмайды. Таза асықтықтың сырын білмегендіктен, мені сөгіп отырсыз. Тым нұрлы жүзі қандай сиқырмен менің ақылымды тұзаққа түсіргенін көрген жоқсыз" - деген соң, патша іздеп барып, Ләйліні көрсе: жүзі қансыз, қара сұрлау, өткір қара көзді, нәзік қана әйел екен. Патша Мәжнүнге қайта келіп: "Ләйліде онша қызығарлық сұлулық жоқ қой. Шын сұлу болса, оған жанның бәрі құмар болмас па еді?" - дегенде, Мәжнүн айтыпты: "Әр ақылды адам әлемнің қиын сырын аша алмайды. Әрбір көз шын махаббат нұрын көре алмайды. Ләйліге асық болған кезде көз де, жүрек те сіздікі емес, менікі. Ләйлінің анық нұрын көрем десеңіз, менің көзіммен қарап, менің жүрегіммен ойласаңыз, Жүсіптің сұлулығына таң қалып, кеспе орнына қолын тураған әйелдерге ұқсар едіңіз де, менің Ләйліге махаббатымның қай дәрежеде екенін білер едіңіз. Дертті көңілде не бар екенін сау көңіл білмейді. Менің жарама себілген ашы түзді сіз сау қолыңызға сепкен-мен ашыта ма? Жүрегіңізді асықтық қанжарымен жарала да, асықтықтың улы тұзын жүрегіңізге сеуіп қараңыз. Өмірінде ара шақпаған кісіге мына араның шаққаны болады деп араны көрсеткенмен, шаққан уын ұға ала ма? Аш кісінің ішін өртеп тұрған аштық пәлесін тоқ кісі ескеріп, біле ала ма? Біздің басымыздағы іс сізде жоқ болған соң, бұл туралы қанша айтсақ та, сізге бір мылжың, өтірік ертегі сияқтанады", - депті. Сол айтқандай, нашардың мұңын, жуанның зұлымдығын қанша айтсақ та ұғушы аз.

## ӨЗІМШІЛДІК

Бір байдың қызына шешек шығып, бетін тыртық қылғандықтан, өпкім алмай, аяғында, екі кезіне ақ түскен бір соқырға беріпті. Сол кезде Үндістан жағынан көздің ағын сылып жазатын бір дәрігер келгенін есітіп, әлгі байдың бір досы байға келіп: "Сондай дәрігер келіпті, күйеуіңіздің көзін неге қаратпайсыз?" - десе, бай айтыпты: "Күйеуімнің көзі ашылған соң, қызымның бетіндегі тыртығын көріп, шығарып жібереді ғой. Қызым байдан шыққаннан да, күйеуім соқыр қалпында қалғаны артық" - депті. Сонда досы: "Күйеуінің көзін аямаған кісі досының көңілін аяй ма? Енді достықтан айырылайық", - депті.

✓ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ  
/1873-1937/

### ҚАЗАҚ САЛҒЫ

Қаз едік қатар ұшып қаңқылдаған.  
Сахара көлге қонып, салқындаған.  
Бір өртке қаудан шыққан душар болып,  
Не қалды тәнімізде шарпылмаған.

Алаштың адамының бәрі мәлім.  
Кім қалды таразыға тартылмаған?  
Дегендер мен жақсымын толып жатыр,  
Жақсылық өз басынан артылмаған.

Тықылдап, құр пысықсып сөйлейтін көп,  
Екпіндеп, ұшқыр атша қарқындаған.  
Бос бөлбеу, босаң туған бозбала көп,  
Киіздей шала басып, қарпылмаған.

Еңкеңдеп ет аңдыған шалдар да көп,  
Телміріп бір тойғанын ар қылмаған.  
Ақ көңіл, алаң-сулаң адамдар көп,  
Есептеп азын көпке аңқылдаған.

Қайырсыз неше сараң байлар да бар,  
Қайықтай толқындағы қалтылдаған.  
Бәрінен тыныш ұйықтап жатқандар көп,  
Ұмтылып, талап ойлап талпынбаған.

Солардың қатарында біз де жүрміз,  
Мәз болып, құр түймеге жарқылдаған.  
Не пайда өнерің мен біліміңнен,  
Тиісті жерлеріне сарп ұрмаған?!

### АНАМА ХАТ

Қарағым, дугағөйім, қамқор анам!  
Арнап хат жазайын деп алдым қалам.  
Сені онда, мені мұнда аман-сақтап,  
Көруге жазғай еді хақ тағалам!

Бара алмай, өтірікші болып әбден,  
Семейдің түрмесінде отыр балаң.  
Мал ұрлап, кісі өлтірген айыбым жоқ,  
Өкімет - ер зорлыққа не бар шараң?!

"Үмітсіз шайтан болсын" деген сөз бар.  
Жолдар бар жәннетке де тарам-тарам.  
Оқ тиіг он үшінде ой түсіріп,  
Бітпеген жүрегімде бар бір жарам.

Алданып тамағыма оны ұмытсам,  
Болғандай жегенімнің бәрі харам.  
Адамнан туып, адам ісін етпей,  
Ұялмай не бетіммен көрге барам?!

Көп айтпай қысқасын сездіретін,  
Балаңның мінезі бар сөзге сараң.  
Кетер деп "суға құлап, отқа түсіп",  
Қайғы жеп, менің үшін болма алаң!

Отырмын абақтының бөлмесінде,  
Буйрықсыз көз жетеді өлмесіме.  
Есіктің құлпы мықты, күзетші көп,  
Ажалдан басқа ешкім келмесіне.

Қоршаулы айналасы биік қорған,  
Берік қып салған темір терезесіне.  
Қалайша мұны көріп, көңіл сенбес,  
Аттанып жау келсе де бермесіне?

Кәлемде<sup>1/</sup> лаухұлмахбуз<sup>2/</sup> ұмытқан ба?  
Жазбапты бұл орынды көрмесіме.  
Қаңбақ пен салмағың тең бұл бір заман.  
Лаж жоқ жел айдаса ермесіңе.

Тайпалған талай жорға, талай тұлпар,  
Тағдырдың кез болып жүр кермесіне.  
Солардан жаным, тәнім ардақты емес,  
Орынсыз күйзелейін мән несіне?!

#### ЖАУҒА ТҮСКЕН ЖАН СӨЗІ

Жанға көңіл қалып тұр,  
Жан бұл күйге салып тұр.  
Тәнге көңіл қалып тұр,  
Тән шыдамай арып тұр.

Жұртқа көңіл қалып тұр,  
Жұрт жалғанға нанып тұр.  
Өтірік өрлеп, күшейіп,  
Шын жеңіліп, талып тұр.

Бақ дегенде байлау жоқ,  
Уағдадан танып тұр.  
Тағдыр шіркін тап беріп,  
Тамағынанаалып тұр.

Пәле деген аңдушы,  
Аяғымнан шалып тұр.  
Жала деген төбеті,  
Балтырымнан қауып тұр.

Жау білегін сыбанып,  
Пышағын қайрап жанып тұр.  
Сауысқан, қарға, қарақұс,  
Жемтік аңдып, бағып тұр.

Кәре алмаған күншілдің,  
Көңіліне мұным жағып тұр.  
Табалаған жаманның,  
Шаян тілі шағып тұр.

"Әй, сені ме!" дегеннің,  
Айызы әбден қанып тұр.  
Жаны ашыған жақынның  
Жас көзінен ағып тұр.

Айыруға амал жоқ,  
Қылышын жерге шауып тұр.  
"Әлдеқалай болар" - деп,  
Жүрегі жұлқынып қағып тұр.

Түгі жылы, білмедім:  
Түледі ме - неғып тұр?  
Түдемеген тұлкі дос  
Түлегенің барып тұр!...

#### ✓ МЫСАЛ ӨЛЕНДЕРІ

*Аққу, шортан бәм шаян*  
Жүк алды Шаян, Шортан, Аққу бір күн,  
Жегіліп тартты үшеуі дүркін-дүркін.  
Тартады Аққу кәлге, шаян кейін,  
Жұлқиды суға қарай Шортан шіркін.

Бұлардың машақаты аз болмады,  
Жұмысы орнына кеп, мез болмады.  
Тартса да бар күштерін аямай-ақ,  
Асылы, жүк орнынан қозғалмады.

Ойшама ол жүк артық ауыр емес,  
Құр сыртынан пәлен деу де тәуір емес.  
Жүк, бірақ, әлі күнге орынла тұр,  
Бірыңғай тартпаған соң бәрі тегіс.

x x x

Жігіттер, мұнан ғибрат алмай болмас,  
Әуелі бірлік керек болсақ жолдас,  
Біріңнің айтқаныңа бірің көнбей,  
Істеген ынтымақсыз ісің оңбас.

1/ Кәлемде - кәлем-шарип /құран кітабі/  
2/ Лаухұлмахбуз - діни ұғымда адам тағдыры жазылатын тақта

✓ КАСҚЫР МЕН ҚОЗЫ

Бұлаққа су ішуге келді қозы,  
Жанында серігі жоқ, жалғыз езі.  
"Бері жоқ десең шығар, берік астынан"  
Пәле мен қаза алыс па келсе кезі?

Қаңғырған тамақ іздеп, бір аш бері,  
Қозыға жетіп келді жайнап кезі.  
Жәмекке кінә қойып сол арада  
Жала ғып, міне, қасқыр айтқан сөзі:

"Сен қозы төкке қарап жүре алмайсың,  
Соқтықпа маған десем, тіл алмайсың.  
Мойныңды қазір жұлып алайын ба?  
Суымды неге былғап, лайлайсың?"

Қозы айтты: "Қасқыр, тақсыр, тоқта азырақ,  
Төргеңіз кінәм. болса, гаділ, бірақ.  
Ізіңіз жатқан жерден төмен келіп,  
Іштім мен жүз қадамдай қашығырақ.

Бұл жерден ең аз болса, бір жүз қадам,  
Мүмкін бе су лайлауға осы арадан?  
Сіз түгел өзгеге жоқ қиянатым,  
Не шара жеткен болса, бүгін қазам?!"

"Бәкер ме, - Қасқыр айтты, - менің сөзім?  
Билесің жалғаншы деп кімді өзің!  
Өкенді алдындағы танымсың? -  
Балам, сен байқап қара, ашып көзің!

Осындай сөздер мені күйдіреді.  
Десемде шыдайын-ақ етіп төзім.  
Есімнен өле-өлгенше кете алмас,  
Былырғы осы арада сөккен сөзің.

"Көзек бер біразырақ сөзге тақсыр!  
Келемін жарты жасқа күзге, тақсыр!  
Жаралып дүниеге биыл келсем,  
Тиемін, былтыр неғып, сіре, тақсыр?!"

"Ол, ендеше, сен болмасаң, сенің ағаң,  
Ойларың мені жоймақ, келсе шамаң.  
Ит болсын, қойшы болсын, қожаң болсын,  
Шауыздық ойлайсыңдар бәрің маған".

Нансаңыз, ағам да жоқ, інім де жоқ,  
Уә, гайри нашарлықтан мінім де жоқ.  
Нақақтан мені тақсыр күйдіресіз,  
Шауыздық сізге ойлаған күнім де жоқ".

"Ол саған әлде күйеу, әлде құла,  
Сүймейді қой атаулы мені жүде.  
Иә бәсең, иә жиенің, иә нағашың,  
Әйтеуір, саған ұқсап еді о да.

Қой заты талай жәбір берді маған,  
Соларын мен де істеймін енді саған.  
Кегімді қойдан алмай, кімнен алам?  
Тауыспа о деп, бұ деп сөзді оған".

"Тақсыр-ай, еш жазығым жоқ қой менің.  
Жәбір ғой біреу үшін күйдіретінің!"  
"Үндеме /жәтер/ Қазір мұрсатым жоқ,  
Тұруға ақ-қаранды тергеп сенің.

Алыпсың жаман әдет қарсыласып,  
Сенімен тұрамын ба мылжындасып.  
Айтайын, білгің келсе, Қозым, саған,  
Кінәң сол - жегім кеп тұр қарным ашып".

Шошиды Қозы байғұс құлқын танып,  
Қутылар білгенменен онан неғып?  
Болсын ба Қозы жұмыс Қасекене,  
Жөнелді иығына салып алып.

Орманға қасқыр кетті Қозыны алып,  
Белгілі істер ісі алып барып.  
Осындай жазықсызды жазғыратын,  
Әр жерде күштілер де бар ғой қалып.

Қасқырдың зорлық болды еткен ісі,  
Ойлаймын - оны мақтар шықпас кісі.  
Нашарды талай адам талап жеп жүр,  
Бәріден артық дейміз оның несі?

### МІНСІЗ ТАЗА МЕРУЕРТ

/Жадовскаядан/

Мінсіз таза меруерт,  
Су түбінде жатады.  
Мінсіз таза асыл сөз,  
Ой түбінде жатады.  
Су түбінде жатқан зат,  
Жел толқытса шығады,  
Ой түбінде жатқан сөз,  
Шер толқытса шығады.

Қазақтың бас ақыны Абай /шын аты Ибраһим/ Құнанбаев. Онан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған емес. Ақмола, Семей облыстарында Абайды білмейтін адам жоқ.

Қай жерде ақындар жайынан, я ақындардың сөздері жайынан сөзге болса, Абайдың сөзін мадақтамайтын адам болмады. Абайдың сөзін көрмей тұрғанда мақтағандарына сенбей, қазақ үкілеген өз құнанын өзгелердің тұлпарынан артық көретін мінезі болуы еді, мақтап отырған Абайы біздің Әубәкір, Сейдахмет, Ақмолаларымыз сықылды біреу ғой деп жүрдім.

1903 жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті. Оқым дегенде расам, басқа ақындардың сөзіндей емес, олардың сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырасың. Сөзі де, мағынасы да көп терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, азына түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қаласың. Кей сөздерін ойланып, дағдыланған адамдар болмаса, мың қайтара оқыса да түсіне алмайды. Не мағынада айтылғанын біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі.

Сондықтан Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр екені рас. Бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік. Олай болғанда айып жазушыда емес, оқушыда.

Не нәрсе жайынан жазса да, Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады. Нәрсенің сырын, қасиетін біліп жазған соң, сөзінің бәрі де халыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып, емтихан болып табылады. Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыларды да сынайды. Абай сөзі заманындағы ақындардың сөзінен оқшау, олардың сөзінен үздік, артық. Ол оқшаулық, артықтық басқа ақындардан Абайдың жалғыз сөзінде ғана емес, өзінде де болған.

Абайдың ұлы атасы Ырғызбай Торғай облысындағы Ырғыз деген өзені бойында туған екен. Ырғызбай халқының қолбасы батыры һәм ел ағасы, биі екен. Түркістаннан елін ертіп, ауып келіп, Шыңғыс тауы малға жайлы деп, қоныс еткен екен. Кіші атасы Өскенбай би халық арасында ғаділ би атанған. Өз елі түгіл басқа алыстағы елдер де араларындағы зор дауларын Өскенбай бидің алдына келіп бітіседі екен. Өз әкесі Құнанбай жұрт аузына караған қазақтың

бас адамдарының бірі болған. Қазақты төрелер билеп, сұлтандар төрелерден қойылып тұрған заманда солармен таласып, қарадан сұлтан болған адам екен. Шешесі Үлжан Қарқаралы уезіндегі Қаракесектің бошан руынан, Бертис бидің тұқымынан. Шеше тұқымы күлдіргі, қалжыңға, әзілге ұста Қантай, Тонтай деген күлкімен сөгіп, қалжыңмен жеңіп, аты шыққан адамдар нәсілінен. Тонтай малды адам болған екен. Ауырығанда өзгелерден гөрі, қожа-молдалар көңілін жиірек сұрайтынын байқап жүреді екен. Өлер жылы қатты ауырып жатқанда, молдалар көңілін сұрай келіп отырғанда айтқан: "Баяғыдан бері - жазыла-жазыла қожа-молдалардан ұят болды, енді өлмесе болмас" деп.

Абай он жасынан он үш жасқа шейін қырда мұсылманша оқыған. Он үш жасқа шығарда Семейге Ахмет Бірзаның медресесінде оқыған. Медреседе оқып жүрген кезінде үш айдай орысша да оқыған. Төрт жыл мұсылманша оқып, үш ай орысша оқып, сонымен оқуды қойған. Он бес жасында-ақ балалық қылмай, үлкендердің қатарына кіре бастаған. Қазақты меңгеріп, халыққа араны жүріп тұрған төрелермен әкесі Құнанбай таласқанда Абай әкесіне серіктікке жарай бастаған. Жиырма жасында ел ішіндегі белгілі бір шешені атана бастаған. Зеректікпен естігенін ұмытпаған. Ел ішіндегі сақталған қазақтың бұрынғы өткен билердің билігі, шешендерінің сөйлеген сөзі, көсемдерінің істеген ісі, үлгілі сөздер, ұнасымды әзілдер, мақалдар, мәтелдер сияқты нәрселерді Абай көп біледі екен.

Замана бұрынғыдай болса, Абай алаштың атақты билерінің бірі болуы шүбәсіз. Біліммен би болып, жұрт билейтін заман өтіп, таспен би болатын заманға қарсы туған. Абай жұрт алдына білімін салғанда, басқалар малын салған, жұрттың беті малға ауып, ел билігі Абай қолына еркін тимеген. "Білімнен мал артық болушы ма еді?" - деп Абай жұрттың онысына көнбей таласқан...

1860 жылдарда жер аударылып барған Михайлэс деген бір білімді кісімен, қазақ ғұрпындағы қағидаларды жиюға елге шыққан Гросс деген екеуімен Абай таныс болған. Бұлар Абайдікіне қонаққа келіп-кетіп жүрген. Абайдың тегін адам емес екенін байқап, олар болыстықтан гөрі жақсырақ нәрсе барлығын Абайға сездірген. Абайдай зерек адамға жөн сілтесе болғаны, онан арғысын өзі іздеп табады. Олар орыстың атақты ақыны Пушкин, Лермонтов, Некрасов барлығын, қара сөзді келістіріп жазғыш Толстой, Салтаков, Достоевский барлығын, сөз сыншысы Белинский,

Добролюбов, Писарев барлығын Абайға білдірген, олардың ітаптарымен таныстырған. Өлең жазған Пушкин, Лермонтов, Некрасовтар қазақтың би-болыстарынан гөрі қадірлі екендігін Абайға түсіндірген. Ғылымды жұртта өлең жазу, сөз жазу нағыз қадірлі істің бірі екенін Абай енді ұққан. Ақындық, өлеңшілік ел көзіне қадірсіз көрінсе, ол кемшілік ақындық пен өлеңшілік емес, ақындық пен өлеңшілікті орнына ақындығынан екендігін, ақындық пен өлеңшілдікті қазақ ақындары, өлеңшілері қайыршы-тіленшілік орнына жұмсағаннан өлеңнің қадірі кеткенін Абай әбден білген соң, өлең жазуға түскен.

Абай жас кезінде күлкі үшін қалжың өлеңдер, қыздарға ғашық өлеңдер жазған, есейген соң, арланып, тастаған екен. Михайлэс пен Гроссқа кез болмаса, сол күйімен, бәлкі, кетер еді. Қандай үлгілі, қандай мағыналы, қандай асыл, қандай терең сөздер жерге кемілер еді. Абай сөздері дүниеде қалғаны қазаққа зор бақ. Бетін түзеп, жөн сілтеген кісілерге де, сілтеген жолды лақпай, түп-тура тапқан адамға да қазақ балалары талай алғыс берер. Орыс ақындарымен танысып, өлең орны қайда екенін білгеннен кейін, Абай өлеңге басқа көзбен қарап, басқа құрмет, ықыласпен күтіп алып, төр түгіл, тақтан орын берген. Бірақ басқа сөзден өлеңнің таққа мінгендей артықшылығы қандай? Оны да көрсетіп, айтып қойған. Айтушы мен тыңдаушының көбі надан болғандықтан, өлең болып айтылып, тыңдалып жүргендердің көбі өлең емес екендігі, өлең жазушылары болса да, келістіріп жазушылары ішінде бірен-саран таңдама екендігі, жұрт мағыналы, маңызды, терең сөзден гөрі мағына жоқ, маңыз жоқ желдей гулеп, құлаққа дыбысы тиіп, өте шығатын жеңіл сөздерді тыңдауға құмар екендігі Абай өлең жайынан жазған сөзінде көрсетілген. Сол сөзінен Абайдың сыншылығы, өлең жақсы болуға не керектігін білетіні де көрініп тұр. Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шұрайлы, ажарлы болуына сыйдың шеберлігі керек. Ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек. Мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған. Бұлардың үстіне Абай көсем, үлгі шығарып, өнеге жайғыш болған. Абайда өлең сөздің неше түрлі үлгісі, өрнегі табылады. Ол өрнектерді ойдан шығармай, орыстан алса да, орыс өлеңдерінің өрнектері қазақ тіліне жарайтындығын бастап көрсеткені де зор көсемдік. Абай өлең жақсы болуға керек шарттардың бәрін білген. Сондықтан өлеңі қай тарапынан болса да толық...

Абайдың асылын танып, дұрыс баға берген нәрсесі жалғыз өлең емес. Көп нәрсені Абай сөз қылған, сол сөздерінің бәрінде де Абайдың әр нәрсенің асылдығын танығаны, білгені көрінеді. Абайдың өлеңдері қазақтың басқа ақындарының өлеңінен үздік артықтығы әр нәрсенің бергі жағын алмай, арғы асылынан қарап сөйлегендіктен. Басқа ақындардың сөзге шеберлігі, шешендігі Абайдан кем болмаса да, білімі кем болғандығы даусыз. Абай сөзінен Әубәкірдің "шайды, кебісті әркім тұтынып кеткені асылды қорлау болды" деп қайғырған сөздері табылмайды. Басқа ақындар аз білімін сөздің ажарымен толтыруға тырысқан. Абай сөздің ажарына қарамай, сыпайылығына қарамай, әр нәрсенің бар қалынан сол қалпынша дұрыс айтуды сүйген. Мысалы, "Аттың сыны" деген өлеңін оқығанда көз алдында сол жақсы аттың өзі тұрғандай пішіні келіп елестейтіні жақсы атқа бітетін мүшелердің бірін де қалдырмай жазғандықтан. Абай көп нәрсені білген, білген нәрселерін жазғанда мынау халыққа түсінуге ауыр болар деп тайсақтап тартынбаған. Хақиқатты хақиқат қалыбында, тереңді терең қалыбында жазған. Хақиқатты тануға, тереңнен сөйлеуге бойына біткен зеректіктің үстіне Абай әртүрлі Еуропа білім иелерінің кітаптарын оқыған. Тәржімхалын /өмірбаянын/ жазушы Әлихан Бөкейхановтың айтуына қарағанда, Абай Спенсер, Льюис, Дриппер деген Еуропаның терең пікірлі адамдарының кітаптарын оқыған. Өлең жазушылардан орыстың Лермонтов деген терең пікірлі ақынының өлеңдерін сүйіп оқыған. Сондықтан Абайдың терең пікірлі сөздерін қарапайым жұрттың көбі ұға алмай, ауырсынады. Абайдың өлеңдерін мың қайтара оқып, жаттап алып жүрген адамдардың да Абайдың кейбір өлеңдерінің мағынасын түсініп жетпей жүргендерін байқағаным бар. Тіпті осының мағынасы не деп сұрағандары да бар. Сол өлеңді алып қарасақ, айтылған пікірде, сол пікірді сөзбен келістіріп айтуында ешбір кемшілік жоқ. Түсіне алмаса, ол кемшілік оқушыда. Сондай түсінуге қиын көретін сөздерінің бірі мынау:

Көк тұман алдындағы келер заман,  
Үмітті сәуле етіп, көз көп қадалған.  
Көп жылдар көп күнді айдап келе жатыр,  
Сипат та, сурет те жоқ, көзім талған.

Ол күндер өткен күнмен бәрі-бір бас,  
Келер-кетер артына із қалдырмас.  
Соның бірі - арнаулы таусыншық күн,  
Арғысын бір-ақ алла біледі рас.

Ақыл мен жан, мен өзім, тән менікі.  
Менімен менікінің мағынасы екі.  
Мен өлмеске тағдыр жоқ әуел бастан,  
Менікі өлсе, өлсін оған беки.

Шырақтар, ынталарың менікінде,  
Тән құмарың ізлейсің күні-түнде.  
Ғадаләттік, арлық махаббатпен,  
Үй жолдасың қабірден әрі өткенде.

Адам ғапыл дүниені дәр менікі,  
Менікі деп жүргеннің бәрі оныкі,  
Тән қалып, мал да қалып жан кеткенде,  
Соны ойлашы болады, не сенікі?

Мазмұнға жаны ашып, ішің күйсін,  
Қаракет қыл, пайдасы көпке тисін.  
Көптің қамын әуелде тәңірі ойлаған,  
Мен сүйгенді сүйді деп иен сүйсін.

Көптің бәрі деме, көп те бөлек,  
Көп ит жеңіп, көк итті күнде жемек.  
Ғәділет пен мархамат көп азығы.  
Қайда көрсең болып бақ соған көмек.

Әркімнің мақсұты өз көрегінде,  
Біле алмадым пысығын, зерегінде.  
Саяз жүзер, сайқалдар ғапыл қалар,  
Хақиқатта, дін-дағы тереңінде.

Абайдың осы сөзінің дұрыс емес, қате айтылған, теріс айтылған, жұмбақ қылып, ашпай айтылған еш нәрсесі жоқ. Бәрі де дұрыс, түзу, тиісті орнында айтылған сөздер. Оған оқушылар түсінбесе, ол Абайдың үздік, ілгері кетіп, оқушылары шаңына ере алмағанын көрсетеді. Абайды қазақ баласы теріс танып, теріс білу керек...

✓ МІРЖАҚЫП ДУЛАТОВ

/1885-1935/

✓ ЖАСТАРҒА

Найзаменен тұртсе де,	Етемін үміт жастардан,
Жатырсың қазақ оянбай.	Жаңа гүл шашқан бақшадай.
Мұнша қалың ұйқыны,	Мұратын оңай кім табар,
Бердің бізге, ой, алла-ай!	Жар салып жұртқа қақсамай?

Бар ма екен біздей ғапыл жұрт,	Халыққа, жастар, басшы бол!
Атрапқа көз салсақ.	Қараңғыда жетелеп.
Көзі іскенше ұйқыға,	Терең судан өтер ме,
Келе жатқан тоя алмай?	Мың қойды серке бастамай?

✓ Ш А Ғ Ы М

Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш,  
Емеспін жемісі көп тамаша ағаш.  
Қалғанша жарты жаңғам мен сенікі,  
Пайдалан шаруаңа жараса, алаш!

Тамшылап көзден аққан бұл суық жас,  
Балқытып қашан ерітер жүректі жас?  
Қаламнан жылап аққан қара бояу,  
Жазылып қағазға, сен, жұртқа қыл паш!

Жүректен қашан шығар қадалған оқ,  
Жандырған жанды нақақ сенер ме шоқ?  
Қажыған қам көңілді бір көтерер,  
Жанымда жан ашитын адам да жоқ.

Бар кінәм тамырына балта шаптым,  
Көрген соң шыдай алмай, қиянаттың.  
Білген аяр, білімсіз айтар маған:  
"Обал жоқ, қылмысыңнан өзін таптың".

Қаптап тұр Күнбатыстың қара бұлты,  
Адасып сәуле көрмей, қазақ жұрты.  
Әсир боп жол іздеген жортуылшы,  
Жол бөгеу жол тосқанның болып ғұрпы.

Алушы аңдушыны алмай қоймас,  
Жеріне көңіліне алған бармай қоймас.  
Әділдік аста қалған еш күмі жоқ,  
Ерте ме, кеш пе бір із салмай қоймас.

А Д А Ш Қ А

/Реквием/

Мек майса бетегелі жерің қайда?  
Күмістей толқындаған көлің қайда?  
Ың-жың боп жер қайысқан төрт тулікпен,  
Жәңкіліп, көшіп-қонған елің қайда?

Көтерген ақ киізге ханың қайда?  
Қиғаш қас, бидай өңді ханым қайда?  
Түнерген сыртқа айбынды, іргең бүтін,  
Бір кезде басқа қонған бағың қайда?

Қақ жарған қара қылды биің қайда?  
Ақ орда би түсетін үйің қайда?  
Салтанат Сарыарқада, құрған қазақ,  
Толықсып жүрген кеше күнің қайда?

Шаң жұтқан текежәуміт<sup>4/</sup> атың қайда?  
Қалдырмас жауға тастап жақын қайда?  
Үшқыр ат, тузу мылтық, болат найза,  
Киінген көк дулыға батыр қайда?

Кемеңгер дуалы ауыз кәрі қайда?  
Дәртіне шипа болар дәрі қайда?  
Масайрап, кімге сеніп қарысасың,  
Жауап бер, осылардың бәрі қайда?

Жауап сол: өткен дәурен қайта келмес.  
Қаншама әксігенмен тағдыр кәнбес.  
Бұл күнгі қарашыл қарт, парашыл би,  
Өткендер келгенмен де, орнын бермес.

Алашым, айтқанды алсаң, бөз бұлардан:  
Еш нәрсе тауып бермес, білгенге өрмес.  
Қой бағып, қасқыр қашан опа қылған,  
Көре бер өз бетіңмен күніңді өлмес.

МАҒЖАН ЖУМАБАЕВ  
/1893-1937/

АЛТЫН ХАКІМ АБАЙҒА

Шын хакім, сөзің асыл - баға жетпес,  
Бір сөзің мың жыл өтсе, дәмі кетпес.  
Қарадан хакім болған сендей жанның,  
Әлемнің құлағынан әні кетпес!

I/ Теке-жәуміт - Түрікменнен тараған асыл тұқымды  
жылқының бір түрі.

Сөзіңе құлақ салып, баға бермей,  
Қисайып, қарайды жұртың ниеттес!  
Буртиып, төріс қарап: "Аулақ-жұр" - деп,  
Болды ғой жақын, туған бәрі кектес.

Тыныш ұйықта қабірінде, уайым жеме:  
"Қор болды қайран сөзім босқа" - деме.  
Артында қазақтың жас балаларымен,  
Сөзіңді көсем қылып жүрер мәңгі!

### БАЛАЛЫҚ ШАҚ

Балалық шағы -  
Ташаның тағы.  
Тіл жетпес оны бағалап.  
Өп өтпей жыл,  
Көк жүрмей, біл  
Ілгері күнді сағалап.  
Көрен білім жастыққа.  
Көлемей өс жанға қастыққа.

Әлімге көңіл  
Көк үйден түніл -  
Ерікке қоймай өнтелеп:  
Көйтпес уақыт  
Көп дәмін татып,  
Босқа өткізбе, өркелеп!  
Көп сөз деген бағасыз.  
Көп әдірін білмес санасыз.

Көп сөз астық алтын  
Көп ұрып қал салтын.  
Көп алты оның - үйрену  
Көп нәр қуып,

Бел бекем буып.

Надандықтан жирену.  
Тұрма, қарағым, ұмтыл!  
Аты өшкірден құтыл!

"Білімсіз - есек,  
Опасыз" десек,  
Сөйлеп, күліп жүрсе де.  
Өлікпен тең.  
Ит-құсқа жем.

Тірі болып жүрсе де!  
Сондай болма, қарағым,  
Даяр болсын жарағың!  
Білген адам кәсемі  
Сөйлесе - шешен.  
Жұртты аузына қаратар.  
Істегені - өрнек,  
Қор қылмас ермек.  
Нәрсені іске жаратар.  
Білімдінің сөзі - ем  
Мейірімі көп, өзі - кең!

Күш кемілі, айбынды ту құлады;  
Кеше батыр – бүгін қорқақ бұғалды.  
Ерікке ұмтылған ұшқыр жаны кісенде,  
Қан суынған, жүрек солғын соғады.

Қыран құстың қос қанаты. қырқылды.  
Күндей күшті, күркіреген ел тынды.  
Асқар Алтай – алтын ана елде жоқ,  
Батыр, хандар – асқан жандар ұмытылды.

Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ ардың,  
Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың...  
Алтын күннен бағасыз бір белгі боп,  
Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен қалдың.

Жарық көрмей жатсаң да ұзақ кен тілім,  
Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім.  
Тарап кеткен балларыңды бауырыңа,  
Ақ қолыңмен тарта аларсың, сен, тілім.

#### ЖЕР ЖҮЗІНЕ

Жер жүзіне ер атағым жайылған.  
Жан емеспін оттан, судан тайынған.  
Қайраты мол қанды балақ қыранмын.  
Күн болған жоқ жаудан жүрек шайылған.

Еркін ырғып шыққан асқар Алтайға,  
Қырда тұрып садақ тартқан Қытайға.  
Талай, тайғақ, тар кешуде таймаған.  
Батыр жүрек, қайрат енді алмай ма.

Талмай, қайтпай қамал бұғалды кемеңгер.  
Арыстанға қарсы ұмтылған мендей ер.  
Бір барқылдақ жалпылдаған төбеттен,  
Қорқар болсам, жұтсын мені қара жер.

#### МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН

Арыстандай айбатты,  
Жолбарыстай қайратты,  
Қырандай күшті қанатты,  
Мен жастарға сенемін.

Көздерінде ой ойнар.  
Сөздерінде жалын бар.  
Жаннан қымбат оларға ар.  
Мен жастарға сенемін.

Жас қырандар – балапан,  
Жайып қанат ұмтылған.  
Көздегені көк аспан  
Мен жастарға сенемін.  
Жұмсақ мінез жібектер,  
Сүттей таза жүректер,  
Қасиетті тілектер,  
Мен жастарға сенемін.]

Тау суындай гүрлідер  
Айбынды алаш елім дер.  
Мен жастарға сенемін.

Қажу бар ма тұлпарға?  
Талу бар ма сұңқарға?

ҚУЛАГЕР

Қулагер, әкең тұлпар, шешен сұңқар,  
Соғып ең дененінде сегіз арқар.  
Сен елсең, орның басар кер бесті бар,  
Болады құдай қосса о да тұлпар.

Құлпырған күлте жібек құйрығың-ай,  
Суырылыптоптан озған жүйрігім-ай.  
Асына Сағынайдың айдап келген,  
Құданың қарай көрші бұйығын-ай!

Ор болып қалушы еді шапқан жерін,  
Сүйсініп тұрушы еді қосқан елің.  
Атығай, қарауылға олжа салған,  
Бота тірсек, қыз сағақ, сандал керім.

Түбінде қарақшының тұрлым тосып,  
Бәйгенді алушы едім талай қосып.  
Алдыңғы ат баран болмай, қылаң болды,  
Сол жерде тұра алмадым денем шошып.

Шыныңмен өлгенің бе, Қулагерім,  
Салбырап сапты аяқтай төменгі ернің.  
Баспа-бас қызға<sup>1</sup> бермес жануарым,  
Басылмас бір сөйлемей, менің шерім.

I/ Бұрынғы бір аста бәйгіден озып келген Қулагерді Сейдалы Аққошқардың баласы қыз бермек болып сұрағанда, асқа айырбас үшін келмегенін ескертеді.

Жануар жаз жайладым, күз жайладым,  
Сыртында қызды ауылдың<sup>1</sup> көп байладым.  
Қулагер мерт болды деп естігенде,  
Тұра алмай орынымда бай-байладым.

Жануар Қулагерім қолдан кетті,  
Дұшпанның қастығынан қаза жетті.  
Тамам жұрт көтермеге аттанғанда,  
Алдынан қарсы бармай, маған нетті?

Жиыннан жеке келген тұлпарым-ай,  
Үмітсіз қандай дұшпан қағып өтті?  
Асына Сағынтайдың апарғанда,  
Жүсібі Батыраштың қағып өтті?

СЫРЫМБЕТ

Ауылың қонған Сырымбет саласына,  
Болдым ғашық ақ сұңқар баласына.  
Бидайыққа лайық қарағым-ай,  
Бектергіге қор болып барасың ба?

Ауылың қонған Сырымбет жел жағына,  
Артық туған бала едің ел бағына.  
Бидайыққа лайық дейтін, сәулем,  
Бектергінің іліндің тырнағына.

Алтын қайық жарасар күймесімен,  
Наздана алмас сұлу қыз сүймесімен.  
Қосқол жаққа таныса киіп барған  
Пешпетінді беріп кет түймесімен.

I/ Арманда айырылсақан Ақтотының ауылын меңзеп отыр.

ОҚУ, БІЛІМ

Оқу, білім - жанған шырақ  
ойласаң.

Үйренерсің,  
іздеп көрсең,  
қоймасаң.

Қу өнерді,  
бу белінді,  
жігер сал.

Пайда аларсың,  
қаужанарсың,  
тоймасаң.

Қ ы с

Жалп - жалп, жалп-жалп жауды қар,  
Тон киіндік, тонды мал.  
Бүрк-бүрк, бүрк-бүрк боран бар.  
Боран жоқта тұман бар,  
Қызыл шұнақ қызыл бар,  
Суда айна тас мүсін бар.  
Қылаулатқан қырау бар,  
Боғы қатқан бұзау бар.  
Үйіп алған отын бар,  
Қалтыраған қатын бар,  
Бүрсеңдеген лақ бар.  
Сүмсеңдеген қонақ бар,  
Қыздар қылған шұжық бар,  
Қонақ айтар қызық бар.  
Ай, балалар, балалар!  
Күнде оқуға жүрелік,  
Үйренелік, білелік.

✓ ✓ ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВ

/1889-1931/

ЖАЗ КЕЛДІ

Күн жылынып, қар да еріп дүрілдеп,  
Сай-саладан сулар ағып, күрілдеп.  
Ой мен қырда басқызбайды сар балшық.  
Әлем-топырақ жердің беті іріңдеп.

Аспан жүзі ұшпалы бұлт сәуірдің,  
Жылы желі бетті сүйген тәуір күн.  
Қыс қысылған көтерем мал жалғыздап.  
Тұс-тұсынан шығып жатыр ауылдың.

Аунап-қунап ауасына сағынған.  
Ызғар суық ақ кебіннен арылған,  
Ойдым-ойдым қара жерге көз ойнап,  
Бәрі бірдей басын қойып жабылған.

Шаруаларда қуанышты күлімдеп,  
Ептеп өтті алты айғы қыс күлімдеп,  
Балалар да лек-лек болып, доп қуған,  
Жалаң аяқ, жалаң бас жүр дірілдеп.

Мал да, адам да не бар жандық мез болды.  
Қатар түзеп, үйрек, аққу, қаз келді.  
Жердің жүзін бейне ұжымаққа теңейтін,  
Алақай, алақай-ау, жаз келді.

✓ ЖАЗҒЫТҰРЫМ

Ой, балалар, балалар!  
Жылы-жылы жел соқты.  
Жылгалардан су ақты.

Қаңқыл-қаңқыл қаз кепті.  
Жер қарейды, жаз кепті.

Желкілдейді көк майса.  
Желіндейді мал жайса.

Ауыл көшті қыстаудан,  
Әне, апамдар қой сауған.

Құс ұясын түзеді,  
Тайымды ағам күзеді.

Ел ешкісін қырқыпты.  
Егіндерін жыртыпты.

Ой, балалар, балалар.  
Ойналық та күлелік,  
Қос басына мінелік.

#### ЖАЗҒЫ ШІЛДЕ

Ой, балалар, балалар!  
Шілдем-шілдем шілде айым,  
Шырлап торғай күн сайын.  
Шұбар ала шешектер,  
Шудаланған көк шөптер,  
Жапырақтар жалпайды.  
Жас қозылар марқайды.  
Ұшты көкек қуалай.  
Сайда пісті таңқурай.  
Құрт, ірімшік қайналды.  
Нәйім-нәйім бауырсақ.  
Ағын суға шомылсақ.  
Ой, балалар, балалар,  
Ойналық та күлелік.  
Үйретіп тай мінелік.

#### БІЗДІҢ ТОРЫ ҚҰЛЫН

Қағы қалақтай,  
Мойны садақтай.  
Төбелі жұлдыздай,  
Күні құндыздай,  
Қалы жібектей,  
Саны білектей,  
Көзі моншақтай,  
Құйрығы шамақтай,  
Өзі жұп-жұмыр,  
Ерні жып-жыбыр,  
Даусы шіп-шіңгір,  
Басы құп-құлдыр,  
Жұтынып жүруші ед,  
Бұлтиып тұрушы ед.

Ноқтаны, желіні,  
Киімді, төріні,  
Көзіне түскенді  
Ернімен емуші ед,  
Езгілеп беруші ед.  
Құрауға келуші ед,  
Соңынан еруші ед.  
Далаға шығып ап,  
Құйрығын тігіп ап,  
Асырды салар ед.  
Айнала шабар ед...  
Енесін емер ед,  
Еркелеп тебер ед.

#### ШАҒЫН ӘҢГІМЕЛЕР ✓

#### ШУБАР ТАЙЫМ ТАБЫЛДЫ ✓

Көкем алып келген қамыс құлақ шұбар тайым болатын. Шаң тimestiң тұқымы. Өзі қойдан жуас. Күнде үсті-басын сипап, көше өзiм суарып тұрамын.

Асқар байдың ауылында "бәлік" бар екен, біздің ауылдың бозбалаларын шақырған. Тайымды суарып мен де бәлікке бармақпын.

Қап-қараңғы. Көзге түртсе, білмейсің. Тек аспанда жұлдыздар моншақтай жылтырайды, тым-тырыс. Құздың етегінде бұлақ сылдырайды. Бұлаққа қиялап түсетін тар соқпақпен келе жатырмын. Екі жағым күз. Үстіме төніп тұр. Бү бір - қорқынышты жер еді. Қорыққаннан денем түршігіп кетті. Төменде судың толқыны тасқа соғылып, шулап жатыр.

Бір уақытта астымдағы шұбар тай елірейіп, пысқырып, кейін шегінді. Көзім шарасынан шықты. Басым лу етті. Жүрегім балғамен ұрғандай тез соқты. Екі көзім алда. Не де болса тез болса екен деп өліп бәрармын. Бір нәрсе қорс етті. Тайым мөнкіп қалды. Топ еттім. Басым шың ете түсті: жер қатты еді. Жамбасым ауырып қалыпты. Мешел адамдай орымнан зорға көтеріліп, кейін жүрдім.

Әрі тайыннан айырылып, әрі бәдіктен қалғаныма ыза болып, жасымды тұл амай, үйге бардым, көрген-білгенімді айттым.

Ертеңіне тайыма ішім қазандай қайнады. Тайымды іздеп өлейін деп, айдалаға қаңғып кеттім. Күні бойы іздедім, табылмады. Кеш болды. Қорықтым. Жаспын ғой. Бар бітіргенім - жылау. Қас қарая үйге қайттым.

Келсем, тайым қазықта Сайлаулы тұр. Жүрегім аспанға көтерілді. Қуанышым қойныма сыймай кетті. Сұрастырсам, тайым өзі келіпті, неткен ақылды! Сонан былай тайымды бұрынғыдан да жақсы көретін болдым.

### ЖӘНДІКТЕР ҚЫСҚА ҚАЛАЙ ҚАМДАНАДЫ

Қыр хайуандары қыс таянғанын сезеді де, ерте бастан қам қылады. Кірпі мен тышқан інге кіріп, қыстай қатып жатады. Кірпі жапырақ жинап, соған оранады. Тышқан қу шөпке оранып, қунысады.

Тышан ағаштың қуысына тығылады. Ол күздің қара басынан ағаштың бүршігін, жаңғағын, саңырауқұлақты жинап алады. Қыстың күні соларды жейді де, ұйықтайды. Жаққанат баспаналы жерге кіріп, тырнағымен бірдеңеге жабысып, салбыратып, жаз шыққанша ұйқымен болады.

Жылан, шаян, кесіртке, бақалар тас астына, ағаш түбіне, жылы жерге кіріп, жазға дейін жатады. Қоныз, құрт, сүліктер де сондай бір-деңе қылады.

Балықтар ғана тереңде, су түбінде қыстайды.

Қайта қоян бәләкеш қыстай ақ қарға алас ұрып, жүгіріп, тамақ іздеп жүргені. Шөп аршып жей ме? Ағаштың қабығын кеміре ме, қыоманның тұқымын тере ме, әйтеуір, дамыл жоқ. Адам қамын жемесе, үй хайуанаттарына да қыс бапты тимейді. Жыл шыққан малдың түрі қандай? Байғұстарға жылы қора мен тамақ болар ма еді?!

### ИТ ПЕН БАЛА

Ауылдан аулақ, өзен жиегінде оңаша диірмен. Жағалай тау, таудан құлаған көбікті өзен диірмен дөңгелегін күңгір-күңгір айналдырады. Диірмен алдында, ит қора жанында бала отыр. Маңайда диірменшінің тәукеншік үйінен өзге түк жоқ. Баланың жалғыз

серігі-Жолдыаяқ. Ол шынжырлаулы. Басын баланың тізесіне салып балдырлаған. Аузына қарап, сөзін тыңдағандай болады.

Ал сонда шойын қара бұлт көрінді. Тал түсте жанған күн ұтуылып, жерді қараңғылық басты. Бала үйге, Жолдыаяқ үйшігіне ұмтылды. Жайдың оты жарқ-жұрқ. Аспан салдыр-гулдір. Жаңбыр шумектеп, таудан тасқын сарқырауда. Диірменнің қылдығық өзі күрілдеп, күшеюде. Буырқанған ылай толқын дөңбекті жулып, ағашты ағызып диірмен дөңгелегін талқандауда. Су молыға-молыға қораға толып, үйге кіреді. Бірақ құрыш тастан қалың соғылған үй тырып етер емес. Әкесі нәрселерін төбеге тасып жүріп, баласына бажылдайды: "Қапты ала шық!" - дейді.

Шешесі жан таласып әкесіне нәрсе әперуде. Төбеге дөңдеп шығарып алды. Бала әйнектен қарап Жолдыаяқтың үйшігін толқын қиратып жатқанын көрді. Жолдыаяқ байғұс шынжырдан босана алмай, жалынғандай балаға қарады.

Енді болмаса, Жолдыаяқ суға көтетін. Баланың жаны ашып кетті. Ата-анасы абыржып жатқанда, жалма-жан сатымен жерге түсіп, суды бөлугарынан келтіре кеше жөнелді. Бара шынжырға шап берді. Қуанған ит өркелеп, қолын жалауда. Шынжырды ағытып, екі дос үйге қарай салды. Бір-ақ су көтеріліп, тасқын күрілдеп, баланы өсікке жеткізбей әкетті. Кетіп барады... өлді-ау енді...

Жоқ, баланың бақ еткенін Жолдыаяқ естіді де, дереу бұрылып, досына қарай жүзді. Суды қаба, қапыл-құпыл жалдап, баланың көйлегінен тістеп, сүйретті. Бәрмен баланың айғайын естіп жан ұшырып әкесі де келді, тілімен баласын үйіне алып келді. Біраз уақыт өткенде, құтырған тасқын сабасына келді.

Ит пен бала талай жылдар бірге жасады.

Бірін-бірі өлімнен құтқарғаны өмірі естерінен қалмады.

### ЖАН-ЖАНУАРЛАРДЫҢ ИІСІНДІГІ

Ат бірдеңеден үріксе, пысқырады. Ол иісін оңдап /дұрыстап/ айырайын деп, мұрнын тазалағаны. Қашан айырғанша пысқырғаны, үріккені басылмайды.

Бір өгізді біреу өкіртіп ұрып жатқанын көп өгіз көріп тұрса да, не екеніне "түсінбейді", ал сымрдың қаны тамған жерді иіскесе болғаны, жер тырнап, өкіріп қоя береді.

Әйелі науқастанып қалып, бір шал сиырын саууға өзі барса, сиыры пыскырып иімейді. Ал әйелі шапанын кигізіп, басына жаулығын орап жіберсе, сиыр ийі бастайды. Сауып отырғанда шалдың әңірі түріліп қалса, сиыр қорс етіп сүтін тоқтата қояды.

Құрт-құмырсқаның иісшілдігі иттен де бетер, ара өзіне көрек гүлге бұлтармастан ұшып барып қонады. Құрт өз жалырағына қарай тура жорғалайды. Қандала, бүрге, маса сияқты жәндіктер адамның иісін өздерінің жүз мың адымындай жерден сезеді.

### ӘРКІМНІҢ ӨЗ ҚАМЫ

Көк, сұр бұлттар көбейіп, шоғырмақтала, салмақтана бастады. Сөз жоқ, жаңбыр жауғалы тұр.

Тезек терген екі бала қаптарын толтыра алмай:

- Құрып қалғыр, тағы жауғалы келеді, - деп, үйлеріне қарай томпаңдады.

Малдан келе жатқан Шопанбай бір көзін қысып, аспанға қарап:

- А, құдай, жауса игі еді, береке болар еді, - деді.

Құртын өреге жаңа ғана жайып болған Қатша кемпір:

- Құдайдың күні қутырып кетті ғой! - деп, текеметін ала жүгірді.

Егін салған шаруалар:

- Ай, бір төгіп берсе, еңбегіміз жанар еді, - десті.

Балшық басып, кірпіш құйып жатқандар:

- Қап, мына бұлттың түрі жаман, балшықты ағызалы-ау, - десті. Шөлде арбасының дөңгелегі сылқылдап, шабақтары қайта-қайта түсіп хеле жатқан бір қалашы:

- Ай, бір тас қып берсе... - деді.

- Кептірмеді-ау! - деп, кір жайған қатындар көйіңді.

### БЕСІК ЖЫРЫ

Ұяқтасын деп бөбегін  
Аманбысының ішегін.  
Аманбыл бабаң қағады.  
Аманбаққан сайын өлеңі  
Аманбұлақтайын ағады.  
Аманбағады Жамбыл қос ішегін  
Амансуың үшін, өсуің,  
Аманұяқтасын деп бөбегін,  
Аманөкте жұлдыз ұйықтады,  
Аманайлауда жусап мал-дағы  
Аманұйықтап қырда ботақан,  
Аманалтын жалды құлыншақ.  
Аманұмып көзін бұзауқан.  
Аманида сирақ қошақан -  
Аманөлдін бәрі ұйықтады.  
Аманұйықта сен де, балақан,  
Аманегіртке ұйықтап шөбінде.  
Аманбақа жусап көлінде,  
Аманбалғып құрақ өзінде,  
Аманбалық-тағы ұйықтады,  
Аманамудария түбінде.....

Ұйықта, сәулем, бөбегім,  
Болды сенің дегенің.  
Отаныңның сүйікті  
Бөбегінің бірісің -  
Бәрінен де сен сұлу,  
Бәрінен де ер сұлу.  
Біздің жердің құлпырған  
Жас өспірім ерісің. . .  
Сен үшін бақша бұлбұлы  
Сұлу әнін сайраған.  
Сайдың сұлу гүлдері,  
Сенің үшін сары алтын  
Аққан күміс арнадан.  
Көзің жарық жұлдыздан.  
Шашың жібек күндыздан,  
Сен бір артық көркемсің  
Биік асқар, шың-құздан.  
Қара көз, сәби бөбегім,  
Аса берсін өнерің,  
Батыр балып өсе бер...

### БАЛАЛАРҒА

Балалар, аманбысың, шырақтарым,  
Майысып көлге біткен құрақтарым.  
Жүрмесем есендесіп тұра алмаймын.  
Ішінен асып кетсе бір аптаның.

Қонаққа келді, міне, Жамбыл атаң.  
Сан жылдар жүк көтерген бүкір жотам.  
Қарт бабаң дәуіріне мейірі қанған,  
Қуанып жастығына сендей, ботам.

Білемін, өмірлерің тұрған жайнап,  
Күндіз-түн жастық үшін жарық сайлап.  
Ай, жұлдыз, күннің көзі, жел менен су -  
Бәрі де сендердікі, әлемге айғақ.

### АЛАТАУДЫ АЙНАЛСАМ

Түнеугүнгі кеткеннен,  
Ғали, жаңа келдің бе?  
Алғадайдың мүрдесін,  
Жол-жәнекей көрдің бе?

Топырағың торқа боп,  
Тыныш ұйықта, дедің бе?  
- Қалай қиып қалдырдың  
Қарт әкеңді, - дедің бе?

Өртенеді өзегім,  
Ауырады бөлім де...  
Қаза болып кезелім,  
Халім қиын менің де.

Алатауды айналсам,  
Алғадайды табам ба?  
Сарыарқаны сандалсам,  
Саңлағымды табам ба?

Өлім деген у екен  
Мендей кәріп адамға.  
Күнде үйімде күңіренем,  
Көзіме жас алам да.

Темір өзек пенде жоқ,  
Өлмес адам елде жоқ.  
"Орынсыз деп өлімі"  
Ағат ойлау менде жоқ.

Көп жайланған жабының  
Жал-күйрығы сұйылар...  
Сол сияқты Жамбылдың,  
Жұқарыңқы түрі бар.

Көңілі бос кәрінің,  
Көкейлерін ұғынар,  
Көтермей жан жалының  
Көзден жасы құйылар.

Жасым жүзге кеп еді,  
Мен өлгенім жөн еді.  
Ақ таяққа сүйеніп,  
Төтең жылай береді.

Не істеп едім, құдайым,  
Қорлығына жылаймын!  
Көліп қапты балалар,  
Өңшең әжет шырайлым.

Орнымнан мен тұрайын,  
Белді бекем буайын.  
Келші жақын, Әлімқұл,  
Күндерім, түбін сұрайын.

Сарғайып атқан таң ба екен,  
Сары аяқ болған бар ма екен?  
Қырға шығып шақырсам,  
Алғадайдай боздағым,  
Келер күнің бар ма екен?!

Мінген атың кер ме екен,  
Кекілден аққан тер ме екен,  
Жарға қосып шақырсам,  
Төтемнің даусы дер ме екен?!

### ӘКІРАМ ҒАЛЫМОВ

(1892 - 1913)

### ТУҒАН ЖЕРІМЕ

Сағындым сені қатты, өскен жерім,  
Шырылдап тар құрсақтан түскен жерім.  
Кеткелі біраз заман болса-дағы,  
Қалмайсың ұмытылып естен, жерім.  
Сөйлесем, ішімдегі шерім тарқар,  
Жігітке еткен талап өнер артар.  
Ұмытпай ішкен суын, жеген отын,  
Үйренген хайуан мал да жерге тартар.  
Қайран ел! Ұмытам ба сені өлмей?  
Қалмайсың ешбір күні ойға келмей.  
Ағайын елде қалған еске түссе,  
Боламын мен қайғылы, ойнап күлмей.  
Жасымнан жүрмін мен де өнер қуып,  
Қайран ел, есті білдім, елде туып,  
Төрт, бес жыл кеткеніме болса-дағы,  
Көңілім көте алмайды сенен суып.  
Бұл дүние жұтпайынша кімді тастар,  
Кәрімен кетіп жатыр қыршын жастар.  
Бірге өскен, бірге жүрген балалықта,  
Ойна ала ма екен замандастар.  
Қор болма тәуекелге бел байлаған.  
Ел қадырын кетпей тұрып кім ойлаған,  
Бойында Есіл, Нұра сайран етіп,  
Сағынам құрбыларды күнде ойнаған.

## НЕ ҚЫМБАТ?

Не қымбат бұ дүниеде-бақыт қымбат,  
 Минетін патша болып тахыт қымбат.  
 Көркі бұл дүниенің алтын, күміс,  
 Сонда да баршасынан уақыт қымбат.  
 Әр нәрсе қолға түспес көз көргенмен,  
 Келмейді өткен ғұмыр пұл бергенмен,  
 Мезгілі жастық деген тұрмас баста,  
 Жүретін ойнап-күліп, көз келгенмен.  
 Тиер ме бір кеткен соң жастық қолға,  
 Базардан ала алмайсың сатып пұлға,  
 Өткен күн, қош аман бол, дариға, деп,  
 Зуылдап аяндайсың жылдан-жылға,  
 Ғұмырың осылайша өтер, кетер,  
 Әр кісі мұны білген талап етер.  
 Қиялмен анау, мынау жүргенінде,  
 Басыңа уағдалы өлім бір күн жетер.

ТАЙІР ЖОМАРТБАЕВ  
 (1883-1937)

### БАЛАЛАРҒА НАСИХАТ

Тырысалық, газиз жас,  
 Балалыққа болмай мас.  
 Оқып сабақ білсеңіз,  
 Есімің болар елге паш.  
 Ойыншы жайқау баладан  
 Үйір болмай аулақ қаш!  
 Ғылым білген адамдар  
 Кедей, мұқтаж, болмайды аш.  
 Болсын деген ісім оң,  
 Шәкірттерден қалма соң.  
 Майсекілді жұмсақ бол,  
 Мұздай қатты болма тоң,  
 Біл сабақты жазу жаз,  
 Жасыңнан бол өнерпаз.  
 Күні бойы жүгіріп,

Ойнағанға болма маз.  
 Сабақ білсең, жасыңда,  
 Құстар сайрар басыңда.  
 Отырарсың сен-дағы,  
 Жақсылардың қасыңда,  
 Сабақ білсең, жейсің бал,  
 Айтқан сөзге құлақ сал!  
 Білсең сені мақтайды,  
 Тәрбиелеп сақтайды,  
 Оқымаған, білмеген,  
 Ешбір жанға жақпайды.  
 Тырысып сөзде оқысаң,  
 Мақтайды сені барша жан.  
 Өзі келер сені іздеп,  
 Үшқан құс пен далада аң.

## БАЛАЛАРҒА ӨНЕГЕ

Тырысайық, балалар.  
 Тырысқанға алла жар.  
 Ғаламға раушан гүл шығып,  
 Уақыт туды кетер қар.  
 Жақсылардан гибрат ал!  
 Артылып бақ жылма-жыл.  
 Шаш ғылымнан сен егін,  
 Алсын надан бос тегін. ✓

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН  
 /1894-1937/

### ҚАЗАҚ САБАҒЫ

Иесі болсадағы алтын тақтың,  
 Кенеді бөндесі жалғыз хақтың.  
 Тағдырға мойын сұнып, елден безіп,  
 Мен жүрмін ортасында бөтен - жаттың.  
 Сары қазы, сары қымыз тамағы боп,  
 Жүргенінде жастары біздің жақтың.  
 Өлшеулі ет, қара шайды тамақ қылып,  
 Өткізіп жүрмін уақтың жастық шақтың.  
 Ас-тойда мендей жастар салтанатпен,  
 Қызығын көргенінде мінген аттың,  
 Шаң жұтып, көше көзіп, таңдай кеуіп,  
 Мұршасын алып жүрмін екі аяқтың.  
 Биқам боп ата-ананың қастарында  
 Талайы жүргенінде мендей заттың,  
 Сағынып әке-шеше, құрбыларды  
 Мен жүрмін ортасында қасіреттің.  
 Қыз ойнақ, жиын-тойда мендей жастар,  
 Жүргенде істеп дауасын көңіл шаттың,  
 Сағынып ойын-күлкі, мерекені,  
 Бетіне мен отырмын қарап хақтың.  
 Мені ешкім зорлаған жоқ шетте жүр деп,  
 Не қасірет болса-дағы өзім таптым.  
 Шалқамнан жатар едім мен де үйде,

Мен-дағы ұрпағы деп аруақтың.  
"Өнер тап, жолдастығы жоқ, - дейді ойым, -  
Атадан қалған артта мал мен бақтың".  
Я, алла! Жеткізе көр мұратыма,  
Рахаты бар деуші еді михнаттың.

### ІНІШЕГІМЕ

Ойынды қой, інішегім, алға басы  
Жарқыратып ақ нұрменен көңілді аш!  
Балалыққа жас миынды алдатпа,  
Ғылым үйрен, нұрға толсын кеудең жас.

Бұл заманда ғылым білу - өнер алды,  
Ағаларың оны білмей артта қалды.  
Шырға қылып қызартқанға алданып,  
Әр харамға ысырап қылып біткен малды.

Қамсыз жатып, артта қалып бұл күнде,  
Я, шырақсыз, я сәулесіз қараңғы үйде.  
Сырттан қарап жаны ашитын адам жоқ,  
Ағаларың жатыр, қалқам, бұл күйде.

Біз қараңғы үйде отырмыз, қарағым!  
Басқа жұрттар жөп-жарық қыл шырағым,  
Солардай боп біз де жарық көрейік,  
Сендер де көп шырақ жақшы, шырағым!

СПАНДИЯР КӨБЕЕВ

/1878-1956/

"ҮЛГІЛІ ТӨРЖІМЕ" атты кітабынан

АҚҚУ, ШОРТАН НЕМ ШАЯН

Көп кіріскен іс өңбес ынтымақсыз,  
Көп малдың көрегі не, болса бақсыз,  
Таудай талаптан да, бақыт артық,  
Болса да қара жаю жалғыз атсыз.

Ынтымақ жоқтығынан біздің қазақ,  
Кем жұртқа әрбір түрлі болды мазақ,  
Зияны толып жатқан бастан артық,  
Кемітіп газиз басың көріп газап.  
Мысалы, бірліксіздің ғибраты,  
Пайдалы салдырсаң бар лұғаты,  
Кеңесінен аққу, шортан, шаянменен,  
Тыңдайсыз төржіме етіп жазған хатты.  
Бір аққу, шортан, шаян бұрынғырақ,  
Кеңесін еттім бәйіт, салсаң құдақ,  
Тартуға жүкті арбаны міндеттеген,  
Оңаша көл басында тұрған жырақ.  
Үшеуі кәдімгідей жегілісіп,  
Қайтсе де тартамыз деп ерегесіп,  
Тырмысып бейшаралар азаптанды,  
Пайдасыз мекнаттанып терге түсіп.  
Жөнелді шу деп аққу көкке таман,  
Сұңқылдап үсті-үстіне достан жаман,  
Жайда да кесел шіркін жөнге жүрмес,  
Тырмысып көйін қарай жатыр шаян.  
Тартады дем алысып кезек-кезек,  
Арбаны қозғалталмай күдер үзіп,  
Тыпырлап суға қарай бетіменен,  
Шамасы келмей жатыр шортан шыдап.  
Кіріскен ынтымақсыз әуел баста,  
Ерлердің болмай бірлік жолдасында.  
Бетімен әр тарапқа тартқаннан соң,  
Қозғалмай арба қалды көл басында.

"ҮЛГІЛІ БАЛА" атты кітабынан

ЖЕТІМНІҢ ӨЛІМІ

Жетімнің күні құрысын жастай қалған,  
Әкесін шешесімен құдай алған.  
Күтетін анасындай жақын қайда,  
Деген сөз осы емес пе "дүние жалған".

Бетімен іс-істеуге ақылң кем,  
Бой өсіп, жас жетпеген, білмейсің жән.  
Мал-басың ағайынның талауында,  
Ендеше осы емес пе дүние деген.

Көзіңнен жас ағады қан аралас,  
Биліктен малы түгіл, шығып тұр бас,  
Сураусыз малыңда құрық, басында сырық,  
Қамаған арыстан, қабылан мұндай болмас.

Сау басың дауда болар ескенінше,  
Күш жетіп "ә" десе, "мә" дескенінше.  
Ағайынның тәлкегінде иттей болған  
Жетімдер толып жатыр әлденеше.

Шөлдесең сусын болар көлдер қайда?  
Қарын ашса, тамақ болар жерлер қайда?  
Қаңғырып, жүдеп-жадап жүргенінде  
Сипайтын маңдайыңнан ерлер қайда?

### "ҚАЛЫҢ МАЛ" романы

/үзінді/

Есіл бойын қыстайтын Атығай деген елде Тұрлықұл деген байдың қырық жыл отасқан Қанша деген бәйбішесі елу бес жасында қайтыс болған. Қанша бәйбіше өлді дегенді естігенде қадірлес, тұстағында ренжімеген адам жоқ деуге болады: бірсыпыралары бәйбішенің мінезін, бірсыпыралары берген қонақасын, кейбіреулері: "Қанша бәйбішедей дүниеге адам туар ма екен..." деп, түрлі өткен-кеткендерді айтып, әңгіме өтісіп, ауыздарының суы құрысып жүрді. Тұрлықұл ұзын бойлы, мес қарын, түксиген, қалың қабақты, көп сөйлемейтін, жалпақ мұрын, қарсы келген адам қаймыққандай, елге зәбірлі, көршілеріне мазарсыз, қатты мінезді адам еді. Бәйбішенің қайтқаны оған өте қатты батты. Байға көңіл айтып, бата қыла келген елдің ақсақал, замандастары: "Е, бай! Бәйбішеніңізді беріңсіз, алды иманды, арты қайырлы болсын. Бұрынғы өткен аталарымыздың айтқаны бар емес пе: "Қатын өлді - қамшының

сабы сынды", "Байдың қатыны өлсе, төсегі жаңғырар, жарлының қатыны өлсе, басы қаңғырар" деп, басы қаңғырады дейтін жарлы емессің, жасың алпысқа келгеніне қарамай-ақ, мал берсең, біреу өзі-ақ қызын әкеп тастар. Малға қызын кім бермеуші еді!.." - деп байдың көңілін көтерісіп жүрді.

Біреу айға дейін, - бата қыла келген адамның көптігі, дандамасы-мен Тұрлықұл байға бәйбішесінің қайтқаны да білінбей жүрді.

Бір күні бай ертеңгі шайдан кейін, үйде бетен адам болмағанын, шаруаға көз салайын деп, алдымен, қонақ үйіне кірді. Ол үйдегі төсек-орын бет келген жерде шашылып жатыр, қызметкерлерінің де киімдері сол үйде, пеш үстінде су болған байпақ, шұлғаулар жаулы тұр екен. Бұдан шығып, шөбінің ішіне барса, онда арық жабағылар тұратын жұмсақ шөбінде толып тұрған сиыр, сиыр шарбағында аттар сықырлап жүр. Аттар тұрған шөбінде қой қаптап жүр. Бұларды көргеннен кейін бай үйге таман келе жатып, шопаласына бір иттің кіріп, шығып жүргенін көрді. Өзінің қызметіндегі бір баладан:

- Аманжол қайда кеткен? - деп сұрады.
- Аманжол Атекем ауылына, шілделікке кеткен.
- Шілделік кімдікі екен?
- Байқадамның келіні ұл тауыпты, оған...
- Қасен қайда?

- Ол мана шай ішкесін оймақ оямын деп кетіп еді, әлі жоқ, қақпандарын ала кетіп еді, тышқан, күзен аулап жүрген сығар. Маған түс кезінде сиырларды айдап жібересің деп еді, мен малды су ішетін кезі болған соң, шығарып едім, су ішкені ішіп, ішпегені ішпей келіп, маған болмай, қақпағын бұзып, жабағылардың шөбіне кіріп кетті. Айдап шығайын деп едім, болмады. Қасен әлі келген жоқ, қақпандарына айналып жүр-ау деймін.

- Ол иттің мінгені не?
- Үлкен торы.

Үлкен торы дегені қылауына қыл жуытпайтын, байдың бір қадірлі аты еді. Бай біраз ойланғандай болып:

- Осы үйдің әлгі қатыны қайда? - деді.

- Қыз болған үйіне кетті. Маған түсте шай қоярсың, кісі-місі келсе, шақырасың деген, самауыр қайнап тұр, шақырайын ба, ата?

- Шақырсаң, шақыр, - деп, бай кейіген пішінмен үйге кірді.

Бәйбіше қайтпай тұрып та, қайтқаннан кейін де, сол ауылдың үш-төрт ақсақалдары, кешке баймен әңгімелесіп отырып, ас ішіп, байды жатқызып қайтатын әдеттері бар еді. Сол қалыппен бүгінгі кеште Байсақал, Әлібек, Қараш Тұрлықұлдыкінде еді. Бұлардың алдында Аманжол, Қасенді бай ұрсып:

- Тылғақ лағым құрлы бәсі жоқ иттер, мені аяп жүр ме едіңдер, тойғандарыңды көтере алмай жүрген шығарсыңдар, ерегіссем, ақыларыңды бермей қоярмын, - деп жерлеп отырды.

Манағы бала үйге енгізіп кіріп келіп:

- Пар-пар атты екі шаналы келіп түсіп жатыр, - деп хабар берді. Ауылдан келген үш-төрт кісі, Аманжол, Қасендер қонақ үйге шам жағып, кәрпе салып болмай-ақ, үсті-басы қырау-қырау, қасқыр ішікті, түлкі тымақты жуандар кіре бастады.

Аманжолмен Қасен қонақтардың киімдерін шешіп, қағып іліп жатыр.

Ұрсылдап, күрсілдеп, күшеніп-тышанып жуандар отырысты.

Бұл келгендер - елдің Байгазы, Құрымбай деген байлары, бетіне жан келмейтін билер. Айтқаны келіп, атқаны тимеген жер жоқ. Екеуі де өлгенше парақорлар, жем-қорлар, кісі етінен басқаны арамсынбайтындар. Байгазы қазақтың зор байларының бірі, жасынан би болған, анда-санда болыстыққа да таласып қоятын, өте парақор, қара бұқараға тізесі батқан жәбір иесі, шегір көзді, бұжыр, жуан, байдың жалғыз қызы Айтолқынды берген құрдасы. Бұл кісілер ертерек келіп, бәбішеге құран оқып, Тұрлықұлға көңіл айтып қайтқан болатын. Бұлар келгеніне бай қуанып, кеңесіп көп отырды.

Қонақтар шыққалы жиырма шақты күн болып қалды, бас ауылнай жайына барып, съезд құрып келеміз. Халық арасында бір-біріне ауысқан-түйіскендері бар, тоқты-томардай жанжалдары бар екен, ондайларды бітіріп келеміз. Елде дау-жанжал мұндай көп болар ма!... Ел де бұзылып біткен ғой, әсіресе жесір дауы-ақ көп екен. Күйеуін менсінбеген қыз, байынан айырылатын келіншек... Кейбіреулер құрдасынан айырмашы... Күрекеннің пышағы май үстінде, қалтасы да толған шығар, - деп Байгазы қарқылдап күлді.

- Қасқыр қой жемейді деп ешкім айтпас, - деп, о да қарқылдап күлді.

- Қасқыр болғанда, Аралбай сорлының он сом қызыл қағазын алып, төрт сиырының бірін жаман Түйкеге әпердің-ау, - деді.

- Сонда Құрымбай отырып:

- Ол жаман болғанмен жеті сом ақта. Алтыбайдан қыстай жан қалдасып, өзің әперген бес тайыншамды асырап, қыстан шығарып бермекші болды ғой, - деп тағы қарқ-қарқ күлді де, күмістеген мүйіз шақшадан насыбайын атып, алдындағы кішкене жез шылапшыңға шырт-шырт түкіріп, ақ жастыққа шынтақтап қисая кетті. Байгазының әзілінен ұтылып қалдым-ау деген кісіше, біраздан кейін басын көтеріп:

- Е, Байеке! Өзінің түйедейі көрінбей, біреудің түймедейі көрінеді деген-ау, Мендекенің жирен атын алып, жесірін Сарымсаққа бергеніңіз есіңізде бар ма? - деді.

- Е, Мен ат-тон айыбы мен қалың малын қайтартпақшы болдым ғой. Ол итке мен болмасам, мал қайда, - деп Байгазы тағы күлді.

Осы қалыппен, қонақтар қалжындап отырып, Тұрлықұлдан шаруа жайын сұрады.

- Қыстай жылқының бетін көргенім жоқ, аман деген хабар келеді, биыл қыс мақсы ғой, - деп бай үй шаруасының жүдеушілікке айналып бара жатқандығын айтып жігіттерін сәгіп отырды. Аумзы үйде отырған Аманжол, Қасендерге.

- Осы бай бізге не қыл дей береді: ұсақ-ұланы мен сексен сиыр, елу шақты арық-тұрақ жабағы-тай, бес жүз қойды қарауға екеуіміздің шамамыз келе ме? Ақымызды да жөндеп бермейді, - деп мұңайысып отырды.

Байгазы тамағын көнеп, сиректеу біткен шоқша сақалын сипай түсіп:

- Бәйбішеңіздің олай-бұлай болғаны болмаса, құдай берген адамсыз ғой, бір жәні болар... Біз съезден тарқағанда, елге тура қайтсақ та болатын еді, бұрылып келуіміздің мәнісі сізге бір адам тауып келіп отырмыз. Екінші ауылда Итбай деген дүмше молданың жасы он төрт-он бестерге келген қызы бар екен. Битуана болса, соны айттырсаңыз қалай болар екен. Ол ауылға ар жағынан іңір мезгілінде келіп едік, әлгі байғұстың үйі ауылдың шетінде, өзі далада тұр екен. Амандасып жән сұрағаннан кейін, енді қайда барасыздар, қонып баталарыңызды беріп кетіңіздер деп жібермеген соң, қондық, - деді.

- Ол қай Итбай? - деп Тұрлықұл елең ете түсті.

- Ана жылғы, өзіңіз зекетке құйрығы құртайған боз ала тоқты беретін молда.

- Е-е...е...е...! Ол бәйбішенің ысқатына да бір тайынша алған. Сол Амантай ауылында болушы ма еді...

- Байғұстың екі бөлмелі балшық үйі бар екен, үйін балшық деп не қылсын, өзі жылы, шамалы ағаш үйден таза. Күн көргіштігі де тәуір көрінеді, берген қомақасы байдан ілгері, қазыны бұзбай салыпты. Қатыны да тәуір адам екен. Күрекен құдаша деп ойнап жатты, менің көзім әлгі баласында болды. Баласы сұлу, ай десе аузы, күн десе көзі бар, киген киімінде бір кіршік жоқ, бармақтары майысқан, бойы тал шыбықтай. Шай күйганда бір аяқты қағыстырмай, әдеплен отырып, тұрып жүрді.

- Өзінің оқығаны да болуы керек, біз ас артынан әңгімелесіп отырғанымызда кітапқа да қарап отырды. Ертеңіне аттанардын алдында, молданың інісі Қарақұл дегеннен:

- Қарындасыңды күйеуге беріп пе едіңдер? - деп сурап ем.

- Жоқ теңі кездеспейді, бере алмай отырмыз, - деді. Мен сізді қалай көресіздер деп едім, байекене бір баланы қайткенмен береміз ғой деп, жалпақтап қалды. Сізді ұната ма, ұнатпай ма деп, біз Итбайдан тіл тартпай келдік. Егер орнын олқысымбасаныз баласында мін жоқ, - деп.

- Тұрлықұл біраз тоқталып, ойлаңқырағандай болып:

- Ондай ретте адам баласы, көреміз. "Есік көргенді алма, бесік көргенді ал" деген мақал бар еді. Өз көңілім де қыз алмақ, маған бермегенмен де, малға береді ғой, - деп көтеріліп бір қойды. Бірсыпыра әңгімелесіп отырғаннан кейін, бай Аманжол, Қасенді шақырып алып:

- Мына билер шаршаған шығар, төсек салыңдар, - деді.

Билер күшенісіп, ырсылдасып, далаға шықты, төсек салынып жатыр. Билер келгесін күтіп тұрған Аманжол, Қасен мәсілерін тартып, шалбарларын алып шешіндіріп, көрпелерін жауып, шам сөндіріп шығып кетті. Жастыққа басы тимей-ақ Құрымбай:

- Байеке, осы Есмұраттын, әкем тіріліп келсе де, бермеймін деп жүрген қара тазысын қалай алдыңыз? - деді.

- Е, ол қай бір сыйлап берді дейсіз, қорыққаннан берді ғой...

- Қалай?

- Оның мәнісі былай: былтырғы өлген інісінің қатыны сұлуша, жас адам болатын, Есмұратты көрісініп, іргеден шықпақшы білем, оны Байғазы сезеді-дағы, тазысын сұратады. Енді бермеске амалы бар ма? Бірақ тазының өзі де айтудай бар екен, екі күнде Шалқанжал үш түлкі алғызды, жазғытұры көксоқтыда қасқырға салам деп жүр. Ол қатынның төркін жұрты да маған күзден бері дамыл беруді қойды. Бірақ шығымы жоқ жаман иттер ғой, тіске сыздақ

болғандай еш нәрсенің жөнін көрсетпегерін, мен де ырық бермей жүр едім, енді осыдан барғасын, қазақшылқ қып, Есмұратқа басып неке қиғызатын шығармын...

- Байеке, олай болса, екі жылдан бері біздің Жиенбайға адамның жөні келмей сорлап жүр ғой, тәуір адам болатын болса, соған беріңізші! Мен Жиенбайдан қаракер аты мен жүз сом ақша алып берейін. Мұны естігенсін, Байекеннің ұйқысы ашылып кетіп:

- Жаман кісі күйеу таңдай ма? Ол келінге сыртынан асық болушы аз болмаса керек, біздің бала да барғыштап жүр білем, - деп бір аунап түсіп жатты да, - олай болса, Күреке, осыдан барғасын Жиенбайды жібер маған, ақ құйрық қағазын қалтасына сала келсін, ретіне қарай көреміз... - деді.

Будан кейін әр нәрсені әңгіме ғып жатып, тойған билер, үйді басына көтергендей қорылдасып ұйықтап қалды.

Бәйбішесінің тірісінде де, өлгесін де, байдың төсегін салатын, самаурын қоятын бала еді. Тұрлықұл бай келе даяр төсекке жатып, бәйбішесін есіне алып, үй ішінің азып бара жатқандығын тағы ойлап, қамығып, көзіне жас алып, теріс қарап жатып: Қой! Бәйбіше енді келмес, өткен күнді ойлап, көңілімді жасытпайын, Әбішті шақыртып алып, Итбайға жіберейін деді.

Енді шалқасынан жатып, бозбала кезіндегі қалыңдық ойнағаны есіне түсіп, ендігі заман сондай болар ма екен деп, тәтті қиялда жатып, талығып көзі ұйқыға кетті.

Ертеңіне шай ішіп отырғанда Тұрлықұл бай билерге:

- Сіздер ұнатып, Итбай қызын лайық көріп келген болсаңыздар, бүгін Әбішті, қасына бір кісі ертіп, жіберейін деп отырмын, - деді.

- Өзім қатарлы дәулеті жоқ демесеңіз, баласын біз ұнатып келіп отырмыз. Құдай бұйырса, Әбішті жіберіңіз, малға қыз бермейтін адам болушы ма еді. Бермесе, Күрекен оның басына зобалаң туғызбай ма... - деп Байғазы күлді.

Кісілер кеткенсін, бай Әбішті шақыра кісі жіберіп, өзі шаруасына көз салайын деп далаға шықты. Бетімен жүрген торпақтарын қораға кіргізіп, шөп салдырды. Арық-тұрақ тай-жабағы тұратын қораның ішінде барса, бір сыпыра тай-жабағы шөп жемей, қарап тұр екен. Бай Қасенге қарап:

- Жабағыларды суардыңдар ма? - деді.

- Жоқ кешеден бері су ішкен жоқ. Қызболған су жылытып бермегенсін, мен қар тастап жүрмін, - деп Қасен өз жұмысымен бола берді.

Жайшылықта мұндайды көргенде жалшылардың жер-жебіріне жететін Тұрлықұл Қасеннің бұл жауабын елең қылмады. Бүгінгі күні оның ойында қыз айттырудан басқа шаруа шамалы еді. Бай бөтен маддарына көз салып, енді үйіне келгенше, Әбіш те келіп қалды.

Әбіш – байдан үш-төрт жасы кіші жақын ағайыны, Тұрлықұл мен екеуі қатар өсіп, жастықты бірге өткізіп, бірінің бірі ымыжымына түсінген замандас.

Байдың Әбіштен жақын жан ашыры жоқ еді. Тұрлықұлдың ағасынан қалған төрт-бес немересіне болса да, малына қол сала бастағансың, оларды көптен маңына жуытпайтын. Ол жігіттер сырттан байдан әлуін ғана тілеп жүретін. Үйге келгесін бай Әбішке шақырған жұмысын айтты.

– Әбден болады, бәйбіше қайтқаннан бері қарата өзім де ол жақ, бұл жақтан сұрастырып, құлағымды түріп жатыр едім. Сол өзіңіз айтқан Итбайдың қызын лайықтай, осында келмекші болып жүр едім, – деп байдан ойға алған ниетін мақұлдап шықты. Бұдан кейін бай, үлкен көк панасына екі жиренді жектіріп, Әбіштің қасына ауылдан бір кісі ертіп, аттанардың алдында:

– Малдан қашып, айттырмай келмегейсің, – деді. Тұрлықұл мен Итбай ауылының екі арасы – 35–40 шақырымдай жер.

Әбіш жасынан кедейлік көрмегенмен де, пар ат жегіп көрмеген шамалы шаруаның бірі еді. Құтырып тұрған байдан екі атын жеккесін көңіліне желік пайда болып, божи ұстаған балаға:

– Айда! Қаратастағы, ие Жайылымдағы елге түстенөйік, – деді. Жолда ат шалдырып, түстеніп алып, ымырт жабыла, бұрқыратып келіп, Итбайдікіне түсе қалды. Далада тұрған Итбай, Әбіштің неге келгеніне түсініп, бәйік болып қалды. Амаңдықты үсті-үстіне сұрап, Тұрлықұлдың да амаңдығын қайта-қайта сұрап, Әбіштің қолтығынан үйге есік ашып енгізіп, күпісін тымағын сілкіп, қағып жатыр.

Қонақтар жайласып отырғаннан кейін, Итбай ауыз үйге шықты. Ас салайын деп жүрген ауыз үйдегі қатынына келіп, ақырын сыбырлап қана:

– Бұлар Тұрлықұл байға біздің Ғайшажанды айттыра келген шығар, қазыны бұзбай сал, – деді.

Қатыны дыбысын шығарыңқырап:

– Тәйірі, қойшы, не болса, соны айтпай... Жай жүрген шығар. Ғайшажанды шалға неге берейік, – деп Итбайдың сөзін жаратпай, теріс айнала берді.

Итбай сыбырлаған қалпымен:

– Былшылдамай асынды сал! – деп, төр үйге қайта кірді.

Шай қойылып, ет асылып жатыр. Әбіш кеңесті өрсілі-қарсылы соғып жатыр. Итбай "алда" дей түсіп, басты ізей берді. Қатыны бұлардың қалпын ұнатпаған тәрізді: Ғайшаның ойында еш нәрсе жоқ. Ас артынан қонақтар көп кеңесіп отырып, төсек салдырып жатты. Шам сөнгенсін Әбіш қасындағы жолдасына сыбырлап:

– Баласы жұрт айтқандай бар екен, Итбай байғұс сезген кісіше, жалбақтап жатыр, қатынын қойшы, тәйірі, әйелде билік бар ма, – деді.

Итбайдың жүрегі лүпілдеп, ұйқысы келмей: "Бұлар ештеме дегені қалай, батыр-ау? Етімді текке жеп кететін бола ма? Қазыны бекер тутас салдырған екем!..." деп, дал болып біраз жатты. Бір аунап түсіп: "Қой, жұмыссыз неге жүрсін. Ертең келген жұмысның жөнін айтар" деп көңілін жұбатты.

"Егер Ғайшажанды айттыра келген болса, он құлынды бие сұрасам ба екен, болмаса, таза мың теңге ақша сұрасам ба екен... Қой ақшадан да он құлынды бие дұрыс болар, бес-алты жылда құдай бұйырса жүзге тарта жылқы болмай ма? Жазғы қызығының өзі қандай, үй сыртына ұзын желіні құрып, құлындарды шыңғыртып байлап жатқан қандай!"

Кемпір-шалдың ысқатына кіріп, мал таба бастағанына, міне, биыл дәл жиырма бір жыл болған екен, одан түсім шамалы ғой... Жұрттың қолы жылдан-жылға тарылып та барады, құдай тілекті берсе, мұратқа жетсем..."

Итбай көп заманнан бері "осы қалқам ер жетіп, бай жерге беріп, көп мал айдасам" дегендей мақсат қылып жүретін. Итбайдың інісі Қарақұлдың есінде, анау күнгі Байғазы бидің сөзі бар.

Әбіштің Тұрлықұлға Ғайшаны айттыра келгенін сезіп, қуанып, жөнді ас іше алмай жатып еді. "Мал алсаң, кімнің қызын айттырмас екен?" деген оймен арпалысумен болды. Өзі білетін жаңа өспірім қыздарды сығырып шықты. Өзінің сыртынан қызығып жүретін он үш-он төртке келген үш-төрт қызы бар еді: оларды Тұрлықұл сықылды қатыны өлгендер айттырып кеткен. Әлі де болса маңындағы қыз біткенді қайтадан бір сыпырып өтіп, ретін таба алмай, ақырында: "Қой, жас болса да құдай жеткізер, Санекенің қызын айттырайын" деп, көңілі алып қойғандай көріп, жаны жайланып, көзі ұйқыға кетті.

Ертең шай ішіп болғансың, Әбіш Итбайды оңашаға шақырып алып, келген жұмысының жөнін айтты. Итбай қуанғандығын білдірмей ішінен "Е, құдай-ай! Менің де тілегімді беріп, байға қолымды жеткізетін күнің бар екен", - деп:

- Жақсы айтасыз, Тұрлықұлға бір баланы бермеймін демеймін: "ат салсаң ауылынмен" деген бұрынғылардың бір сөзі бар еді, туған-туысқанымды алып, бір сөзін берейін: сіз үйге барып отыра тұрыңыз, - деді.

Итбай не жауап қайтарар екен деп, білдірмей, қораның ішінде тындап тұрған Қарақұл, бұл сөзін естігенсін қуанғанынан сөкіріп түсті.

Итбай ауылдағы Амантай, Жамантай деген ақсақалдарды, Серғазы деген жігіт ағасы бар еді, - соларды шақыртып алдырып, Әбіштің келген жұмысының мәнісін айтты. Амантай, Жамантай, - құлағыңды кесіп алам десе де көне беретін қазақтың момын, қой аузынан шөп алмайтын шалдары: Серғазы - ұзын бойлы, сұлу мұрт, жауырыны қақпақтай жігіт ағасы. Көп сөйлемейді, ерегіс-жанжалда жұмысы жоқ, бірақ істейін десе, қоланан жақсылық та, жаманшылықта келеді.

Әбіштің келген жұмысын естігенде ақсақалдар, бәрі бірдей: "Жарайды! Тұрлықұлда бір орын. Мал десең, мал бар, бай десең, бай, әйел баланың орны табылғансың не керек", - десті. Қарақұлда тындап отыра алмай, қосарланып;

- Жарайды, беру керек, бірақ неше мал алатындарыңды сөйлесіңдер, - деп ақсақалдың бетіне қарады. Серғазы отырып Қарақұлға: - Жеңгең ұната ма екен? Әйелдің бір көлденең билігі болатын, білдің бе? - деді.

Қарақұл бірдеңе дейін деп келе жатыр еді, Итбай мен екі ақсақал оның сөзін бөліп:

- Тәйірі, әйел итті қойшы? "Байтал шауып бәйге алмас" - деген бар емес пе, жақсы-жаманды біле ме солар, - деп Серғазының сөзін жаратпаған сақалды болды.

- Онда не билік бар еді, - деп Қарақұл да соларды қостай кетті.

- Ендеше өздерің біліңдер, - деп, Серғазы күмілжіп қалды. Итбай біраз ойлап отырғаннан кейін:

- Не мал сурасақ, лайық болар екен? - деді.

- Бір түлігіңнен сегізден кейін алу жарамас.

- Мен он сурасақ деп едім...

Ақсақалдар:

- Жарайды! Сүйек сатулы, малға саудаласқанның ұяты жоқ қой, сұрап көрейік десті. Сөзді бір жерге түйіп алғаннан кейін - Әбішті отырған жерлеріне шақыртып алып, амандасып болғансың, Амантай, Жамантай ақсақалдарымыз, сапар қайырлы болсын айтып:

- Келген жұмысыңның жөнін Итбайдан естіп, байдың жасын санамай-ақ, бір баланы Тұрлықұлға бермекші болып отырмыз... - десті.

- Қайырлы болсын, алатын малдарыңыз біреудің алып, біреудің беріп жүрген малы ғой, оны бір түлігімен алсаңыздар да, екі түлігінен алсаңыздар да өздеріңіз білесіздер, - деді Әбіш.

Ақсақалдар:

- Бай малынан жазбай ма, біз бір түлігінен он-онды алғымыз келіп отыр, алатын да жөніміз бар емес пе? - деп біріне-бірі қарасты.

Әбіш бұлардың да құда болғысы келіп отырғанын сезіп, өзі айтқан сөзінен табандап тұрғысы келеді де, тағы да не қылайын деп, баталы малдан бір балалы малды арттырайын деді.

Итбай жулып алғандай:

- Артына не берерсің? - деді.

- Не алатындарыңды қайдан білейін, біздің байға жасау керек емес екендігін өздеріңіз де білесіздер ғой. "Шаригатпен кескен бармақ ауырмас" деген, шамалы сұрап көріңіздер.

- Итбай отырып:

- Мен баламды ырғалтып-жырғалтып жөнелтем демеймін. Бірақ, төсек-орынсыз, жалаңаш-жалпы бере алмаймын. Бай үш жүз сом ауыр-сынбас, - деді. Сол жерде көп тартыспай-ақ тоғыз балалы мал, 500 теңгеге бата қылыпты. Уәде жаз бие бауда жұмысты бітірмек. Бұл отырған кісіде разы болмаған кісі жоқ, жалғыз Қарақұл "Екі жүз елу теңге не болады" деп естіртіп айта алмай, күңкілдеп, кісілерді айнала берді. Бұны Итбайдан бөтен ешкім сезген жоқ.

Кісілер далада сөйлесіп отырғанда, Ғайша апасына келіп:

- Апа, ағамдар не сөйлесіп отыр? Пәлен ақша, пәлен мал деп бірдеме - дейді. Мана жат жұрттыққа жаратылған бала ғой, беру керек дегенін естіп едім, - деді.

Кісілер не жайынан сөйлесіп отырғанын сөзген апасы Ғайшаға не дерін білмей:

- Сен бір шіріген жұмыртқа болдың ғой, қалқам... - деп көзіне жас алып, Ғайшаға білдірмей бөтен шаруесына айнала берді. Бұл сөздің не сөз екеніне түсіне алмай, екінші қайта сұрай алмай, Ғайша да қала берді.

- Булайша бата қылысқанының артынан Әбіш:

- Мен бір жолата құда түсіп кеткім келеді, Итбай, сен де бай кісі емессің, топ жинап, тәрбие қылатұғын, біздің бай да жалғыздікті адам, ерсілі-қарсылы опыр-топыр қыла беруге оның да уақыты келмейді, бұл ұнай ма, Әмеке, Жәмеке? - деді.

Амантай, Жамантай:

- Молда біледі, бізге сіздікі дұрыс көрінеді, неге десеңіз, Итбай да бәсекенің кісісі емес қой, - десті.

Итбай:

- Сіздердің ұнатқандарыңыз маған да ұнай береді: олай болса, бүгін қонып, ертең сәрсенбіге бір жолата құда түсіп кетіңіздер, - деді. Отырған кісілер құда-құда, сіз бізбен үйге кірісті.

Үйге кіріп отырсақын, Амантай ақсақал Итбайдың қатыны Ақсұлуға қарап:

- Келін, қайырлы болсын, біз мынау Әбішпен құда болып, келіп отырмыз. Тұрлықұл байға Ғайшаны беріп келіп отырмыз. Жат жұрттыққа жаралған бала ғой, - деді.

Келін ішінен "иттер ит болып келіп отыр екен ғой" деп:

- Қайнаға, Ғайшаны Тұрлықұлға теңі деп беріп келіп отырсыздар ма? Болмаса сайлығына қызығып, беріп келіп отырсыздар ма? Бұл қайырлы болсын, қайырлы болсын? Мен он қырық жеті берсе, да жалғыз Ғайшамды шалға беруге разы емеспін, байлығы өзіне, - деп теріс қарап күйбектей берді.

Амантайдың аузына күм құйылсын, Итбай бір қызарып, бір қуарып, қысылғанынан тер шығып, терлеп Ақсұлуды ұрсып, боқтап:

- Сен иттен ақыл сұраған кісі бар ма? - деп үйден қуып шықты. Ақсұлу ұзын бойлы, аққұба, сабыр иесі, ақылды адам еді, бұл арада қарсыласқанмен еш нәрсе шықпайтынын білді де, үйден шығып кетті.

Әбіш:

- Ештеңе етпес, әйелдің ондай сөзі болатұғын, - деп, шеберлікке салды. Келініне жауап қайтара алмаған Амантай, ұялғанын білдірмеген болып:

- Тәйірі, әйелдің от басына бармайтуғын билігін қойшы, - деп көтеріліңкіреп қойды.

Серғазы дыбысын шығар-шықпас қып:

- Әй, мана айтып едім ғой, - деп қисайып жата кетті. Ақсұлу: "Бұлар енді маған болмас, құдай жәнін берсе, уақытында көрермін", деп ақылға жөңдіріп, ауыз үйінде мұңайып отырды. Бұл кеңестің артынан үй-ішінде отырған адамдардың әрқайсысы әр түрлі ойға қалысты. Кейібраулерінің ойына: "Әйелге еркектің үлкендігі бола ма екен, беріп отырған жеріміз бай, мал анау, дүние анау, оралғы болатын жас баласы жоқ. Ғайша бара сала сол дүниеге ие болып, күрбеге түспей ме, бұған енді не керек екен?"

Бір сөз шығып кете ме деп, Қарақұл тықыршып өліп барады, Итбайдың ашуы қатынында.

Серғазы ішінен Ғайшаға жаны ашып: "Осының жақсы ат, жаман атына бекер кіріскен екем", - деп отырды.

Ертеңіне құда түскеннен көйін, Әбіш Итбайды шақырып кетті. Құда кетіп үй босағанын, Итбай Ақсұлуға дамыл беруді қойды. Айтатын сөзінің көбі:

- Ғайшажанға сенің жаның ашығанда, менің жаным ашымай ма? Бара бәйбіше болатын орын емес пе, арман не?

Ақсұлу кекетіп:

- Мақсатыңа жеттің ғой, мазамды алма... - деп теріс қарап жүре беруші еді. Итбай Тұрлықұлға құда түсіп, мал алуға даярлана бастады. Қарақұлды киетін киім, жөгетін шана, ат сұрауға жұмсап, дамыл бермеді. Құдаға кімді апарып, кімді қояды өзі бір сұрап болды. Амантай, Жамантай болып жеті-сегіз кісі елден шықты.

Серғазыға қаншама жүр десе де, құдалыққа бармай қойды. Көңілі өсіп, төбесі көкке жеткендей болып келе жатқан Итбайдың ойлайтыны: "Тұрлықұл, Итбай, құда, мал, мал..."

Үйде оңаша қалғанда Ақсұлу Ғайшаға әнеуқуни не себепті шіріген жұмыртқасың дегеннің мәнісін айтып: "Қарағым, шалға барып қалай адам боласың..." - деп өксіп жылап отырды.

Болған істің анығын білгесін Ғайша да: "Апа, мен шалға барып қалай адам боламын", - деп, апасын құшақтап, көп жылады. Күннің күні бойы уайым, қайғымен жөңді ас іше алмай, көшкә екеуден-екеуі оңаша мұңдасып отырған үстіне үйге бір жігіт кіріп келді.

Бұл келген - сол Есіл бойындағы Қарасарт ауылының жиені Жүсіп баласы Қожаш.

Қожаштың әкесі Жүсіптің әлдеқалай қайын жұртына көшіп келіп отырғанына бірсыпыра уақыттар болып еді.

Қожаш – орта бойлы, талдырмаш, сабыр иесі, сұлу қара торы, бір сөзді, уәдеден таймайтын жігіт. Замандастары сол мінезінен өте жақсы көруші еді. Қожаш бұрын да Итбайдікіне бірнеше рет келіп қонып, Ғайшаның сұлулығынан мін таба алмай, сырттан ғашық болып жүрген жігіттің бірі еді. Ғайшаны айттырайын десе, Итбайдың бермейтініне көзі жетіп, қолдың қысқалығына кіну қойып, көңіліне демеу бергендей болып, сол ауылға келгіштеп жүретін. Бүгін келгенінің мәнісі Итбай қызын Тұрлықұлға беріп, мал ала кет дегенді естіп, үйде Ғайша не күйде отырғанын білмек еді. Шай ішіп отырғанда, Қожаш сыр тарту үшін:

– Тұрлықұлмен құда болды деп естіп едім, қайырлы болсын, – деді.

Ақсұлу тұрып:

– Қайырлы болсыңды сүйісіп, құда болған кісілерге айтпасаңыз. Ғайша екеумізге айтпаңыз, жиен, құда болған біз жоқпыз, – деді. Бұл сөзді естігінсін Қожаш ішінен шамадан тыс қуанып, екі көзін Ақсұлудан айырмай, көңілімен Ғайшаны сүйіп-құшып отырды.

Біраз отырғаннан кейін Қожаш тағы да:

– “Күш қазандай қайнайды, күресуге дәрмен жоқ”, – деп бір сабаз айтқан екен, сол сықылды, қолдың қысқалығы не қылғызбайды, жеңгей, – деді.

Ақсұлу отырып:

– Үйдеме шырағым, “жігіттің ағы білмес, бағы білер” деген, – деді,

Оңаша үйде, бөтен бастақ адам болмағасын, бұл үшеуі мұңдарын, өткен-көткенді әңгіме қылып көп отырды.

Ғайша да бой жете бастағаннан бері қарай, Қожашты сыртынан жақсы жігітке есептеп жүруші еді. Бұл екі ғашық бір-біріне сыр ашыса алмай, күр бірін-бірі сүйіп жүретін. Бұлардың ынғайын байқап, Ғайшаның апасы қандай заман болды, бір-біріне айта алмай, ибалық қылып отырған сөзі болса, сөйлессін деп, екеуін оңаша тастап, ауыз үйге шығып жүрді. Ғайша мен Қожаш оңашалықта, күр іштерінен: “Мен сені сүйдім”, “Сені мен де сүйдімнен” басқа еш нәрсе айта алмады.

Ертеңіне Қожаш аттанып кеткесін, апасы Ғайшадан:

– Кеше мен далаға шығып жүргенде жиен саған ештеме деген жоқ па? – деді.

Ғайша күлімсіреп:

– Жоқ, ештеме деген жоқ, апа, – деді.

– Жиеннің кедейлігі не керек, екеуің қол ұстасып жүрсеңдер де аштан әлмес едіңдер, құдай саған осындай жігітті де кез келтірмеді-ау?! – деп апасы көзіне жас алды.

Тұрлықұл есіне түсіп, Ғайша апасын құшақтап, жылап қоя берді. Көп көшікпей, бір үйір жылқымен Итбай да келіп қалды. Ақсұлуда:

– Ет ас, той қыл, – деп мазасын алып барады. Малға қайырлы болсын айта, шашу шаша келген ауылдың өркөк, әйелдеріне Итбай Тұрлықұлдан көрген сый-сияпатын, жеген қонағасын, қазына-мүлкі мен байлығын айтып, мақтанып, жаман жәр үйіне симай отыр.

Өзін Тұрлықұлға бергеннен бері қарай, не болғанын білмей жүрген Ғайша Итбайдың сөзіне шыдай алмай, ауыз үйде отырып, жылаған күйінде мұңды дауыспен қоя берді:

Әй, аға, шыныменен шалға беріп,  
Ғайшаның теңін таппай, малға беріп,  
Жиылған ағайынға отырғаның,  
Біреудің бақ-дәулетін қызық көріп.  
Мен сорлы екі-үш күннен отқа түскен,  
Отырған ажал жетпей, қалуға өліп,  
Жүрегім, басым дал боп, ішім күйіп,  
Қайғылы, уайымды, шаттық сөніп,  
Қор болу қиын емес екендігін,  
Түсініп, есіме алдым бүгін біліп.  
Теңімнің қатарынан ұзақ тұрмын,  
Жүремін бірге қалай ойып-күліп.  
Бұл кезде көңілім суып, бойым мұздап,  
Тұруға шамам да жоқ, жүруге ілініп,  
Ғайшаның ұзақ жатыр жырлар күні,  
Халықтың: “Бұл қалай”; – деп сынар күні,  
Ескермей ешбір нәрсе жүруші едім,  
Бар ма екен қасірет, қала шығар күні?  
Ғайшаның теңі қайда, елі қайда,  
Кешегі уайымсыз күні қайда?  
“Қалқамды сүйгеніне берем дейтін”,  
Әкенің жан ашырлық сөзі қайда?  
Көз жасым ренішіме қаламысың?  
Балаңды от пен суга саламысың?

Мұны естіген соң, Итбай да, үйде отырған ауыл адамдары да әңгімесін тоқтатып, тым-тырыс, біріне-бірі қарап, бұл қалай дегендей дағдарысып қалды.

Итбай қатынын оңашаға шақырып алып:

- Ғайшаданды жылатып қойған сен итсің ғой? - деп ұрысып, балағаттап, бір сөз айтса, сабағандай да болып, - ендігері зарлағанын маған естіртпе! - деді. Итбайдың ашуы тараған кезде Ақсулу:

- Жақсы мен жаманды айырмайтын қызың бала дейсің бе, жасының он беске келгені есінде бар ма? - деді.

Итбай:

- Е, бала емей немене? - деп үйге қарай жүре берді.

КӨЛБАЙ ТӘГІСОВ  
(1893 - 1951)

НАДАҢДЫҚ ҚҰРБАНЫ

Драма үш перделі

/Оқиға қазақ даласында болған/

Ойнайтын адамдар:

1. Волостной управитель Байжан - 65 жаста.
2. Болыстың үлкен қатыны Рәбиға - 50 жаста.
3. Болыстың екінші тоқалы Нұрилла - 26 жаста.
4. Болыстың үшінші тоқалы Майсара - 22 жаста.
5. Нұрилладан туған бала Жақып - 10 жаста.
6. Болыстың шабарманы Ғали, мұсылманша оқыған жігіт.
7. Болыстың екінші шабарманы Назар.
8. Молда Сүлеймен - 37 жаста.
9. Фельшер Андрей - 25 жаста.
10. Болыстың замандасы би Аманбай - 64 жаста.
11. Қазақ сәудегері Тоқсынбай - 42 жаста.
12. Оның қатыны Жамал - 32 жаста.
13. Қызы Қадидша - 16 жаста, аз оқыған.
14. Қыздың жөңгесі Фатима - 26 жаста.
15. Асфандияр - 25 жаста, орысша жақсы оқыған жігіт.
16. Екі стражник - Иван әм Степан.

## БІРІНШІ ПЕРДЕ

Үй қазақ қалпында, бай, жақсы жасаулы. Төрте болыс Байжан отыр. Басын шытпен тартып, қасында үлкен қатыны Рәбиға қымыз сапырады. Екі тоқал - Нұрилла мен Майсара қастарына баласы Жақыпты алып, самаурының бір шетінен отырады. Нұрилла бұларға шай құяды.

РӘБИҒА./орнынан тұрып, болысқа жастық қойып/. Шөлдедіңіз ғой, міне, қымыз ішіңіз /қымыз береді/.

БОЛЫС./қымызды бір ұртып/. Менің насыбайым қайда? /қатты есінеп, аузын алақанымен басады/. Рәбиға түрегеліп, төсек жанынан үлкен сары шақшаны алып береді. Болыс сары шақшаны жерге қағып-қағып, насыбай атады. Ол арада босаға жақта отырған екі жігіт пен екі тоқал болыс пен бәйбішеге сездірмей, бір-біріне қарап қылмыңдасып қояды. Тыстан басында таудай сәлдесі бар, қолына қоржын алған Сүлеймен ноғай кіреді.

СҮЛЕЙМЕН. Ассалаумағалайкум.

БОЛЫС. Вағалайкумассалам. Жоғары шық /Сүлеймен төрге отырып, дуга қылады. Баршасы қолын жаяды/.

СҮЛЕЙМЕН. Мен, тақсыр, дәрігермін. Медине-Мекке жақтан келгеніме екі жыл болды. Қазір неше түрлі даруларым бар. Міне, бұл пайғамбар Ғалия-салымның сілекейі /он қадақтай мәмпасиді алып қояды/. Және тамыр ұстаймын, молдалық та қыламын, үшкіріп те жазамын, дуга жазып та, науқасқа ішкізем /екі тоқал тұрып, бәйбішенің қасына келіп отырады, көздері мәмпасиде/.

БОЛЫС./кіші тоқалға/. Тұр, қонаққа көрпе сал, қымыз күй, самауыр қой/. Қалтасынан таспнық алып тартады. Нұрилла шығып кетеді. Артынан Жақып та жүгіріп шығады. Майсара шыны жуып болып, торсық піседі әм қымыз құйып, бәйбішесінің алдына қояды. Ғали дастархан жайып, аяқшы болады/.

БӘЙБІШЕ./қымыз құйып/. Тақсыр, бұл садағасы кетейін, пайғамбардың сілекейінің құны не болады. Бала таппаған қатынға берсе, бала табар ма екен?

СҮЛЕЙМЕН. Әлбетте, табады. Былтыр Тоғызжан болысының он жылдан бері бала таппаған тоқалы ішіп еді, қазір өздеріңіздер де естіген шығарсыздар, бір жақсы ұл бала тауып алған жоқ па?!

БОЛЫС. Тақсыр, қадақтап сатасыз ба?

СҮЛЕЙМЕН. Жок, мысқалдап сатамын, бұл өзі қымбат. Біз пайғамбар тұқымынан болған себептен сұлтан бізге рұқсат береді. Сөйтіп біз қырга алып шығамыз.

БОЛЫС. Тақсыр мүмкін болса, бір-екі қадақ сатыңыз, бағасын қанша десеніз де, өзіңіз біліп алыңыз.

БӘЙБІШЕ. /Бір мәмпәсиді алып/. Ай жарықтық! /қасына сүйкейді/.

МАЙСАРА. /аузын бір шыпп еткізіп/. Апажан, маған біреуін әперші. /Бәйбіше қолындағы ұстап отырғанын береді. Майсара көзіне сүртіп, шытқа түйіп, қалтасына салады/.

СҮЛЕЙМЕН. Қайыр, сізден көп сұрап болмас, екі қадақ сатайын, екі қой беріңіз /екі қадақ әлшеп қояды/.

БОЛЫС. Тақсыр, менің тамырымды ұстасаныз қайтеді? Көптен бері науқас едім.

СҮЛЕЙМЕН. /болыстың тамырын біраз ұстап отырып, көзін жұмып, аузын жыбырлатып, бір нәрсе оқып/. Сіздің иеніз шамданған екен, міне, орыстың крест таққан знағын мойныңызға салған үшін. Мен, біраз оқып, үшкірейін, құдай бұйырса, жазыласыз. Бірақ үстіңізден бір садақа беріңіз /болыс/. Үстінен қара ләмсік шапан шешіп, молданың алдына қояды. Нұрилла тыстан самауыр кіргізіп, қайта шығады/.

БОЛЫС. Тұр, Ғали, дастархан жай, бауырсақ, қант сал /іали орнынан тұрып, дастархан жаяды, бауырсақ, қант төгеді және өзі отырып, шай құя бастайды. Осы арада тыстан қатты жүгіріп Жақып келіп, төсектің астына кіріп кетеді. Үйдегі отырған халық таңырқап, оған қарайды. Сырттан үйге назар кіреді/.

НАЗАР. Ылтыр балаларға шешек егетін Андрей фельшер келді.

БӘЙБІШЕ. Адыра қал, осы орыста ақыл жоқ қой. Шешекті қайтып тияды.

СҮЛЕЙМЕН. Бәйбіше, рас. Әншейін ақша алайын деп жүрген орыс қой. Кеше Айдабол отаршының ауылында он бала бар екен, бала басы елу тиын беріп, фельшiрді қуып жіберді.

БОЛЫС. Сіз, молда, әлі ешнәрсе білмейсіз. Бұл орыс қазақты енді шоқындырғалы жатыр. Болыс басынан шолға екі бала жібер деп, қазақ болыстарына бұйрық беріпті. Болыс басынан екі бала орысша оқығаннан соң бәрі де шоқнады ғой. Амал бар ма, бала бермесек, өзімізге жаман болады. Сол себепті малы жоқ, кейде қазақтардың баласын жібергелі жатырмыз. Оның есіне қала бол, он десятина жер ал дейді. Қала болсақ, солдат алады, амал бар ма? /Андрей келеді/.

АНДРЕЙ. Аман, болыс /төрге жүреді. Үйде отырған адамдар бәбішеден басқасы тұрады/.

БОЛЫС. Жоғары шық, төре. Қайдан келесіз? Қалада ұлықтар аман ба? Біздің сайлау қешан болады екен?

АНДРЕЙ. Қырға жүретін күні помощник Әлекеңе жолығып өдім, сайлауға өзім барам дейді.

БОЛЫС. Начальниктерден кім шығады екен?

АНДРЕЙ. Шернекең өзі шығады.

НАЗАР. Олай болса, тіпті жақсы болады. Әлекең көптен бері болысқа дос, бір кілем, жүз сом ақша берсе болады. Бұрын да алыс-беріс қылған жолдас қой.

БОЛЫС. Шернекең де жақсы адам деп айтады. Нүрекең болыстан қарызға бес жүз сом алыты. Шұбардың Әміресі елу сомдық күміс сапты пышағын беріпті. Басқалар да берсе керек. Бүйтіп жүргені, қазақ заңын, гүрпын, жолын білгені ғой. Бізге сондай төрелер көп келсе, жақсы болар еді.

АНДРЕЙ. Болыс, шешек егетін бала бар ма?

БОЛЫС. Бізде бір бала бар еді, оған шешек шығып жазылды. Келген жолыңызға міне үш сом күміс /Андрей ала бергенде, біреуі жерге түседі. Ләкін, тышқан қуған мысықтай, екі қолымен ақшаны алып, қалтаға салады/.

БОЛЫС. Назар, тұр, қонақ төреге қой сой.

АНДРЕЙ. /жүрменші болады, бірақ бәйбішеге қарап/. Маған, бәйбіше, пожалуыста, қара қозы терісі болса, беріңізші, менікі шапка жоқ /бәйбіше тұрып төсек жанынан бір қара елтірі алып береді/. Спасибо! /Қолына алып, басын шұлғып/, енді жүрем, қош болыңыз /тұра жөнеледі/.

БОЛЫС. Тұр, Назар, төрені аттандыр.

БӘЙБІШЕ. /ұршығын жерге қойып, төсек астына қарап/. Тұр, қарағым Жақып. Адыра қалғыр фельшер кетті /Жақып жүгіріп тұрып, бәйбішенің мойнынан қушақтайды, ол уақытта тыстан Нұрилла кіреді/.

НҮРИЛЛА. Апа, балаға шешек ектірсек те болатын еді. Нұрсалым қайнағаның баласынан бірақ бала қалған жоқ па? Оған шешек еккен екен, орыстар да бір нәрсені біледі ғой.

СҮЛЕЙМЕН. /қолында тартып отырған таспығын жерге қойып, жағасын ұстап/. Жоқ, олай айтпа, күнәға батасың!

БОЛЫС. Жә, шатпа! Бар, қозылар жамырап көтпесіні! Ақсақ қойлар қайда? Тезек теріңдер ме? Күн жауып келе жатқанын көрмеймісің? Бәлем, тұра тұр, үстіне тағы бір тодал алармын.

НҮРИЛЛА. Апа, күн жауып кете ме, бұлты болып келеді, мен тезекке барамын /Қолына қап алып шығады/.

ҒАЛИ. /есіктен кіріп/. Сайлауға төрелер шығыпты. Қазір Нарын еліне бара жатса керек. Жолдан осы ауылға келіп, түстеніп қымыз

ішеді деп ояздың шабарманы келіп тұр/ сонда үйде отырған адамдар ес қалмай, опыр-топыр жүгіріп, біреуі көрпе, біреуі кілем жаяды. Сүлеймен олай жүгіріп, бұлай жүгіріп, сандықтың артына тығылады/.

БОЛЫС. /жерде жатқан шалбарын қолына алып, бір аяғын киіп, бір аяғын кие алмай, жүгіріп жүреді/. Менің награда тоным қайда! Менің медальдарым қайда? Тұрсаңшы, бәйбіше!

СУЛТАНМАХМУТ ТОРАЙҒЫРОВ  
(1893 - 1920)  
ЕҢДІГІ БЕГ. АЛЫС

Кірді ғой түстен кейін тентек ақылы,  
Сертімнің бұл өмірлік ең ақыры,  
Адам құл өзін жеңіп ұстамаған!"  
Деген бір Сократтың бар нақылы.

Тұрмысты үмітім көп жеңем деген,  
Жеңуге жігеріме сенем деген,  
Ырқыма менің жүрер қай дүние,  
Көнбесе өз ырқыма өзім денем.

Әрине, шыдар-ақпын өлуге мен,  
Баспаспын жаман жолға көнуге мен,  
Ақтармын оқып-жетіп адам атын,  
Басқаға жоқ ықылас бөлуге мен.

Менде жоқ қажу деген, ашу деген,  
Тарығып болымсызға жасу деген.  
Ісіне құрт-құмырсқа ілтипатсыз,  
Ойымда тек сол белден асу деген.

Шындықтың аулын іздеп түстім жолға,  
Разымын не көрсем де осы жолда.  
Шаршармын, адасармын, шалдығармын,  
Бірақ бір табармын деп көңілім сонда.

## ТҰРМЫСҚА

### I

Өмірімнің өрлерін,  
Жазы шықпас, қыс қылышы!  
Жылы шырай бәр десем,  
Аждаһадай ысқыршы!  
Оңға қарай қол созып,  
Теріске жорып пысқыршы!  
Нақақ мазлұм болсаң да,  
Күншілікпен іс қылшы!

Құлдық ұрып жалынсам,  
Арт жағынан қыстыршы!  
Алтын, күміс асылыма  
Баға бермей, мыс қылшы!  
Бұлардың бәрі ойыншық,  
Тек аурудан тыс қылшы!

### II

Тұрмыс маған от шашып,  
Бар дүниені лау қылшы!  
Түйдектей, үйіп қайғынды,  
Абылай аспас тау қылшы!  
Тапсырмастан емге дос,  
Бар әлемді жау қылшы!

Көзіңнің құны бардай-ақ,  
Аяқ бассам ау құршы!  
Бермек тұрсын өзіме,  
Жала салып, дау қылшы!  
Сөндірі ай мен күніңді,  
Тек денімді сау қылшы!

### III

Ден сау болса, тағдырдың  
Көкке ұшырам күлдерін,  
Түрлентемін гүлдерін!  
Жігермен талап еткен соң,  
Қоям ба екен сұлдерін?!

Аждаһадай ақырып,  
Алдымнан қарсы шапса да,  
Естімеймін үндерін!  
Сер-піп тастап түндерін,  
Туғызамын күндерін!

### IV

Ден сау болса, тұрмыстың  
Маған салған құрығын  
Бойлап алып кетермін.

Таудай үйген қайғысын  
Ойнап алып кетермін.

Қаңқылдатып қаздарын,  
Шығарармын жаздарын!  
Мен айтамын осылай,  
Кім біледі, ол тұрмыс,  
Нешелер көр қазарын.

Келешектің жазғанын...  
Аһ дүние, халқымның  
Женге салсам азғанын.  
Тұрмысты алып келденең,  
Қарғыштар Махмұт азбаным.

### БІР АДАМҒА

Бір үйде жиюлы екен қазына мал,  
Көрсетті бәрін бізге ақсақал шал.  
Бұрынғы атамызға сыйға берген,  
Біздерде мынандай бар, мынандай бар!.."  
Ол рас аталарың шеңге алыпты,  
Арзан ғып, қымбат емес, кемге алыпты.  
Апыр-ай қалай бұлдаған сатқандарын,  
Оқа, түйме, сылдырмақ, теңге алыпты  
Суреттер және көрдім жүзі жарқын,  
Ойладым: "Оңдырған-ау баққан халқын".  
Соншама құны толық бұлды түйме  
Артында қалдырмас па жақсы даңқын.  
Дәдім мен: "Құтты болсын шекпеніңіз,  
Артқыға қандай егін өккеніңіз?  
Жусақ та денемізден кетер емес,  
Сондағы тұқым шашып сепкеніңіз".  
Кәргенде күміс кесе, алтын аяқ,  
Бір сөзді тамағымға қойдым таяп:  
"Қай момынның малы бар бұл аяқта?"  
Демейінше болмады, қарап жай-ақ!  
Отырдым, көрсем жекіп тастар ма деп,  
Шал айтты: "Көріңіздер, жасқанба" - деп,  
Кесені қолыма алып қарай бердім:  
"Ішінде нақақ көзден жас бар ма?" деп.

Оллаһи, ант етемін алла атымен,  
Орыс тілін білемін һәм хатымен,  
История, география пәнді білмей,  
Оллаһи, тірі болып жүрмеспін мен.

Келгенше осыларды отыз жасқа,  
Иншалла, бәрін түгел ұғам басқа,  
Отыз жасқа келгенше ұға алмасам,  
Жер жутсын, мәз болмаймын ішер асқа.

Сенемін, еңбек қылсам, бақыт жақын:  
Келер жаз атақты алам деген "ақын".  
Жүректің қазынасы таратылса,  
Пайдасын көрер әлі-ақ ертең халқым.

### ШӘКІРТ ОЙЫ

Қараңғы қазақ көгіне  
Өрмелеп шығып, күн болам!  
Қараңғылықтың көгіне  
Күн болмағанда, кім болам?  
Мұздаған елдің жүрегін,  
Жылытуға мен кірермін!  
Еңбек, бейнет тарауы  
Рақатқа сарқылар:  
Қыздырып күннің қарауы,

Надандық теңізі тартылар.  
Орны отайып, көгерер  
Қызығын жайлап ел көрер.  
Тұрмыс тағдыр бәрі де,  
Бұл мақсаттан бұра алмас.  
Қаһарман, Рүстем, Әлі де  
Бұрам деп жолда тұра алмас.  
Сыланған жардың күлкисі,  
Алдандырмас бірісі.

### НЕГЕ ЖАСАЙМЫН

Сусыз, шетсіз шөлдерден,  
Тұманды түпсіз көлдерден,  
Адамдық көші өткенше,  
Қаақыр мен қой дос болып,

Достықсыз өмір бос болып,  
Шын өмірге жеткенше,  
Іштен өсіп адамдық,  
Сырттан түлеп жамандық,

Талай шаштар агарар,  
Талай тәнді жер алар,  
Талай буын қуарар,  
Талай өмір суалар.

Жасамаймын еңбектің,  
Жемісін көзбен көрем деп.  
Жасаймын бір қолғабың,  
Кейінгіге берем деп.

### ҚАМАР СУЛУ

Жіңішке сымға тартқан әні қандай,  
Балауыз балбыраған төні қандай,  
Ақыл, ой, мінез, көрік түгел келіп,  
Толықсып толып тұрған сәні қандай!  
Еріткен іші-бауыранды көзі қандай,  
Бал тамған майда бұлбұл сөзі қандай,  
Жүп-жүмсақ, бып-биязы ішке кіріп,  
Жайрандап жан күйдірген көзі қандай!  
Күлгенде көзіңді алып кірсіз тісі,  
Қайнамас оны көріп кімнің іші?  
Алмас қылыш жүзіндегі аударылған,  
Сүйгізіп көлеңкесін әрбір ісі.  
Нұрлы жүз жан-жағына сәуле шашып,  
Бойының мінсіздігі онан асып,  
Өзгеден сып-сылымын хәм сүйкімді,  
Ең арты жүрсе-дағы аяқ басып,  
Толған-ай шілдедегі жалт-жұлт өткен,  
Мүбеде көрген кісі қиыр шеттен,  
Көлеңкесі күйдіріп күні, түні,  
Есінен екі-үш айда эзер кеткен.  
Талайы бозбаланың болған ғашық,  
Уай, шіркін, болсайшы деп бізге нәсіп.  
Егерде Қамарменен тіл қағысса,  
Құдай ұрып, жым болар қара басып.  
Омар да қоя берді бетін қақпай,  
Жүрсе де сонысынан жұртқа жақпай,  
Әркімдер құдалықты ойланса да,  
Қамар қыз қайдан көнсін теңін таппай.

Қамар осындай сәулетпен бұлғақтап тұрған кезінде құдай берген дәулеттің арқасында, абырой бірдей келіп толып тұрған кезінде:

Сұлу Қамар, ақын Қамар, жаным Қамар,  
Қамаржан, сені ойласам, ішім жанар.  
Үлбіреген аузыңнан бір сүйгізсең.  
Ішкендей нәусар суын мейірім қанар...

дегендей өлеңдер сол маңайдағы бозбалалардың аузынан екі елі тастамайтын таспигы еді. Және бір нәрсені көңілдері ұнатып, мақтағысы келсе, "Уай, шіркін, мынау Қамардай екен!" десуші еді. Кей уақыт Қамардың көзіне жазатайым көздері түсіп кеткендері де әлдеқандай көтеріліп, қуанып қалушы еді. Қамар біреуінен ән-шәйін бір істің жөнін сұраса да: "Қамар маған сүйдеді, бүйдеді..." деп, нәше күндей әркімге бір әйгілетіп даурығуға со да жетуші еді.

Қамар осындай әркімнің көзіне күйік болған қалпымен күннен-күнге құлпырып, 15 жасына жетті. Бұл көздерінде баяғы теңмін деп құмартып, құлқынын құртып жүретін замандастыранан жоғары секілді, төлміріп жазған өлеңдер, хаттар судай ағылып келсе де, кейбіреулерін жауапсыз жартып, кейбіреулерін өзінің шешендігімен жебедей жерге енгізіп, өнді қайтып басын көтеруге жаратпай тастай беруші еді.

Сол кезде аса жақын болмаса да, Омарларға үш-төрт атадан барып қосылатын Сарбас деген ауылда Жәуке өзі нашар кісі болса да, бар тапқан-таянғандарын жалғыз баласы Ахметтің оқуына салып, жасынан олай сүйреп, бұлай сүйреп жүріп, әйтеуір молда атына ілік-тіріп еді. Бертін келген кездерде, Жәукеңнің ол бейнеті босқа кетпей, Ахметтің арқасында аузы асқа, ауы атқа тиіп, есіктегі басы төрге жетті. Аса байып кете қоймаса да, өзіне-өзі тоқ, жақсы ғана дөңгелек ауқат та бітті.

Бұл Сарбас аулы осы Омакеңдермен ыңғайлас, жазғы, қысқы, қоныстары бір, аралас-құралас еді, Ахмет пен Омардың үлкен баласы Қасен құрдас, жасынан бірге өсіп, бірге оқып, біте қайнаған сырлас еді. Бірінсіз бірі тынышып тұрмас еді. Мұсылманша оқуды екеуі сабақтас болып оқып, рушті сыныптарын бітіріп, онан соң ауылнай школда оқып тамамдаған соң, Қасенді әкесі гимназияға енгізіп, Ахмет қолының қысқалығынан онан артық ұзай алмай қал-

гандығына бірсыпыра жыл болып еді. Ахмет онан соң да тағы талпынып оқып, игдади сыныптарын бітірді. Бертін уақыттарда үлгілі жерлерді аралап, тәртіп, дүние танығысы келсе де, қартайған әкесін қимай, өзі жалғыз болған соң, қайтерін білмей, қарайлап жүрген жайы бар еді.

Және Ахметтің ақыл, ой зеректігінің үстіне сұңқардың баласындай бітімі жақсы, көзге түсерлік көркі де бар, сөзге шешен, ойдан шығарғыш ақын, жарып салма өткір еді. Той секілді жұрт жиналған жерлерде өлең болсын, ойын болсын, газет, журнал, кітап оқып, шаригат, насихат айту болсын, ең арты, біреуді сықақтаған қулық болсын, бас бәйге Ахметтікі еді. Тартынбай тамылжытып сөйлегенде де өзінен үлкен-кішілердің аузынан суын ағызып, көңілдеріндегі уын шығара жаздырушы еді. Соның үшін де елдің атқа мінер "ақсақалдары": "Оқылды деп Жәукеңнің баласын айт, әне сондай болсайшы" деп, біреуге ақыл айтқанда, қызға Қамарды үлгі қылатыны секілді, бозбалаға Ахметті үлгі қылып үрсушы еді. "Қыз қылығынан" деп... не қылса да, Ахмет осындай-осындай... қылықты мінездерімен құрбы-замандастары арасында айтулы, ағайын, халқына сүйкімді болып, жас та болса, біраз жұртқа атағы да шығып кетті. Міне, осылай Ахмет бас болған жерде бас болып, жас болған жерде жас болып, мас болған жерде мас болып, тоғыз қырлы, тоқсан сырлы жігіт ағасы деуге лайық болып жүрді.

Бірақ ауылының малға мастанған, мұрындықсыз, желбастары ғана Ахметтің зеректігін көре алмай, күндеп, іштері жарылып кете жаздаушы еді. "Сонша көтеріп неме керек, кешегі мұрнынан боғы аққан Жәукеңнің жаман баласы емес пе еді?" - деп, жарбандап алдына шыға берушілер де аз емес еді. "Жақсыдан жаман туса емі болмас, жаманнан жақсы туса теңі болмас" деген бабаларымыздың жарқыраған жолын надандығы көргізібеуші еді. Көбінесе себеп: олар жүрген бұзық жолда Ахметтің жүрмеуі, оларға жолдас болмауы, жақсылыққа бастауы, жамандыққа баспауы еді. Жай балалардың сыртқы әңгімелерінде, бұл маңайда Қамармен әзілге, сөзге, өлеңге, ақыл, білімге де жалғыз пар келетін Ахмет екендігі айтылып отырушы еді. Және бұл екеуінің сын-сымбаты сырттан бір-біріне ұнасақандығына қарағанда, тап иыны да сол болуға лайық еді.

Қамар мен Ахмет іштерінен бірін-бірі жанындай көріп, жарылып кете жаздаса да, ағасы Қасеннің жаны бірге досы, құрдасы болып, бірге жүріп, бірге тұрған соң, бірі аға, бірі қарындас секілді, бір-біріне бүгінге шейін ойнап болсын, шындай болсын,

сыр ашып, сыбырласа қойған жерлері жоқ еді және біраз күнгі ойын-күлкі ғана болмаса, Қамар, Ахмет түпкілікті болып қосыларлық ешбір рет жоқ еді. Себебі: Ахметтің құр жігіттігі болмаса, құда болып аларлық малы жоқ, алып қашар еді, ат салысарлық ауданы жоқ: қолына қарап тұрған әке-шешесі тағы бар: оларды тастау оңай болып па? "Теңі келсе, тек табар" дегенге көне қоятын қазақ па? Өйтпек тұрсын, "Қамар" деп аузынан шығарса-ақ, айып салып, бірденесін өлтіргеннен жаман, төргеуге алатын жайы бар.

Міне, бұған Қамардың көзі жеткен секілді, Ахметтің де көзі жетіп, "Әйтеуір, түпкілікті бола алмайтынымыз хақ: олай болғанда, нақақ біреуді қаралауда қанша пайда" деп, олай-былай құмартып, құрыстап келгенмен, ақылға жеңдіріп тоқтала беруші еді. Алайда шын сүйіп, күйшілік бір дөрт шыдата ма? "Таң атпайын десе де, күн қоймайды" деген секілді, осынша тырмысып, шыдайын-ақ десе де жүрек қраймай барады. Күннен-күнге сабыры қалмай, жатса-тұрса көз алдында Қамардың суреті өлестеп, жанын қоярға жер таптырмай барады. Ақыр, іштегі дертін шыдай алмай: біраз күн болса да, өптеп ойнап күлумен мауқын баса тұру қиялына түсті. Ал енді Қамардың оңаша уақытын тауып, жүректерісін ашып салайын деп-ау батырланып келеді. Не хекмәт? Қамармен тап бөтпе-бөт келген уақытта бөті күйгендей ұялып, қызара бастаушы еді. Бойына әлде немене бір қорқақ пайда болған секілді, тұла бойы тітіркенсімақ қызуланып, қуанышты, қорқынышты, аттай тулап, аузына қарай тығылшыңқараған жүрегі сөйлесе дірілдеп көтейін деп, сусынып, ісініп, қамтырылып, қысылып, бір жоғары, бір төмен қарап, қайта-қайта ұмсынып, ешбір нәрсе айта алмай шыға беруші еді. Сөйтіп іштерінен сүйсініп, күйгендігін көлеңкелеген болып отырса да, "Жаным жаралайын деп-ақ; іші-бауырым өлжіреп, өріп бара жатқандықтан, есалаңданып отырмын, қайтөйін...?" дегендей қылып, ақырын баяу ғана аударысқан ықылас көздері бірі-біріне түсіп кете қалса, өздерінің ықтиярсыз барып шап өтіп қосылған көлеңкелерін көрген секілді, бөттерінен оттары шығып, бір нәрсені шұқылаған болып, күбілжіктеп кетуші еді.

Солай... Ахмет әлденеше рет "әй, енді мө..." деп, қатайып-өк келсе де, әлгідей халге ұшырай береді. Таудан, тастан қайтпаған жүрегі Қамарға бір ауыз сөз айтуға бата алмады. Ол Ахметтің қорқақтығынан, я мыншақ, жамандығынан емес, ғашық оты күйдірсе де, ақты қаралауға, ішкі батымшның бармағандығынан, жүрегінің тазалығынан еді... Жасынан қиянат, бұзықтыққа қарайып үйренбеген таза көңіл жеме-жемге келгенде жиренбей қайт, шы еді.

Көп жүрдім шыдайын деп, іштен жанып,  
Кейде олай, кейде бұлай, ойға қалып.  
Амалсыз арды түйіп қалам алдым,  
Кеткен соң ғашық оты бойымды алып.

Ойнайық азғана күн дәурен етпей,  
Тұрғанда басыңыздан билік кетпей.  
Шығаршы жүректегі шын сырынды,  
Жаутандап екі көзді мөлдір етпей.

Талпынып қол сермедім ұшқан күсқа,  
Болса да жетер ме деп қолым қысқа.  
Көзге күйік көрінді, іш күйдірдің,  
Мейірімсіз отқа салдың, бұл дұрыс па?

Бір өзіңнен басқаны қойдым жауып,  
Үят па, ойнап, куду теңін тауып,  
Көрген соң жалғыз ғана ішің білер,  
Жау мұңдалап жүрмессіз елге шауып.

Ақ түйгын талпынбай ма теңге қарай,  
Басын кессе бара алмас кемге қарай.  
Дауасы сырқатымның жалғыз сенсің,  
Талпындым жаным үшін емге қарай.

Қарайсың мөлт етіп жаудыр көзің,  
Шын айтсам, шыбын жаным – сенің өзің,  
Елжіреп іші-бауырым интығып тұр,  
Тез естір мейірбанды жылы сөзің.

Қамар хатты ақып болған соң бір қызарып, бір сұрланып,  
жүрегі кеудесіне сыймай, не ашу емес, белгісіз қасылып, қарап  
турып бір тынымсыздыққа қалды.

Мұнан соң қайғы басқан кісі секілді әрдайым мұңайып, ой-  
ланып жүретін болды.

Бұрын таңның атқанын, күннің батқанын білмейтін Қамар бір  
ол жағынан, бір бұл жағына аунақшып, көрер таңды көзімен атқыза-  
тын уақыттары да болып жүрді. Себебі: бір жағынан, Ахметтей  
ақыл, ой, парасаты тең жігіт табылмайтындығын ойлап, бір жағы-  
нан, әке, ағаларының Ахметті кедейсініп бермейтіндігін ойлап,

түпкілікті болмаған соң, күр біраз күнге әрі-сәрі әуреленіп  
қалудың ретін тағы таба алмай, жатып, тұрып, сандала беруші  
еді... Бір күні қағаз алып, әлде не жазуға ойланса да, не хе-  
кмат, қолы жүрмей, жіпсіз байланған секілді, бір түрлі мұңайған,  
уайымды түспен қаламды бір сияға батырып, бір қағаз үстіне  
жорғалатып, бір ұшы-қиыры жоқ, ұзын ойға батты да отырды. Бір  
жазып, өшірті, бірді жазып, жұртты. Қаламды қайтадан сия ішіне,  
қойып, бір жақ қолымен жағын таянып, көзін сүзіп, тұнжырады да  
қалды. Әрі ойлады, бөрі ойлады, уысына ешнәрсе түсіре алмады.  
Бір-аздан соң ауыр күрсінеді де, қаламын алып:

– А, құдай, жасты жақсы пар қылғаның,  
Бірәуді жоқ, бірәуді бар қылғаның.  
Біреуге алтын, гауһар уақыт беріп,  
Астына жұрт билеген хан қылғаның.  
Біреуге мал мен бақты үйіп беріп,  
Ақылсыз өкі аяқты мал қылғаның.  
Біреуге Аппалтондай білім беріп,  
Мінер ат, ішер асқа зар қылғаның.  
Қыздарын теңге бермей малға беріп,  
Қазақты қара көңіл аң қылғаның.  
Мейлі доңыз болсын, қоңыз болсын  
Малдыны кісімісіп паң қылғаның:  
Көрсетіп құдыретіңнің шеберлігін,  
Бөденің миы жетпес таң қылғаның. –

деп жазды да, қағазын жиып, жанындағы домбырасын алып, далаға  
шықты. Өлгі жазған өлеңін жұрт түсінерлік қылмаса да, бір түр-  
лі азыққан, зарлы жігішке әуезбен көмейге салып баюлатып,  
жаулатып, домбыраға қоста да отырды. Басқалар мұның не екенін  
қайдан білсін, Қамар тағы бір жақсы ән шығарыпты: ал үйрөнөйік  
десін, жүгірісуде еді.

Қалқам-ай, қапа қылдың жауап бермей,  
Жүр ме екен қолың тиіп, реті келмей?  
Дәрменсіз дертім қалаң, жүрек толқып,  
Мен жүрмін сол қападан әзер өлмей.

Қалам қас, мамық тамақ, уыз қойын,  
Мәлдір көз, тілің бұлбұл, алма мойын,  
Көңілімді көкке ұшырмай дау атшы,  
Алып-ұшып барады тұла бойым.

Апырым-ай, көз қарасың тәуір еді,  
Мінезің салмақтылау, адр еді  
Жауабың кеше-бүгін болмаған соң,  
Көз жасым көктен құйған жауын еді.

Білемін ішкі жағың мені сүйер:  
Теңдесің теңді сүймей, нені сүйер?  
Дәл ойың жалғыз қылдың үстінде тұр,  
Ауа алмай бір жағынан ішің күйер...

деген жерге келген кезде, Қамардың хатты ақырына дейін оқып шығуына шамасы келе алмады. Сол жерде не болғанын да білмей, тамағы булығып тұрған ызалы жастары көзінен ытып-ытып кетті, оқымастан алып қойды.

Ал енді Қамардың толған жүрегін, толғанған көңілі олай да, былай да толқып келіп тоқталған уақытта, өзінен-өзі сөйлескен кісідей, мынаны айтушы еді: Ахметті сүйемін-ақ, сүйгенім үшін осынша күйемін-ақ, ал енді, шыдамадым... қараландым. Күні ертең ел-жұртым екеуімізді екі айырып жібереді... Онда не болдым? Қозылуға қарар таппаған көңіліміз айырылуға не ғып шыдатады?... Әке, ағаларым болса, мені оған бермек тұрсын, бұл жазғанын сезсе де, бұл күнімізді өзімізге көп қылады ғой..." - деп, оңашада әлі келетіні баяғы аяусыз көздің жасы еді.

Бір күні өзіне-өзі қайрат беріп, "Қой, бүйтіп күйік үстіне күйік, жалқын салмайын: өзіміздікі қабырға бірге түсетін күйік қой, енді тағы Ахметті күйдіріп, кәрі әке-шешесінің обалына қалмайын: бірдеңеміз елге сезіліп қалса, Ахмет байғұстың талқанын шығарады ғой, онда олардың көз жасы, қарғысы менің мойныма болмағанда кімге?.. Бес-он күндік ойын үшін, әрі өзімді, әрі оны қараландырып, жұртыма да, құдайға да ұятты болмаймын, жанған жаным жана берсін, обалымыз қиюы-қисыны қашқан дүниеге оңға баспай, солға басқан қазақтың қара гүрпына болсын. Бейшараның жанына батыра жазып, көңілін суытайын. Маған әуреленіп, Ахмет деген абыройды атынан айырылып қалмасын. Өмір бойы өзім түскен

азапқа ол түспесін..." деп, ар жағын салыстырып, шарқ ұрып келіп, көзінің жасын төге-төге, мынау бір хатты Ахметке жазып беріп жіберді.

Құп алдым ықыласыңды, замандасым,  
Белгілі сенен жақсы таба алмасым.  
Сонда да үмітіңді үз, менен түңіл,  
Доп емес әркім қағар, менің басым.

Көз тігіп қарадың деп күйе жақпа,  
Жақсаң жақ, жөні келер жерін тап та.  
Ақылмен алды-артыңды шолып алмай,  
Қарны ашқан қасқырға ұқсап қойға шаппа.

Қарасам сүйгендіктен қарамаймын,  
Сүйсем де сол сөзіңе жарамаймын.  
Арыстан айға шауып мәрттігіпті,  
Секіріме, қолың жетпес, көктегі аймын.

Сілтей бер, маған жетер қолың болса,  
Шаңы жоқ, даңғыл жатқан жолың болса.  
Ашық жол, асулы қол болар еді-ау,  
Бірақ жоқ, әттең дүние, соның болса...

Сен шыда, күйіп тұрсың, бірақ отқа,  
Болсаң да қандай қызу жалын шоқта.  
Аузың айтып, ар жағың біліп тұр ғой,  
Екі оттың арасында тұрғам жоқ па?! -

деп өзінің шын сырын Ахметке дүмбілдеу аңғарсын дегендей қылып қойып еді.

Неше күндей тыншымай, жатып, тұрып ойланып, жанып-күйіп сандалып, ой түбіне жете алмай, дертке дәрмен ете алмай, жаны, жүрегі, көңілі, тілегі Қамардың жылы жауабын күтіп жүрген Ахмет, сорлының жүзі хаттың басқы жолын көрген шағында, қараңғы бұлт аспанан күліп шыққан күн сықылды жарқырап кетті.

"Ойдағым келді ме, жылы жауап берді ме, Қамар мені сүйді ме, сүйгендіктен күйді ме?" дегендей қылып, көзі жасаурап, жүрегі лүпілдеп, өне бойы қалтырап кетті, аһ, не шара... Талапсыз сорлы!...

Өлеңнің соңғы жолына қарай аяқ басқан соң-ақ, баяғы қал-  
тыраған жүзі, жаудыраған көз, күннің бұлт астына қайыра кіргені  
секілді, түнеріп салып жүре берді.

Сонда жападан жалғыз өзі ауылдан жарты шақырым бір төбе  
басына шығып, қолының қысқа, қоғамның аздығына назаланып, бір  
түрлі, торығып, зарыққан мұңды лебізбен бір олай, бір бұлай  
жүріп, қайта-қайта айта бергені мынау еді:

Малдылық, маскүнөмдік, қарны тоқтық, -  
Деуші едім неге керек сыпыра боқтық.  
Қазақтың қаны-жаны сонда екен ғой,  
Діңкемді құрттың, міне, әттең, жоқтық.

Ахмет Қамардың әлгі сөзінің тұқымына ар жағынан қопарып  
түсініп тұрса да, қозылып алған көңілі, құмартып алған жүрегі  
тағы бір хат жазбайынша таныш таптырмады.

Бұл жолғы хатын ешнәрсеге түсінбеген құлақсыз саңырау, тіл-  
сіз мылқа кісі сияқтанып, жанына тидіре, жаралы көңілін күйдіре  
жазады:

Әрине, қолым жетпес көктегі айсың,  
Қағу көрмей қарсы өскен қалқатайсың,  
Жетпесе де сермедім, ал қолымнан,  
Ақыл, ой, зеректікке сайма-сайсың.

Ол рас менен гәрі малың тәуір,  
Малы тәуір кісінің сөзі де ауыр.  
Теңіне тенелем деп жүргендердің  
Талайын қара қарға қылған жауыр.

Не шара айтқан сөзім ем болмаса,  
Сұңқар мен сұқсыр үйрек тең болмаса,  
Сен үшін мұнша қапа болмас та едім,  
Алды-артым - бәрі қысқа кем болмаса.  
Қылмаса құдай нәсіп амал бар ма?  
Бірі күн ойнайықшы ең болмаса.

Қамар тағы көрген соң, баяғыдай бір жанды, бір күйді, қайт-  
сін, амал барма? Қамарға деген сөзіне қарсы тез мынаны жазып  
жеткізді. "Суға кеткен тал қармайды" деген ғой, сыныққа сылтау  
іздемей амал барма?..

Апырмай, ашық еді сенің көзің,  
У жеген қасқырдай ғой кейбір сөзің.  
Жайды білмей жарбандап жамандарша,  
Қарғам-ау, қайта ойланып байқашы өзің?

Қамардың ендігі ойы Ахметтің өзіне бір жолығып, мұның,  
ауызба-ауыз айтысып, көңілдерін жадыратып: "Ретім болмады  
айыпқа бұйырмаңыз", - деп, не-де болса өзінен Ахметті түңілді-  
ру еді. Оның ретін тағы келтіре алмады. Себебі: соның өзінде-ақ  
қатын-қалаш, малшы-құлшы дегендейлер ауылға Ахмет келгенде,  
Қамармен көзқарастары бір-біріне елжіреп, еріп, елпілдеп тұру-  
ларынан сезіктеніп қалып иді. Қалай ауылға Ахмет келді, солай  
жиналысып, ортаға алып, ешбір оңашалық бермеуші еді. Ауыры,  
Қамар тағы баяғы хатқа жабысты:

Жан құрбым, сабыр етші жанымды алмай,  
Күйіп тұрған жаным жалын салмай.  
Не сенен, не өзімнен жол табылса,  
Қалатұғын ойым жоқ саған бармай.

Тіпті жоқ сенен өзге сүйген кісім,  
Мағлұм бір аллаға ұшпу ісім.  
Хатыңды көрген сайын қайран болып,  
Жол таппай құр қайнайды іші-тысым,

Әрине, өзің теңсің, малың нашар,  
Хәлің жоқ және тағы алып қашар.  
Болса да басың бұлбұл, аяқ дүлдүл,  
Біреуге кісі тапшы аяқ басар.

Ақыл, ой, сын-сымбатты маған теңсің,  
Шыбыным, шын сүйгенім жалғыз сенсің.  
Ту сия, қара саба болмаған соң,  
Икемге менің елім қайдан келсін.

Қалса да егер бірі мұны сезіп,  
Кетуі-ақ қолын қойып менен безіп,  
"Тентекті алып, салып айдап жібер!" -  
Деп шулап, көк малтасын тұрмай ма езіп?..

Түсінесің де, түсінбей көп жазасың,  
Дертіме дәрменсізсің деп жазасың,  
Тым болмаса, біраз күн ойнайық деп,  
Бткелсіз орайы жоқ кеп жазасың.

Шыдайық тілімді алсаң, қараланбай,  
Досқа кулкі, душпанға табаланбай.  
Өтейік бір күйікпен арманда боп,  
Тағы да жара үстіне жараланбай.

Көрініп көзге түссе, осы хатым, -  
"Оқыды" деген бар ед менің атым, -  
"Қызды оқытпа, оқытсаң мынау, ғой" - деп,  
Кейінгіге тимей ме кесепатым...

Қалдырмай бір жағыңнан мұны да ойла:  
Тамағыңнан басқаны жауып қойма,  
Не пайда, сен де оқыдың, мен де оқыдым,  
Қалмаса арттағыға үлгі бойда?..

Қарағым, қаралама, ая мені...  
Аяғаннан айтамын мен де сені.  
Күйдіріп бір сен үшін ата-анамды,  
Елге бүлік салудың келмес жәні.

Жауапты үзіл-кесіл беріп тұрмын,  
Берсем де бетім күйіп, өліп тұрмын.  
Қайтесің амал барма, қазақ надан,  
Сен де көн, мен-дәлгі хәм көніп тұрмын.  
Разы, сүйген жарым, хош есен бол!  
Құдайым аша берсін алдыңа жол.  
Мен үшін бұдан былай әуре болма,  
Еір жола үзіл-кесіл айтқаным сол.  
Шын сөзге тоқтайсың ғой амалсыздан,  
Қарағым ...м...м...м разы бол, қасіретім мол.

Бұл хат кешікпей-ақ Ахметке тапсырылды.

Қамардың бұл секілді данышпандығына Ахметтің есі шығып  
көткендігі сонша, бұзылуға себеп", - деп, қара көңілден шыққан  
сөзді ойына алып, сол арада жан жеріне тигендей құшырланып-  
құшырланып айтып жібергендегісі мынау екен:

Қайтейін, қара қазақ шабандығың,  
Ойлашы, қай жерінде адамдығың?  
Қыз оқыса бұзылды, ал кетті деп.  
Мінекей айтқызатын надандығың.

Кетпейді Қамар неге маған әріп,  
Аһ ұрып, зар қылады, көңіл беріп.  
Оқумен ойы жеткен шаһыбаздар  
Тұрады-ау атқан оққа көкірек керіп.

Қамар қыз оқымаса нетер еді:  
Әуелі бұлтаң-сылтаң етер еді:  
Көзсіз болса, алды-артын болжау қайда,  
Әркімнің жетегінде кетер еді.

Енді Ахмет өз ісінің қателігіне Қамардан кешу сұрап, атқан  
оқ секілді қиындыққа, артқы ар-ұятты болжап, қарсы тұрғандығына  
разы болғандығын білдіріп және ақыл айтып, ең соңғы қоштасу  
хатын жазды:

Қамаржан, мен күйемін, сенің үшін,  
Әрине, сен күйесің менің үшін.  
Ғалу қыл, байқамады ғашық оты,  
Азғана күн әурелен деген ісім.

Ғашықтық алды-артымды бірдей жауып,  
Іс түбін ойламаппын ақыл тауып,  
Мен үшін өмір бойы қаралан деп,  
Тұрған соң, айта саппын көңілім ауып.

Үялмай-ақ ағашқа күйе жағып,  
Батылым барды соған әлде не ғып?  
Үялам өз-өзімнен жерге кіріп,  
Саған жазған күндерді есіме алып.

Гапу қыл, данышпаным, айып етпе,  
Баспаным көрінгенде біздің бетке,  
Ал енді, бір азырақ ақыл айтам,  
Есіңнен елеусіз ғып тастап кетпе.

Елуге жасы жеткен шалға барма!  
Малды деп маңыздалған малға барма!  
Ер-журтым обалыма қарайды деп,  
Түбінде соған сеніп қапы қалма!

Шыдадым күймек тұрсын, өлсем-дағы.  
Аһ дүние, іш жанды ғой, іш жанды ғой...  
Жанымды қырық буынға бөлсем-дағы,  
Амалсыз айтқаныңа көнсем-дағы.

Қош енді, жаман жаным жана берсін,  
Басыма кетпес қайғы сала берсін.  
Қудая, сол Қамарды бақытты қыл деп,  
Ғашығың қолын жайып қала берсін.

Ақырында: "Қош, қарағым, данышпаным, қош... ризамын", - деп қол қойды. Сөйтіп, кешке таман араларына хат тасушы баланы шақырып алды да: "Ешкімге жамынды білдірместен, осы хатты тапсыр", - деді. Сонан соң өзі үйіне барып ас ішуге де шамасы келмей, жатып қалды. Белгілі қайғы... Біз жоғарыда сөз басында Ахметті күндеп, қолынан келсе, аялбайын деп жүрген замандастары бар деген едік. Олар да қанша үзіліп-сүзілгенімен, Қамарға сөздерін тыңдата әлмай түңіліп, ендігі бір мақсаттары: Қамарды қаралау үшін, сыныққа сылтау табу еді. Әсіресе, оларға Қамардың Ахметке іш тартып сөйлесіп, басқасын кісі құрлы көрмегендігі-ақ бастаушы еді. Нақ осы уақытта Қамарды Ахметке таңған әсек дүрілдеп те тұрған кезі еді. Не қылса да, әлгілер оған-мұнан тіміскілеп жүріп, бір нәрсені сөзді ме, сезіктенді ме, өздерінен-өздері елеулі етіп, түн бойы ұйықатамастан, итше шұбырып жүру жұмысына мықтап жұмыс істеп алған еді. Міне, бүгін олардың көктен тілгені жерден

табылып, Ахметтің әлгі жазған соңғы қатын қолдарына түсірді. /Сырттан біреуі бағып тұрып, бала байғұстың жүйкесін құртып қойған екен/. Өлгені тіріліп, әшкені жанғандай қуанып, шуылдасты да қалды. "Соқыр тауыққа бәрі бидай", тек хат ішінде "Қамар-Ахмет" дегенсөз болған соң-ақ қудай берді, ақты, қарасын ақтару қайда... Шыдасын ба? Біреу айтты:

- Қарашы, асын ішіп, текеметін тіліп жүргенін; жүріндер, бәлемді үйінен суырып алып, тепкілейік... - деп, біреуі:

- Қой, онда нең бар? Омарға берейік...

- Ойбай, ол үлкен кісі, баласының жамандығын бетіне ала-рып басқандай боламыз ғой, - деп біреуі айтты. Өзгеден бұрын Қамардың өзіне көрсетіп, өз қылығын алдына келтірер едік, бірақ ол дұсқара біздің қасымызға маңайласпайды ғой, - деп, оны он түрлі күріддесіп, келіп-келіп Қасенге білдіруге байласты. Тұрсын ба, тез асығыс-үсігіс Қасенді оңашалап, досыңның ісі мынау деп, хатты бара сала қамалады.

"Кім дәс, кім қас, байқамайсыңдар, күле кіріп, күңірене шығатынды білмейсіңдер, еркінсітіп жібересіңдер, аңқаусыңдар, жалқаусыңдар; оның тұқымының ежелден достығы бар ма еді? - деп, үсті-үстіне баспалатып, хатты оқып шыққанша, Қасеннің жанын қоярға жер таптырмады. Қасен хатты оқып, істің не екеніне түсінген соң:

Жігіттер, бұл хатта біздің жүрегімізді мұздататындай нәрсе көрінбейді. Қамар болса, маған да, сіздерге де бірдей қарындас: Күнәсі болсын-болмасын, жабулы қазан жабуымен қоя қойың. Ахмет болса, жұртқа айтпай-ақ өз қолымыздан келетін нәрсе ғой. Қане, мұнда не бар? - деп, хатты оқып, осынша түсіндірейін-ақ десе де, манағы ма, аспанға шалықты. Қасен тағы бірнеше қайтара: Мән сіздерден замандастық ақым үшін сұраймын, даурықпай, тараңыздар, ұлжандердің құлағына тисе ұят болар", - деп, әлгенше жалынып, жалпайса да:

Ойбай, сүйексіз шіркін-ау, бәрі өзінен екен ғой. Қара жүрек, шоқынды болмасаң, осыған жаны бар кісі шыдарлық па?... - деп, жан-жағынан итше шулап төнісіп, Қасенді ашуланбаған ерікке қоймайды.

Қасен жігіттердің көлденең килігіп, сөзге түсінбей, осынша бүлініп, бүлік іздеп тұрғандарына күйіп кетіп:

Кет деген соң кетіндер! Ахметтің сендер садағасына да жарамайсыңдар. "Теңіне тегін бер деген, Қамар Ахметке лайық, жұмысың болмасын..." - деп, ұрысып-ұрысып, әлгі мұрындықсыз өгіздерді де, у-шуга жиналған бала-шағаны да ыдыратып жіберді.

## БАЛАЛЫҚТЫ САҒЫНУ ✓

Ой, заманым балалық!  
 Әр ісің бір даналық.  
 Алды-артыма қарасам,  
 Кетіп қапсың тазарып,  
 Өзің түгіл ізің жоқ,  
 Қарасам да қадалып,  
 Сен бір шала көрген түс,  
 Отырар сорлық қамалып.  
 -Кет, деп сені кім айтты,  
 "Қалмай жұғын таралып".  
 Нәден көңілің қалды екен,  
 Рақым етпей, сазарып?  
 Сағынам да жоқтаймын,  
 Келмес пе деп оралып",  
 Сонда-дағы хабар жоқ,  
 Хан, қараны тең көрген,  
 Асық, топай өңгерген,  
 Анау-мынау ойда жоқ,  
 Жан біткенді ел көрген;  
 Десе біреу "қарағым!"  
 Гүл-гүл ойнап өңі өнген;  
 Қайда қалды тал атың,

Қоразданып, қамшылап,  
 Ән дауыстап, дем берген,  
 Оза қалсаң жарысып,  
 "Пәлен ат!" - деп сын берген.  
 Соны да тастап кеттің бе,  
 Жаның менен тең көрген,  
 Шын құрдастан айырылған,  
 - Сен деген бір қарып,  
 Сен бардағы уақыттай,  
 Ешнәрсеге қақтықпай,  
 Сұм жүрегім бір минут,  
 Тұрар ма екен ағарып?!  
 Құшақтасқан, сөз берген,  
 Ойдан қырға шапсам да,  
 Қанша абырой, бақ тапсам да,  
 Мыңнан бірін көрмедім,  
 Мерекенің сен көрген  
 Тапқаның үркітті іздеп, таппағаның,  
 Шыққаның ішкі мұңын, шықпағаның  
 Білмеймін әлі күнге естігем жоқ,  
 Жатқаның жаны тыныш, жатпағаның.

О Й

Қаза берсе түбі жоқ,  
 Қазбағанда суы жоқ,  
 Ой деген бір шыңырау,  
 Талаптыға жеткізбей,

Жынды қылған, құрғыр-ау,  
 Сені қуған кісі әуре,  
 Қумағанның ісі әуре.

Тіл - көңілдің тілмашы,  
 Көңілдің жоқ сырласы.  
 Тілмашыңды оң жұмсап,  
 Теріске, көңілім, бұрмашы.  
 Айтқанын қып қожаның,

Тілім, қарап тұрмашы!  
 Аңғыртанып бет алды,  
 Масқара мені қылмашы.  
 Тым құтыртпай, тыя ұста  
 Тілмашыңды, мырзасы.

## ӘР ЖАН ӘР ТҮРДЕ

Кей тырналар көкте жүр,  
 Қиу салып төкке жүр.  
 Қара қарға қарқылдап,  
 Өлексені жеп те жүр.  
 Құйрық сорып борсық жүр,  
 Түлкі мырза жортып жүр.  
 "Құдай аман сақта" деп,  
 Қой мен тауық қорқып жүр.

Тышқан аңдып мысық жүр,  
 Алдап көзін қысып жүр,  
 Ін таба алмай саршұнақ,  
 Сорлы сасып-пысып жүр,  
 Кей мырзалар серпіп жүр,  
 Қарны шығып, шертіп жүр.  
 Сен солайсың дегенге,  
 Тырс-тырс етіп тертіп жүр.

## ЖӘМИЛА ҚЫЗ

Қатыны өліп Бекіштің,  
 "Қызы бар, деп, - Төкіштің",  
 Іздеп келді алыстан.  
 Бар жиырма-отыз қарасы.

Құдай оған берген ғой,  
 Жәмилаға дәл келді,  
 О да қатын іздеп жүр,  
 Ынта көңіл қыз деп жүр.

"Қыз бермеймін кәрі, - деп  
 Қатыны өлген әрі", - деп,  
 Беттетпейді Төкіш бай.  
 Қыз құша алмай қойнына,  
 Су сорғалап мойнына,  
 Үйге қайтты Бекіш жай.  
 Жүзе алы толмаған,  
 Жексурын ғой онбаған,  
 Сақалының ағы бар,  
 Маңдайының бағы бар,  
 Берден дейтін шал келді.  
 Оныңаты Берден ғой,

Болса алыңыз қыз керек  
 Маған жалғыз сіз керек" -  
 Теп Төкіш бай жалпылдап,  
 Алпыстағы жасына,  
 Боз қыраулы басына,  
 Қарамастан қарқылдап,  
 Уағыда қылды, қол соқты,  
 Әлдекімді сор соқты?  
 Жәмиласы зарлап жүр,  
 Көзден жасы барлап жүр,  
 Кім тиді екен сорлыға?  
 Жақтырмаған апасы,

"Түк білмейсің шатасың!" -  
Деп әкесі болды ма?  
Шайтан алсын, шал алсын,  
Төкең байгүс мал алсын!

### ЕРІКТІ АЙША

Жасында, Айша,  
Асау тайша.  
Бұлғақтап-ақ өсіп ең,

Он бір жаста  
Қайғы баста  
Орнап, бейнет көшіп ең.

Шөпең өліп,  
Тезек теріп,  
Сыр сауып, от жақтың.

Ас пісірдің,  
Зыр жүгірдің,  
Ерте тұрдың, кеш жаттың.

Сол бетіңмен  
Бейнетіңмен  
Он төрт жасқа шыққанда.

Қуман күшік  
Дерті "пісіп"  
Тоқал құмар бір шалға.

Дәулетті шал  
Бәрді де мал,  
Сорлы әкенді ұлатты.

Қанша таяқ  
Қалдырды аяп,  
"Жарың түгіл күндөсің?"

Талай түнде  
Қашып үйге,  
Табаныңды тілгенсің.

Үйіңде, елде  
Қандай пенде  
Саған пана болып ед ?

Күйіп жаның,  
Қарғағаның  
Қай аалымға қонып ед?

Қажыр сеніп,  
Үміт өліп,  
Жүр ең сурет ішінде.

Үш жыл бұрын  
Мұндай шрым  
Кіріп пе еді түсіңе?

Онда едің кім,  
Әрине, күй,  
Қазір кімнің қарашы?

"Шал алды" деп,  
"Жас барды" деп,  
Кім зарымды тындапты?!

Ұранды естіп,  
Жылап өксіп,  
Қайғыңды аштың, құтылдың!  
Сендей алат,  
Болғандар шат...  
Бүгін жүздер, ертең мың.

Шалың қайда,  
Зарың қайда,  
Есептеші, санашы?

Ерікті Айша,  
Толған Айша  
Жарқылда да жарық бол!  
Басқа Айшалар,  
Сендер де бар,  
Күндіктен шық, қарық бол!

### У ЖЕГЕН ҚАСҚЫРҒА

Түстің бе мұндай күйге көкжал, арлан?  
Жолдасқа қалай екен мынау жалған?  
Кешегі дер күнінде бүйтемін деп,  
Жоқ едің түсте көріп, ойға да алған.

Жерің кем, шарламаған, бармай қалған,  
Ісің кем ойға алмаған, болмай қалған.  
Жалғызды, жарлыны да, қимасты да  
"Ер" едің көмеккейге бүктеп алған.

Ертегі, мысалда да, аңызда да,  
Жоқ еді сені осал деп құлақ салған.  
Дәурен гой оның бәрі артта қалған,  
Енді оның сеп болмасын көзің шалған.

Әлсіреп, аяғыңды санап басып,  
"Ендігі" кезең осы шын ойға алған.  
Жүз күрсін, мың тәубе қыл, жұмыс өтті,  
Қу құлқын мұндай халге сені салған.

Қашаннан жегеніңнің бәріңкүстың,  
Қанеки, сол құлқыннан көрген пайдан?  
Не елде, не өзіңде ризалық жоқ,  
Обалға, екінішке, сорлы-ау қалған.

М А З М У Н Ы

Алғы сөз . . . . .	3
Бірінші бөлім. Халық ауыз әдебиеті үлгілері- нен тұрмыс-салт жырлары . . . . .	4
✓ Мақал-мәтелдер . . . . .	11
✓ Жұмбақтар . . . . .	14
✓ Жаңылтпаштар . . . . .	15
✓ Қиял-ғажайып ертегілер. Ер төстiк. ертегісі . . . . .	16
✓ Хайуанаттар туралы ертегілер. Бозінген . . . . .	43
✓ Тұрмыс салт-реалистік ертегілер үлгісі- нен. Аяғы . . . . .	40
✓ Аңыз әңгіме үлгілерінен . . . . .	52
✓ Шешендік сөз үлгілерінен . . . . .	56
✓ Батырлар жыры үлгілерінен . . . . .	57
Екінші бөлім. XV-XVIII ғасырлардағы әдебиет үлгілері- нен Қарға бойлы Қазтуған жырау Сүйіншұлы . . . . .	
✓ Асан Қайғы /1370-1466/ . . . . .	111
✓ Шалғаз жырау Тіленішұлы /1465-1560/ . . . . .	112
— Ақтамберді жырау /1675-1783/ . . . . .	113
✓ Бұхар жырау Қалмақанұлы /1693-1781/ . . . . .	114
— Үмбетей жырау Тілеуұлы /1606-1776/ . . . . .	115
— Шал ақын /Тілеуке Құлекеұлы 1748-1819/ . . . . .	116
Үшінші бөлім. XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы әдебиет үлгілерінен . . . . .	
✓ Мұхамбет Әтемісұлы /1804-1843/ . . . . .	118
✓ Дулат Бабатайұлы /1802-1871/ . . . . .	119
✓ Сүйінбай Арнаулы /1822-1895/ . . . . .	120
✓ Цырай Алтынсарин /1841-1889/ . . . . .	121
✓ Абай Құнанбаев /1945-1904/ . . . . .	133
XX ғасырдың басындағы әдебиет үлгіле- рінен . . . . .	
✓ Шәкерім Құдайбергенов /1888-1931/ . . . . .	133
✓ Ахмет Байтұрсынұлы /1873-1937/ . . . . .	174
✓ Міржақып Дулатов /1885-1936/ . . . . .	186

✓ Мағыжан Жұмабаев /1893-1937/ . . . . .	188
✓ Ақан сері Қарамсаулы /1843-1913/ . . . . .	192
✓ Жүсіпбек Аймауытов /1889-1931/ . . . . .	194
✓ Жамбыл Жабаев /1846-1945/ . . . . .	199
✓ Әкірам Ғалымов /1892-1913/ . . . . .	201
✓ Тайыр Жомартбаев /1883-1937/ . . . . .	202
✓ Сәкен Сейфуллин /1884-1938/ . . . . .	203
✓ Спандияр Көбеев /1878-1956/ . . . . .	204
✓ Кәлбай Тегісов /1893-1931/ . . . . .	220
✓ Сұлтанмахмұт Торайғыров /1893-1920/ . . . . .	224
✓ Сәбит Дөнентаев /1894-1933/ . . . . .	242
Мазмұны . . . . .	244

*Мұқатали Мұқатаев*  
*Әміре Аманжолұлы*  
*Қазығали Мұқатаев*  
*М. Мұқатаев*

Құрастырғандар М.ҚАРАЕВ, Б.ОМАРҒАЗИНОВА  
Қазақ балалар әдебиеті / хрестоматия /

Шығаруға жауапты *Б.Әмірхан*

Көркемдеуші редакторы *Ж.Қасымхан*

Техникалық редакторы *Н.Передерева*

Басуға 07.01. 1998 ж. қол қойылды.

Шартты баспа табағы 14,8 Есепті баспа табағы 12,43

Пішімі 60 x 84 1/16 . Таралымы 500 дана

Сұраныс № 53

Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау  
министрлігінің оқулық және әдістемелік әдебиеттер жөніндегі  
Республикалық баспа кабинеті

480057, Алматы, Жароков көшесі, 215 үй